

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 81'271

Колжазба құқығында

ИБРАИМОВА АНАР РАТАЕВНА

**Қазақ және қытай тілдеріндегі этикет нормаларының
лингвомәдени ерекшеліктері**

8D02209 – Шығыстану

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер
Отандық кеңесші:
PhD Досымбекова Р.О.

Шетелдік кеңесші:
Стамбул университетінің
профессоры Сапашев О.С.
(Түркия Республикасы)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2025

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР.....	3
КІРІСПЕ.....	4
1 ЭТИКЕТТИҢ ТАРИХИ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭТНОМӘДЕНИ НЕГІЗДЕРІ.....	14
1.1 Этикет әдіснамасы және дүниетаным концептісі.....	14
1.2 Этикет формаларының лингвомәдени аспектісі.....	34
2 ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫТАЙ ТІЛДЕРІНДЕГІ ЭТИКЕТ ТҮРЛЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	60
2.1 Іскерлік / 商务 этикет нормаларының қазақ және қытай тілдеріндегі көрінісі.....	60
2.2 Қазақ және қытай тілдеріндегі отбасылық / 家庭 этикет нормалары.....	75
2.3 Қазақ және қытай қонақ күту / 待客 этикетінің тілдік сипаты.....	92
2.4 Заманауи әлеуметтік желідегі этикет нормаларының тілдік ерекшеліктері.....	104
3 ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫТАЙ МАҚАЛ- МӘТЕЛДЕРІНДЕГІ ЭТИКЕТТЕРДІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ.....	119
3.1 Мақал-мәтелдердегі ұлттық компоненттер.....	119
3.2 Қазақ мақал-мәтелдеріндегі этикет және ұлттық дүниетаным.....	133
3.3 Абай және Конфуцийдің этикет туралы даналық сөздері.....	146
ҚОРЫТЫНДЫ.....	166
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	172

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертацияда қолданылатын терминдердің анықтамалары мен дефинициялары:

Этикет – (фр.étiquette ярлық, зат белгі) адамдар арасындағы қарым-қатынасты (басқалармен қарым-қатынас, үндеу және сәлемдесу формалары, қоғамдық орындардағы өзін-өзі ұстау, киім кио), мінез-құлық және өзін-өзі ұстауды реттейтін ережелер жиынтығы.

Адресант – почта арқылы хат, сәлемдеме т.б. жіберген адам, ақпаратты жіберген адам, ақпаратты беруші жақ, коммуникатор, қайнар көз, хабарлаушы, бастырушы және т.б.

Адресат – (нем. adressat – ақпарат алушы); 1) белгілі бір тілде қарым-қатынас жасаудағы сөйлесуші, әңгімелесуші; 2) қарым-қатынас жағдаятының бір сыңары (адресантпен бірге, яғни сөйлеуші мен тындаушы арасындағы: ресми бейтарап достық қатынастар, қатынас құралы, қатынас тәсілі, қатынас орны компоненттерінің бірі).

Инь және Ян – бірін-бірі толықтыратын екі күшті немесе өмірдің барлық аспектілері мен құбылыстарын қамтитын екі принципті білдіретін қытай философиясындағы ұғымдар.

Нефрит – көкшіл түсті минерал.

Ренессанс – қайта өркендеу дәүірі.

Хымуду – 河姆渡 / Hémǔdù, археологиялық қазба орны.

Эвфемизм – өрескел, дәрекі сөздің немесе сөз тіркесінің орнына қолданылатын сыпайы, әдепті сөз не сөз тіркесі.

Яншао – 仰韶文化 / Yāngsháo wénhuà, Қытайда (Хуанхы өзенінің орта бөлігінің аңғары), б.з.б. 5-3 мыңжылдықтарда болған неолит дәүіріндегі археологиялық мәдениеттер тобының қалыптасқан атауы.

Яшма – кварцтың өте тығыз бітіскен, тым ұсақ түйірлерінен құралған тау жынысы, асыл тас.

КИРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Этиket – адамдардың жылдар бойы үздіксіз жасаған қарым-қатынасының нәтижесінде қалыптасқан құбылыс. Коммуникация жүйесінде оны туыстық байланыстар, адамның аты-жөні, көсіби және қызметтік мансап, қоғамда қалыптасқан тілдік ерекшеліктер бойынша бөліп қарастыруға болады. Сөйлеу этикеті тұлғалар арасында да маңызды рөл атқарады. Өйткені көзделген мақсатқа қол жеткізу үшін қарсы тараптың қалыптасқан тілдік нормаларын білудің мәні зор. Қазақ және қытай тілдік жүйелерінің дәстүрлі мәдениетінде, әдет нормаларында, ұлттық құндылықтар жүйесінде, әлеуметтік-саяси дамуында айырмашылық айқын білінеді. Бұл факторлар қазақ-қытай халықтарының сөйлеу тілін, қалыптасқан этикет нормаларын салғастыра зерттеу қажеттігін көрсетеді.

Зерттеудің өзектілігі. Бүгінгі жаһандану кезеңінде Қазақстан мен Қытай арасындағы мәдениетаралық байланыстар екі жакты стратегиялық серіктестіктің маңызды бөлігіне айналып отыр. Екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастар тек саяси және экономикалық салалармен ғана шектелмей, дипломатиялық мәдени-гуманитарлық, ғылым, білім беру, цифрлық технология сияқты маңызды бағыттарда да айқын көрініс табады. Мемлекетаралық байланыста сол елдің салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын меңгермей сөйлеу этикетін қолдану коммуниканттар арасында қындық не наразылық туғызыу мүмкін. Сұхбаттасуышының сөйлеу этикетін немесе тілдік әрекетін дұрыс қолдануы тілдік коммуникациямен бірге адамдардың бір-біріне деген көзқарасы мен сыйластығы деңгейін айқын көрсетеді. Қазақ және қытай халықтарының сөйлеу әрекеті көшпенді және отырықшы өмір сүру занылықтарына сүйенуі, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты осы кезеңге дейін жетті және әрі қарай жалғасын таба береді. Қоғамдағы салт-дәстүр, әдет-ғұрып, мәдениет, өмір сүру дағдылары мен әдебі уақыт өте келе өзгеретін құбылыс, алайда, сол халықтың түпкі тарихы мен болмысы жоғалмайтыны айқын.

Сөйлеу этикеті – қоғамда қабылданған сыртқы, әдепті, мәдениетті сөйлеу нормалары мен ережелерінің жиынтығы. Әр елдің этикет ережелері мен ұстанымдарын білу шет мемлекет өкілдерімен арадағы келіссөздерді табысты жүргізуге ықпал етеді. Белгілі бір коммуникативтік жағдаятта (ресми, бейресми, іскерлік, туыстық т.б.) қолданылатын тілдік формалар арқылы адресанттың адресатқа қарым-қатынасын зерттеу жұмыстың негізгі өзектілігін айқындайды. Коммуниканттардың сөйлеу актісін дұрыс ұйымдастыруының өзара сенімділік пен түсіністіктің орнауына тигізетін әсері мол. Сонымен қатар белгілі бір этностың мәдени кодын, дүниетанымы мен мінезд-құлқын бейнелейтін маңызды лингвомәдени феномен болып табылатындығы қазақ және қытай қоғамындағы үлкенде сыйлау, амандасу, алғыс айту әдебі т.б. байланыс орнату мәдениетін лингвомәдени түрғыдан талдау диссертациялық жұмыстың қазіргі тандағы ғылыми өзектілігін

көрсетеді. Этиket бірліктері коммуниканттардың тарихи даму жолымен қалыптасқан сыпайылық нормаларын, мінез-құлық ережелері мен талаптарын бейнелейді және коммуниканттар арасындағы қарым-қатынасты тиімді түрде ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Қазақ және қытай тілдеріндегі этиket нормаларының лингвомәдени ерекшеліктерін зерттеу барысында екі халықтың тілдік және мәдени қарым-қатынасындағы ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқындау көзделген. Ал, сөйлеу әрекеті сұхбаттасуышылардың жас ерекшеліктері мен қоршаған ортасына ғана емес, сонымен қатар сол елде қалыптасқан дәстүрге сәйкес қолданылатындығы қарастырылған. Себебі, лингвомәдениеттану ұлттық тіл деректерінің бойынан мәдени нышанды тауып, қарастырып, сол атаудың ұлт мәдениетіндегі өзіндік ерекшелігін танытуға бағытталған. Лингвомәдениеттанудың және лингвистикалық ой тұжырымдардың негізіне сүйене отырып, халық өмірінің даналығы халық жасаған мәдениет, тіршілігі мен тұрмысын қалыптастырған көзқарастың тіл құдіреті арқылы тарих, мәдениет, әдебиеттің қат-қабат қойнауына сақтағаны диссертациялық зерттеуде кеңінен талданады. Лингвомәдениеттану мен этнолингвистика ғылымдарына тән ұқсастықтар пен ерекшеліктер тілдік шеңберде халықтың рухани материалдық мәдени өмірі аясында зерттеліп, тілдік фактілерді қолдану арқылы мәдени аспектіден зерделенуі диссертациялық зерттеудің өзектілігін анықтайды.

Қазіргі әлем мәдениетінде жаһанданумен қатар глокализация (өнірлену, жергіліктендіру) үдерістері қатар жүреді. Бұл мағынада қазақ-қытай халықтарының лингвомәдени әлемінің тілдік коммуникациясын зерттеу өзекті ғылыми мәселеге жатады. Жаңа қоғамдық жүйеге көшken қазіргі қауымдастық сипаты ұлттық бітімді танытатын өлшеусіз құндылықтардың бірі – төл мәдениет глокализация екенін мойындағы отыр. Бұл бір-біріне ықпалдас, бірінен-бірі ажырамайтын құндылық қазіргі қоғам талабы алға шығарған жеке адамды (қоғам мүшелерін) тәрбиелу жеке адамның интеллектуалдық ой-өрісінің дұрыс қалыптастыру бағытының негізіне айналып келеді.

Этикалық құндылықтардан, үйлесімділік пен дәйектілікten ортақ негіз іздеу сұхбаттасуышыдан екінші тарап көзкарасының түзу болғанын талап етеді және бұл заманауи өркениеттің өзекті қағидаты болып табылады. Әдетте, өзгелерді сынау немесе әртүрлі пікір айту қажет болған жағдайда адамдар алдымен өз пікірін білдіреді, содан кейін құрметтейді немесе төмендетеді. Осы орайда мәселені дұрыс шешудің және шиеленіс туындауының бірден-бір жолы – сөйлеу этиketін дұрыс пайдалану.

Қазақ халқының «улкенге құрмет, кішіге ізет» көрсету салт-дәстүрі қытайлықтардың ғасырлар бойы ұстанып отырған Конфуцийшілдік салт-дәстүрімен өте ұқсас. Аталар мен апалар Ақсақалдар мен ел аналары ауыл-аймақ, ағайын арасының берекесі, ақылшысы болып келеді. Олардың

әрқашанда мәртебесі биік болып, сый-құрметке бөлөнген. Өйткені, үлкенде сыйлауды қадір тұтқан қазақ салты бойынша көргені мен тұрмыста түйгені көп, тәжірибесі мол адамның сыйға бөленуі заңды құбылыс деп танылған. Үлкенде сыйлау, ақылын тыңдау көрегендік деп есептеледі. Қазақ ұрпағын кез келген адамды құрметтей білуіне үйретеді. Адамды құрметтеу үшін атын ардақтап, дәрежесін көтеріп, жасы мен туыстық қатынасына қарай атау керек. Жанұядағы сыйластық қарым-қатынас – халықтық дәстүр мен мәдениет көрінісі. Демек, әр халықтың өз отбасында ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан ережелері мен заңдылықтары болуы тиіс. Баланы кішкентайынан өз отбасын, әке-шешесін бауырлары мен тұған-туысқанын сыйлай білген бала өскенде өз Отаны мен халқын, елі мен жерін шын көnlіmen сүйіп, қастерлейтін болады.

Қазақ және қытай тілдеріндегі этикет нормаларының лингвомәдени ерекшеліктерін зерттеу еki халықтың тілдік және мәдени қарым-қатынасындағы ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқындаумен тығыз байланысты. Сөйлеу этикетінің дұрыс қолданылуы этнос құндылықтарына құрметпен қарауға, коммуниканттар арасында сенімді қатынас орнатуға және мәдени қақтығыстардың алдын алуға септігін тигізеді. Сыпайы сөйлеу әдебін менгеру үшін коммуниканттар өзара қарым-қатынас жасайтын мемлекеттің заңдылықтарын, ұлт мәдениетінде қалыптасқан дәстүрін, ділі мен дүниетанымын этикет нормалары мен ережелерін зерделеу диссертациялық зерттеудің тағы бір өзектілігін танытады. Осылан орай қазақ және қытай халықтарының сөйлеу этикетін сол елдердің салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, діл мен әдеп тұрғысынан зерделеу, ұқсастықтары мен айырмашылығын саралау диссертациялық зерттеу жұмысының өзектілігін көрсетеді.

Жаһандану дәуіріндегі мәдениетаралық коммуникация халықаралық қарым-қатынастың маңызды бөлігіне айналуда. Жастардың дәстүрлі мәдениеттен алыстауы, сөйлеу этикеті бірліктерін дұрыс қолданбауы және цифрлық коммуникацияның жастар өмірінде орын алуды этикет тақырыбының зерттелуін қажет етеді. Себебі этикет – мәдениетаралық коммуникацияның негізгі кілті болып табылады. Берілген зерттеу халықтың рухани дүниесін, дәстүрі мен қоғамдық құрылымын, тарихи-әлеуметтік даму ерекшеліктерін тануға ықпалын тигізеді және халықаралық байланыстар мен мәдени диалогтар жағдайында өзектілігін арттыра түседі.

Қазіргі кезде ғана емес, жалпы қазақ тіл білімінде мәдениаралық коммуникация мәселесі барлық сөйлеу тұрларі бойынша зерттелу үстінде. Қазақ тіл білімінің коммуникативтік грамматикасы және сөйлеу коммуникациясы теориясы тұрғысынан зерттелуі бойынша кенжелеп қалуы себебінен, сөйлеу әрекетін әр қырынан терең әрі жан-жақты, салыстырмалы, салғастырмалы әдістермен зерттеу аса қажет болып отыр. Осылан орай,

берілген зерттеу жұмысы осы сипаттағы мәдениаралық коммуникация мәселесіне арналған ғылыми жұмыстарға негіз болады деп санаймыз.

Зерттеу нысаны: қазақ-қытай халықтарының лингвомәдени әлемнің тілдік бейнесі.

Зерттеу пәні: қазақ және қытай тілдеріндегі этикет нормалары мен олардың тілдік бірліктері.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері. Жұмыстың негізгі мақсаты – қазақ және қытай халықтарының сөйлеу этикеті мен ондағы әлемнің тілдік бейнесін салғастырмалы бағытта зерделеу.

Зерттеу жұмысының мақсатына қол жеткізу үшін диссертацияда мынадай міндеттер алға қойылды:

- тіл біліміндегі этикет әдіснамасын мәденистаралық коммуникация теориясы түрфысынан талдау;

- салт-дәстүр, әдет-ғұрып, діл мен рәсімдерді салыстыру арқылы қазақ-қытай тілдеріндегі сөйлеу мәдениетінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау;

- қазақ және қытай тілдеріндегі отбасылық этикет нормаларын салғастырмалы бағытта талдау;

- коммуниканттардың ресми және бейресми ортада қарым-қатынас жасау барысындағы сыпайы тілдік апелляцияның түрлерін жіктеу;

- қазақ тіліндегі этикетке қатысты мақал-мәтелдерді топтастырып, мағыналық құрылымындағы ұлттық этикет нормаларына мәдени-семантикалық талдау жасау;

- қазақ және қытай мақал-мәтелдеріндегі этикеттердің этнолингвистикалық сипатын когнитивтік түрғыдан айқындау;

- Абай мен Конфуций еңбектеріндегі коммуниканттар арасындағы қарым-қатынас мәдениеті мен ережелердің орын алуды себебінен қос ойшылдың даналық сөздерінің пайда болу тарихына, ортақ тұстары мен ерекшеліктеріне салғастырмалы талдау жасау.

Диссертациялық зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдер.

Этикет нормалары этикалық әмбебап категорияға жататындықтан оларды зерттеу барысында түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануды қажет етеді. Қазақ және қытай тілдеріндегі этикет бірліктерінің даму үдерісін анықтау үшін салғастырмалы-типологиялық әдіс; көне қытай философиясынан бастау алып қазіргі заманауи санамен ұштастыра байланыстыру үшін логика-семантикалық және құрылымдық әдіс; қос тілдегі этикет бірліктерінің функционалды-семантикалық өрісін түзу үшін жүйелеу әдісі; этикет компоненттеріндегі лексиканы теренірек түсіну үшін оларды құрамдарға бөлуге көмектесетін компонеттік талдау әдісі; эмотивті-бағалауыштық лексиканың қазақ, қытай тілдеріндегі ерекшеліктерін салыстыру мақсатында салыстыру әдістері, сонымен қатар жалпы ғылым тәсілдеріне тиесілі топтастыру, жүйелеу сияқты әдістері қолданылды.

Этиket – салт-дәстүр, әдет-ғұрып, дін мен діл тұрғысынан зерттеледі. Сөйлеу этиketінде көрініс табатын мәдениет пен дәстүрді, сөйлеу мәнері мен сөз астарын, ұлттық және мәдени құндылықтарды статистикалық зерттеуден гөрі, когнитивтік, лингвомәдени бағытта талдау ғылыми зерттеудің мақсатын мен міндетіне сәйкес оң ғылыми нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді деп есептейміз.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы:

- тіл біліміндегі этиket әдіснамасы мәдениетаралық коммуникация теориясы тұрғысынан талданып, жаңаша негізделді: әлем туралы бейнелердің тілдегі таңбалану жиынтығы әлемнің тілдік бейнесі деп аталады; әлемнің тілдік бейнесі бар және концептуалдық бейнесі бар, әлемнің концептуалдық бейнесі санада танылған ақпараттар мазмұнынан тұрса, әлемнің тілдік бейнесі нақты тілдік құрылымдағы семантикалық категориялар мен семантикалық өрісте бекітілген мағыналардан құралады;
- тақырыптың мақсатына сай жаңа нәтижеге жеткізуге көмектесетін тілді зерттеудің тиімді саласы – этнолингвистика. Ол – адамзат қауымының этностық деңгейдегі балаң, бастау тұсындағы тек-тамырын, мекен-жайын, өмір тәжірибесін, салт-санасын, кәсібін, жеке этностық топтардың әуелгі қалпындағы дүниетанымын, мифтік танымын, киімін, ішкен тамағын т.б. яғни мәдениетін тілі арқылы зерттейтін тіл білімінің саласы ретінде тіл иеленушілерінің коммуникативтік ұтқырлығы және мультилингвизм деңгейін айқындастыны жаңаша, қазақ және қытай этиketін салыстыра отырып негіздеді;
- қазақ және қытай тіліндегі отбасылық, қонақ күту, іскерлік этиket нормалары мен этиket сөздерінің қолданылу тәртібінің ұқсастықтары мен айырмашылықтары жаңа әдіснамада айқындалып, мәдениеттің тілге қатынасы немесе керісінше, тілдің мәдениетке деген қатынасындағы этиket пен әдептің рөлі жаңа этнолингвистикалық деректер негізінде зерттелді; осы аталған екі бейне бір-бірімен өзара тығыз байланысты екендігі және бұл екі бейнеге қатысты себеп-салдарлық байланысты қолдану мүмкін еместігі дәлелденді;
- коммуниканттардың реcми және бейресми ортада қарым-қатынас жасау барысындағы сыпайы тілдік апелляцияның түрлері көрсетілді;
- диглоссия мен полиглоссияда тілдің функционалды мамандануы, сонымен қатар, этникалық топтар/тілдік қауымдастықтар арасындағы өзара әрекеттесудің жаңа формалары анықталды;
- қазақ тіліндегі этиketке қатысты мақал-мәтелдер топтастырылып, мағыналық құрылымындағы ұлттық этиket нормаларына жаңаша мәдени-семантикалық талдау жасалды;
- қытай тіліндегі этиketке қатысты нақыл сөздер әдеп нормаларында, мифологияда, дінде, өнерде, ғылымда қандай да бір рәміздік белгілер

құрастыратыны салыстырмалы түрде айқындалды; рәміздік құндылықтар көмегімен ұлттың рухани ғаламының бейнесі жасалады.

- Абай мен Конфуцийдің этикет тақырыбындағы даналық сөздерін салғастыра қарастыру арқылы, ұлттық тілдердің нұсқасына тән арнайы тәсілдер мен атау құралдары ұлттық руханияттың ажырамас бөлшегі ретінде оның басты құндылықтарын білдіретіні жаңаша пайымдалды; ұлы даналардың этикет тілі дүниенің ұлттық мәдени көрінісін жүзеге асырады, оларды вербальдандырады, оны сақтайды және ұрпақтан ұрпаққа жеткізуді қамтамасыз етеді.

Корғауға ұсынылатын тұжырымдар:

- қазақ және қытай халықтарының этикеті моральдық және этикалық қағидаттарға негізделгені айқындалды. Этикет – ұлт мәдениетінен, әдет-ғұрыптары мен менталитетінен, сол қоғамда қалыптасқан қарым-қатынас заңдылықтары мен тарихи дамуынан, тұрмыс-тіршілігінен пайда болғандығы дәлелденді;

- қазақ және қытай сыпайылық принциптері мен этикет ережелерінің негізі, ұлттық құндылықтары, әлемнің тілдік бейнесі ретінде, тілдік бірліктерінің тұрақты формулалары Гу Йегую (顧曰国) критерийлеріне сәйкестеліп сипатталды;

- іскерлік коммуникацияда қолданылатын апелляциялар халық дәстүрі мен шығу тарихының айқын бейнесі. Қазақ және қытай қоғамында көрініс тапқан таңба мен есім хат – жеке тұлғалардың қарым-қатынасқа түсуіне ықпал ететін этикеттің құрамдас бөлігі, ал, әвғемизм, «бет», «ар», «ождан» сөздерінің қазақ және қытай тәрбиесіндегі сыпайылық ұғымының ажырамас элементі екендігі анықталды;

- қазақ халқының көшпелі өркениеті мен қытай халқының отырықшы өмір салты – сөйлеу мәдениетінің негізі. Отбасылық этикет аясында қарттар мен ата-анаға, ата-ене мен бауырларға, балаларға, ұлken мен кішіге құрмет құрмет көрсету – халықтар дәстүрінің жазылмаған ережелеріне сәйкес жүзеге асырылғаны нақтыланып, қазақ дәстүріндегі «тектілік», «қарға» сөзінің түп-негізі мен шығу тарихы зерделенді;

- қонақ күту әдебі – кішіпейілділікке негізделген ішкі және сыртқы факторлармен тығыз байланысты. Бата – қазақтың рухани мұрасы, ұлттың тәрбиелік дәстүрінің ажырамас бөлігі болып табылатындығы расталды;

- әлеуметтік желідегі сөйлеу әрекеті этикалық нормалар мен стандарттарға негізделген. Ағылшын және орыс тілі лексемалары, сленгтер мен сандық бірліктер қазіргі қазақ және қытай қоғамында жылы лебіз бен көңіл-күй индикаторы ретінде қолданылатындығы айқындалды;

- діні мен ділі, тұрмысы мен тіршілігі, мәдениеті мен даму тарихы әртүрлі этностардың мақал-мәтелдерінен этикет тақырыбына тән ортақ элементтер анықталып, классификацияланды;

- қазақ және қытай халықтары этикетке жоғары баға беру үшін, сол халық дүниетанымындағы бағалы да асыл заттар мен құндылықтарға теңең, моральдық қасиеттердің символы ретінде сипатталды (*нефрит, алтын, күміс, аққу, жылқы т.б.*);

- Абай мен Конфуцийдің қара сөздері мен даналық ойлары адамгершілік, тәрбие, мінез-құлық, яғни, этикет мәселелерімен тығыз байланысты. Шығыстың ұлы ойшылдары әртүрлі кезенде өмір сүрсе де сыпайылық пен мәдениетке тәрбиелеуге бағытталған философиялық ой қалдырығандығы дәлелденді.

Зерттеу жұмысының теориялық-әдіснамалық негізі бойынша лингвомәдениет және мәдениетаралық коммуникация салалары отандық зерттеушілер тарапынан әртүрлі теориялық және әдіснамалық бағытта зерделенді. Атап айтқанда, қазақстандық ғалымдар Т. Ғабитов, Х. Арғынбаев, Г. Мейірманова дәстүрлі қазақ мәдениеті мен этикеті мәселелерін қазақ тарихымен, мәдениеті мен салт-дәстүрімен байланыстырыған; Р. Сыздық, Ә. Қайдар, Н. Үәли, Ж. Манкеева, Қ. Жұбанов, Ә. Ахметов, А. Салқынбай, А. Алдаш, Р. Авакова, Г. Смағұлова, Б. Момынова, Қ. Есенова, Т. Ермекова, А. Қобланова, А. Ислам, Р. Атаханова, О. Сапашев, З. Сабитова, У. Камбаралиева, Г. Оразгалиева, А. Қасабек, Ш. Тохтабаева этикетті этнолингвистика, қазақ тілінің мәдениетін, сөйлеу әдебі мен тілдің сыпайылық нормалары тақырыбында зерттеп, құнды еңбектер жазған; З. Шадкам қазақ-түрік, А. Кенжебаева, Ф. Даulet, Қ. Ғабитханұлы, Р. Желдібаева, Р. Досымбекова қазақ-қытай, қырғызстандық ғалым П. Кадырбекова неміс-орыс-қырғыз, қытай этикет зерттеушісі Ху Явэй орыс-қытай тілдерінің сөйлеу әдебін; ресейлік ғалым Н. Формановская сөйлеу этикеті принциптерін мәдениаралық тұрғыда зерттеген; У. Стернин этикетті халықтың мәдениетімен, менталитетімен және дәстүрімен байланыстырыса, шетелдік ғалымдар 夏志强 (Xia Zhiqiang), 陈格 (Chen Ge), 欧丹 (Ou Dan), 熊经浴 (Xiong Jingyu), 田晓哪 Tian Xiaona, 顾曰国 (Gu Yueguo), 李宇明 (Li Yuming), 周建民 (Zhou Jianming) қытай тіліндегі сөйлеу этикет ерекшеліктері мен этикетті мәдени жетістіктің және қарым-қатынас дағдыларының сыртқы көрінісі екендігін және сол елдің әлеуметтік өркениетінің, адамгершілігі мен тұрмыс-тіршілігінің көрінісі екендігін дәлелдеген. Батыстық ғалымдар Sue Fox, H. Grice, G. Leech, B. Langford, E. Partridge, P. Wallace тіл мәдениеті, прагматика және этикет, ресми және бейресми сөйлеу нормаларын жан-жақты зерттеген.

Зерттеу жұмысының дереккөздері. Зерттеу барысында осы салаға қатысты лексикографиялық еңбектер (әртүрлі сөздіктер, анықтамалықтар және электронды базалар) қолданылды: Қазақ әдеби тілінің сөздігі (этикет тақырыбындағы астарлы сөздер мен сөз тіркестерінің, сөз орамдарының мағынасын, қолдану аясы мен тілдік деңгейін көрсетеді) 2011; Қазақ тілінің

түсіндірме сөздігі (түсіндірме сөздік қазақ халқының ұлттық этикет нормаларын тілдік тұрғыда сипаттауға, мәдени ерекшеліктерін зерттеуде қолданылады. Себебі, этикет тақырыбы тілдік нормалармен, сыпайылық формаларымен және қарым-қатынас ұлгілерімен тығыз байланысты), 2008; Қазақтың мақалдары мен мәтелдері (мақал-мәтелдер этикетпен тығыз байланысты, себебі олар ғасырлар бойы қалыптасқан қоғамдық қарым-қатынас нормаларын, тәрбиелік ұстанымдарды, сөйлеу мәдениетін және сыпайылық ережелерін бейнелейді. Сонымен қатар, мақал-мәтелдер – халықтың тілдік этикетінің, әдептілік пен сыпайылық ұстанымдарының көрінісі), 2007; Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Қара сөздер (Абайдың қара сөздері этикет тақырыбымен тығыз байланысты. Себебі, қара сөздер – қазақ халқының мінез-құлық, тәрбие, сыпайылық, адамгершілік жайлы ой толғамдары), 2022; 论语 (Өзгерістер кітабы – қытай дәстүрлі дүниетанымы, адам мен қоғам арасындағы тәртіп пен сыпайылық нормаларын сипаттайды), 2015; 中华成语词典 (Қытай идиомалар сөздігі – қысқа, бірақ терең мағынаға ие сөз тіркестерінің сөздігі. Берілген тіркестер қебіне дәстүрлі мораль, тәрбие, сыпайылық пен қарым-қатынас мәдениеті туралы ойларды жеткізеді), 2018; 当代汉语新词词典 (Қазіргі қытай тілінің жаңа сөздер сөздігі – тіл мен қоғамдағы өзгерістердің, жаңа мәдени-әлеуметтік құбылыстарын сипаттайды. Сонымен қатар заманауи қытай қоғамында пайда болған жаңа ұғымдар мен қатынас формаларын қамтиды), 2004; 汉语成语大辞典 (Қытай тілі фразеологизмдер сөздігі – фразеологизмдер арқылы ғасырлар бойы қалыптасқан тұрақты сөз тіркестері арқылы адамның мінез, сөйлеу мәнері мен қоғамдық қарым-қатынасын сипаттайды), 2010; 现代汉语词典 (Қазіргі заманғы қытай тілі сөздігінде қытай тілінің әдеп нормалары мен сөйлеу мәдениетін білдіретін сөздер мен сөз тіркестері кеңінен қамтылған және әрбір сөзге мағыналық, грамматикалық, стилистикалық сипаттама берілген), 2021, 礼仪全书 (Этикет кітабы – адамдар арасындағы қарым-қатынас мәдениетін, мінез-құлық ережелерін, қоғамдық ортада өзін ұсташа нормаларын үйрететін арнайы еңбек), 1998; 礼貌语言 (Этикет тілі – адамның қарым-қатынаста қолданатын сыпайылық, мәдениеттілік, әдептілік нормаларын тілдік тұрғыдан зерттейтін еңбек), 2019.

Диссертацияның теориялық маңыздылығы. Қазақ және қытай сөйлеу этикетін теориялық тұрғыда салыстыра зерттеу мәдениетаралық қарым-қатынаста, тіл білімі, коммуникация саласында маңызды.

Диссертациялық зерттеудің теориялық маңызы, ең алдымен, қазақ және қытай тілдеріндегі этикет нормалардың лингвомәдени бағытта алғаш рет зерттелуімен байланысты қарастырылады. Ежелгі дала мәдениетінде пайда болған дәстүрі, өситеттері мен нақыл сөздерінің, жырлары мен фольклорының, сонымен қатар қытай халқының философиялық көзқарасының, мифологиясы мен мәдени тарихының әдеппен, этикетпен

байланысы зерттеу жұмысының негізін айқындайды. Отандық және шетелдік зерттеушілердің тарихи, мәдени, этнографиялық зерттеу еңбектері диссертациялық жұмысқа теориялық және әдістемелік тұрғыдан негіз болды. Берілген еңбектерге сүйене отырып діні мен ділі әртүрлі қазақ және қытай халықтарының сөйлеу этикетіне салғастырмалы талдау жасалды.

Диссертацияның практикалық маңыздылығы. Зерттеу нәтижелері қазақ және қытай лингвомәдениеті, сөз мәдениеті, мәдениетаралық коммуникация сияқты арнайы курсарда, сонымен қатар мәтін лингвистикасы, когнитивті лингвистика бойынша лекциялық курсарды оқу барысында және осы тақырыпқа қызығушылық танытқан көпшілік қауымға пайдалануға мүмкіндік береді. Шығыстанушы, филолог, аудармашы мамандарға дәрістер ұйымдастыруды, сөйлеу этикеті тақырыбында сөздіктер мен оқу-әдістемелік құралдары мен оқулықтар құрастыруға қолдануға мүмкіндік тудырады.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы еki елдің сыртқы істер министрлігіндегі қызметкерлердің күнделікті өзара байланысында, коммуникативтік қызметінде көрінеді.

Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері мен қорытындылары.

Диссертациялық жұмыстың негізгі материалдары 9 ғылыми мақалада ғылыми мерзімдік басылымдар мен жинақтарда жарық көрді:

1. Қытай тіліндегі іскерлік қарым-қатынас этикетінің лингвомәдени ерекшеліктері // «Фараби әлемі» атты халықаралық ғылыми конф. матер. – Алматы: Қазақ университеті, 6-8 сәуір, 2021. – Б.151- 157.

2. Қазақ және қытай тілдеріндегі «сәлемдесу» этикетінің лингвомәдени ерекшеліктері // ҚазҰУ хабаршысы, «шығыстану» сериясы, – Алматы, 2022. – №1 (100). – Б. 14-21.

3. Қазақ және қытай тілдеріндегі кешірім сұрау этикеті // Абылай хан атындағы ҚазХК және ӘТУ хабаршысы, «филология ғылымдары» сериясы, – Алматы, 2022. – №1 (64). – Б. 80-93.

4. Қазақ және қытай тілдеріндегі «感谢 / gǎnxiè – алғыс айту» этикетінің лингвомәдени ерекшеліктері // «Фараби әлемі» атты халықаралық ғылыми конф. матер. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – Б. 6-8.

5. Қазақ және қытай тілдеріндегі әлеуметтік этикет мәселелері «家庭礼仪 jiātíng lǐyí» отбасылық қатынас негізінде // «Шығыстану және руханият мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конф. матер. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – Б. 210-216.

6. The peculiarities of «welcoming the guests – 好客 » in Kazakh and Chinese linguoculture //Amazonia Investiga Journal. – 2023. – Vol. 12, № 61, P.165-172.

7. Этикеттің / 礼貌 қазақ және қытай мақалдарындағы этнолингвистикалық сипаты // «Тілтаным» мерзімді ғылыми журналы. – Алматы, 2023. – №2 (90). – Б. 97-106.

8. Қытай тіліндегі медицина терминдерінің жасалуы және аударылуы // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы «филология ғылымдары» сериясы, – Алматы, 2023. – № 4 (71). – Б. 265-280.

9. Қытай мәдениетіндегі дәстүрлі наым-сенімдердің тілдік бейнесі // халықаралық ғылыми-тәжірибелік конф. матер. – Алматы: Қазақ университеті, 2024. – Б. 262-267.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы

Зерттеу жұмысы кіріспеден, З тараудан, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады. Бірінші тарау екі тараушадан, екінші тарау төрт тараушадан, үшінші тарау үш тараушадан құралған.

1 ЭТИКЕТТИҚ ТАРИХИ-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭТНОМӘДЕНИ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Этикет әдіснамасы және дүниетаным концептісі.

Қытайда ежелден адамдардың өзара сыпайы қарым-қатынасына құрметпен қарау дәстүрі қалыптасқан. Халықтың бір-біріне ізеттілігі, кішіпейілділігі мен сөйлеу әдебінің дұрыс қалыптасуы негізінде қоғамда «сыйластық» қағидаты орын алады. Қытай халқы үлкенді сыйлау, кішіні сую, ұстазды құрметтеу, бір-бірін қонақ ретінде сыйлау, әділ, батыл, еңбеккор және қарапайым болу сияқты әлеуметтік адамгершіліктің тамаша дәстүрін қалыптастырған әрі сол қарым-қатынас этикетінің сақталмауы заң бұзумен бірдей саналып, тиісті жаза қолданылып отырған. Ал, кейіннен, этикет пен құқықтың ара-жігі бірте-бірте ажыратыла бастады. Адамдардың этикетті сақтауы заң жүзінде міндепті емес, алайда, салт-дәстүрді сақтау әдептілік нормаларының ажырамас бөлігі болып саналды да, ал құқық мемлекеттің заңдарды тікелей бекітетін материалдық күші ретінде қолданылды.

Тіл білімі теориясының негізін салушы В. фон Гумбольдт «тіл әрқашан сол тілді тұтынуышы халықтың қоғамымен бірге дамиды, олардың кейбір шектеулер қойылған рухани болмысынан жаратылған» [1, 48 б.] – деп пікір білдірсе, Е. Верещагин мен В. Костомаров «Тіл – әлеуметтік құбылыс. Жалпылама алғанда, ол адамдардың белгілі этнолингвистикалық, тілдік-мәдени қауымдастығы мүшелерінің әлем туралы ақпаратын қорғаушы ретінде танылады. Барлық адамның меншігі ретінде тіл өз кумулятивтік функциясы жағынан ұлттық мәдениеттің нағыз айнасы болып табылады» – деп тұжырымдаған [2, 15 б.]. Ал, американдық зерттеуші-лингвист Э. Сепирдің көзқарасы бойынша, нәсіл, мәдениет және тілдің өзара байланысын сипаттап, «тілдің өз қоршаган ортасы бар екендігін айтады. Сол тілде сөйлейтін халық белгілі бір нәсілге (немесе бірнеше нәсілге) жатады, ягни, адамзаттың басқа топтарынан өздерінің белгілі бір физикалық қасиеттеріне байланысты ерекшеленеді. Тіл мәдениеттен немесе біздің өмір салтымызды сипаттайтын практикалық дағдылар мен идеялардан тыс өмір сүрмейді. Антропологтар адамдарды нәсіл, мәдениет және тіл тұрғысынан зерттеуге дағыланған» деген пікірін білдірген [3, 185 б.]. Ресейлік зерттеуші А. Хроленко лингвомәдениетті тіл мен мәдениет философиясы, ал, лингвомәдениет объектісі күрделі терминнің түбірінде тіл мен мәдениеттің байланысы көрініс табатындығын дәлелдеген. Осыған орай, лингвомәдениеттің тіл білімі мен мәдениет ғылымынан өзінің жеке пәнімен ерекшеленетіндігін атап өткен [4, 213 б.]. Бүгінгі танда ұлттық тіл мен ұлттық мәдениетті өзара бірлікте зерттейтін лингвомәдениеттану ғылымы мәдени құндылықтардың тілдік сипатын қарастырады. Зерттеуші Г. Смағұлова «Лингвомәдениеттану этномәдени және этнопсихологиялық факторлар мен тілдегі ұлттық мәдени мағына компоненттерін тіл арқылы

мәдениеттану бағытында зерделеп, тілдің дәл қазіргі қолданыс қызметін көрсететін ұлттық ерекшелігін ешбір идеологиясыз, заманға сай келбетін таныту. Бұл ретте «тіл – ұлт – мәдениет» дейтін үштік лингвомәдениеттану пәнінің зерттеу нысаны болмақ» деп ұлттық тіл мен ұлт мәдениетінің тоғысындағы өзара байланысын анықтап, мәдениет ұғымын мағыналас фразеологизмдерді тіл аспектісі ретінде қарастырды [5, 11 б.].

Этиket бір-бірімен өзара байланысты үш қырдан – сыртқы келбет, әдептілік және сөйлеу әдебінен тұрады. Себебі, тіл – адамның ең маңызды қарым-қатынас құралы. Ал, әдептілікке негізделген сұхбат тілдің негізгі сыпайылық мазмұнын құрайды. Сөз – дыбысталу мен мағынаның бірлігінен тұратын, сөйлеушінің ойы мен сезімін білдіретін тілдік бірлік. Сөз арқылы қарым-қатынас жасау кезінде пікірлесуші адамдар белгілі бір затқа, құбылысқа эмоцияларын, бағалауыштық қасиеттерін білдіре алады.

Көне түркі заманынан бүгінге дейін жалғасып келе жатқан салт-дәстүрімізде қазақ руханиятының қаймағы бұзылмай сақталған іздері жатыр. Рухани, мәдени құндылықтар сөзсіз тілде өз таңбасын қалдырып отырған. Сөздің кумулятивтік қызметі көне заман сілемдерін тілде сақтап, бүгінгі ұрпағына аманат етіп келген. Тарихи мәні бар жер-су, адам аттары, халықтың әні мен құйін ұрпақтан ұрпаққа аманат ретінде жеткізіп отырған.

Қазақтың данагөй қарттары, би-шешендері, ру басылары өз рутайпасының шежіресін, шыққан тегін, елдің әдет-ғұрып зандарын, жарғыларын, халықтың басынан өткен тарихи жайларды көп жасаған ақсақалдардан ыждағатпен үйреніп, өзінің шешендік өнерін шындауда көптеген аңыз-әңгімелерді, мақал-мәтелдерді, маңызды оқиғаларға қатысты ұлағатты асыл сөздерді ұзақ уақыт жаттап, жадыда сақтаған. Сондай сұнғыла билердің,abyzdarдың аузынан шыққан сөздерді халық ұйып тындал, ол нақыл сөздердің мәні өмірдің бар саласын қамтитындей өсиет-өнегелі, тәлім-тәрбиелік, патриоттық мазмұнда берілген [6, 171 б.].

Қазақ халқының ауыз әдебиетіне деген көзқарасы ерекше. Көшпелі өмір салты, әсем табиғат аясында өмір сұру қазақ халқының мәдениеті мен ойлау дәстүрінің қалыптасуына зор үлесін тигізді. «Өнер алды – қызыл тіл» деген ой қазақ халқының сөзді жоғары бағалағанын көрсетеді. Қазақ үшін сөз – арасындағы ең жоғарғысы, дүниені танып-білу құралы, адамды тәрбиелу тәсілі және адамның өзін қоршаған орта мен билікке деген қатынасын бейнелеудің белсенді элементі болып табылатындығын ұлы Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңіндегі:

Откірдің жүзі, кестенің бізі,

Өрнегін сендей сала алмас, – деген жыр жолдарынан көре аламыз. Яғни, қоғамдық өмірдің қай саласында болсын қазақтың сүйеніші – тілі мен сөзі. Қазақ өзінің өмірге, қоршаған ортага көзқарасын, сүйіктісіне деген махаббатын, жауына деген ашу-ызасын сөз арқылы бейнелеген. «Алыстан

сермен, жүректен тербеп, шымырлап бойға жайылатын» сөз өнерінің күштілігі, беделінің мықтылығы соншалық, қаһарын төккен ханның өзі қарапайым халықтың «*дат, тақсыр!*» деген сезіне тоқтады. Қазақ үшін бір ауыз сөз өлім жазасымен немесе дұниені нұрландыратын ыстық ықыласпен тең [7,101 б.]. Ал, Әбу Насыр Әл-Фараби – әділеттілікті адамзат баласының ең жоғары мақсаты ретінде көре білген, түркі халықтарының рухани өмірінде өшпес із қалдырган тұлға. Өйткені ізгілік ілімінің жоғарғы қағидасы – адамдар әлемін жаратқан, пенделерге жақсылық пен әділеттілік туралы жоғары идеяны жеткізетін барлық нәрсенің жаратушысы – Құдайды тану және оған бағыну. Өзара түсіністік пен достық негізінде құрылған адамдар бірлестігі әлемдік үйлесімділікке енеді. Оның пікірінше, кемелдікке жеткен қайырымды адамы тек терең ойы мен борыштық сезімі бар адамғана емес, сонымен қатар жүрөгі мейірімге толы, бір-біріне әдептілікті арқау ететін және көмегін аямайтын қала тұрғындары. Адамгершілік – адамдарды біріктіретін бастау екендігін баса айта отырып, Әл-Фараби бұл бастауға шақырудан шаршамады. Зияткер адамның деңгейін жеке индивидтің жеке басының туа біткен және жүре пайда болған қасиеттерімен байланыстырып, Әл-Фараби әр адамның қайталанбас ерекшелігі мен өзіндік құндылығын жариялады. Ақыл-ой, бақыт, ізгілік, әділеттілік, адамгершілік – Әл-Фараби ілімінде адам болмысына тән гуманистік ұстанымдар ретінде беріледі [8, 174 б.].

Сөйлеу этикеті әдеп ұғымынан бастау алады. Адамдар сөйлеу мәдениетін ұстану арқылы бір-бірімен тілдік нормаларды сақтай отырып өзара түсінісп, пікір, ақпарат алмасып, өз көзқарастарын білдіре алады. Сөйлеу этикетінің көздеген мақсаты – сөйлеу әдебін қандай да бір қоғамдағы адамдардың сол халықтың салты мен тұрмысында қалыптасқан сыпайылық заңдары мен ережелеріне сүйеніп жүзеге асыру. А. Гусейнов пен И. Конның «Этика сөздігінде» этикетке мынандай анықтама берген: «Этикет – (фр. *etiquette* ярлық, зат белгі) адамдар арасындағы қарым-қатынасты (басқалармен қарым-қатынас, ұндеу және сәлемдесу формалары, қоғамдық орындардағы өзін-өзі ұстау, киім кию), міnez-құлық және өзін-өзі ұстауды реттейтін ережелер жиынтығы [9, 427 б.].

Бұл жерде этикет көрінісінің адамның жүріс-тұрысы, киім киісі және сыпайы сөйлеу мәнерінің жиынтығынан және бірін-бірі толықтыруынан көрініс табатындығын аңғаруға болады. Көптеген ғалым сөйлеу формасын коммуниканттардың ресми және бейресми ортада қарым-қатынас жасауга бағытталған байланыс түрі ретінде қарастырса, кейбір зерттеушілер этикетті қолдану барысында ұлт дәстүрі міндепті түрде сақталуы тиіс деп қорытынды жасаған. Себебі адам дұниеге келіп, өз ортасынан тәрбие алғанда өмір сүріп отырған қоғам болмысын бойына сіңіреді. Бұл біріншіден, әрбір адамның туған жеріне, еліне деген сүйіспеншілігінің көрінісі. Екіншіден, коммуниканттар байланысқа түскенде сөйлеу

мәдениетіне міндетті түрде көңіл бөлуі тиіс. Өйткені, сөйлеу әдебі – адам бойындағы сыпайылық, тәрбиелілік секілді адамның сыртқы көрінісін сипаттайты. Осыған орай, біз қазақ және қытай тілдеріндегі сөйлеу этикетінің сыпайылық, инабаттылық, әдептілік қасиеттерін этностардың өзіне тән «ұлттық колоритімен» сабактасуынан туындастынын ескеруіміз қажет.

Ресейлік зерттеуші И. Кузнецовтың пікірі бойынша, заманауи этикет – адамдар қарым-қатынасының сыртқы көрінісін (басқалармен қарым-қатынас орнату, сәлемдесу формалары, қоғамдық орындардағы өзін-өзі ұстаяу, киім кию) реттейтін мінез-құлық ережелерінің жиынтығы деп анықтама берген [10, 257 б.]. Зерттеуші француз тілінің *etiquette* сөзі әлемнің барлық тіліне енгенін және аудармасыз қабылданғанын атап өткен. Алайда «Этикет әлемі» энциклопедиясының авторы А. Мирзоян этикеттің «отаны» Италия екенін дәлелдейген. А. Мирзоянның пікірі бойынша, тарихи құжаттарға сәйкес XIV ғасырда адамгершілікті дәріптеу кезеңі басталған. Ал, бұл «Ренессанс» деп аталатын тұтас дәуірдің пайда болуына алыш келді. Басқа ғылым және өнермен бірге этикет көршілес жатқан Еуропа елдеріне, ең алдымен, итальяндықтармен тығыз байланыста болған Францияға ене бастаған. Ал, XVI ғасырда басқа ережелерді ұстануды және көрмеген француздықтар оларды бірте-бірте өз ұлттық ерекшеліктеріне және заман ағымына сәйкес өзгерткенін атап өткені белгілі. Бұл үдеріс Людовик XIV тұсында өзінің шарықтау шегіне жеткен. Өзінің мінез-құлқымен және талғампаздығымен ерекшеленетін монарх өз сарайының сән-салтанатына қамқорлық жасады және шығынын аямады. «Күн патшасы» тұсындағы сарайларды, бал-маскарадтарды сәнді безендіру туралы қиялдар әлі күнге дейін таңқалдыруда. Осылайша, XVII ғасырдан бастап Франция әлемдік этикет пен сән заңнамасының негізін салушы болып есептелген. Осы себептен, «француз» ұғымы әлі күнге дейін әдемілік пен талғампаздықты бейнелейді деп өз ойын жеткізген [11, 7 б.]. Ал, В. Зарайченконың пікірінше, этикет – дербес құбылыс ретінде абсолютті монархия енгізілген кезде пайда болған, яғни, белгілі бір мінез-құлық ережелерін сақтау, салтанатты рәсімдер перғауындардың, императорлардың, хандар мен патшалардың, князьдардың иерархияларды бекіту қажеттілігінен туындаған. Ережелерді ұстану тек мансапқа ғана емес, сонымен қатар адам өмірімен де тығыз байланысты болған. Бұл құбылыс Ежелгі Мысырда, Қытайда, Рим мен Алтын Ордада көрініс тапқан. «Әдепті бұзу» тайпалар мен халықтар арасындағы араздыққа, тіпті соғысқа әкеп соқтырды. Ежелгі Мысыр, Рим қолжазбаларында және Гомердің «Одиссеясында» түрлі жағдайлардағы адамдардың мінез-құлық ережелері туралы сөз болады. Бұл ережелерді бұзу қызындыққа, опасыздыққа және өзін қоғамнан алыстатуға әкелді. Этикеттің мінез-құлық тәртібін қалыптастыратын ереже ретіндегі алғашқы ұғымдар ежелгі Шумер әдеби мәтіндерінде кездеседі [12, 18 б.].

Этикет пен этика ұғымдары бір-бірімен тығыз байланысты екендігін олардың әдептілік пен сыпайылыққа, мораль мен адамгершілікке негізделгендерінен байқауға болады. Сонымен қатар әдеп пен сыпайылық жүйесі этиканың бір саласы болып табылады. Зерттеуші С. Қорабай «Кодекс Куманикус» жазба ескерткішіндегі «Аузын аша жүргегі көрінуі» фразеологиялық орамының «Ақ жарқын, қайырымды» деген мағынаны білдіретіндігін және қазақ фольклорымен сабактастырын байқауға болады деген пікір айтқан [13]. Қазақ зерттеушісі профессор Т. Фабитовтың пікірі бойынша, қазақ этикасы өзінің көл-көсір молдығымен де, адамгершілік қуат-тегеурінімен де, тарихи айқындылығымен де халықтың рухани өмірінде ерекше орын алды. Білуімізше, қазақ этикасының ежелгі бастау қайнар көзі үш мың жылдан Еуразияның Ұлы даласында өркендеген скиф-сақ, ғұн, үйсін, қаңлы мен түрік бірлестіктерінің бай мәдениетінен нэр алған. Ал, осыдан 260 жыл бұрын өмір сүрген скиф-сақ ойшылы, «ұлы жеті ғұламаның бірі» Анахарсис (Анарыс) өзінің әдеп және адамгершілік туралы пікір білдіргендігін шарап ішу кезіндегі, яғни: «*бірінші тостақты әдетте – денсаулық үшін, екіншісін – раҳатқа бату үшін, үшіншісін – ардан таза болу үшін, төртіншісін – ақылдан алжасу үшін іshedі*» – деген сөздерінен байқауға болады. Кіндік Азиядан табылған түріктердің атақты Құлтегін, Тонықөк жазуларында татулық, бақыт, дәulet секілді әдеп ұғымдары жиі кездеседі. Ежелгі түркі дәуірінде (VI-X ғғ.) билік, батырлық, ел басқару жүйелерінде тәртіп пен әдеп мәселелері орын алдып, көне түркі жазбаларында мемлекет басқарушыларға қатысты әдеп пен моральдық нормалар көрсетілген. Қазақ топырағында этиканы арнаулы ілім ретінде қарастырған ғұлама философ, әмбебап ғалым – Әбу Насыр әл-Фараби (870-950 жж.) оны жақсылық пен жамандықты айыруға мүмкіндік беретін ғылым деп қарастырды. Шығыстың ғұлама ойшылы өзінің әлеуметтік-этикалық мәселелеріне арналған шығармалар жинағында қайырымдылық, қарапайымдылық, ізгілік, даналық, кішіпейілділік пен сыпайылық секілді қасиеттерге философиялық түрғыдан өз көзқарасын білдіреді. Ойшыл «Бақыт және оған жету жолдары» туралы «Адам өмірінің мақсаты бақытқа жету болғандықтан, ең алдымен оның не екенін ұғынуы және сол бақытқа жету үшін не істеуі қажет екенін білуі тиіс» деп атап өткен [14, 449 б.]. Әл-Фараби өз трактаттарында тіл мәдениетінің проблемаларына тоқталған. Қорқыт бабамыздың кең тараған ұлғі-өнеге, өсиет-нақыл сөздері тек қазақ қана емес, барлық түркі жүртінде этиканың қалыптасуына ықпал еткен. Қорқыт жырларының имандылық пен ізеттілікке, адамгершілік пен парасаттылыққа негізделген.

Тіл мәдениеті ілімінің негізін ең алғаш рет Ежелгі Грекияда – Протагор салған. Кейін, сөйлеу тілі мәдениеті Египетте, Ассирияда, Вавилонда және Үндістанда дамыған. Ал Жұсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Қожа Ахмет Иассауи, Ахмет Иұғінеки, Сұлеймен Бақырғани

сынды түркілік ғұламалар өз дастандарында этика мәселесіне кеңінен тоқталған.

Қазақ хандығы қалыптасқан кезеңде де ақын-жыраулардың даналық насиҳат жырларында да этика, әдеп мәселелері үнемі сөз арқауына айналып отырған. Қазақ ақын-жырауларының ауызекі мәдени мұралары ұлттық қадір-қасиет пен өнегелі әдептің ғасырлар бойы жоғалмай сақталуына зор ықпал етті. Қазактың белгілі ақын-жыраулары Асан қайғы, Шалқиіз, Ақтамберді, Бұқар жырау, Дулат, Шортанбай т.б. ұлттық әдеп жүйесін заман талаптарына сәйкес жоғары деңгейге көтере білді. Олардың әлеуметтік-этикалық ойлары қазақ халқының әдептік сана-сезімінің қалыптасуына және кейінгі ұрпақты адамгершілік және ұлтжандылық рухта тәрбиелеуіне үлкен әсерін тигізді.

Қазақтың ғұлама ойшылы Ш. Құдайбердіұлының: «...Бет сұлулығы – тән сыйы болса, дауыс пен сөз сұлулығы – жан сыйы ғой, әрине, тән сыйынан жан сыйы артық екеніне дау жоқ, бірақ бет сұлулығын әркім-ақ таниды. Сөз бен тән сұлулығын танушы аз...» [15, 622 б.] деген сөзінен сөз бен мәдениеттің бір-бірін толықтыратындығын көре аламыз.

Қазақ және қытай мифологиясы тарихының түп-тамыры мен қырсырын қарастыру – этикет тақырыбын, адамдардың қоғамдағы «бірін-бірі сыйлау» моральдық принциптерінің ұлттық дәстүрге негізделгенін зерттеу басты мақсат болып табылады. Ертеде Қытайдың ұлы ойшылы Сюн Цзының – *人无礼不生，事无礼不成，国无礼不宁* [rén wúlǐ bùshēng, shì wúlǐ bùchéng, guó wúlǐ bùníng] – егер адамдар дөрекілік танытса, өмірдің мәні болмайды, істерінде дөрекілік танытса, сәтсіздікке ұшырайды, егер, мемлекетте дөрекілік орнаса, тынышсыздық орнайды [16, 1 б.] деген нақыл сөзі адамдардың әдепсіз өмір сүре алмайтындығын, қоғам мүшелерінің бір-бірімен сырпайылық әдебін сақтап қарым-қатынас жасауы жоғары үйлесімділіктің негізі екендігін және этикетті ұстану арқылы адамзат әдебінің деңгейін көтеруге болатындығын дәлелдеген. Адамдар сол кезден-ақ өздерін басқаратын тылсым күштің, яғни құдай мен жыншайтандардың, аруақтардың бар екендігіне сенген және Тәңірге сыйынып, өз ұрпақтарының болашағы үшін құрбандық шалып отырған. Мұны біз қытайлықтардың әруақтарға байланысты *礼立于敬而源于祭* [*lǐ lì yú jìng ér yuánpǔ jì*], яғни – *rəsİM құрметке негізделген және құрбандықтан бастау алады* деген тәмсілінен байқаймыз. Алғаш рет қоғамда құрбандық шалу рәсімі болған деседі, ал, уақыт өте келе кәмелеттік жасқа толу, үйлену және жерлеу рәсімдері т.б. пайда бола бастады. Берілген ұғымның қазақтың «*өлі риза болмай, тірі байымайды*» деген сөзімен мағыналас екендігін анғаруға болады. Себебі, ата-баба әруағын сыйлау – үлкендерді, ата-тегімізді қастерлеу біздің нанымымызда бар қасиет. Бұдан қазақ халқының сыйластық пен тәрбиені биік қойып, баланың ата-ананы сыйлау әдебін көре

аламыз. Ал, ата-баба әруағына сыйынып, Тәңірge бағыну – қазақ халқының ұлттық діл мен дін, дәстүр мен этикет сипатының бірден-бір көрінісі. Аталған дәстүр қазақтың дала мәдениетінің жазылмаған зандары мен ережелеріне сәйкес ежелден қазақ халқының өміріне сіңісіп, әдет-ғұрып пен салт-сана призмасы арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді. Сәйкесінше, Қытай халқы да ата-баба рухын сыйлауға байланысты Конфуцийдің философиялық көзқарастарын әлі күнге дейін өмірлік ұстанымдарына айналдырып отыр [12, 18 б.].

Халықтың әдет-ғұрпы мен тұрмыс-салты, тілі мен тәрбиесі, мінез-құлқы мен мәдениеті, өмір сұру ережелері, адамдардың қоғамдағы қарым-қатынас этикеті ежелгі Қытай дүниетанымдық мифологиясынан бастау алады. Ежелгі Қытай мифологиясының тарихында мифтік кейіпкерлер сол кезеңдің тұлғалары ретінде сипатталған (эфгемеризм). Қытай зерттеушілері Юй Дун [喻东], Чжуң Фан [钟芳], Лин Сяолиңнің [林小凌] пікірінше, дәстүрлі Қытай философиясы ғаламдағы құбылыстар (аспан, жер, адам) арасында әмбебап байланыс бар деп есептеген. Мұндай философиялық рефлексиялар тіл мен әдебиет, өнер, медицина, білім т.б. мәдениет салаларында, тіпті қарапайым адамдардың өміріне әсер ететіндігін анықтаған. Қытай мәдениеті адамды аспан мен жер «орталығы» ретінде ала отырып, оның терең гуманистік қамқорлыққа ие екендігін, жеке этикалық және тұлғалық деңгейдің өсуіне үлкен мән беретіндігін, бейбітшілікті жақтайдырығын, заттар мен үйлесімділік арасындағы тепе-тендікке назар аударатындығын көруге болады. Дәстүрлі Қытай философиясында адамдардың өзін-өзі жетілдіруі көп еңбекті қажет етеді деп есептелген. Қытай тарихында және Қытайдың шетелдік басқыншыларға қарсы құресінде ұлттық бірлігі мен ынтымағын сақтаған және өзге мәдениеттер мен өркениеттерге тұзу көзқарас қалыптастырыған делінген [17, 8 б.].

Қытай рухани өркениетінің дамуы бүгінгі күні қоғамның кез келген саласының өркендеуіне үлкен әсерін тигізуде. Себебі отбасын және елді басқару негіздері, үлкенге құрмет, кішіге ізет принциптері – бүгінгі Қытай мемлекетінің ұстанымына айналуда. Қазіргі таңда халықтың мындаған жылдар бойы қалыптасқан әдет-ғұрып қағидалары көптеген өмірлік философияны, ұрпақ тәжірибесі мен тағылымдамасынан жинақталып, ұлт психологиясының қалыптасуына ықпал етуде. Қытай этикет зерттеушісі ежелгі Қытай әдет-ғұрыптары *Сядан* [夏] басталып, *Шанда* [商] дамып, *Чжоуда* [周] аяқталды деп жорамалдаған. 周礼 [Zhōulǐ] – Чжоу рәсімдері және 仪礼 [yílǐ] Конфуций канонының он үш кітабының бір жазбаларында Чжоу [周] кезеңінің көптеген материалдары сақталып, дәл осы кездे пайда болған саяси, әскери, білім, неке т.б. ережелері мен тәртіппері қамтылған. Ал, құл иеленуші қоғам ережелеріндегі мындаған жылдарға дейін жалғасын тауып отырған зандар бүгінгі әлеуметтік-моральдық жүйе

тұжырымдамасының негізіне айналып отыр. Оның мазмұнына – әміршінің акқөнілділігі, министрдің адалдығы, әкенің шапағаты, ұлдың имандылығы, үлкеннің мейірімі, інінің мейірбандығы, ердің әділдігі, әйелдің елгезектігі, жастардың мойынсұнуы жатады [18, 2 б.].

Қытайдың этикет тақырыбын зерттеуші Цзян Цзюннің еңбегіне сүйенсек, б.з.д. XIII ғасырда ежелгі 华夏 [*Huáxià*] елінде *Яо* мен *Шунь* басқарушылары кезеңінде жанұя мүшелері арасында, атап айтқанда, әкенің шыншылдығы, ананың, ағаның, достың қенпейілділігі, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсету, баланың әкені сыйлауы дәстүрінің бес нақты ережесі жанұя мүшелерінің іс-әрекеттері мен сөйлеу тәртібін реттеп отырған [19, 2 б.].

Қытай халқы өздерінің аңызға айналған тарихын әділ билеуші *Яо* (2357-2258) басқарған кезеңнен бастайды. Ол өз мұрагері ретінде ұлын емес, көмекшісі *Шунді* тағайындаған. *Шун* де өз мұрагері ретінде өз ұлын сайламай, *Юйді* сайлайды. Ал, *Юй* өз мұрагері ретінде билікті өзінің ұлы *Цига* табыстайды. Сол уақыттан бастап *Ся* мемлекеті пайда болған [20, 97 б.]. Осы кезеңде аңшылық пен егіншілік істерінде тайпа адамдарының бір-біріне деген ықыластары мен сыйластықтарын белгілі бір ережелер мен принциптерге сүйене отырып білдіргендігін көруге болады. Сонымен қатар феодалдық қоғамдағы басқарушылар мен қол астындағылардың, ер мен әйел адамдардың орындары иерархиялық тәртіпке сай этикет нормаларына сәйкес жүретіндігі анықталған.

Кез келген халық наным-сенімдерінің пайда болуы секілді қазактың философиялық дүниетанымының қалыптасуында мифтің өзіндік ерекшелігі бар. Көк пен Жерді жаратып, оларды бір-бірінен ажыратқан соң, Тәңір өмірге ұрпақ келтіру үшін өзі еркек пен әйелге бөлінді. Құдай-әйелді Ұмай деп, оны Сумер тауының ұшар басына, сүтті көлді (*Сұтқөл*) бір Аспан тауының қия шыңына қондырды. Көк жүзінде жол қалдыра сарқырай ағып, *Сұтқөл*ге құятын жұлдыздар жолы, Құс жолы – осы Ұмай Тәңір-Ананың сүті. Тәңірдің құдышеті мен күш-қуаты шексіз, оның аузынан шыққан әрбір сөз ақиқатқа айналып, жүзеге асты. Екпіні тау тұрғызып, теңізді толтырды. Демі жел мен бұлттарға, үні құннің қүркіреген даусына айналып, он қөзінен Құн, сол қөзінен Ай жаратылды. Жерге нөсер жаңбырды жіберіп, наизағай шатырлатып, өзі жаратқан Құдайлар мен адамдардың өмір сүруіне бөгет жасайтын жын-шайтандарды жасынмен (наизағай) соғып жайратты. Тәңір – ең жоғарғы Құдай. Басқа Құдайлар оның әмірін екі етпей, ықтиярына бағынды. Адамдардың да тағдыры Тәңірдің қолында, олардың қашан туып, қалай өмір сүретіні және қай кезде өлетіні тек оған ғана мәлім. Ешбір адам Құдайдың талқысынан, Тәңірдің тезінен құтылыш кете алмайды. Өйткені, Тәңірге беймәлім күпия жоқ. Тәңір бәрін көреді, бәрін біледі. Ал адамдарды ақиқат жолына салып, әрі сынау үшін ол Жер бетіне өзі қалаған пайғамбарларын жібереді. Соңдықтан Адам өзінің барлық тілеулері мен құлшынысын Көк Құдайы – Тәңірге деген сенімімен үйлестіруі тиіс. Адам

барлық жағдайда Көк пен Жердің иесі, Әлемнің иесі – мәңгілік Тәңірдің еркіне бағынышты. Адам Тәңірге құлшылық етіп қана бақытты бола алады [21, 14 б.].

Этикеттің мәдениет, лингвистика, психология, тарих сияқты ғылым салаларымен тығыз байланысын қазақ мәдениетінің белгілі қайраткері, жазушы, тарихшы, этнограф А. Сейдімбектің «Қазақ халқының ұзақ уақыт сақталған әдет-ғұрыптары, рухани және материалдық құндылықтарды жасауда менгерген дағдылары мен нормалары халықтың басынан өткөрген ұзақ өмір жолының көрсеткіші» деген пікірінен көре аламыз. Ғалымның пікірінше, әрбір тарихи қоғамның санасын көрсететін өзіндік дәстүрлері бар және мифология, эстетика, филология тіпті, терминологиялық тәжірибелің өзі берілген мәдениет дәстүрімен тығыз байланысты және аталған дәстүрлерге органикалық түрғыдан тәуелді деген [22, 201 б.].

Профессор Қ. Жарықбаев «Дәстүр: кеше, бұгін, ертең» атты еңбегіндегі Қ. Бегмановқа берген сұхбатында «Ұлттық психологияның қазақ ұлт болып қалыптасқаннан бері пайда болғанына және оның ғасырлар бойы жинақталып, салт-дәстүр, әдет-ғұрып тұтас бір жүйеге бірігіп, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып жалғасқандығына және жинақталған қазынада халықтың жан-дүниесі, өзіне тән мінез-құлқы мен іс-әрекетінің ішкі астарының бар екендігін» айтқан сөздерінен қазақтың ұлттық психологиясының ежелден қалыптасқандығына көз жеткіземіз. Яғни, әрбір этнос өз дәстүрі арқылы ғана тәжірибе жинақтайтынын көре аламыз [23, 104 б.]. Мысалы, қазақ мәдениетінде адам мен табиғат үйлесімділігінен көшпенделік түрмис-салты пайда болған. Адамзат баласының тарихындағы ең ұзақ жасаған (үш мың жыл) әлеуметтік-тарихи формацияның, «атты көшпелі өркениеттің» [М. Әуезов, С. Ақатай] немесе «далалық өркениеттің» [А. Қасымжанов] өн бойында осы территорияны мекендерген көшпелі этностардың үздік жетістіктерін бойына сіңіре отырып, өзіндік көшпелі шаруашылық-мәдени дәстүрін сақтап қалған бірден-бір халықтың бірі – қазақтар. Сондықтан да олардың дәстүрлі этномәдениетінің негізгі архетипі – көшпелі өмір салты болып табылады [24, 69 б.].

XVII ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген И. Гердер (1744-2803 жж.) өз зерттеулерінде әр халықтың тілі өмір сүрген климатына байланысты түрліше екендігін атап өткен. Алайда, ізdegен затына, затының белгілеріне байланысты адам санасын бірден табуға болатындығын ал, дәстүр – тіл мен мәдениет бастауы, дін мен қасиетті рәсімдердің анасы екендігіне тоқталған. Бұдан біз діни дәстүрдің тіл мен ойдың үндесуі арқылы жүзеге асырылатындығын аңғарамыз. Себебі, қазақтың ауызекі сөйлеу тілі ұрпақтан-ұрпаққа қарым-қатынас арқылы берілген. Зерттеуші әрбір тілдің сол халықтың тұтас бейнесінің және ойлау тәсілінің қалыптасуына үлкен үлес қосатындығын айтып өткен. Кез келген тілді халықтың ой-пікірі мен идеялары салынатын, сақталатын және ұрпақтан-ұрпаққа мұра болатын

«құтыға» теңеген. Әсіреле, халықтың мәдениеті тілден көрініс табатындығын дәлелдей білген. Сонымен қатар ғалым қытай тілін адамгершілік, сыйпайылық және сыйластық сөздігіне теңеуі арқылы өзінің философиялық көзқарасын білдірген. Оның пікірі бойынша, қытай халқы өте тиянақты және еңбексүйгіш. Өйткені, қытай тіліндегі иероглифтердің әрқайсысы бір дыбысты таңбалайтындығын, ал дыбыстардың көп нәрсенің ұғымын білдіретіндігін атап өткен [25, 297 б.]. Адам санасындағы әртүрлі психикалық құбылыстар (мінез-құлыш, сезім, түйсік, таным, қиял, қабілет, эмоция, ерік, жігер т.б.) адамдар арасында болатын сөйлеу үдерісі кезінде ерекше маңызды рөл атқарып, ұлттың тілдік бояуын қанықтыра түседі. Ғалым Ж. Манкеева: «Тіл – этности танушы құрал. Ол сол ұлт өкілінің ұлттық жан дүниесін, сезімін сипаттайды. Адамның рухани қызметі тек қоғамда дамиды, әрі рух арқылы адамзатқа беріледі. Этнопсихология халықтардың ұлттық ерекшелігінің негіздерін, себептерін, дамуын немесе жоғалтуын ашуға тырысады. Онда пайдалы нәрселер жетерлік», – деп суреттеген [26]. Сайып келгенде, этикет лингвомәдениетпен тығыз байланысты және оларды бір-бірінен бөліп қарau мүмкін емес. Өйткені, жоғарыда атап өткеніміздей, сөйлеу әдебі тіл мен мәдениет байланысы арқылы жүзеге асады.

Түрлі халықтың сөйлеу этикеті, лингвомәдениеті, салт-дәстүрі, тілдік қарым-қатынастары, этнографиясы, психологиясы мен ділі тұрғысынан біршама отандық және шетелдік ғалымдар жан-жақты зерттеу жұмыстарын жүргізген. Қазақ халқының тілдік этикеті және мәдени коммуникациясы тақырыбына діл мен дәстүрді байланыстыра қарастыру негізінде елеулі үлес қосқан ғалымдардың бірі З. Сабитова адамның ұлттық мінезінің қарым-қатынас арқылы көрініс табатындығын және сөйлеу этикетінің ұлттық сипаты – сол қоғамда қабылданған ережелер мен нормаларға байланысты екендігін атап өткен және этикетті сақтау ережелері коммуникацияның сәтті және үйлесімді болуына жағдай жасайтынын жан-жақты талдаған [27, 40 б.]. Әрбір ұлт мәдениеті коммуникативтік қарым-қатынас кезінде этностардың мінез-құлқынан, тілі мен менталитетінен, дін айырмашылықтарына байланысты пайда болып, өзіне тән зандылықтарға сүйеніп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасады. Зерттеуші-лингвист Ш. Тохтабаева «Қазақтардың этикеті» атты еңбегінде ұлттық бірегейліктің негізгі индикаторы қазақтардың рухани мәдениетінің негізгі бөлігі, этикеттің – қазақ ділінің квинтэссенциясы болып табылатындығын және рухани мәдениеттілігінің маңызды бөлігінің дәстүрлі әдептілікке байланысты екендігін атап өткен [28, 35 б.]. Аталған еңбек қазақ халқының өз ұрпағын кішкентайынан туған жері мен отбасын, ата-анасы мен бауырларын сүюге, үлкенді сыйлауға, кішіпейілдікке және инабаттылыққа тәрбиелегендігін, қазақ халқының ұлттық дала психологиясының ұлт болып қалыптасуымен бірге пайда болғандығын айқындаі түседі. Яғни, қазақтың ауыз әдебиеті мен фольклоры, психологиялық ой-пікірлері ежелден бастау алған. Отандық

ғалым Г. Оразғалиева зерттеулерінде ағылшын және қазақ тілдерінің этикет бірліктерін салғастыра отырып, сөйлеу этикетінің бірнеше белгісін анықтайды. Берілген ұғымнан сол тілді тұтынушы халықтың өмірі, тарихы, психологиясы, әдет-ғұрпы мен тұрмыс-тіршілігінің айқын көрінуі соған дәлел бола алады [29, 5 б.]. Ал, қазақ тіл біліміне елеулі үлес қосқан ғалым Н. Уәли өзінің «Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері» атты диссертациясында коммуникацияның аса маңызды құрылымдық компоненттерінің бірі ретінде этикеттік таңбалардың қызметі мен өзіне тән нормаларын, қарым-қатынас мәдениетіне тигізетін әсерін түсіндірген [30, 4 б.].

Сөйлеу этикеті – адамдардың мәдениетті және сыпайы формада сөйлеу әдебі. Бұл салада ресейлік зерттеушілердің де еңбектері аз емес. Профессор С. Тер-Минасова өз зерттеулерінде мәдениетаралық коммуникацияда адамдардың қоғамдағы қарым-қатынасының лингвомәдениетпен тығыз байланысты екеніне баса мән берген. Галым мәдениетаралық коммуникацияны орынды пайдалану сұхбаттасуышылар арасында қайшылық болмауының алғышарты екендігін, сол тіл өкілінің тілдік әлемін этнографиялық тұрғыдан оның рухани және материалдық мәдениетін, өмір салтын, ұлттық мінез-құлқы мен дүниетанымын байланыстыра отырып, терең және тыңғылышты түрде зерттеу қажеттігін атап өткен [31, 36 б.]. Демек, коммуниканттардың сөйлеу тілінің өз ортасындағы күнделікті өмір сұру салтының ерекшеліктері мен деңгейі сол қоғамға тән ережелер мен заңдылықтардан тұратындығы айқын. Себебі әрбір халықтың өзіне тән ерекшеліктері бар және сол халықта қалыптасқан заңдылықтарға байланысты құбылып отырады. Яғни әлемдегі мәдениеттер арасында қаншалықты ұқсастық байқалса, соншалықты айырмашылық болуы мүмкін. Ал А. Байбурин мен А. Топорков этикеттің әрдайым қарым-қатынаста жүзеге асырылатынын, алайда барлық қарым-қатынасты этикетке жатқызуға болмайтынын, сонымен қатар, оның тұрмыстық, этикеттік және салттық жағдайдағы айырмашылықтары ескерілмейтінін атап өткен. Себебі қоғамдық және қоршаған ортадағы қарым-қатынас алдын ала анықталған мифологиялық сценарий бойынша әдет-ғұрыпқа емес, тек тұрмыстық және утилитарлық сипатқа ие болуы мүмкін деп тұжырым жасайды. Дәстүрлі мәдениеттегі коммуникативтік жағдаят рөлінің бір ерекшелігі – адам өзін қандай да бір қүштің бақылап отырғанын сезінеді. Сонымен қатар этикет жағдайын біріншіден, осы қүштердің тікелей қатысуымен қайтыс болған туыстардың немесе тылсым қүштердің қатысуымен байланыстырады. Екіншіден, коммуникативті актіге серіктес ретінде адам ғана емес, адами қасиеттерге ие бола алатын кез келген объект те байланысқа түссе алады. Яғни, «табиғаттың толық антропоморфизациясы» жүзеге асырылады. Осылайша, қасиеттерге қатысты этикетке ережелері адамдар арасында ғана емес, аңдар мен ағаштарға, жерге, ата-баба рухына, халықтық демонология

кейіпкерлеріне қатысы да болатындықтан ерекше сипатқа ие болады [32, 7 б.]. Демек, зерттеушілердің көзқарасы бойынша, коммуникацияның барлығы сыпайы сөйлеу қарым-қатынасына жатпайды және адамдар арасында ғана жүзеге асырылмайды деп табиғаттың тылсым күшінің әсерімен объектілер арасында болатынын және коммуникацияның мифтік көзқарасқа еш қатысы жоқ екенін көрсетеді. Алайда, бұл – этикет мәселесін зерттеуші көптеген ғалымдардың көзқарастарына қайшы пікір. Ал, зерттеуші Н. Формановская этикетті кез келген ұлттың қайталанбас белгілер мен сөйлеу жүйесіндегі ұлттық ерекшелігі ретінде қарастырып, ол ұлттың салт-дәстүр ерекшеліктерінен тұратынын, оның әлеуметтік және фатикалық қызметінің бар екенін дәлелдеген [33, 98 б.]. Зерттеушілердің пікірінше, әр елдің сөйлеу этикеті сол елде тұратын халықтың тілі мен мәдениетінде көрініс тапқан және сол елдің моральдық және этикалық принциптеріне негізделген. Зерттеудің өзектілігі салыстырмалы-салғастырмалы сипаттағы осы сынды ғылыми ізденістердің аздығын айғақтайды. Мұндай зерттеулер тілдегі мәдени құбылыстарды тереңірек танып білуге мүмкіндік береді. Әрине, бұл бағыттың өз ішінде де тіл мен мәдениеттің өзара байланысына қатысты мәселелер көрініс тапқан белгілі бір этикалық, мәдени социумда қабылданған және ұлттық болмыстан хабар беретін сөйлеу этикеті т.б. салалары бар.

Қырғызстандық ғалым П. Кадырбекова тілдік этикетті халықтың мәдениетімен, менталитетімен, дәстүрімен қалыптасқан тілдік қатынастың тұрақты формасы деп атап өткен [34, 64 б.]. Ал, қытай тіліндегі сөйлеу этикетін зерттеушілер Чың Гы [陈格] мен Оу Дан [欧丹] этикетті адамдардың құрмет пен достық қарым-қатынаста ұстанатын өзара сыйластық мінез-құлық нормалары мен нұсқауларын білдіретінін сарапаған. Зерттеушілер этикеттің мінез-құлық кодексі ретінде адамдардың өзгелерге құрметпен қарауын, шынайы болуын және саналы түрде назар аударуын талап ететінін көрсете білген [16, 229 б.]. Сион Цзинүй [熊经浴] сөйлеу этикетін мемлекеттегі әлеуметтік үйлесімділікті орнатуға, өркениетті және сыпайы тілді орнату үшін жағдай жасайтын тағдыр кілті, әлеуметтік өмірдің барлық салаларында қолданатын ой мен сезімді жеткізетін көпір деп есептесе [35, 5 б.], Ся Чжычиян [夏志强] этикетті мәдени жетістіктің және қарым-қатынас дағдыларының сыртқы көрінісі және сол елдің әлеуметтік өркениетінің, адамгершілігі мен тұрмыс-тіршілігінің белгісі ретінде зерделеген [36, 5 б.]. Қытай тіліндегі «Этикет кітабының» авторы Тян Сиона [田晓哪] этикетті өнер деп қабылдаған [37, 6 б.]. Этикетті кез келген өнер сияқты тәжірибе жасау арқылы жақсартуға болады. Мәселен, ұялшақтық мінез бейтаныс адамдар арасында үйлесімді түрде сұхбат орнатуға кедергі жасауы мүмкін. Сөйлесу өнерін жақсы меңгерген адам ғана коммуникантпен жақсы диалог құра алады. Сұхбаттасу барысында бір адам

басты кейіпкер болса, екіншісі тыңдаушы болуы мүмкін. Ал, жақсы тыңдаушы өз кезегінде басты кейіпкерге шабыт бере алады. Сыпайы сөздер адам жүргегін жылтымен қатар қарым-қатынасты жақсартып, оның өміріне он әсер етеді. Сонымен бірге, зерттеуші дөрекі сөздің адам жүргегін жаралап қана қоймай, қоғамдағы қарым-қатынасты бұзатындығын дәлелдеген [38, 278 б.].

Жалпы, қытай тіліндегі сөздіктे 礼节 [lǐjíé] – этикет – 尊敬, 祝颂, 哀悼之类的各种惯用形式, 如鞠躬, 握手, 献花圈, 献哈达, 鸣礼炮等 [zūnjìng, zhùsòng, āidào zhī lèi de gèzhōng guànyòng xíngshì, rú jūgōng, wòshǒu, xiān huāquān, xiān hǎdá, míng lǐpào děng], яғни құрмет көрсетудің әртүрлі қабылданған формалары, тілектер, көңіл айту, отшашу және т.б. мағыналарды білдіреді [39, 772 б.].

Қытай адамзат өркениетінің даму тарихындағы ғылым мен өнердің жетістіктерін сол кездегі қоғамдық тұрақтылық пен экономикалық дамудан бөліп алыш қарау мүмкін емес. Ежелгі қытай халқы қоғамдық тұрақтылықты қалыптастыра отырып, береке-бірлікті сақтау арқылы елді басқару үшін басқару органдарын құрып қана қоймай, соған сәйкес жүйелерді қалыптастырып, адамның қоғамдық өмірінің көпжылдық тәжірибесінен адами қарым-қатынастың барлық түрлерінде этикамен айналысатын жүйе құрды. Осы жүйелердің, нұсқаулар мен нормалардың бірқатары құқықтық кодекстің немесе өзін-өзі дамытудың, отбасылық келісім мен мемлекетті басқарудың теориялық негізіне айналды. Көне кітаптарда 礼 [lǐ] түсіндірмесі 礼, 覆也, 所以事神致福也 [lǐ, fu yě, suōyī shíshén zhìfú yě] – рәсім – бата тілеу мақсатында тәңірлерге табынып, құдайға құлшылық ету [40] делінген. Яғни, бата қабыл болу үшін құдайға құрмет пен ризашылықты білдіру қажет, құрмет көрсету арқылы этикет ережелері мен тәртібін қамту мүмкіндігіне ие болатындығын көрсетеді. Бұдан біз этикеттің алғашқы қадамдарының алдымен құдайларға құрбандық шалумен және бата берумен байланысты екеніне тағы да көз жеткіземіз.

Тіл мен мәдениеттің өзара байланысын зерттеуші-профессор Ф. Оразбаева өзінің «Тіл әлемі» атты еңбегінде тілді «тіл – адам – мәдениет», «тіл – этнос – өркениет», «тіл – адам – таным» т.б. әмбебап бірліктермен сабактастықта немесе олардан жеке бөліп алыш қарастыру ғылыми логикаға сәйкес келмейді. Қазіргі уақыттағы ғылыми бағыттар мен уақыт талабы аталған бірліктерді өзара сабактастықта зерттеуді жаңа сатыға көтерді. Адамзат баласы үшін тілдік қатынастың бүкіләлемдік маңызы ел мен елдің, ұлт пен ұлттың саяси байланысына жан-жақты жол ашудан көрінеді» – деп тұжырымдаған [41, 268 б.]. Академик Р. Сыздық «Әдетте тіл – адамдардың бір-бірімен жасайтын қатынас құралы болып табылады дейміз де, оның осы қызметін көбірек сөз етеміз. Ал, тіл – эстетикалық құрал, көркем дүние құралы. Тілдің бұл екі қызметі бір-бірімен

тоғыспайтын екі бөлек нәрсе емес. Керісінше, тілдің поэтикалық қызметі коммуникативтік қызметіне негізделеді, сонымен қатар ол тілдік тәсілдердің өнерге тән эстетикалық және әлеуметтік-тарихи зандылықтарға бағынған жаңа әлемін жасайды» деп атап өткен [42, 10 б.]. Жоғарыда айтылған зерттеуші-ғалымдардың пікіріне сүйенсек, тіл, адам және мәдениет бір-бірімен өзара тығыз байланысты. Алайда, «тіл – ұлт – мәдениет – коммуникация» төрттігі бірін-бірі толықтыратын бірліктер болып табылады. Себебі, ұлттар арасындағы тілдік коммуникация мәдениетке негізделіп жүзеге асырылады.

Л. Гумилев мінез-құлықтың этникалық стереотипінің күші орасан зор болуы себебінен, этникалық топ мүшелері оны бірден-бір лайықты, ал қалғандарының барлығын «жабайылық» деп қабылдайтындығын және басқа этникалық топтың мінез-құлық нормасымен байланыстыра отырып, этнос мүшесі өз руластарына сол елдің дәстүрін танымай жатып таңқала айтуға тырысатындығын атап өткен. Мысалы, Ежелгі афиналықтар скифтердің үйлері жоқ екендігін және олардың мереке кезінде есін жоғалтқанша ішімдік ішетіндігін, иудалар римдіктерді шошқа етін жегені үшін жек көрді, ал римдіктер сұндеттелудің табиғи еместігін айтқан. Ал, Палестинаны басып алған рыцарылар арабтардың көп әйел алу дәстүріне наразы болса, арабтар француз ханымдарының ашық жүздерін көрсетуін ұят санаған [22, 8 б.]. Әрине, ғалымның көзқарасымен көптеген ғалымдар келісуі мүмкін, алайда, ұлттық, діл, дәстүр, салт тұрғысынан қарағанда әр халық өз бойына сіңген стереотиптері арқылы өмір сүреді және өз ұстанымдарын негізге алады. Сондықтан, әрбір ұлт өз отанында қалыптасқан зандылықтар мен ережелерді, жануядағы тәрбиені арқау ете отырып шешуі міндettі. Ресейлік этикет тақырыбын зерттеуші ғалым Н. Формановскаяның пікірінше, сөйлеу этикетін зерттеудің ерекше лингвистикалық және әдістемелік нысаны ретінде бір-біріне өзара жақын және бір-бірінен алыс тұрған ұгымдарды есте ұстаган жөн. Олар – сөйлеу этикетін қолдану аясы және сөйлеу этикеті бірліктерін қолдану аясы болып табылады. Бұл екі концепция соңғы кездегі коммуникация теориясын зерттейтін лингвистер мен методистердің назарында, атап айтқанда, коммуниканттардың экстралингвистикалық сипатымен және тілдік қарым-қатынас жағдайында сөйлеудің нақты формаларын қолданумен тығыз байланысты [33, 6 б.]. Ал, американдық этикет зерттеушісі Б. Лэнгфорд қоғамда әдет-ғұрыптардың әртүрлі болуы себебінен тілдік және әлеуметтік айырмашылықтар қызмет орнындағы қарым-қатынасты қыннадады. Қазіргі танда ескі ережелердің өзектілігінің темен болуына және түсініспеушілік пен тұрақсыз мінез-құлықтың алдын алуына байланысты жаңа практикалық нұсқаулықтар қажеттілігін ұсынған [43, 257 б.].

Қазақ тіл білімін зерттеуші А. Ислам өзінің ғылыми еңбегінде: «Тіл мен мәдениет қоғамдағы тарихи өмір сүру процесінде бір-бірінен

ажырағысыз. Өйткені, мәдениет өзінің құрылымында тілсіз толыққанды жүйе ретінде қабылдануы мүмкін емес. Бір айтып кететін жайт, қазақ мәдениетін сөз еткенімізде, әрине, оны қазақ ұлтының қалыптасу факторларын және оның даму кезеңдерімен ұштастыруымыз қажет. Өйткені, қазақ ұлтының мәдениетін, яғни, оның өз алдына дербес ұлт болғанға дейінгі кезеңдердегі түрлі тайпалардың (сақтар, массагеттер, ежелгі түркі, татар-монголдар) мәдениетімен тығыз байланыста, кең көлемде қарастырған жөн. Яғни, бұл қазақ ұлт мәдениетінің басқа түркі халықтары мәдениетімен ұштасып, бірігіп жатқаны ортақ этникалық генезис факторы ареалды, аймақтық түркі мәдениетін құрайтынын көрсетеді. Әрине, қазақ халқы өз алдына ұлт болып қалыптасқанда мәдениет белгілі бір трансформацияға ұшырап, өзіне ғана тән айрықша сипаттағы ұлттық мәдениет түзегенін де ескеру қажет деп түсіндірген [44, 24 б.].

Зерттеуші ғалымдар Чың Гы мен Оу Дан тарихи дамуы бойынша Қытай этикеті эволюциясының алты кезеңін атап өткен. Олар:

1. *Пайда болу кезеңі.* Б.з.д. XXI ғасырда алғашқы қоғамдық құрылыштың ортаңғы және кейінгі қоғамында пайда болды. Бұл кезеңде адамдар бірте-бірте өркениетке қадам басып, топта ұйымдастып қызмет атқара бастады (әсіресе, діни этикет пен құрбандық шалу әдебінде айқын көрінеді) және этикет прототипінің қалыптасуына ықпалын тигізді. Бұл кезде қоғамда адамдардың орны, жас ерекшеліктері, гендерлік айырмашылықтары байқалды. Ал, орналасу тәртібі бойынша, жасы үлкен кісілер жоғарыда, кішілер төменде, ерлер сол жақта, ал әйел адамдар он жағында жайғасуы осы кезде орын алды.

2. *Қалыптасу кезеңі.* Б.з.д. XXI ғ.- б.з.д. 771ж. Ся, Шан және Батыс Чжоу кезеңдері этикеттің қалыптасу кезеңі болды. Бұл кезеңде Чжоу патшалығының бес ғұрпының (яғни, құт-береке, жаман әдет-ғұрып, әскери салт-жоралар, қонақ қуту әдебі мен салтанатты рәсімдер) орнығы дәстүрін қалыптастырды. Осы кезде құрбандық шалу, жерлеу рәсімдері, әскери шеру өткізу, қонақ қуту, императорлар мен патшалардың кездесуі, ас беру, мерекелік сыйлық ұсыну секілді дәстүрлер пайда бола бастады.

3. *Даму және трансформация кезеңі.* Көктем мен күз және күресуші патшалықтар кезеңінде (б.з.д. 771ж. – б.з.д. 221 ж) этикеттің дамып, өзгеріске ұшырау кезеңі. Бұл кезеңде Чжоу әулетінің дәстүрлі ғұрыптық жүйесі «салт пен музыканың күйреуі» жағдайында пайда болды. Чжоу династиясы кезінде жаңа рәсімдер теориясы ұлы ойшылдар Конфуций, Мың-цзы, Сюн-цзы ықпалымен дамып, жаңарып отырды.

4. *Күшею және құлдырау кезеңі.* Цинь мен Хань дәуірінен Цинь патшалығының соңына дейінгі кезең (б.з.д. 221–1911 жж.) этикеттің күшею және құлдырау кезеңі болып танылды. Бұл кезеңнің басында император мен министрдің, күйеу мен әйелдің, әке мен баланың, құдай мен адамның

қарым-қатынасы ныгая бастады. Ал, Цинь динасиясының күйреп, Батыс этикетінің енгізілуіне орай, ежелгі Қытай этикеті құлдырай бастады.

5. *Заманауи этикет кезеңі*. 1911 жылғы революция кезеңінен 1949 жылғы Қытайдың құрылудың дейінгі кезеңде көне дәстүр жойылып, жаңа ресми этикет пайда болды. Бұл кезде ескі рәсім жойылып, жаңа этикет бекітілді және Қытайда ресми түрде заманауи этикет шымылдығы ашылып, қол алысу рәсімі танымал бола бастады.

6. *Жаңа заман этикеті кезеңі*. Жаңа заман этикеті кезеңі – жаңа Қытайдың негізі қалануынан бастап бүгінге дейінгі этикет маусымы болып табылады. Бұл – Қытайда әдептіліктің толық қалыптасып, заманауи этикет түрлерінің қалыпқа келтіріліп, дамуға бейімделген кезеңі болып есептелді [16, 3 б.].

Этикет ұғымы қытай әдет-ғұрыптары мен мәдениетіне үлкен әсерін тигізді. Конфуцийдің өндөлген алты еңбегінің бірі «仪礼», яғни «Рәсім деректері» кітабында Цинь қоғамына дейінгі *мәж киу, уйлену* және *жерлеу* рәсімдері этикеті жайлышты жазылған. Ал, этикет – ежелгі Хань династиясы кезінде академиялық шенеунік негізінде қалыптасып, Қытай академиктері идеяларына, әдет-ғұрыптары мен мәдениетіне үлкен әсерін тигізді. Бұл әлі күнге дейін өз өзектілігін жоғалтпаған құнды классикалық құжат болып табылады. Ся, Шань және Чжоу әулеттері «Қытай өркениетінің қайнар көзінің үш дәуірі» болып табылатындығы ерте кезден айтылып келеді. Ся әулеті – Қытай тарихындағы 400 жылдан астам өмір сүрген алғашқы әулет. Сыма Цянның «Тарихи жазбаларының» Ся Бынцзи [夏本纪] тарауында оның ежелде пайда болғандығы айтылған. Ал, Шань әулеті 500 жылдан астам уақыт өмір сүрген және Иң Бынцзи [殷本纪] деректерінде тарихы нақты көрсетілген. Чжоу әулеті туралы мәліметтерді әдебиеттерден көруге болады. «Бяоцзи рәсімдер кітабында» Иң халқының құдайды құрметтеуі, халықты құдайға және әруақтарға, ырымдарға қызмет етуге жетелеуі, ең маңыздысы – аруақтар мен құдайларға табынуы туралы сөз етілген. Иң халқының рухани әлемінің ерекшелігін XIX ғасырдың аяғында Хынан провинциясының Анян, Сяотун ауылдық жерлерінде Иң қирандыларының қанқалары табылған. Кейіннен археологтар бұл жерде 70-80 жыл бойы қазба зерттеу жұмыстарын жүргізді. Осы кезде табылған заттардың ішінде көріпкелдік, болжау кезінде қолданатын көздің жауын алатын қоладан жасалған дәстүрлік ыдыстар болған деседі. Себебі, Иң халқы аруақтар мен құдайларға табынған. Тарихи жазбаларға сәйкес, ата-бабалар аруағына арнап, құрбандыққа 500 ірі қара шалған. Алайда, Иң династиясының Ву патшасы Чжоуға шабуыл жасағанда Иң әулеті құлап, Чжоу әулеті билік аренасына шықты. Иң әулеті династиясында салтанат құрған тұжырымдамалар Чжоу династиясындағы жаңа ережелермен алмастырылды. Чжоу халқының ғұрыптық жүйесі алдыңғы буынның кейбір рәсімдерін

қолданып түрлендірсе де, халықтық ұстанымға гуманистік мағынаға бай көптеген жаңа салт-дәстүрлерді дүниеге әкелді. Җоу династиясының үлкен ерекшелігі, жүйе мен этикет – қоғамның барлық денгейіне қатысты қолданылатын зандар адам тәрбиесі тақырыбымен тығыз байланыстырылды. Дәл осы кезде Қытай мәдениеті «адамгершілік туралы ойлаудың» жаңа дәүіріне көтерілді [45, 8 б.].

仪礼 [*yílǐ*] немесе 礼记 [*lǐjì*] – *rəsīmder kītabы* ғұрыптық зандылық пен әділдік туралы ілім жинағы. Бұл еңбекте ыдыстар, киімдер, сарайлар, кейіпкерлер және сәлемдесу жолдары туралы этикет рәсімдері жазылған. Сонымен қатар этикетті гуманистік коннотация және моральдық бағыт-бағдар арқылы тұжырымдау жолдары берілген. «Рәсімдер кітабында» – Конфуцийдің жетпіс шәкіртінің салт-дәстүрлерді зерттеуге арналған әсселерінің жиынтығы жазылған. Ол ырымдардың мәні мен мақсатын ашуға бағытталған. Мысалы, 冠义 [*guānyì*] – тәж кию *rəsīmī* сәйкесінше 士冠礼 [*shì guānlǐ*] – қәмелеттік жасқа келген кездегі тәж кию *rəsīmī* жаңа үлкен өмірге аяқ басатын этикеттің маңызды және шешуші кезеңі болып табылады. Бұл еңбекте этикеттің жақсы қарым-қатынас пен сыпайы сөйлеу әдебінен басталатындығы, сонымен қатар, монархтар мен министрлер өз қызметімен айналысып, әке мен бала бір-бірін сыйлап, қарттар мен балалар сыйластықта өмір сүрсе ғана этикет пен әділеттілік орнайтындығы туралы айттылған. Осыған орай, ежелгі кезде «*тәж кию*» рәсіміне үлкен мән берілген. Сондай-ақ, 夏义 [*hūnyì*] немесе 士昏礼 [*shì hūnlǐ*] (*сөзбе-сөз аудармасы – некелесу rəsīmī*), 乡饮酒义 [*xiāngyǐn yì*] немесе 乡饰酒礼 [*xiāng shì jiǔlǐ*] (*сөзбе-сөз аудармасы – шарап iшу rəsīmī*), 射义 [*shè yì*] немесе 大射 [*dàshé*] (*сөзбе-сөз аудармасы – садақ ату rəsīmī*), 燕礼 [*yàn lǐ*] – ежелгі кезде императордың князьдері мен министрлері арасындағы (мағынасы бойыниа аудармасы – құрметтеу rəsīmī), 聘义 [*pìnyì*] немесе 聘礼 [*pìnlǐ*] (мағынасы бойынша аудармасы – қалыңдықты сатып алу, яғни, қүйеу баланың ақшалай немесе заттай қалыңдықтың ата-анасына апаратын қалың малын беру rəsīmī) т.б. 仪礼 [*yílǐ*] – этикет және 礼记 [*lǐjì*] – *rəsīmder kītabының* мағынасы өте жақын. Екі кітапты бірге оқыған кезде ғана қасиетті жазбалар мағынасын толық түсінуге болады. 仪礼 [*yílǐ*] – салт-жоралар жазбасы болып табылады, ал, 礼记 [*lǐjì*] киелі жазбалар мағынасын ашып түсіндіретін кітап. Сондықтан, ежелгі қытай философы Чжу Си (朱熹) [*Zhūxī*] алдымен 仪礼 [*yílǐ*], содан соң, 礼记 [*lǐjì*] кітабын оқуды ұсынды [45, 8 б.].

Тағы бір мәліметке сүйенсек, Жаратушы адам баласына о бастан тіл беріп, кейіннен адам баласының ортақ тілі бар екендігін анықтап, бір-бірімен ынтымақтастықта бір кісідей біріге отырып, аспанға жететін мұнара түргышысы келген. Құдай адам баласының мұндай күшке ие болуының

себебі белгілі бір күшті қолдануынан деп санайды екен. Осыған орай, ол адам тілін шатастырған және содан бері адамдар әртүрлі тілдерде сөйлейтін болған.

Ал, тіл мен тілдік қарым-қатынас буынына қатысты «*тіл жаңбыры*» туралы аңыз әлі де бар. Алғашқы кезде барлығы мылқау болып, өзара әрекеттесу үшін ым-ишара, көз қысу, қимыл-қозғалыстарды, қарапайым айғайлауды ғана қолданады. Бір жылы қатты қуаңшылық болып, жер құрғап, адамдар шөлдеп, айғайлауға да күші жетпеді. Бір күні кенеттен жаңбыр жауып, шөлдеген жұрт қуаныштан билеп, шөлдерін қандыру үшін жаңбырдың сүйн ішу үшін ауыздарын ашты. Бұл жаңбырдың ерекше екендігін оның адамдардың шөлін қандырып қана қоймай, адамдарға талай сөзді төгіп тастағандығынан көруге болатын еді. Жаңбыр тоқтаған уақытта барлығы ауыздарын ашып сөйлесе алған-мыс. Сонымен қатар жаңбырдың түсі әр өңірде әртүрлі болатындығы да анықталды. Қызыл жаңбыр сүйн ішken адамдар мен ақ жаңбыр сүйн ішken адамдар түрлі тілде сөйлегендіктен, бір-бірін түсінбеген. Ал, бір түсті жаңбыр сүйн ішken адамдар бір-бірінің сөзін түсінеді [46, 9]. Тәнір жаратқан тіл қиялы ма, әлде жаңбыр туралы аңыз ба, барлығы сол кездегі адамдардың танымдық деңгейін, қиялын көрсетеді. Бұл ғажайып қиялдар мен түсіндірмелер ежелгі адамдардың тілдік қатынасқа деген табиғи құштарлығы мен құнды ізденістерін көрсетеді. Екіншіден, тілдік қатынастың түп-төркінін ұзақ уақыт зерттеу ғылым дамуымен бірге адамдардың «*Құдайдың жаратқан тілі*» ұғымынан арыла бастады. «*Құдайдың жаратқан теориясымен*» қоштасу XVIII ғасырдың екінші жартысында жүргізіліп, Батыс академиялық орталықтарында тілдің шығу тегі туралы пікірталастар өте қызу талқыланды. Тіпті Пруссия ғылым академиясы 1769 жылы бұл сұраққа сенімді жауап бере алатын кез келген адам ғылыми сыйлыққа ие болатынын хабарлады. Германиядағы пікірталас негізінен Гаман мен Гердер арасында жүзеге асырылды. Дінтанушы Гаман шын мәнінде тілді құдай жаратқан және адамға құдай берген деп айтып өткен. Ал, Құдайға да сенетін, бірақ тілдің шығу тегі туралы атеистік пікірде болған И. Гердер «*тілдің шығу туралы*» атты мақаласымен бас жүлдені женіп алды. В. фон Гумбольдт өзінің «*Өзгерістер*» кітабында дүние жүзіндегі көптеген халықтардың бір-біріне ұқсас мазмұны бар екендігіне назар аударды. Тіл білімі адам мен оның тілі туралы мифтерден гөрі эмпирикалық фактілерге сүйену қажеттігін, тіпті, түпнұсқа тілдің өзі топ түрінде болуы керектігін, ал екі адам ғана қолданатын тіл эмпирикалық жалпы мағынаға қайшы екендігін дәлелдеді. Гердер де, Гумбольдт та тіл мен тілдік қарым-қатынасты құдайдың жаратуын жоққа шығарған, алайда, екеуінің ұсынған көзқарастары көп адамды сендіре алмады. Ал, халықтың сұрағы: ми қыртысында жүзеге асатын логикалық «*ойлау*» қабілетінің бір түрі тілсіз, тілден бұрын болуы мүмкін бе? Гумбольдт тіл біртұтас, тіл адам болмысының құрамдас бөлігі,

тіл мен ойлау бір-бірінен ажырағысыз екендігін түсіндірген [1]. Д. Карнеги пікірінше, мындаған адамдармен сөйлесу арқылы тәжірибе алудың өзі ыңғайлы және XX ғасырдың басында АҚШ адамның мансаптық табысының 15% іскерлік дағдыларға байланысты болса, 85% адамдар арасындағы қарым-қатынас пен өмірлік дағдыларына байланысты деп болжам жасаған [47, 17].

Б.з.д. VI ғасырға қарай ежелгі Қытай философиясының негізін салушы Конфуций (б.з.д.551-479 жж.) ашқан Конфуций мектебі нефритке «тұлға» атауын берген. Философтың пікірінше, нефрит ең асыл кейіпкерді білдіреді. Оның жұмсақтығы мен жылыштығы тұлғаның жұмсақтығы мен тыныштығын, ал, нефрит бұйымының мөлдірлігі мен мінсіздігі адамның талғампаздығын бейнелеп, әдемілік пен адамгершілік символына айналған. Қытай мәдениеті мен өркениеті өте ежелгі заманда пайда болған деседі [12]. Б.з.д. 5000 жыл бұрын керамика жасау қолға алына бастады. Бұл кезде Хуанхы өзенінің орта ағысындағы Яншао мәдениеті мен Янцзы өзенінің төменгі ағысындағы Хымуду мәдениеті орын алды. Яншао мәдениеті б.з.б. 5000-3000 жылдарды қамтиды. Баньпо аулынан табылған боялған қыш ыдыстар ертедегі қыш ыдыстарын жасау өнеркәсібінің дамығандығын білдіреді. Тамақ пен суды сақтауға арналған қыш ыдыстарының пішіні әр түрлі және ашық түсті болды. Ондағы салынған суреттердің көпшілігі балықтар тақырыбымен сәйкес келеді. Балық суретін салуды кейбіреулер тотем түрінде қабылдаса, енді біреулері 半坡 [Bànpō] – Банпо (Шэнси провинциясындағы Яншао неолиттік мәдени ескерткіші) түрінде, ал, басқалары жақсы егін үшін етілетін дұға ретінде, өзгелері ұрпаққа жақсы тілек тілеуші бата ретінде қабылдайды. Осы кезде Хымуду (河姆渡) [Hémùdù], археологиялық қазба орны) халқы құрғақ колонналардан ағаш сала бастады. Бұл үйлер әлі күнге дейін қолданылып келеді. Неолит дәуірінде 玉 [yù] – нефритте¹ жасалынған бұйымдар тас құралдардан бірте-бірте ажыратылып, ою-өрнектерден құрбандық керек-жарақтарына, яғни «салттық құралдарға» дейін дамыды. Ежелгі құрбандық рәсімдерінде адамдар көкке құлышылық ету үшін көк, жерге құрмет көрсету үшін сары түсті нефритті пайдаланған. Дворяндар өздерінің сән-салтанаты мен талғампаздығын көрсету мақсатында нефрит әшекейлерін киген. Тіпті, жаңа туған нәрестеге сәттілік пен бейбітшілік тілеп дұға ету үшін нефриттің бір бөлігін сақтап қойған. Қытай атабабалары айдаһарды жануар ретінде елестетіп, тотем ретінде пайдаланған. Неолит дәуірінде көп жерлерде нефрит айдаһарлары табылған. Әдетте, олардың пішіндері өте ұқсас, ал, олардағы ойылған пішіндердің өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл Қытай мәдениетінің бірізділігі мен әртүрлілігін көрсетеді. Олардың ішінде 1971 жылы Ішкі Монголияның Чифын қаласындағы 翁牛特 [Wēngniútè] – Выңниюты беннерінде табылған нефрит

¹ Нефрит – көкшіл түсті минерал

айдардың 14 бағанасы бар, биіктігі 26 см., қою жасыл тұсті, сиоань нефритінің бір бөлігінен қашалып жасалынған. Барельефте ойылған айдаһар денесі «с» пішініне ұқсас. Бұл Қытайдағы нефрит айдаһардың ең алғашқы бейнесі болуы себебінен, Қытайдың алғашқы «нефрит айдаһары» деп аталып кетті [17, 14 б.].

Нефрит жайлы қазақтың көрнекті зерттеуші-ғалымы және этнограф-шығыстанушысы Ш. Уәлиханов [6] өзінің Қытай империясының Батыс өлкесі және Құлжа қаласына шеккен сапары жайлы Шығыс Түркістан Саяхат күнделігі атты еңбегінде (жазбалары мен зерттеулері) сөз қозғаған: «Бұғын бір сәті түсіп бірнеше нефрит, яғни, жергілікті халықтың лоуча немесе биш-бозқаш деп атайдын Яркенд маңынан шығатын тау нефриті мен Хотан-дария нефритін (су тасын) және Хотан тауларынан Керия қыстағының тұрғындары тауып алып жүрген алтын текес тау жынысын (құм тасын), Яркенд маңындағы Тадер тауынан, Яркендтен бір күндік жерде, соның оңтүстік жағынан, Тибет жолынан табылған таза, сап күкірт кесегі мен тоғырақ желім деп атайдын Яркендтің жиде ағашынан шығатын шайырын сатып алдым. Нефрит тек Шығыс Түркістандаға бар – онда да барлық жерде емес және өзі Қытайда жоғары бағаланады. Одан өндірілген нефрит түгелімен қазынаға түседі және оны қытай әкімі бақылап отырады. Яркендтен 230 ли² жерде Миржай тауы бар, оның алуан тұсті нефритін әуелі ағаш салып, омырып алады.... Жеке адамдардың нефрит сатуына рұқсат етілмейді және қатаң бақыланып отырады» [6, 273 б.]. Берілген зерттеулерден Ш. Уәлихановтың нефритті бағалы тасқа теңеуін және ерекше қасиетке ие екендігіне көніл бөлгендігінен аңғаруға болады.

Конфуций философиясының, идеологиясы мен мәдениетінің негізін салушы Конфуций (б.з.д. 551- б.з.д.479 жж.) көктем мен күз кезеңінде өмір сүрген. Ол қоғамдағы адамдардың арасындағы адамгершілік, әдептілік, мейірімділік пен кішіпейілділік қасиеттеріне мән берген. Қайырымды адамдар ғана өзге адамдарға мейірімділік көрсете алады деп санаған. Конфуцийдің бұл пікірі Қытай халқы дамуының негізін салды. Ежелгі Қытайдың ұлы ойшылы Конфуций (б.з.б. 551 - 479 жж.) алғаш рет адамның кісілік тұлғасы туралы ой қозғаған философ. Оның тұжырымдауы бойынша этикет түрлі өмір жағдайларында адамдар арасындағы қарым-қатынастың үйлесімділігін реттеп, жанұя мен қоғам арасындағы байланысты, үлкенде сыйлау нормаларын меңгеруді меңзеген. Конфуций «көктем мен күз» мезгілінде өмір сүріп, ежелгі және қарапайым гуманистік ойды мұра ретінде дамытты. Қытайдың идеологиясы мен мәдениетінің негізін қалады, адамдардың этикалық жетілуінде кемелдікке ұмтылуына үлкен мән береді. Конфуцийдің идеологиялық теориясы 仁 [rén] – ізгі ниет пен 礼 [lì] –

² Ли – қытайдың 576 метрге тең ұзындық өлшемі

әдептілікке баса назар аударады, бұл сонымен қатар конфуцийшілдіктің кейінгі дамуының орталық позициясы болып табылады.

Егер мейірімділік жеке тұлғаның өзін-өзі ішкі жетілдіруіне бағытталған болса, онда 礼 [lǐ] қоғамның этикалық және моральдық нормалары мен тәртібіне бағытталған. Конфуцийшілдік жеке мінез-құлық қоғамның этикалық және моральдық нормаларына бағынуы керек деп болжайды. Егер әрбір адам әлеуметтік нормалар мен тәртіпке сәйкес келмейтін заттарды елемей, тыңдай, сөйлей және әрекет ете алса, әртүрлі әлеуметтік қатынастар, саяси қатынастар және адамдардың рухани қатынастары, адамдар сыйластықтың идеалды деңгейіне қарай көтерілетінін айтқан. Ал, Платон – игілікті (қайырымдылықты) жанның реттілігі мен гармониясы ретінде данышпандық, естелік және әдettілікті қарастырып, аталған игіліктердің адамдардың барлығына бірдей дарымайтындығын атап өткен.

Қазақ және Қытай дәстүрлі ой-пікірлерінде жеке адамгершілік пен имандылықты тәрбиелеуге үлкен мән беріліп, кемел адам ғана отбасын жарасымды етіп, елді дамыта алады деп есептеледі. Сондықтан, ежелгі қытай ойшылдары өздерінің жеке басының этикасын тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлген.

Абайдың:

Дүние үлкен көл,
Заман соққан жел,
Алдыңғы толқын ағалар,
Артқы толқын інілер,
Кезекпенен өлінер,

Баяғыдай көрінер – деп суреттегендей, «елу жылда ел жаңа, жұз жылда жер жаңа», яғни, өмір бір орында тұрмайды, қоғам да, адам да әрдайым қозғалыста болып, өзгеріп отырады. Алайда, өзінің түпкілікті болмысы мен жаратылысын жоғалтпайды.

1.2 Этикет формаларының лингвомәдени аспектісі.

Әлеуметтік ортада сөйлеу этикеті вербалдық коммуникация арқылы жүзеге асырылады. Сөйлеу тілінде адамның қоршаған ортасы ғана емес, салт-дәстүрі, тұрмыс-салты, діні мен ділі көрініс табатындығы әке мен бала, ұстаз бен шәкірт, бастық пен бағынушы әріптес, бәсекелестер мен достар, таныс және бейтаныс т.б. тұлғалар арасында да коммуникация маңызды рөл атқарады. Сөйлеу этикетіне *амандасу*, *қоштасу*, *алғыс айту*, *құттықтау*, *тілек*, *өтініш білдіру*, *танысу*, *кеширім сұрау*, *қонақ күту* т.б. нормалары жатады. Бірқатар елдің зерттеуші ғалымдары тілдік коммуникацияны зерттеу барысында ұлттардың мәдени ерекшеліктерінің әртүрлі болуы себебінен тілдік қарым-қатынас кезінде қындықтар туындайтындығын дәлелдеген. Атап айтқанда, қытайлық профессор Гу

Үйегуо (顾曰国) [Gù Yuēguó] этикеттік коммуникацияны мораль, яғни, адамгершілікке 德 [dé] негізделеді деп есептеген. Егер коммуникация сыпайы түрде жүзеге асырылмаса және адамгершілікке негізделмесе, сұхбаттасушы жайлы 缺德 [quēdé] «ұятсыз», «жиіркенішті», «анайы» т.б. пікір қалыптасуы мүмкін деп атап өткен. Осыған орай, сұхбаттасушылар өз адамгершілік көзқарасын 习德 [xídé] – жетілдіріп, 补德 [bǔdé] – толықтырып және 圆德 [yuándé] – кемелдендіріп отыру қажеттілігін алға тартқан. Қоғамдағы адамдардың адамгершілік пен ізгілік айнасы сұхбат барысында көрініс табады. Өркениетті әлеуметтік ортада адамдар арасында вербалдық қарым-қатынастың ең қарапайым түрі – 你 [nǐ], 您好 [nínhǎo], 请进 [qǐngjìn], 走 / 好 [zǒuhǎo], 再见 [zàijiàn] т.б. үйлесімділік пен шынайылыққа негізделген қарым қатынастарды білдіреді [48, 7 б.].

Е. Эйсмонт пен С. Айтенов Д. Розентальдың еңбегіне сүйене отырып, қоғамдағы адамдар арасындағы этикеттің атқаратын бірнеше функциясы бар екендігін атап өткен. Олар:

1. Адамдар арасында байланыс орнату. Тілдік этикет сұхбаттасушымен танысуға, оның назарын аударуға, байланысқа түсуіне, кейбір мәліметтерді жинауды жүзеге асыру;
2. Байланысты сақтау. Заманауи қоғамда адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттеуге қажетті, алғыс айту, кешірім сұрау, сәлемдесу, өтініш білдіру т.б. функцияларды атқару;
3. Қоғамдағы адамдардың іс-қимылын реттеу. Адамдардың тілдік қарым-қатынасын реттеп, қоғамдағы орнын ашып көрсету [49, 10 б.].

Қытай тілдік коммуникация тақырыбын зерттеуші Лю Янчуннің [刘艳春] пікірінше, коммуникация, коммуникативті ниет, коммуникативті мазмұн және коммуникативті арналар мінез-құлықтың төрт элементі болып табылады.

Қытайда «Коммуникация – 交际 [jiāo jí] – коммуникация, қарым-қатынас сөзінің екі мың жылдан астам тарихы бар. 交 [jiāo] – беру, алмасу, жіберу, ал, 际 [jí] – ...аралық, ...кезінде мағыналарын білдіреді. Қытай халқы ежелден материалдық түргыда ғана емес, адамдар арасында ақпарат алмасу, идеологиялық сияқты рухани қарым-қатынас жасай білген.

Коммуникативті ниет – адамдардың коммуникативті мінез-құлқын жалпы мінез-құлықтан ажыратудың маңызды шарты. Қарым-қатынас – коммуникация мазмұны аясында іске асырылады.

Қарым-қатынас мазмұны – тілдік немесе тілдік емес белгілердің (мимика, кеңістік позициясы, ым-ишара, дене қозғалысы, дауыс ырғағы т.б.) көмегімен жеткізу немесе көрсету. Коммуникативті мазмұн белгілі бір арналар арқылы жүргізілуге тиіс. Бетпе-бет, ауызша, жазбаша қағазға, телефон байланысы телекоммуникация құралдарына жүгінеді.

Қарым-қатынас арналары – коммуникаторлардың әлеуметтік ортасы, олардың арасындағы мәдени айырмашылықтар, уақыт пен кеңістік жағдайлары коммуникацияға әсер ететін объективті фактор. Бұл факторлар коммуникаторлардың мінез-құлқына ғана емес, коммуникацияға да әсер етеді [46, 1 б.].

Ал, Ресейлік коммуникация зерттеушісі Э. Шубин тілдік коммуникация үғымының кемінде екі коммуниканты бар, біріншісі – ақпаратты беруші болса, екіншісі ақпаратты қабылдаушы болып табылатын белгілі бір тілдік үжым аясында (ақпарат алмасуышы топтағы тұлғалар арасында) жүзеге асырылады деген пікір білдіреді. Ақпаратты беру және қабылдау сөздері кең көлемде қолданылуы әсерінен коммуникация барысында оларды белгіленген терминдермен алмастыру қажет екендігін айтқан. Мысалы, тілдік ақпаратты беру – трансмиссия, ал қабылдау – рецепция. Осыған сәйкес ақпаратты беруші – трансмиссор болса, ақпаратты қабылдаушы – реципиент саналады. Ресейлік ғалым тілдік коммуникация үш компоненттен:

1. трансмиссия және рецепция коммуникаторлары;
2. коммуникаторлардың қызметі;
3. берілетін нәтижеден, яғни, хабарламадан тұратындығын дәлелдесе [50, 14 б.], Қазақстандық ғалым Ф. Оразбаева қазақ тіл білімінде тілдік қатынасқа қатысты терминдер қалыптаспағанын ескеріп, бұл үғымдарды беру үшін төмөндегі терминдерді қолданған дұрыс екендігін шешкен. Олар:

1. *баяндауши*;

2. *хабар*;

3. *бірлік*;

4. *қабылдауши*, яғни, тілдік қатынас жүзеге асу үшін баяндаушыдан шыққан хабар бірліктер арқылы қабылдаушыға келіп, одан ары байланысқа түсіп, тілдік айналымда адамдардың бір-бірімен түсіністігін іс жүзінде болатындығын дәлелдеген [41, 232 б.]. Белгілі Ресей лингвист-зерттеушілері Е. Верещагин мен В. Костомаров тілдің әлеуметтік табиғатының үш түрі бірқатар қызметте жүзеге асырылатындығын атап өткен. Тілдің әлеуметтілігі туралы тезисті тіл мен қоғамдық сананың және тіл мен ұлттық мәдениеттің диалектикалық бірлігі ретінде түсіну қажеттігі туынтайтынын дәлелдейді. Біріншісі, коммуникативтік функция – бір қатысушының екінші қатысушыға ақпаратты беру құралы болу. Берілген ақпарат адресант пен адресатқа ортақ болып табылады. Екіншісі – кумулятивтік функция. Берілген тілдік қызмет ақпаратты жеткізіп қана қоймай, бейнелеп, бекітіп, есте сақтау мүмкіндігін жүзеге асыра алады. Ал, үшіншісі – директивтік функция, тұлғаға бағыт-бағдар беру, әсер ету және оны қалыптастыруға көзделгенін атап өткен [2, 10 б.].

Қазақ сөйлеу этикетін зерттеуші З. Сабитова Г. Грайс коопeração (үйлесімділік) принципі негіздеріне, яғни, «кез келген қатынас бір адамның

екінші адамға басқан қадамы емес, керісінше, екі адамның бір-біріне жасаған қадамы» теориясына сүйенген. Тіпті, кез келген қарым-қатынас «мен – сен – осында – қазір» жағдаятында жүзеге асырылуы себебінен, оның компоненттерін сипаттаудың маңыздылығын: «кім – кімге – не жайлыш – неліктен – не үшін – қайда – қашан – қандай жағдайды – не арқылы» сұрақтары арқылы білуге болатынын атап өткен [51, 40 б.]. Яғни, бұл көзқарас сұхбат барысында сұхбатасуышылардың деңгейі мен діттеген мақсатына, жас ерекшеліктері мен ортасына және себеп-салдарына мән беру қажеттілігінің дәлелі екендігін көре аламыз. Ал, Б. Успенскийдің пікірі бойынша тілдік коммуникация кем дегенде екі адам арасында жүзеге асады. Осыған орай, тілдік коммуникация бірнеше компоненттен тұрады. Олар – *адресант, хабарлама, мәтін, адресат* және *тіл* [52, 97 б.]. Демек, тілдік коммуникацияны жүзеге асыру үшін берілген шарттар жеткілікті болып табылады. Коммуникация барысында адресант белгілі бір мәтіннен туындаған хабарламаны адресатқа жібереді, яғни берілген мәтінді түсіне отырып, хабарламаны қабылдай алады. *Адресат* немесе *адресанттың* біреуі қатыспаған жағдайда коммуникация орнауы мүмкін емес. Ал, Ф. Оразбаева тілдік қатынастың негізгі мазмұны, мәні болып табылатын хабарды іс жүзінде жүзеге асырушыларды хабарға тікелей қатысуышылар деп атаған. Сонымен қатар, олардың тәмендегідей құрамнан тұратындығын көрсете берген. Олар – *баяндаушы* (белгілі бір ақпаратты, деректі хабарлаушы), *бірліктер* (ақпарат не деректер) және *қабылдаушы* (ақпаратты қабылдаушы) болып табылады.

Зерттеуші Е. Пассовтың пікірі бойынша, қатысымдық (түсініксіз) әдістер мынадай принциптер арқылы жүзеге асырылады. Олар:

1. сөйлеу бағытын анықтау;
2. адамның жеке басының ерекшеліктерін ескеру;
3. орта жағдайын ескеру;
4. сөйлеу дағдысын жаңарту;
5. функционалдық принцип [53, 28 б.].

Р. Якобсон коммуникацияға байланысты тілдің негізгі алты қызметін жікте, мысалдар келтірген. Олар: *референтивті, эмотивті, конативті, фатикалық, поэтикалық және металингвистикалық* [54, 326 б.]. Р. Якобсонның жіктеген функцияларының ішіндегі металингвистикалық және поэтикалық қызметтерінің мақсаты коммуникацияға тиесілі болған. Алайда, берілген коммуникация принциптерінің Н. Формановскаяның сөйлеу этикетіне қатысты коммуникативтік функцияның этикет тақырыбынан айырмашылығын байқауға болады. Себебі, Н. Формановская этикеттік коммуникация қызметтерін алты түрге жіктеген:

1. фатикалық (байланыс орнату);
2. конативті (сыпайы қарым-қатынас орнату);
3. регулятивті (коммуниканттарды жіктеу);

4. императивтік (әсер етуші);
5. апеллятивтік (тыңдаушының назарын аудару);
6. эмоционалды-экспрессивтік (эмотивті) [55, 13 б.].

Жалпы алғанда, аталған қызметтердің кез келген тілге ортақ мақсаттары бар. Сонымен қатар қазақ және қытай тілдерінің этнолингвистикалық сипатына орай, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын салғастыруға болады. Сөйлеу этикетінің қоғамдағы адамдардың белгілі бір мақсатта белгілі бір жағдайында көрініс табуына коммуниканттардың әлеуметтік ерекшеліктері, тақырып мамұны, қарым-қатынас ортасы сияқты әлеуметтік факторлар әсер етеді. Ал, егер де прагматикалық функция түрғысынан қарастыратын болсақ, сұхбаттасу барысында адамдардың кооперативтік принципті бұзуы сыпайылық қарым-қатынасты тоқтатуына мәжбүрлайді. Ал, сөйлеу этикетіндегі хабарламаны жеткізу ережелері Г. Грайс постулаттарымен тығыз байланысты, Атап айтқанда:

1. хабарлама шыншыл және негізді болуы қажет (сапасы);
2. хабарлама тым ұзақ немесе тым қысқа болмауы тиіс (саны);
3. хабарлама адресат үшін құнды болуы тиіс (қарым-қатынасы);
4. хабарлама түсінікті болуы тиіс (жеткізу тәсілі) [56, 217 б.].

Үнді философы Рамануджа коммуникация барысында мынадай бес түрлі тәртіптің болуы қажет екендігін дәлелдей білді. Олар:

1. Сатья – шыншылдық;
2. Арджава – шынайылық;
3. Дайя – біреуге жақсылық жасағанда, өзіне ешқандай пайданы көзdemеу;
4. Ахимса – ісімен, сөзімен және ойымен басқа біреуге зиян жасамау;
5. Абхидхья – басқалардан жақсылық күтпей, нәтижесіз ойдан арылу, өкпені естен шығару [57, 264 б.].

Аталған қағидаттардан біз үнді философиясының адамдардың қарым-қатынасы кезінде ардан аттамай, ізеттілік пен адамгершілікті арқау стуін, бір-бірімен есептеспей, адал қарым-қатынас жасауды басты мақсат еткеніне көз жеткізе аламыз. Бұдан «өзгеге пайдаң тисе тисін, бірақ, зияның тимесін» ұстанымын байқауымызға болады.

Ал, британдық ғалым Дж. Лич этикетті риторикалық прагматика саласында қарастырған. Ғалымның пікірінше, сыпайылық принципі ынтымақтастық принципімен салыстырғанда, қарым-қатынасты барынша көбірек реттейді, яғни, сұхбаттасушылар арасындағы әлеуметтік тепе-тендік пен достық қарым-қатынасты сақтайды. Ғалым ең алдымен олардың бір-бірінің ынтымақтастыққа мүдделі екендігін анық көрсететіндігін дәлелдеп, алты принципке жіктеғен:

1. Тект максимасы (мейілінше аз қолайсыздық туғызу, басқага жағдай жасау, өзгелерге тект максимасын бұзуға жол бермеу);

2. Жомарттық максимасы (өз пайдасын азайтып, тыңдаушы пайдасын арттыру);
3. Мақұлдау максимасы (тыңдаушыны айыптамай, көбірек мақтау);
4. Қарапайымдылық максимасы (өзін жоғарылатпай кішірейту);
5. Келісу максимасы (сұхбаттасуышылар арасындағы келіспеушілікті азайтып, келісімді арттыру);
6. Симпатия максимасы (сұхбаттасуышылар арасындағы антипатияны азайтып, симпатияны арттыру) [4, 7 б.].

Ал, профессор Гу Йиегуо [顾曰国] британдық ғалым Дж. Личтың ұсынған сыпайылық критерийлерін басшылыққа ала отырып, Қытай мәдениеті мен менталитетіне сәйкестеп, этикеттің бес критерийн сараптаған. Атап айтқанда:

1. *Тұлғаның өзін қарапайым ұстауды және өзгелерді құрметтеуі;*
2. *Жас пен кәрі немесе басшы мен бағынышты арасындағы сыпайы қарым-қатынас;*
3. *Эвфемизм – тәрбиелік пен сыпайылықтың маңызды элементі;*
4. *Ортақ тіл табысу және өзара түсінісу;*
5. *Сөз бен ізгіліктің бірізділігі* [4, 1 б.].

Гу Йиегуо ұсынған принциптер қазақ және қытай халықтарының дүниетанымдық және лингвомәдени жүйелеріне салғастырмалы талдау жасауға негіз бола алады. Сонымен қатар тілі мен діні әртүрлі екі халықтың әлемді қабылдаудағы ерекшеліктері және мәдени-танымдық репрезентациясын, дүниетанымы мен ұлттық болмысын тілдік деректер арқылы анықтауымызға мүмкіндік береді:

Тұлғаның өзін қарапайым ұстауды және өзгелерді құрметтеуі

Қытай халқының кішіпейілділік танытып, басқаларды құрметтеу принципі адамгершілік қасиеттерінің мол және қарапайым болуының көрінісі. Ал, өзгелерге қатысты сыйластық қарым-қатынасын қолдану сұхбаттасуышыны көтермелеу және құрметтеу негізінде болуы қажет [60]. Сөйлеу этикеті құрмет көрсетуді, таңдану мен мадақтауды жеткізетін тілдік норма екендігін бір ғана сөйлем мағынасында: 高贵宝玉大贤尊, 敬称对方事与人 [Gāo guì Bǎoyù dà xián zūn, jìng chēng dùi fāng shì yú rén] – Мәртебелі Баоүй ұлы да қадірлі адам және ол қарсы тарапқа құрметпен қарайды» деп сипаттаған. Берілген сөйлемдегі жеті сөз – биік, қымбатты, асыл, нефрит, ұлы, ізгі, құрметті мағыналарын білдіреді және олардың әрқайсысына төмендегідей сипаттама беріледі [4]:

1. *高 [gāo]* – сын есім, күрделі термин мағыналарында – жоғары-, гипер-, гипо- морфемаларына сәйкес келеді. Мысалы, *高姓 [gāoxìng]* – мәртебелі тегіңіз, *高论 [gāolùn]*, *高见 [gāojìàn]* – мәртебелі пікіріңіз, *高就 [gāojìù]* – мәртебелі лауазымыңыз, *高足 [gāozú]* – мәртебелі шәкіртіңіз, *高寿 [gāoshòu]* – мәртебелі жасыңыз, *高明 [gāoming]* – аса мәртебелі т.б.

2. 贵 [guì] – сын есім – қымбат, бағалы, құрметті, Сіздің мағыналарында қолданылады. Мысалы: 贵姓 [guìxìng] – Сіздің құрметті тегіңіз, 贵号 [guìhào] – құрметті шеніңіз (титул), 贵眷 [guìjuàn] – Сіздің әйеліңіз, 贵公子 [guìgōngzǐ] – Сіздің ұлыңыз, 贵庚 [guìgēng] – Сіздің жасыңыз қаншада, 贵体 [guìtǐ] – Сіздің денсаулығыңыз, 贵方 [guìfāng] – Сіздің өлкеңіз, 贵地 [guìdì] – Сіздің тұган өлкеңіз, 贵府 [guìfǔ] – Сіз қай жерденсіз, 贵校 [guìxiào] – Сіздің оқу орныңыз, 贵公司 [guì gōngsī] – Сіздің компанияңыз, 贵社 [guì shè] – Сіздің ұжымыңыз, 贵报 [bào guì] – Сіздің ақпаратыңыз, 贵刊 [guì kān] – Сіздің басылымыңыз, 高抬贵手 [gāo tái guì shǒu] – кешірім өтінемін т.б.

3. 宝 [bǎo] – зат есім, асыл тас, гауһар тас мағыналарын білдіреді. Берілген сөз Будда, Даосизм т.б. ұғымдармен байланысты. Мысалы, 宝座 [bǎozuò] – ең жоғарғы орын, бүдданың тағы, 宝训 [bǎoxùn] – Сіздің бағалы нұсқауларыңыз, 宝刹 [bǎochà] – Сіздің жоғары дәрежелі ғибадатханаңыз, 宝殿 [bǎodiàn] – бүдда ғибадатханасы, 宝地 [bǎodì] – жердегі жұмақ, қазына жері, 宝店 [bǎodiàn] – бағалы қонақ үй, 宝号 [bǎohào] – Сіздің компанияңыз т.б.

4. 玉 [yù] – зат есім, нефрит, яшма мағынасын білдіреді. Сұхбаттасушылардың бір-бірінің сыртқы келбетін, ісі мен сөзін мақтау кезінде қолданылады. Мысалы, 玉容 [yùróng] – сұлу келбетіңіз, 玉颜 [yùyán] – ақ жұзді, 玉体 [yùtǐ] – мықты денсаулық, 玉音 [yùyīn] – асыл сөз, 玉貌 [yùmào] – сыртқы келбет т.б.

5. 大 [dà] – сын есім, кейбір күрделі терминдерде үлкен..., ұлы..., бас... деген мағыналарында қолданылады. 大名 [dàmíng] және 大号 [dàhào] – Сіздің мәртебелі есіміңіз, 大驾 [dàjià] – Сіз, 大人 [dàren] мырза (ата-анаға, үлкендерге қолданылатын апелляция), 大师 [dàshī] – өз ісінің шебері, ұстаз, гуру, 大作 [dàzuò] – Сіздің шыгармашылығыңыз т.б.

6. 贤 [xián] – құрметті, Сіздің мағынасындағы зат есімнің орнына қолданылатын сын есім, жасы кіші туыстарға қаратып айтылады. Мысалы, 贤叔 [xiánshū] – Сіздің агаңыз, 贤内助 [xiánnèizhù] – жақсы әйел, 贤兄 [xiánxìōng] – Сіздің агаңыз, 贤弟 [xiándì] – Сіздің ініңіз, 贤姊 [xiánzǐ] – Сіздің әпкеңіз, 贤妹 [xiánmèi] – Сіздің қарындасыңыз, 贤婿 [xián xù] – Сіздің күйеу балаңыз, 贤侄 [xiánzhí] – Сіздің жиеніңіз т.б.

7. 尊 [zūn] – сын есім, құрметті, мәртебелі, Сіздің деген мағыналарды білдіреді. Мысалы, 尊公 [zūngōng], 尊父 [zūnfù], 尊翁 [zūnwēng] – Сіздің әкеңіз, 尊祖 [zūnzǔ] – Сіздің атаңыз, 尊堂 [zūntáng], 尊萱 [zūnxuān] – Сіздің анаңыз, 尊 [zūnqīn] – құрметті ата-ана, 尊夫人 [zūn fúrén] – құрметті ханым (анасына немесе сұхбаттасуышыңың жұбайына қарап айтылатын сөз) т.б.

尊 [zūn] және 贤 [xián] сын есімдері туыстық қатынасы мен жас ерекшеліктеріне байланысты қолданады. Тұлға өзгелермен сөйлесуде ата-әжесін, әке-шешесін немесе нағашы ата-апасына қатысты апелляцияларды айту барысында 尊 [zūn] сөзі, нағашылар мен басқа туыстарға 贤 [xián] сөзі қолданылады. Берілген сын есім көбіне достар мен таныстар арасында бейресми жағдайда адресанттың адресат тарарапына сыйластық, достық қатынасын білдіру үшін қойылады. Кей кезде әлеуметтік ортада туыстық атаулар туыс емес адамдарға құрмет көрсету апелляциясы ретінде болуы жас ерекшеліктеріне байланысты. Мысалы, 大哥 [dàgē] – аза, 大姐 [dàjiě] – әпке, 嫂子 [sǎozi] – жеңге, 弟弟 [dìdi] – іні, 妹妹 [mèimei] – қарындас, cіңлі, 兄弟 [xiōngdì] – іні, ал, жасы үлкен адамдарға 伯伯 [bóbo] – аза, 叔叔 [shūshu] – аза, 阿姨 [āyí] – тәтіе» жасы үлкен кісілерге немесе зиялы қауымдарға 大爷 [dàye] – азай, 大妈 [dàmā], 大婶 [dàshěn] – тәтей, 大叔 [dàshū] – азай, 大哥 [dàgē] – аза, 大姐 [dàjiě] – әпке апелляциялары, фермерлер мен қала тұрғындарына 老大爷 [lǎodàyé] – атай, 老大娘 [lǎodàniáng] – анатай сөздері т.б. Алайда, ауызекі сөйлеу барысында туыс емес адамдарға туыстық атауларды қолдану психологиялық және эмоционалдық тұрғыда әсер етеді. Сол себептен, қаратпа сөзді және эмоционалдық алшақтықты болдырмау мақсатында тегінің сонына 老 [lǎo] – құрметті, жасы үлкен апелляциясы да қарастырылады. Мысалы, 李老 [Lǐ lǎo], 王老 [Wánglǎo], 张老 [Zhānglǎo] т.б. Одан білек, 您 [nín], 君 [jūn] – Сіз апелляциясы, 公 [gōng], 先生 [xiānsheng] – Мырза, 敬 [jìng], 谨 [jǐn], 恭 [gōng], 奉 [fèng], 拜 [bài] – құрметті сөздері қажеттілік танытады.

Адресант, өзіне қатысты 鄙姓 [bǐxìng] немесе 贱姓 [jiàn xìng], яғни, менің қарапайым тегім деп айтса, басқа адамдарға 贵姓 [guìxìng] – қымбатты тегіңіз, 尊姓大名 [zūn xìng dà míng] – құрметті тегіңіз, яғни, «Сіздің құрметті есіміңіз кім?» деп сыпайы сөйлеу түрін қолданады. Өз балаларын 小儿 [xiǎoér] – балам немесе 小女 [xiǎonǚ] – қызыл деп атаса, өзгениң баласына 令郎 [lìngláng] – Сіздің балаңыз, 令媛 [lìngyuàn], 令爱 [lìng'ài] – Сіздің қызының деп құрмет көрсетеді. Ал, өзінің тұратын үйін 寒舍 [hánshè], 舍下 [shèxià], 隅室 [lòushì], яғни, tar өтмелеге, үйшікке немесе лашиққа теңесе, адресаттың үйін 贵府 [guìfǔ], 府上 [fǔshàng] деп атаған, яғни үлкен, жекеменшік үйге теңеген. Ал, сұхбат барысында өз ойын 愚见 [yújiàn], 拙见 [zhuōjiàn] өз көзқарасын менің жай гана пікірім деп сипаттаса, сұхбаттасушы пікіріне 尊意 [zūny], 高见 [gāojiàn] – Сіздің пікіріңіз деп сыпайылыққа үлкен мән берген [35, 12 б.].

Қытай жастары мадақтау сөзіне жиі 谢谢 [xièxie] – рахмет – деп жауап береді. Алайда, көптеген адамдар қарапайымдылық таныту үшін әлі күнге дейін 否认 [fǒuren] – бас тарту және 白贬 [zìbiǎn] – өзін төмендету сөздерін қолданғандығын Америка Құрама Штаттарынан келген әйелдің «Сіздің киіміңіз өте әдемі» деген сөзіне алғыс білдірудің орнына қытай

өкілінің керісінше: «Бұл жай гана қарапайым киім» деп жауап беретіндігін аңғаруға болады. Ал, бұл жауаптың ағылшын тарапына түсінікіз болуы олардың өзін ыңғайсыз сезінуіне әкелген. Қытайда қызмет барысында алғыс білдірудегі 责任在身, 不得已而为之 [zérèn zài shēn, bù dé yǐ ér wéi zhī], яғни, жауапкершілікті міндеттіме аламын сөйлемін қолдану да қарсы тараптың түсінбестігін туғызады [46, 179 б.].

Қытай халқының сыпайылық қарым-қатынастары бүгінге дейін өзінің өзектілігін жоғалтпаған. Мысалы, 红楼梦 [hónglóumèng] – қызыл сарайдағы тұс шығармасының кейіпкері Цзя Чжың (贾政) [Jiāzhèng] – мен сөзінің орнына «анасының ұлы», ал, келіні «мен» сөзінің орнына 媳妇 [xífù], яғни, «анасының келіні» деген сөзді қолданған. Қазіргі кезде де балалары ата-аналарына хат жазу барысында «мен» сөзінің орнына 儿子 [érzì] – ұлы, 女儿 [nǚ'ér] – қызы сөздерін қолданады. Сонымен қатар, адресанттың адресатқа қатысты сыпайылық пен құрметті білдіру үшін 令 [líng], 尊 [zūn], 贵 [guì] – Сіздің т.б. сөздерін қолдануға болады. Мысалы, 令尊 [língzūn] – 你的父亲 [nǐ de fùqin] – Сіздің әкеңіз, 令堂 [língtáng] – 你的母亲 [nǐ de mǔqin] – Сіздің анаңыз, 令兄 [língxiōng] – 你的哥哥 [nǐ de gēge] – Сіздің агаңыз, 令嫂 [língsǎo] – 你的嫂子 [nǐ de sǎozì] – Сіздің женеңгеніз, 令弟 [língdì] – Сіздің ініңіз, 令妹 [língmèi] – Сіздің қарындасыңыз т.б. Сұхбат барысында туыстық атаулардың алдына – 家 [jiā], 拙 [zhuō], 贱 [jiàn], 舍 [shè], 寒 [hán], 敝 [bì], 小 [xiǎo] сөздері қойылса, сыпайылықты білдіреді. Мысалы, 家父 [jiāfù] – менің әкем, 家母 [jiāmǔ] – менің анам, 家严 [jiāyán] – 我的父亲 [wǒ de fùqin] – менің әкем, 家慈 [jiācí] 我的母亲 [wǒ de mǔqin] – менің анам, 我的儿子 [wǒ de érzì] – менің ұлым, 小女 [xiǎonǚ] – 我的女儿 [wǒ de nǚ'ér] – менің қызымы), 舍下 / shèxià немесе 寒舍 / hánshè – менің үйім т.б.сөздер [16, 12 б.].

Салт-дәстүрге құрмет көрсету – осы дәстүрді қалыптастырған қарттармен және оларға көрсетілетін ізеттілікпен тығыз байланысты. Конфуций ілімдерінде үлкен мен кішінің, жас пен көрінің, ата-ана мен баланың арасындағы адамгершілік, сыйластық пен сүйіспеншілік қарым-қатынасының әрдайым биік тұратындығын көре аламыз. Ойшылдың пікірінше, ізетті адам еш уақытта адамдарға зиянын тигізбейді. Ал адамгершіліктің негізі – 仁 [rén] – жән – ата-анасын құрметтеу және үлкен ағаларын сыйлаудан басталады. Үлкендерді сыйлаған және адамгершілікке ұмтылған адам ешкімге және еш уақытта жамандық істей алмайды. Ал, сыйластық пен сүйіспеншілік арқылы коммуникация орнату – конфуцийшілдік әдептілік ілімнің негізгі ұғымы болып табылады. Қытай халқы Конфуцийдің қоғамдағы адамдардың бір-біріне деген сыйластығы мен кішіпейілділігін дәріптеу ілімін негізгі ереже түрінде әлі күнге дейін жалғастыруда.

Қытайтанушы ғалым Ф. Дәүлетова өзінің «13 глав о Китае. История, культура, быт.» атты еңбегінде 谦虚 [qiānxū] – қытай халқының келбетіне

тән ізеттілік пен қайырымдылық көрінісін ерекше белгі ретінде сипаттаған: «Бай қытайлық үйіне қонақ шақырған. Келген қонақтар үйге емес, хансарайға кіргендей тамсанған. Меймандар оның қызметшілерінің жасаған тіл үйірер тағамдарын бірнеше сағат бойы тамсанып жеп болған соң қонақтармен қоштасар сәтте үй иесі: «менің қарапайым лашығыма келіп құрмет көрсеткендеріңе және бейшара құлдарынды сыйлағандарыңа раҳмет! Сендерге ұсынатын тағам болмаганына кешірім өтінемін» деп айтқан екен [60, 24 б.]. Берілген мысалдан қытай халқына тән қарапайымдылық қасиетті көрудің орнына олардың өзін өзгелерден төмен санағанын байқай аламыз.

Қазақ халқының «ұлкенге құрмет, кішіге ізет» көрсету салт-дәстүрі қытайлықтардың ғасырлар бойы ұстанып отырған Конфуцийшілдік салт-дәстүріне өте ұқсас. Қазақ халқының «өзім» сөзі мағынасының қолдану аясының кең екендігін айналасындағы адамдарды (дос-жаран, ағайын-туыс, жекжат-жұрат т.б.) жақын тартуынан анғаруға болады. Ал, бұл адамдардың өзінің айналасындағы тұлғаларды сыйлау арқылы ғана сыйластыққа ие болатындығының дәлелі.

Ұлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету қазақ халқына ежелден тән. Алайда, Гу Үйегуоның берілген критерийлері бойынша қазақ халқының қытай халқынан ментальдік тұрғыдан ерекшеленетін тұстарын да анғаруға болады. Қазақ халқының «әркім сыйлағанның құлы», «сыйласқанның сүйін іш», «сыйлық қымбат емес, сыйлау қымбат» даналық сөздері адамдар арасындағы бірін-бірі сыйлау әдебінің жоғары тұруының көрінісі. Бірақ, халқымыздың «жақыныңды жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін» немесе «өзінді-өзін сыйламасаң, өзгеден сый дәметпе» нақыл сөздері – адамның ең бірінші өзін-өзі сыйлауы қажеттігін білдіреді. Яғни, адам өзіне сый-құрмет көрсеткен жағдайда ғана өзгенің сыйластығына ие бола алады. Бұл жердегі «өзім» сөзі адамның жеке өзін ғана емес, оған жақын адамдарды сипаттайты. Ал, өзгенің оны сыйлау құрметіне ие болуы үшін өзін жақсы жағынан көрсетуі қажет және үлгі бола білуі тиіс. Әдетте қазақ тілінде өзгемен сұхбат барысында «біз», «сіз» құрмет сөздері қолданылады:

Өзге билер әділдікке жүгініп, әлгі уәждің алдын кеспепті.

– *Сіздікі жөн, сіздікі жөн, – деп бәрі де құп алады (Б.Момышұлы).*

Абай өзінің отыз жетінші қара сөзінде «...Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласын; адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың...» – діни көзқарасының тәрбиемен тығыз байланыстылығын, адам баласының еңбек ету арқылы Алланың мейіріміне бөленуге және бос сөзден аулақ болып, жақсылыққа қол жеткізуге болатындығын дәлелдегендігін көруге болады. Аллаға құл болу сөзінің мағынасы – дүнияуи заттарға құл болмай, Жаратушыға бағыну, жақсылықты Жаратушы Алладан күту. Айналасына құрметпен қарау, ізеттілік көрсету – Аллаға ғана құл болған пендесіне тән қызмет.

Тілде адамның қоршаған ортасы, менталитеті, ұлттық сипаты, салт дәстүрі, ұлттық құндылығы мен ғаламдық бейнесі мәдениет арқылы көрініс табатындықтан, осы белгілер арқылы әлем тілдерінің бір-бірінен ерекшеленетінін байқаймыз.

Жас пен кәрі немесе басшы мен бағынышты арасындағы сыпайылық

Қытай зерттеушісі Сион Цзинюй сөйлеу этикетіндегі апеллятивтік терминдердің тұлғааралық қатынаста адамдардың әдептілікті сақтай отырып, бір-біріне қарым-қатынасын білдіретіндігін айтЫП өткен. Зерттеуші статистикаға сүйене отырып, қытай тіліндегі апелляцияның бес мыңдан асатындығын және олардың әлеуметтік және туыстық апелляция жүйесіне бөлінетіндігін дәлелдеген. Яғни, әлеуметтік апелляция бойынша адамдардың есімі бірнеше түрге бөлінеді. Мысалы, 张三丰 [Zhāng Sānfēng], 李四方 [lǐ Sìfāng], 王小娟 [Wáng Xiǎojuān] секілді аты-жөнін толық атау болып табылады. Екіншісі, тегін атамай, тек есімін ғана қолдану. Мысалы, 退谷 [Tuìgǔ], 倩永 [Qiànyǒng] т.б. Ал, үшіншісі, тек тегімен атау, атап айтқанда, 欧阳 [Ouyáng], 司马 [Sīmǎ], 夏侯 [Xiàhóu] т.б. Егер, адресант адамның тегін ғана атайды болса, онда тегінің алдына жас ерекшеліктеріне байланысты 大 [dà] – үлкен, өгде, құрметті, аға – үлкен жастағы адресатқа арналған, 少 [xiǎo] кіши, кішкентай – жасы кіші адресатқа қатысты, 老 [lǎo] – үлкен, құрметті, қария – үлкендерге немесе тетелес адамдарға қолданылатын префикстер қолданылады. Бұл сөздер адресаттың жас мөлшеріне байланысты көрсетілген құрмет пен сыйластықты білдіреді. Қытай тілінде туыс емес адамдар арасында кәсібі мен айналысатын қызметіне байланысты 张三老师 [Zhāng Sān lǎoshī], 李四处长 [Lǐ Sì chǔzhǎng] т.б. апелляциялар қолданылады. Қытайда 师傅 [shīfù] – шебер сөзі белгілі бір іске дағдылары бар шеберлер мен ардагерлерге қатысты қаратпа сөз ретінде кең таралған. Мысалы, 老师 [lǎoshī] – ұстаз және 大夫 [dàifu] – әдәрігер – ұстаздық қызмет пен медицина саласында қызметпен айналысатын адамдарға арналған кәсіби атақ болып табылады. Жүргізуі, пошташы, кондуктор, даяши т.б. кәсіптеріне құрмет көрсету сипаты байқалмағандықтан, аталған мамандық иелеріне 同志 [tóngzhì] жолдас апелляциясы қолданылады [61].

Мамандыққа қатысты апелляциялар коммуниканттардың белгілі бір кәсіби саладағы ғылыми немесе академиялық жетістікке жеткен деңгейін білдіреді. Оларға – 教授 [jiàoshòu] – профессор, 副教授 [fù jiàoshòu] – доцент, 讲师 [jiāngshī] – оқытушы, 助教 [zhùjiào] – ассистент, 研究员 [yánjiūyuán] – ғылыми қызметкер, 工程师 [gōngchéngshī] – инженер т.б. сөздер қолданылады. Берілген сөздердің ішінде 教授 [jiàoshòu] – профессор – қаратпа сөз ретінде қолданылады. Ал, басқа кәсіптерге бас

инженер, инженер сөздерінен басқа тегі мен кәсібін бірге қолдануға болады. Мысалы, 总工程师 [zǒng gōngchéngshī] – бас инженер, 工程师 [gōngchéngshī] – инженер немесе «тегі + қызметі», «тегі + мырза» сөздерін қолдануға болады. Қытай халқының лауазымдық қарым-қатынас басшылар мен бағыныштылар арасындағы ресми байланыс негізінде орын алған. Атап айтқанда, 省长 [shěngzhǎng] – губернатор, 市长 [shìzhǎng] – қала әкімі, 部长 [bùzhǎng] – министр, 厅长 [tīngzhǎng] – директор, 系主任 [xìzhǔrèn] – декан т.б. Сонымен қатар, қытай тілінде жалпыға ортақ 先生 [xiānsheng], 同志 [tóngzhì], 女士 [nǚshì], 小姐 [xiǎojiě], 太太 [tàitai], 夫人 [fūrén] этикетті қарым-қатынасты білдіретін терминдер қолданылады.

Әдетте, 先生 [xiānsheng] – мырза термині ер адамдарға қолданылатын апелляция, сондай-ақ 同志 [tóngzhì] апелляциясы да әмбебап қолданысқа ие. Ер адамдарға қатысты 先生 [xiānsheng] апелляциясы тәрізді әлеуметтік мэртебесі бар әйел адамдарға да 女士 [nǚshì] – ханым сөзі қолданылады. Жасы егде адамдарға қатысты 老同志 [lǎo tóngzhì] сәйкес келсе, кішкентай балаларға қатысты 小同志 [xiǎo tóngzhì] сөзі қолданылады. 小姐 [xiǎojiě] – miss атағы үйленбеген әйелдерге арналған. Алайда, қазіргі кезде 小姐 [xiǎojiě] сөзінің аудару үшін қолданылатын қаратпа сөздердің құрамы әртүрлі болады. Олардың ішінде жалқы есім мен туыстық қатынасқа, адамның жасына, кәсібіне, әскери шеніне, қызмет дәрежесіне т.б. қатысты сөздердің тіркесі ең жиі қолданылатындары болып табылады.

Қытай тіліндегі сыпайылық көрінісі 您 [nín] – cíz, 您老 [nínlǎo] – құрметті, 老人家 [lǎorenjia] – аса қадірлі тіркестерін қолдану арқылы көрінеді. Сонымен қатар, қытай қофамында туыстық апелляцияның алатын орны ерекше. Берілген тіркестер иерархияға негізделген. Мысалы, 大爷 [dàye] – көке немесе әкесінің ағасы, 大娘 [dàniáng] – әкесінің ағасының әйелі немесе анатай, 叔叔 [shūshu] – көке немесе әкесінің інісі, 阿姨 [āyí] – нағашы тәтеп немесе тәтеп (қаратпа сөз), 大伯 [dàbó] әкесінің ағасы немесе қайнағасы, 大妈 [dàmā] үлкен әйелге қаратпа сөз немесе әкесінің ағасының әйелі сөздері үлкендерге арналған қаратпа сөз ретінде, ал, 尊 [lìng] – Cіздің, 尊 [zūn] – Cіз, құрметті, 敬 [jìng] – құрметті, 谨 [jǐn] – мәртебелі, 贤 [xián] – мәртебелі, 高 [gāo] – Cіз, ұлы, мәртебелі, 大 [dà] – үлкен, 宝 [bǎo] – аса қадірлі, 玉 [yù] – cіз немесе қадірменді, 芳 [fāng] – cіз, 华 [huá] – аса мәртебелі, 圣 [shèng] – аса қадірменді, 雅 [yǎ], 清 [qīng], 拜 [bài], 奉 [fèng] т.б. сөздер құрмет көрсету барысында қолданылады. Сәйкесінше, кішіпейілділікті көрсететін сөздерге 卑 [bēi] –

жасы кіши тұысқандарға, 贱 [jiàn] – менің (өзін қарапайым *etin* көрсететін), 愚 [yú] – менің, 拙 [zhuō] – менің (сыпайы түрде), 贫 [pín] – мен (монах өзі туралы), 寒 [hán] – менің, 微 [wēi], 小 [xiǎo], 浅 [qiǎn], 薄 [báo] – кішкентай сөздері жатады [48, 34 б.]. Қытай жастары қариядан 您几岁了? [Nín jǐsuì le?] – деп сұраса, қарт адам жас жігіттің сөзінің аныы екендігін аңғарып реніш білдіреді, тіпті ашуланады. Қытай тілінің қазақ тілінен айырмашылығы, қытай халқының жас мөлшері сол халыққа тән үлгі жүйесіне негізделген. Ал, берілген дискурстың қабылдануы белгілі бір тілдік қауымдастықтағы тілдік қолдану ережелерімен шектелетінін байқауға болады. Қытайда жасы үлкен адамның жасын сұрауда 您高寿 [nín gāoshòu] немесе 您多大年纪了? [nín duōdà niánjì le?] сөйлемдерін қолданған дұрыс. Берілген сөздер грамматикалық және фонетикалық түрғыдан дұрыс болып қана қоймай, adresant пен адресаттың сөйлеу шенбері мен көзқарасын айқындайды. Себебі, берілген сөйлем қытайлықтардың ежелгі тарихи дәстүрінің туындысы және мәдени факторларымен тығыз байланыстырылығын көрсетеді. Демек, бұдан біз сөйлеу этикеті коммуниканттардың объективті дәстүр әдеттерімен тығыз байланысты екендігін көре аламыз.

Сөйлеу этикеті тақырыбындағы коммуникация бірнеше саланы қамтиды. Қоғамда коммуниканттар кәсіптеріне, саяси көзқарастарына, діни-нанымдарына, хоббилиеріне, туыстық қарым-қатынасына т.б. байланысты көптеген тұлғалармен тілдік қатынасқа түседі. Осыған орай, академиялық теория түрғысынан сөйлеу этикетін зерделеу адам мен қоғам арасындағы байланысты түсіну және дұрыс қолданумен тығыз байланысты.

Қазақ және қытай тілдеріндегі этикет сөздерінің қолданылу тәртібінің айырмашылықтарымен бірге ұқсастықтары да бар. Бұл норманың негізгі фундаменті – әдептілік пен ізеттілік және үлкенді сыйлау белгісі. Жапонияда әйел адамдарға «мисс» немесе «ханым» емес, «мырза» деп атау көзделген. Монархиялық елдерде патша мен королеваны «ұлы мәртебелі», ал, ханзада, ханшайымдарды «мәртебелі» деп, ал, басқа атақтары бар адамдарды «мәртебелі» немесе «мистер» деп атауға болады. Ғылыми дәрежелері, әскери шендері және техникалық атақтары бар адамдар үшін олардың атақтары белгілі бір профессор, белгілі бір дәрігер, белгілі бір генерал, белгілі бір инженер т.б. білдіреді [63, 207 б.].

– Жолдас бригадир! Бригада мүшелері сіздің бұйрығының бойынша сапқа тұрды, – деп кезекші Батырбектің алдында қаздыып, рапорт беріп түр (Б. Соқпақбаев).

Ал, мырза, ханым апелляцияларының қазіргі кезде қайтадан қалпына келтірілгенін көрсете білген. Тақсыр (мәртебесі жоғары адамға жалыну, жалбарыну, құлдық ұру мәнінде айтылатын қаратпа сөз [64, 775 б.], бекзат (1.Бек, сұлтан әuletінің тұқымы. 2.Қасиетті, асыл) [64, 124 б.], ағзам (Аса мәртебелі, ұлы) [64, 16 б.], бибі (1. Ханым, бәйбіше. 2. Діни құрмет

ретінде әйел есіміне жалғаса айтылатын сөз.) [64, 130 б.] атауларын қолданатын адамдар қазір де кездеседі:

— *Тақсыр! Оның мәнісі бар. Кішкене күнімде әкем маган қой бақтырды. Далада жүргенімде қасқырлар келіп қамады. Сонда мен көмекке ойдың да итін шақырдым, қырдың да итін шақырдым, шаһардың да итін шақырдым. Бір ит келіп ара тұспеді* (Б.Адамбаев).

Орта жастағы азаматтар адам аттарының бірінші, кейде екінші буынына -*eke*, -*ке* қосымшасын қосып айту арқылы да ізет білдіре сөйлейді: *Әбділда – Әбеке, Бақыт – Бәке, Әділ – Әдеке, Есем – Есеке, Майдан – Мәке, Сагидолла – Сәке, Қадір – Қадеке, Әлімхан – Әлеке, Жарылқасын – Жәке, Мәлік – Мәке, Қәрім – Қәке*. Кейде адам есімдеріне *aғa*, *әпке*, *тәтe*, *ана* сөздерін тіркестіріп айтады: *Мәселен – Хасен ағa, Раихан әпке, Уәли ағa, Зәуре ана, Сәния тәтe*. *Ақсақал, қария, отағасы, кейуана, бәйбіше* деп егде жастағыларға, негізінен ересектерге қарата айтады. *Бикеш* деп бойжеткен, кәмелетке жеткен қыздарға, *бике* деп жас әйелге қарата айтады [62, 207 б.].

— *Ұзеке, сіз мені шынымен-ақ танымадыңыз ба? – деп шалдың бетіне бірінші рет күле қарады.*

— *Қайдан білейін, шырағым. Өңің жылы, бір жерден көрген сияқтымын...* (К.Жұмаділов).

Қазақ тілінде мырза сөзі дәстүрлі қазақы ортада көбінесе ырысты игі жақсылардың арасында және қарапайым халық өкілдерінің дәулетті немесе лауазымды адамға қарата қолданылатын сөз. *Мырза* категориясы аталмыш субъектаралық байланыстың сыпайылығын және сыйласымдылығын қамтамасыз еткен қағиданың функциясын атқарады. Яғни, осы қисын тұрғысынан *мырза* сөзі этикалық мәнді категория болып табылады, ал, *ханым* сөзі сыпайылық таныту үшін әйел адамдарға қарата айтылатын қаратпа сөз [62, 440 б.].

Кез келген тілде адамды қоршаған орта, халықтың менталитеті, ұлттық сипаты, салт дәстүрі, ұлттық құндылығы мен ғаламдық бейнесі мәдениет арқылы көрініс табады. Берілген сипаттама арқылы әлем тілдерінің бір-бірінен ерекшеленетінін байқаймыз. Қазақ және қытай тілдеріндегі этикет сөздерінің қолданылу тәртібінің айырмашылықтарымен бірге ұқсастықтары да бар. Алайда, қазақ тілінде сұхбаттасу барысында ешбір халықта кездеспейтін, тек қазақ халқына ғана тән ерекшелікті байқай аламыз. Мысалы, қазақ халқы жасы кішілерге *балам, шырағым, қарагым, айналайын, қалқам, бауырым, қарындасым* деп сөйлесе, жасы үлкендерге *ағай, апай, ата, әже, женгей, тәтe, ағa* деп тілдеседі.

— *Қарагым Момыш, қызыымды алып отырған соң, сен де баламсың. Анам десен, бір жолға тілегімді қайтарма. Татулықтарың бұзылмасын. Енді ерні қыбырлап, бейпіл сөзге үйір болса, қызыымның жон терісін сынырсаң да ризамын, – деді* (Б. Момышұлы).

Ресми қарым-қатынаста жасы үлкендерге немесе жасы кіші болғанымен лауазымы үлкен болса, оған құрметтін білдірудің белгісі ретінде

Бәке, Әбеке, Сәке, Ереке, Нұреке сөздері, мырза, ханым сияқты сөздерді пайдалануға болады. Мысалы:

— *Нұреке, сізге бір өтінішпен келіп тұрмын: жаңағы пікірді қолжазбага кім жазды еken, соны біліп, жазғанын түгел оқып шығайыны!* (Б. Нұржекеұлы).

Тұлғалық қарым-қатынаста өзгелерге деген құрметті сақтау мақсатында адамдарға немесе заттарға қатысты табу сөздер қолданылмайды. *哥 //儿 [gē men ér]* – бауырым, *姐 //儿 [jiě men ér]* – қыздар т.б. секілді лақап аттарды қолдану қарсы тараптың, яғни, адресанттың наразылығын тудыру немесе зиян тигізу мүмкіндігі балағат сөздерден аулақ болуды қажет. Мысалы, шаньдуңдықтар *大哥 [dà gē]* – досым, бауырым сөзін қолдануға тыйым салады. Ал, пекиндіктер *老板 [lǎo bǎn]* – қожайын сөзін қолданбауға тырысады. Себебі, «*老板 / босс*» сөзі ертеде опера әртістері мен «қоғамдық үйдің» құлдарына қатысты қолданылған. Американдық психолог әрі педагог Дейл Карнеги: «Қай тілде болмасын, адамның есімі мен үшін ең жағымды дыбыс» екендігін айттып өткен. Себебі, коммуникация барысындағы ең қарапайым, маңызды және жағымды әдіс адамдар есімін есте сақтау. Сонымен қатар, адамдардың есімін атау олардың ескі дос ретінде сезінуіне ықпалын тигізеді. Ал, адамдардың аттарын есте сақтау үшін олардың мағынасына мән беру қажет. Қытайда кісілердің тегі бір немесе бірнеше тұрден тұрады (біртектілік және көптектілік). Гонконгта, Макао және Тайваньда тұрмыс құрған әйелдерде екі тегі болады, яғни, өз тегінің алдына күйеуінің тегі қойылады. Мысалы, *孙 庆岭 [Sūn Qìnglíng]*, *陈 方 安生 [Chén Fāng ān shēng]*, *范 徐 利 泰 [Fàn Xúlìtài]* т.б. Жалпы, қытай халқы тегінің қолданылуы шетелдіктердің қолданылуынан тегі есімінен кейін қойылатындығымен ерекшеленеді [35, 11 б.].

Қазақ халқында ресми түрде жоғарыда аталғандардан бөлек, өзінің атын әкесінің атымен қосып қолданылады.

Эвфемизм (委婉词语 [wéiwǎn cíyǔ]) – тәрбиелік пен сыпайылықтың маңызды элементі

Кез келген тілдік қоғамда адамдар қарым-қатынасында қолдануға рұқсат етілмейтін, ал, қолданған жағдайда әдепсіздік пен заң бұзушылыққа әкеліп соғатын тыйым сөздер кездеседі. Қоғамдағы адамның дөрекі сөйлеуі оның тәрбиесіздігінің көрінісі, ал адамның әдептілігі тәрбиелілігінің көрінісі. Сыпайылық принципі коммуникация барысында адамдардың сыпайы сөздерді қолдануын және дөрекі сөздерден аулақ болуын, яғни, эвфемизмді көбірек, ал, дөрекі сөздерді аз қолдануды талап етеді. Эвфемизм сөздері қоғамдағы адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынастың кедергісіз болуын қамтамасыз етеді. Берілген сөздер ұлт пен дәстүр, адам мен қоғам, заттар мен құбылыстар арасындағы рухани байланыс әсерінен пайда болған.

Эвфемизмдердің негізгі белгісі – затты жанама түрінде атау. Сөйлеуші эвфемизмнің көмегімен бір жағынан өзінің тындаушысына сыпайылық

танытса, екінші жағынан сол мезеттегі қолайсыздықты білдірпеуге тырысады. Ал, эвфемизмдердің ауызекі тілдегі қолданысын интеллектуалды ойын түріне ұқсатуға болады. Мәселен, ондағы өзара байланысқа түсуші екі адамның қарым-қатынасын, мәселен, бірі – ойын жұмбак түрде берсе, екіншісі оны шешуге тырысады [65, 8 б.]. Эвфемизмді қолдану үшін синонимдер, балама сөздер және сырттайтын сөздерге сәйкес лексикалық құралдар қолданылады. Сонымен қатар, берілген сөздерді қолдану барысында адресант пен адресаттың жас ерекшелігі де ескеріледі.

Л. Палмер: «Біздің айтпайтын нәрселеріміз өте көп, алайда, сырттайтын ортада оларды атап өту қажеттілігі туындаған жағдайда басқа нәрсе жайлыштып тұрғандай кейіп көрсетудің жасанды жолдары бар» [66] – деп айттып өткендей, айтуға ыңғайсыз сөздердің орнына эвфемистік сөздерді пайдалану көзделген. Себебі, эвфемизмдер жағымсыз немесе мағынасы ұят сөздерге тікелей сілтеме жасамау үшін қолданылады. Қоғамдағы адамның дөрекі сөйлеуі оның тәрбиесіздігін, ал әдептілігі мен сырттайтын рухани тәрбиесінің жоғарғы деңгейін білдіреді. Адам әдепсіз болса, оны тәрбиесіз деп айыптауды, ал, әдепті болса, оны тәрбиелі адам ретінде бағалайды. Этикет принципі коммуникацияда адамдардың сырттайтын сөздерді қолдануын және дөрекі сөздерден аулақ болуын, яғни, эвфемизмді көбірек, ал, дөрекі сөздерді аз қолдануды талап етеді. Эвфемизм өлім, айықпас дерпті, дене пішіні, қылмыс жасау т.б. сөздерге қатысты қолданылады. Эвфемизм сөздері қоғамдағы адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынастың кедергісіз өтуін қамтамасыз етеді.

Профессор Ә. Ахметов эвфемизмдердің этнографиялық лексикаға жататынын және моральдық-этикалық нормалармен қатар өлімге, анатомия мен физиологияға, ресми цензураға, отбасына, өрескел қылыштарға және тіл мәдениетіне байланысты олардың тілдің сөздік құрамына әсер ететіндігін және табудың бет пердесі екендігін этнолингвистикалық түрғыда қарастырған [67, 269 б.]. Ал, Ресей этикет зерттеушісі В. Харитонова эвфемизмді қолдану ерекшеліктерін қарастыра отырып, қоғамда қабылданған құндылықтар, моральдық және этикалық нормалар жүйесі адамдардың мінез-құлқын реттеуі қажет екендігін және қоғамдағы қолайсыз ұғымдар мен құбылыстарды басқаша атыйтын сөздердің болуы қажет екендігіне тоқталған. Зерттеушінің пікірінен біз адамдар арасындағы вербалдық қарым-қатынас барысында ыңғайсыздық тудыратын сөздер мен сөз тіркестерінің сырттайтын нұсқасын, яғни, эвфемизмдерді қолдану қажеттілігін көре аламыз [68, 141 б.]. Қытай этикет зерттеушісі Сион Цзиңюй эвфемизмдер мен тыйым сөздердің туыс екенін және эвфемизмнің өркениетті, сырттайтын тіл түрі екендігін айттып өткен. Ғалымның пікірінше, әлеуметтік өмірде кейбір сөздерді айту мүмкін емес, алайда, ол сөздерді айттып жеткізу қажет. Ал, аталған сөздерді тұра айттып жеткізу ыңғайсыз болып табылады. Сондықтан, ол сөздердің орнына жанама немесе эвфемизм

сөздердің қолданудың дұрыс екендігін дәлелдеген. Себебі, эвфемизм – тыйым сөздердің деформацияланған немесе балама сөздері болып табылады.

Қазақ және қытай тілдері – эвфемизм сөздерге өте бай, алайда, берілген сөздер сол халықтар қогамындағы дәстүрге бейімделуі нәтижесінде пайда болған. Мысалы, қытай тілінде 死 [sī] – өлді сөзінің эвфемизм түрлерін алатын болсақ, 故 [gù] – қайтыс болды, 卒 [zú] – үзілді, 祀 [yǐn] – қайтты, 牺牲 [xīshēng] – құрбан болды, 捐躯 [juānqū] – өз өмірін қида, 殉职 [xùnzhí] – қызмет орнында құрбан болды, 逝世 [shìshì] – дүние салды, 辞世 [císhì] – о дүниеге аттанды, 长眠 [chángmián] – мәңгі үйқыга кетті, 去世 [qùshì] – қайтпас сапарға аттанды, 作古 [zuògǔ] – келмеске кетті, 不在了 [bù zài], 过去了 [guòqù], 香消玉殒 [xiāngxiāo yùyǔn] – хош иісі жоғалды, яшма күңгірттенді (ежелгі Қытай дәстүрінде яшма – өмірдің символы болып есептелген. Ал, асыл тастың бойындағы қасиеттер адамның жақсы жаққа өзгеруі мен өркендеуіне ықпалын тигізеді деседі) 寿終正寢 [shòuzhōng zhèngqǐn] – өмірден озды, 永远离开了我们 [yǒngyuǎn lìkāi le wǒmen] – бізді мәңгілікке тастап кете барды [69] т.б. түрлері бар.

Ежелгі Қытайда «өлім» сөзі эвфемизмінің 300-400 түрі болған. Сонымен қатар, әрбір сөздің белгілі бір адамға ғана тән қолданылу ережесі болған. Мысалы, императордың өлімін 崩 [bēng], князьдің өлімін 蔡 [hōng], дәрігердің өлімін 卒 [zú], ал, шенеуніктің өлімін 不禄 [bùlù] деп атаған. Ал, Даосизмде 圆寂 [yuánjì], 归西 [guīxī], 上西天 [shàng xītiān] – батысқа аттану (бұл жерде батыс – жұмақ мағынасында қолданылады). 撒手西去 [sāshǒu xī qù] т.б. Ал, ата-анасының жерлеу рәсімін эвфемизм түрінде 廿忧 [dīngyóu], әкесінің жерлеу рәсімін 廿父忧 [dīng fù yōu], ал анасының жерлеу рәсімін 廿母忧 [dīng mǔ yōu] деп атайды [35, 22 б.].

Естірту мен көңіл айту кезіндегі эвфемизмдердің кең қолданысы сөз әдебі, эмоционалды-психологиялық, эстетикалық, жалпы мәдени қызмет атқарады, қарым-қатынастың сәтті аяқталуына ықпал етеді. Сондай-ақ естірту мен көңіл айту сәтіндегі эвфемизмді қолдану түрлері (метафора, метонимия, теңеу, қалыптасқан формуалар т.б.) айрықша қолданысқа ие. Қазақ зерттеушісі С. Бизақов тіл өнеріне қоса сөз әдебіне аса үлкен мән берген қазақ халқының адамға ауыр әсер ететін мағынасы жағымсыз сөздерді жұмсартып, женілдетіп айту түрлеріне мысал келтірген. Мысалы, естір құлаққа жағымсыз әсер ететін «өлді» сөзі эвфемистік тәсілмен айтылған мына төмендегідей қырықтан астам синонимдік қатар: *ажал құшты, бақылыққа аттанды* (бақи – өмірлік, мәңгі дүние мағынасында), *бақи дүниеге аттанды, бұл фәнидан өтті* (фәни – 1. тұрағы жок, баянсыз, 2. өткінші, опасызы дүние (жалған) мағынасында), *демі тоқтады, демі бітті*, *дүниеден көшті, дүниеден озды, дүниеден өтті, дүние салды, жсан тапсырды, жарық дүниемен қоштасты, жсан тәсілім етті, жсаннаннамга*

аттанды (бұл жерде жаһаннам – діни Тамұқ, тозақ, діни мистикалық сенім бойынша, өлген адамның «жаны» үшіп баратын жеті тамұқтың ең жаманы мағынасында), *жерленді*, *жүргегі тоқтады*, *жүріп кетті*, *көз жұмды*, *кетті*, *қайтыс болды*, *қайтпас сапарга аттанды*, *қылды*, *қаза тапты*, *қаза болды*, *құлады*, *құрбан болды*, *мәңгілікке кете барды*, *мерт болды*, *о дүниелік болды*, *өмірден озды*, *өмірден өтті*, *үзілді*, *шетінеді деп*, *ал, онаша ұнатпайтындарға қатысты мұрдем кетті*, *опат болды*, *жсан берді деп* айту қалыптасқан. Ал, атышулы қылмыскер болса – *жаһаннамага жіберді*, *желкесі қылды*, *жер жастанды*, *жергапты*, *мұрдем қатқыр* (бұл жерде мұрдем – сеспей қат, қазаға ұшыра мағынасында), *sespej қатты*, *ома қапты* (бұл жерде жер жастанды мағынасында қолданылып тұр) синонимдерінің қолданылатындығын көрсеткен [70, 50 б.].

Адам сырқаттанған жағдайда қытай және қазақ халықтары *违和* [wéihé] – *жаман сезіну*, *违忧* [wéiyōu] – *денсаулығында ақау бар*, *欠安* [qiànpān] – *нашар сезіну*, *欠佳* [qiànjīā] – *әлсіз сезіну*, *欠爽* [qiànshuǎng] – *көңілсіз сезіну*, *不安* [bù'ān] – *жайсыз сезіну*, *不适* [bùshì] – *науқастанып қалу*, яғни, қазақтар адамның ауырғанын «*сырқаттанып қалды*», «*дертке шалдығып қалды*», «*науқастанып қалды*», «*жайсыз сезініп отыр*», «*денсаулығы нашар*», «*кесел пайды болды*» т.б. деп астарлы сөзben сипаттаған. Ал, адамның физикалық тұрғыдағы кемшіліктерін ашық айтпай, эвфемистік сөздерді қолдану этикеттік тәртіпті сактау болып табылады. Мысалы, *聋* [lóng] – *саңырау* сөзін *耳背* [ěrbèi] – *құлағы нашар* *естиді* немесе *耳朵有点不好用* [érduo yǒudiǎn bùhǎo yòng] – *құлағы нашар* *естиді* деп сипаттаса, *瘸腿* [quétuǐ] – *ақсақ* сөзін *腿脚不利索* [tuǐjiǎo bù lìsuō] – *аяғын баса алмайды*, *手脚不健全者* [shǒujǐǎo bù jíànnuán] – *аяқ қолы ауырады* – деп атап өткен. Яғни, эвфемизм сөздерді қолданудың мағынасы дөрекі немесе тұрпайы сөздерді астарлап, ауыспалы мағынасымен немесе синоним сөздермен сипайылап жеткізеді. Атап айтқанда, өлім, айықпас ауру, зан мен тәртіпті бұзу сияқты ашық айтуда дөрекі саналатын сөздердің орнына қолданылады.

Сыпайы қарым-қатынас орнатуда эвфемизм сөздерін қолдану сұхбаттасушылардың бір-біріне қарым-қатынасын білдіріп қана қоймай, олардың рухани деңгейінің жоғары екендігін көрсетеді.

Ортақ тіл табысу және өзара түсінісу

Берілген критерий үйлесімділік пен дәйектіліктен ортақ негіз іздеу сұхбаттасушыдан екінші тарап көзқарасының тұзу болғанын талап етеді. Әдетте, өзгелерді сынау немесе әртүрлі пікір айту қажет болған жағдайда адамдар алдымен өз пікірін білдіреді, содан кейін құрметтейді немесе төмендетеді. Алайда, мәселені дұрыс шешудің және шиеленіс туындауының бірден-бір жолы – сөйлеу этикетін дұрыс пайдалану болып табылады.

Қазақ қоғамындағы «ұят болады» сөзі қазақ ұлты мәдениетінің жоғарғы деңгейінің көрсеткіші болып табылады. Ол үлкен мен кішінің, жас пен кәрінің, ата-ана мен бала-шағаның қарым-қатынасын, таныстардың, туысқан мен туғанның, ер адам мен әйел адамның, әріптестер мен құрбықұрдастың т.б. сыйластығының өлшемі іспеттес. Қазақта «ұяттан адам өлмейді, сағы сынады» немесе «ұят – иман белгісі, ұяттыда иман бар», «адамның ұяты бетінде, адамгершілігі ниетінде» даналық сөздері ұяттың адамның имандылығын көрсетеді. Берілген сөздердің қытай қоғамында да алатын орны ерекше. Себебі, қытай қоғамындағы 丢脸 [diū liǎn] – өзгенің алдында беделін түсіру немесе абыройын жоғалту, ыңғайсыз жағдайға қалу – деген мағынаны білдіреді. Қытай тіліндегі 面子 [miànzi], 脸 [liǎn], яғни, *бет* сөзінің әлеуметтік статусы өте жоғары. Қытайлықтарда ар-ождан тақырыбына байланысты – «人有脸, 树有皮[rén yǒuliǎn shù yǒupí], яғни, адамның ұяты бетінде, адамгершілігі ниетінде – деген қанатты сөз де бар. Бұл жерден біз қытай халқының да абырой мен адамгершілік қасиеттерін бәрінен биік қоятындығын аңғара аламыз. Қытай халқының пікірінше, «*бет*» – адамның тұа біткенде пайда болмаған, керісінше, жүре пайда болған қасиет. «Бет» этикасы шенберінде адам өзгелермен бәсекелесе алмайды және өзі үшін қандай да бір мақсатты көздей алмайды. Дәстүр бойынша жеке тұлғаны «*бет*» этикасының репрессиялық сипатынан қорғау жолы – тұлғаның өз кемшіліктері мен кінәсін мойындауга дайын болуы болып табылады. Қытай өркениетіне тән ең жоғарғы қарапайымдылық қасиеттерін агрессивті түрде бекіту мәселесі осыдан туындаиды. Ал, мінез-құлыштың дәстүрлі формасы, яғни, «барлық жамандықтарды өзіңе жаз да, жақсылықтарды өзгеге қалдыր» принципі де осыдан туындаған. Кезінде тіпті, императорлар табиғи апаттар үшін өздерін кінәлі деп табатын жарлықтарды шығарған [71, 196 б.].

Қытай халқы 露脸 [lòuliǎn] – на мысты қолдан бермеуге тырысу, 赏脸 [shǎngliǎn] – беделін түсірмей, 丢脸 [diū liǎn] – ұятқа қалу, 没脸 [méiliǎn] – адамның бетіне қарай алмау, 脸皮厚 [liǎnpíhòu] – беті қалың, 要脸 [yàoliǎn], 不要脸 [bùyàoliǎn] – ұятсыз» т.б. сөздерін қолданады. Қоғамдағы адамдардың жағымсыз іс жасауы берілген сөздер арқылы түсіндіреді.

Отандық зерттеуші Ф. Даuletова қытай халқының күнделікті өміріндегі «*бет*» концептісінің қолданылу ерекшеліктеріне де тоқталған. 丢面子 [diū miànzi] – ұятқа қалу немесе 丢脸 [diū liǎn] – ыңғайсыз жағдайға қалу сөздері Қытайда барлық жерде – үйде, көшеде, қоғамдық орындарда қолданылады. 丢人死了 [diūrén sǐle] – ұяттан орын таба алмау, 怕丢脸 [pà diū liǎn] – құлқілі жағдайға қалудан қорқу, 你把我的脸丢了 [nǐ bǎ wǒde liǎn diū guāngle] – сен мені ұятқа қалдырың, 丢人现眼你让我的脸放哪儿? [diūrén xiànyǎn nǐ ràng wǒ de liǎn fàng nǎr?] – не істейін? немесе

сөзбе-сөз «бетімді қайда қоюымды бұйырасын?» ерлі-зайыптылар өзара сөзге келген кезде және ата-аналары балаларына ұрысқан сөтте қолданылатын тіркестер [72, 260 б.].

Ал, қазақ халқында ұят, *ар*, *намыс* сөздері тәрбиемен тығыз байланысты. Ұят – *ар*, *намыс*, *әдел*. Ұят болды – *әдепсіздік* болды, *бейбастақ* іс істелді. Ұят сөз – дөрекі сөз. Ұятқа қалдырды – *масқара етті*, жер қылды, ұялтты. Ұяттан безген – *арсыз*, ұятсыз. Егер адам тәрбиесіз болса, оны *жузіқара*, *бетімен кеткен*, *намыссыз*, *имансыз* деп те атаған. Өйткені, *имансыздық* – адамның адамгершілік принциптерінен бас тартуы және жат мінез-құлық көрсетуі. Мысалы, «ұят – *иман белгісі*, ұяттыда *иман бар*», «*саудагерде иман жоқ*, *арын сатады*, *өтірікшиде иман жоқ*, *жсанын сатады*», «*ұят кімде болса, иман сонда*» т.б. Берілген мақалдардан ұяттың иман тақырыбымен сабактастырын көре аламыз. *Иман* – 1. діни ұғым, ислам дінінің бес парызының бірі, діншілдік наным. 2. адам бойына тән ізгілік, адамгершілік. 3. белгілі бір іс-әрекетпен байланысты серт, уәде, үміт. *Иманды адам* – ұятты *кісі*, *таразысы тең ақыл иесі*. *Иманы бетінде үзіліп тұр* – ұяң, *ибалы*, *тәрбиелі*. *Иманы жоқ* – *ар-ожданнан айрылған*, *имансыз*. *Иманын сатты* – *ар-ұяттын сатты* [64, 353 б.]. Бұл жердегі иман сөзін – ұят, *ар* сөздерінің орнына қолданамыз деп тұжырымдай аламыз.

Абай Құнанбайұлы өзінің қарасөздерінде имандылық тақырыбына көп көңіл бөлген. Ал, отыз алтыншы қара сөзінде иман мен ұят сөздерінің бірлігін сипаттай отырып, *ар-ұяттыз* иман мен инабаттың болмайтындығын дәлелдеген және ұятты иманның бір мүшесі ретінде алып қарастырған. Ұлы ойшыл өзінің өмір сүрген кезінде қазақтар арасында ұтсыздықтың, арсыздықтың және имансыздықтың өріс алып жатуы салдарынан қатты қиналатындығын жеткізген. Абай имандылық тақырыбын қарастыра отырып, шын ұяты бар адам кешірімге мұқтаж екендігіне тоқталып өткен. Яғни, нағыз ұяты бар адамға аяушылық қажет екендігін, кешірмеудің дөрекілік болып табылатындығын және «өлімнен ұят күшті» жағдайының бар екендігін де ескерткен [73].

Сөз бен ізгіліктің бірізділігі

Сөз бен ізгілік өзара тығыз байланысты. «Рәсімдер кітабы/Бяоцзи» нұсқауы бойынша 耻有其次而无其德, 耻有其德而无其行 [*chǐ yǒu qí cì ér wú qí dé, chǐ yǒu qí dé ér wú qí xíng*] – бойында жақсы мінез-құлық болмаса жақсы қасиетке ие болу мүмкін емес деп айтылған. Кез келген халықтың дәстүрінде әдепті сөйлеу – сол ұлттың ізгілік негізіндегі рухын сипаттайты. Сөз бен істегі сыпайылық принципі өзгенің пайдасын асыруға, яғни, өзгенің жақсылығы мен мейірімділігін барынша көрсетуге тырысады. Этикеттегі коммуниканттар арасындағы тілдік қарым-қатынастың сыпайылық пен кішіпейілділік, адамгершілік пен ізгілікке бағытталған түрі – кешірім сұрау. Берілген сөйлеу әдебі қоғамдағы адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасын

жақсарту, өз қателігін мойындау немесе өкініш білдіру мақсатын жүзеге асыруға бағытталған тілдік бірлік болып табылады. Сөйлеу этикетін жүзеге асыру үшін коммуниканттар сол мемлекет қоғамында қалыптасқан зандылықтарға, ұлт мәдениетінде қалыптасқан дәстүр, менталитет, мәдени ерекшеліктері мен санасына сүйеніп қолдануы тиіс. Себебі, сөйлеу әдебін қолдануда жауапкершілік адресант пен адресатқа жүктеледі. Ал, адресант пен адресат – хабарламаның, мәтін мен сөйлеу әдебінің дұрыс болуын қадағалайды.

Қоғамдағы адресанттың кешірім сұрау әдебін жүзеге асырудың мақсаты – адресаттың назарын өзіне аудару, адамгершілік қарым-қатынас орнату немесе адресанттың адресатқа өз өкінішін білдіру болып табылады. Этикетті қолдану барысында коммуникацияның қайсы ортада (ресми, бейресми), кімдер арасында (жасы егде және жасы кіші адамдар арасында, таныс немесе бейтаныс адамдар арасында) жүзеге асырылуы, мемлекеттің даму тарихы және сол халықтардың менталитет ерекшеліктері өте маңызды роль атқарады. Аталмыш этикет түрі біреуді ренжіткенде, өкінгенде, кездесуге кешіккенде, қатесін түсінгенде, орынсыз сөйлегендеге, біреудің сөзін бөлгендеге, себепсіз мазалаған жағдайда, қылмыс жасағанда, сенімсіздік білдіруде т.б., кей кездері кешірім сұрау әдебі қаратпа сөз ретінде де қолданылады. Сөйлеу мәдениетін жүзеге асыруда қолданылатын құрылымдар ерекшелігіне қарай конативтік және эмотивтік қызмет атқарады.

Қазақ халқы ерте кезден-ақ көшпенді атауына ие болған және әлі күнге дейін аталған мұраны сақтап қалған. Қазақтар киіз үйлерімен, дүниемүлкімен көшіп жүрсе де, өздерінің қонақжайлышының, тарихы мен салт-дәстүрін, сөйлеу мәдениеті мен мәнерін жоғалтпаған халық. Ал, қытай халқы – мәдениеті мен өркениеті, сөйлеу тілінің зерттеуі де ежелде қалыптасқан отырықшы халық. Осы түрғыда біз қытай халқының ұлы ойшылы Конфуцийдің «балалар үйде ата-аналарын құрметтеуі тиіс, түзде – үлкендерді сыйлауы, іс-әрекетте сақ болуы, сезінде әділ, адамдарды шексіз сүюі, сүйтіп адамсүйгіштерге жақындей түсүі аbzal-ақ. Егер парыздарын осылайша орындағандардың ынта-ықыласы басылмаса, оны вэнь-мәдениетті оқуға жұмсауы қажет-ақ» [74, 293 б.] деген ережесін қазақ халқының ежелден қалыптасқан «үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету» қағидаларымен салыстыра аламыз. Бұл ережеден қазақ және қытай халықтарының өскелен ұрпаққа берген тәлім-тәрбиесінің, ата-ананы, үлкендерді сыйлау және құрметтеу этикетінің ұқастықтарын көруге болады.

Қазақ және қытай тілдерінде қолданылатын сөйлеу мәдениетінің өз әдет-ғұрпы мен ұлттық менталитетіне сәйкес тұрақты формулалары бар. Қазақ тілі әдепке қатысты тілдік бірліктерге өте бай. Мысалы, *кешіріңіз*,

кешірім өтінемін, ғафу етіңіз, айып етпеніз, айыпқа бұйырманызыз, мен кінәлімін, бұдан былай сізді ренжітпеймін, сізді күттіргеніме кешірім сұраймын, сіздің өтінішиңізді орындаі алмаганыма кешірім сұраймын, сізді мазалаганыма кешірім сұраймын, кешіккеніме кешірім өтінемін, осыниша әуреге салғаныма кешірім өтінемін, ренжіменіз, өкпелеменіз, ашуланбаңызыз, мен сізді ренжіткім келмеді т.б.

Этиket тәртібі қолдану аясына және жағдайдың туындауы мен дамуына орай өзгеріп отырады. Қазақ тіліндегі берілген әдептің ең көп қолданылатын түрі – *кешіріңіз*, *кешірім сұраймын*, *кешірім өтінемін* сөздері. Берілген сөздердің мағынасы қытай тіліндегі 对不起 [*duìbuqǐ*] – *кешіріңіз*, 请原谅 [*qǐng yuánliàng*] – *кешірім өтінемін* сөздерінің қолданылуымен тең. Аталған сөздер этикеттің ауызша және жазбаша формалды түрлері. Сонымен қатар сыпайы сөйлеу әдебі адресанттың адресатқа өзінің істеген кінәсін сезіну, өкініш білдіру мақсатында қолданатын сөйлеу бірлігі болып табылады.

Сөйлеу әдебін коммуниканттар қогамдағы іс-әрекеттерін реттеу мақсатында сыпайы түрде қолданулары тиіс. Алайда, аталған сөздер тек адамның қателік жасап, кінәлі болуын білдіріп қана қоймай, адресанттың адресатқа көніл бөлуі, оның назарын өзіне аудартуы үшін қаратпа сөз ретінде де пайдаланылады. Қазақ тіліндегі 对不起 [*duìbuqǐ*] – *кешіріңіз*, 请原谅 [*qǐng yuánliàng*], 十分对不起, 十分抱歉 [*shífēn duìbuqǐ*] , [*shífēn bàoqìan*] – *кешірім өтінемін* сөздері кешірім сұраудан бөлек, адресаттың назарын аудару немесе ескертуде адресат адресанттың өтінішине немесе сұрағына жауап беруде байқалады. Мысалы, 对不起, 我来晚了 [*duì bu qǐ, wǒ lái wǎn le*] – *кешіріңіз*, мен *кешігіп* келдім. Ал, адресат адресантқа 没事儿, 没事儿 [*méi shìr, méi shìr*] – *еиштеңе етпейді*, 没关系 [*méi guānxì*] – оқасы жоқ, 没有问题 [*méi yǒu wèntí*] – *еиштеңе етпейді*, *сөз емес* немесе 问题不大 [*wèntí bù dà*] – айтарлықтай мәселе емес, яғни, сөз емес деген сияқты тіркестерін қолдану арқылы көрініс табады. Қазақ тілінде мұндай мәселе туындаған жағдайда адресат адресантқа – *еиштеңе етпейді*, *еиштеңе қылмайды* немесе *оқасы жоқ* [75] деп жауап береді.

Қытай сөйлеу этикеті тақырыбын зерттеуші Сюң Ҷиньюй кешірім сұраудың белгілі бір себептермен басқа адамдарға кедергі жасайтын іс-қымыл көрсеткені үшін сұрайтын шынайы өтініш екенін, сонымен қатар, бұл әрекеттің болмауы коммуниканттардың қарым қатынасын күрделендіруі мүмкін екендігін атап өткен. Қытай тіліндегі 很抱歉 [*hěn bàoqìan*] – өкінішке орай сөзі қазақ тіліндегі өкінішке орай..., өкінішті... деген сөздердің мағыналарымен сәйкес келетіндігін байқаймыз. Мысалы, 我打扰你了 [*wǒ dǎrǎo nǐ le*] – сізді мазаладым, 很抱歉 [*hěn bàoqìan*] – *кешірім сұрау*, өзін кінәлі сезіну, өкінішке орай. Берілген сөз ауызекі тілде немесе

іскерлік қарым-қатынас барысында жиі қолданылады. Егер де адресант адресаттан ыңғайсыз жағдайға байланысты кешірім сұрайтын болса, яғни, кездесуге кешігіп келсе немесе күттіруге мәжбүр болса, бір тапсырманы дұрыс орындаамаса, орынсыз сөйлесе, өз қателігін түсіндіруге байланысты этикеттің келесі түрлерін қолдануға болатындығы сөзсіз. Мысалы, 打扰你了 [dārǎo nǐ le] – сізді мазаладым, 让你久等了 [ràng nǐ jiǔděng le] – ұзақ күттіріп қойдым, 失敬了 [shījìng le] – алаңғасарлық таныттым, 失言了 [shīyán le] – байқамай айтып қалдым, 不好意思 [bùhǎo yìsi] – ыңғайсыз болды, 完全是我的错 [wánquán shì wǒ de cuò] – барлығы менің қателігім, 很对不起, 这事实在无法做到 [hěn duìbuqǐ, zhè shì shízài wúfǎ zuòdào] – өкінішке орай, бұл заңсыз ерекет, 失迎 [shīyíng] – өкінішке орай, үйде бола алмадым, 失陪 [shīpéi], 忽不奉陪 [shù bù fèngpéi] – өкінішке орай, мен сіздермен бола алмаймын сөздері бар. 不好意思 [bi hao yìsi] – ыңғайсыз болды сөзі әдетте ауызекі тілде қолданылады. Басқа сөздерге қарағанда, 不好意思 [bùhǎo yìsi] тіркесінің қолдану тәртібі ерекшелігін күтпеген жағдайда немесе аяқ астынан ыңғайсыз жағдай туындаған сэтте осы сөз орнының ерекше екендігін байқаймыз. Мысалы, сіз кенеттен, адресаттың аяғын басып кетсеңіз, әрине, кешіріңіз немесе кешірім өтінемін сөздерін байқауға болады. Алайда, 不好意思 [bùhǎo yìsi] арқылы адресант ыңғайсыздық туындауының себебінен ұялғандығын білдіре алады. Мысалы, 不好意思, 我要走了 [bùhǎo yìsi, wǒ yào zǒule] – кешіріңіз, (ыңғайсыз болып тұр), менің кетуім керек [76].

Жоғарыда атап өткендей, тілдік коммуникация бірнеше компоненттен тұрады. Олар – *адресант, хабарлама, мәтін, адресат* және *тіл*. Яғни, тілдік коммуникацияны жүзеге асыру үшін берілген ережеге сәйкес шарттарды қолдану қажет. Коммуникация барысында адресант белгілі бір мәтіннен туындаған хатты адресатқа жібереді, яғни, берілген мәтінді түсіне отырып, хабарламаны қабылдайды. Әдетте, әдеп формасын орнымен қолдану коммуниканттардың сыпайы тілдік байланысқа түсуіне жағдай жасайды. Алайда, әр ұлттың психологиясының өзіне тән сипаттары бар.

Қазақ және қытай халықтарының даму тарихы әртүрлі болуы себебінен, халықтардың салт-дәстүрі мен ұлттық болмысы, әдет ғұрпы, салт-санасы мен менталитетінің, әлеуметтік сипатының өзіндік даму тарихына ие. Қазақ халқы ежелгі кезден бастап көшпенді өмір салтын ұстанса, қытай халқы Конфуцийдің философиялық жолымен дамып келеді. Қазақ және қытай халықтарының менталитетінде ұқсастықтар бар екендігін шыдамдылық қасиетінен ангаруга болады. Себебі, шыдамдылық – белгілі бір қоғамда туындаған шиеленіс пен қарама-қайшылықтың алдын-алуға септігін тигізеді.

Бірінші тарау бойынша түйін

1. Этиket – адам мен қоғамның сыртқы мәдениетінің негізгі бөлігі. Оған азды-көпті қатаң реттелген рәсімнің сипатына және белгілі бір мінез-құлық формасы ерекше мәнге ие болатын талаптар кіреді; этиket – моральдың белгілі бір принциптерінің мазмұнын білдірсе де, дәстүрлі қоғамда ол әдетте рәсімге айналған қатаң канондық сипатқа ие және сыртқы моральдың мазмұнынан ажыратылған дәстүр. Этиket – қай тілде болмасын, ұлт мәдениеті мен әдет-ғұрыптары мен менталитетінен, сол мемлекет қоғамында қалыптасқан қарым-қатынас заңдылықтары мен тарихи дамуынан, тұрмыс-тіршілігінен пайда болған.

2. Сөйлеу этиketі әдеп ұғымынан бастау алады. Этиket пен этика ұғымдары бір-бірімен тығыз байланысты екендігін олардың мінез-құлыққа, әдептілік пен сипайылыққа, мораль мен адамгершілікке негізделгендейдін көруге болады. Сөйлеу этиketі – адамдардың мәдениетті және сипайы формада сөйлеу әдебі. Сөйлеу этиketінің көздеңен мақсаты – сөйлеу әдебін қандай да бір қоғамдағы адамдардың сол халықтың салты мен тұрмысында қалыптасқан сипайылық заңдары мен ережелеріне сүйеніп жүзеге асыру.

3. Сөйлеу этиketі адамның жүріс-тұрысы, киім киісі және сипайы сөйлеу мәнерінің жиынтығымен байланысты және олардың бірін-бірі толықтыруынан көрініс табады. Этиketті кез келген өнер сияқты тәжірибе жасау арқылы жақсартуға болады. Мәселен, ұялшақтық мінез бейтаныс адамдар арасында үйлесімді түрде сұхбат орнатуға кедергі жасауды мүмкін. Ал сөйлесу өнерін жақсы менгерген адам коммуникантпен жақсы диалог құра алады. Сұхбаттасу барысында бір адам басты кейіпкер болса, екіншісі тыңдаушы бола алады. Сәйкесінше, жақсы тыңдаушы өз кезегінде басты кейіпкерге шабыт бере алады. Сипайы сөздер адам жүргегін жылдытумен қатар, қарым-қатынасты жақсартып, оның өміріне оң әсер етеді.

4. Тілдік коммуникация бірнеше компоненттен тұрады. Олар – *адресант, хабарлама, мәтін, адресат* және *тіл*. Коммуникация барысында адресант белгілі бір мәтіннен туындаған хабарламаны адресатқа жібереді, яғни, берілген мәтінді түсіне отырып, хабарламаны қабылдайды. Әдетте, әдеп формасын орнымен қолдану коммуниканттардың сипайы тілдік байланысқа түсіне жағдай жасайды. Коммуниканттар байланысқа түскенде сөйлеу мәдениетіне міндетті түрде көңіл бөледі; өйткені, сөйлеу әдебі – адам бойындағы сипайылық, тәрбиелілік секілді адамның сыртқы көрінісін сипаттайтын. Қазақ және қытай сөйлеу этиketінің сипайылық, инабаттылық, әдептілік қасиеттері этностардың өзіне тән ұлттық колоритімен сабактасуынан туындаиды. Ескеруіміз қажет.

5. Қытай этиketі бір-бірімен өзара байланысты үш қырдан – сыртқы келбет, әдептілік және сөйлеу әдебінен тұрады; тіл – адамның ең маңызды қарым-қатынас құралы болғандықтан әдептілікке негізделген сұхбат сипайы тілдің негізгі мазмұнын құрайтын. Конфуций (б.э.б.551- 479 жж.) – алғаш рет адамның кісілік тұлғасы туралы ой қозғаған философ. Оның тұжырымдауы бойынша этиket түрлі өмір жағдайларында адамдар

арасындағы қарым-қатынастың үйлесімділігін реттеп, жанұя мен қоғам арасындағы қарым-қатынасты, үлкенді сыйлау нормаларын менгеруді меңзеген.

6. Салт-дәстүрге құрмет көрсету – осы дәстүрді беретін үлкендерге, атап айтқанда, ата-анаға ізеттілік көрсетумен тығыз байланысты. Конфуций ілімдерінде үлкен мен кішінің, жас пен кәрінің, ата-ана мен баланың арасындағы адамгершілік, сыйластық пен сүйіспеншілік қарым-қатынасының жоғары тұратындығын көре аламыз. Жақсы адам еш уақытта адамдарға зиян тигізбейді, адамгершіліктің негізі *[rén]* жән – *ата-анасын құрметтеу және үлкен ағаларын сыйлау*, жалпы алғанда, үлкендерді сыйлау, яғни, адам шын жүректен адамгершілікке ұмтылса, ол еш уақытта жамандық жасай алмайды. Сыйластық пен сүйіспеншілік арқылы коммуникация орнату – конфуцийшілдік әдептілік ілімнің негізгі ұғымы болып табылады. Конфуцийшілдік ілімнің негізгі мәселесі қоғамда өмір сүріп отырған адамдардың бір-біріне деген сыйластығы мен кішіпейілділігі.

7. Қытай халқы ата-баба рухын сыйлауға байланысты Конфуцийдің философиялық көзқарастарын әлі күнге дейін өмірлік ұстанымға айналдырған. Қытай рухани өркениетінің дамуы қоғамның кез келген саласының өркендеуіне үлкен әсерін тигізуде. Себебі отбасын және елді басқару негіздері, үлкенге құрмет, кішіге ізет принциптері – бүгінгі күнге дейін жетіп, Қытай мемлекетінің ұстанымына айналып отырғандығының дәлелі.

8. Қазақ және қытай дәстүріндегі ой-пікірлер жеке адамгершілік пен имандылықты тәрбиелеуге үлкен мән беріп, кемел адам ғана отбасын жарасымды етіп, елді дамыта алады деп есептейді. Сондықтан, ежелгі қытай және қазақ ойшылдары өздерінің жеке басының этикасын тәрбиелеуге ерекше көніл бөледі.

7. Көшпелі өмір салты, әсем табиғат аясында өмір сұру қазақ халқының мәдениеті мен ойлау дәстүрінің қалыптасуына зор үлесін тигізді. «Өнер алды – қызыл тіл» деген ой қазақ халқының сөзді жоғары бағалағанын көрсетеді. Қазақ үшін сөз – араласудың қарапайым құралы ғана болған емес. Ол барлық өнердің арасындағы ең жоғарғысы, дүниені танып-білу құралы, адамды тәрбиелеу тәсілі және адамның өзін қоршаған бауырластары мен билікке деген қатынасын бейнелеудің белсенді элементі.

8. Ата-баба әруағына сыйынып, Тәнірге бағыну қазақ халқының ұлттық діл мен дін, дәстүр мен этикет сипатының бірден-бір көрінісі. Әр халықтың наным-сенімдерінің пайда болуы секілді қазақтың философиялық дүниестанымының қалыптасуында әдептіліктің өзіндік ерекшелігі бар.

9 Қазақ қоғамындағы «*үят болады*» сөзі қазақ ұлты мәдениетінің жоғарғы деңгейінің көрсеткіші ретінде қолданылады. Ол үлкен мен кішінің, жас пен кәрінің, ата-ана мен бала-шағаның қарым-қатынасын, таныстардың, туысқан мен туғанның, ер адам мен әйел адамның, әріптестер мен құрбы-құрдастың т.б. сыйластығының өлшемі іспеттес.

10. Этикет принципі коммуникацияда адамдардың сыпайы сөздердің қолдануын және дөрекі сөздерден аулақ болуын, яғни, эвфемизмді көбірек, ал, дөрекі сөздердің аз қолдануды талап етеді. Сыпайы қарым-қатынас орнатуда эвфемизм сөздерін қолдану сұхбаттасуышылардың бір-біріне қарым-қатынасын білдіріп қана қоймай, олардың рухани деңгейінің жоғары екендігін көрсетеді. Сөйлеу этикетіне *амандасу, қоштасу, алғыс айтту, құттықтау, тілек, өтініш білдіру, танысу, кешірім сұрау, қонақ күту* т.б. нормалары жатады.

2 ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫТАЙ ТІЛДЕРІНДЕГІ ЭТИКЕТ ТҮРЛЕРИНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

2.1 Іскерлік / 商务 этикет нормаларының қазақ және қытай тілдеріндегі көрінісі.

Кез келген ұлт өзінің салт-санасы мен әдет-ғұрпын, этикет ерекшеліктерін үнемі дамытып, жетілдіріп отырады. Іскерлік қарым-қатынас тұрғысында Батыс пен Шығыс елдерінің арасында айтарлықтай айырмашылық бар. Олар бірін-бірі толықтырып отырғанымен, психологиялық тұрғыда өмір сұру ұстанымы, рухани және адамгершілік құндылықтары әртүрлі. Шығыс менталитеті бойынша отбасылық дәстүрлерге, сыйластық принциптеріне, алған тәрбиесіне ерекше көңіл бөлінген. Яғни, әр адамның өзін-өзі ұстауы, сөйлеу әдебі оның өскен ортасымен, алған білімімен, әлеуметтік жағдайымен және өмір сұру ережелерімен тығыз байланысты. Іскерлік коммуникация барысында адресат пен адресант өздерінің ортақ мұddeлеріне сәйкес маңызды мәселелердің шешімін табуға тырысады, ал, кездесу сәтсіз болған жағдайда, қарым-қатынас нәтижесі коммуникациялық келеңсіздікке алып келеді.

Қытай халқы үшін қарым-қатынасты орнату – маңызды мәселе, ал қарым-қатынасты сактап қалу одан да маңызды. Қытай халқы басшыға, әріптестеріне, серіктестеріне, компанияларына қарым-қатынасы да әлі күнге дейін Конфуций доктринасын ұстанып, *德 [dé] – ізгілік* *pen 礼 [lǐ]* – әдептілікке негізделген. Қытайда қоғамды басқару үш иерархия арқылы жүзеге асырылған. Олар: *君为臣纲, 父为子纲, 夫为妻纲 [jūn wéi chén gāng, fù wéi zǐ gāng, fū wéi qī gāng]* – патша – қол астындағыларга тірек, әке – балаға тірек, ал күйеу – әйелге тірек.

Қытай халқы іскерлік қарым-қатынастың бастауын кездесу әдебінен басталатынын дәлелдеген. Себебі, кездесу әдебін менгеру – қарым-қатынастың дамуына әсер етіп, бірнеше этикетті қамтиды [77, 34 б.]

Олар:

- тұлғааралық қатынастар;
- таныстыру;
- есім хат ұсыну;
- қол алысу.

1. Тұлғааралық қатынастар. Іскерлік коммуникация таныс және бейтаныс адамдар арасында, ресми және бейресми жағдайларда жүзеге асырылады. Ресми жағдайларда ер адамдарға *先生 [xiānsheng]* – мырза, әйел адамдарға *女士 [nǚshì]* – ханым немесе *小姐 [xiǎojie]* – мисс апелляциялары қолданылады. Ал, бейресми жағдайларда *大哥 [dàgē]* – ага, *大姐 [dàjiě]* – әпке, *大叔 [dàshū]* – ага, *大妈 [dàmā]* – тәте т.б. сөздері қолданылады. Мысалы, *李明华 [lǐ Mínghuá]* деген директор ер адам туралы

түсініктеме бергенде достары немесе жақын әріптері 老李 [*Lǎolǐ*] немесе 明华 [*Mínghuá*] (*esimī*), жасы үлкендер 小李 [*Xiǎolǐ*] болмаса 明华 [*Mínghuá*] (*esimī*), жасы кішілер 老李 [*Lǎolǐ*], 李哥 [*Lǐgē*], тұтынушылар 李经理 [*Lǐ jīnglǐ*] – басқаруышы *Ли* деп атаса, бейтаныс адамдарға 先生 [*xiānshēng*] – мырза апелляциясы қолданылады. Қытай халқы жақындық таныту үшін жас ерекшеліктеріне байланысты тегінің алдына 老 [*lǎo*] үлкен (жасы үлкен, мәртебесі жоғары адамдарға қатысты айтылады) немесе 小 [*xiǎo*] – кіші сын есімдерін қолданады. Кей кездері бейтаныс адамдардан бағыт-бағдар сұрау «ага», «қарында» қаратпа сөздері арқылы жүзеге асырылады. Берілген туыстық апелляциялардың бейтаныс адамдарға қатысты айтылуы жақындық, туыстық сезімін білдіреді. Қытай халқының өмірінде туысқандар арасындағы үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетудің алатын орны ерекше. Сонымен қатар, қытай халқында адамның тегі лауазымының алдына қойылады. Мысалы, 李老师 [*Lǐ lǎoshī*] *Ли ұстаз*, 王经理 [*Wángjīnglǐ*] – басқаруышы *Ван* т.б. Қытай халқында 老师 [*lǎoshī*] – ұстаз кәсіби атауға қатысты 一日为师, 终身为父 [*yīrì wéi shī zhōngshēn wéi fù*] – бір күн ұстаз болған адам өмір бойы әкеңдей болып өтеді немесе 传道授业解惑 [*chuán dào shòu yì jiě huò*] уағыздаңыз және жұмбақтарды шешуді үйретіңіз» білім беру, үйрету, күмәнді сұрақтарға шешу мақалдары ұстаздың ұлы тұлға екендігін кәсіби атағынан ғана емес, сонымен қатар адамның білгір, бағыт-бағдар беретін тәжірибесінің мол, құрметке лайық адам екендігін білдіреді.

Қазақ және қытай тілдеріндегі этикет сөздерінің қолданылу тәртібінің айырмашылықтарымен бірге ұқсастықтары да бар. Алайда, екі тілде де лингвомәдени норма сақталған. Ал, бұл норманың негізгі фундаменті – әдептілік пен ізеттілік және үлкенді сыйлау болып табылады. Қазақ тіліндегі ресми қарым-қатынаста жасы үлкендерге немесе жасы кіші болғанымен лауазымы үлкен болса, оған құрметін білдірудің белгісі ретінде *Бәке*, *Әбеке*, *Сәке*, *Ереке сөздері*, мырза, ханым сияқты сөздерді пайдаланады. Қазақ және қытай халқының адамдармен тілдік қарым-қатынас жасау барысында ұқсастықтармен қатар, айырмашылықтар да жоқ емес. Әдетте, қытай халқымен әңгімелесу барысында тегі мен лауазымын қолданып сұхбаттасуға болады. Сұхбаттасушиның тегін дара қолданып сөйлесу ыңғайсыздық тудыруы себебінен, тегімен қатар лауазымын, яғни, «төрага», «директор», «мырза», «ханым», «мисс» титулдарын қолданады. Ал, сұхбаттасушиның тегін немесе титулын білмеген жағдайда оларды жай мырза – 先生 – [*xiānshēng*] немесе ханым – 女士 [*nǚshì*] апелляцияларымен атайды [78].

2. Таныстыру. Іскерлік қарым-қатынастың келесі қадамы – өзін және өзгелерді таныстыру этикеті. Берілген әдеп бойынша қытайлықтар Гу

Үйегуоның «өзін қарапайым ұстау және өзгелерді құрметтей» критерін ұстанады, яғни, өздерінің жеткен жетістіктерін, таланттары мен атақданқын ашып айтпай, қарапайымдылық танытады. Тіпті, өздерінің қарапайымдылықтарын көрсету үшін әдейі кемшіліктерін айтып жатады. «Өзгерістер кітабында» : 谦谦君子卑以自牧 [qiānqiān jūnzǐ bēi yǐ zìmù] – кішіпейіл мырза өзін қарапайым ұстайды деп айттылған. Қытай этикетінде адамдардың өз қабілеті мен мәртебесін өзгелердің алдында көрсетуі әдепсіздік болып есептеледі. Ал, керісінше, адам неғұрлым кішіпейіл де әдепті болса, соғұрлым өзі өмір сүретін ортадағы тәрбиені қалыптастыра алатындығын түсіндіреді.

Этикет ережелері бойынша, ресми кездесулерде, конференцияларда немесе жиналыстарда адамдар өздері немесе біреу арқылы танысады. Қазақ халқының да, қытай халқының да танысу барысындағы тілдік этикет нормалары ұқсас. Мысалы:

- Таныстыруға рұқсат етіңіздер, бұл – 请介绍一下, 这位是。 。
[Qǐng jièshào yīxià, zhèwèi shì。 。 。].
- Танысып қояйық! – 我们来认识一下! [Wǒmen lái rènshí yīxià!]
- Сізмырзаны танисыз ба? – 你同。。。先生认识吗? [Nǐ tóng 。 。 。 xiānsheng rènshí ma?]
- Менің әріптесім мырзаны таныстыруға рұқсат етіңіз. – 请允许我给您介绍一下, 这位是我的同事。。。先生 [Qǐng yǔnxǐ wǒ gěi nín jièshào yīxià, zhèwèi shì wǒ de tóngshì。 。 。 xiānsheng].
- Танысқаныма өте қуаныштымын! Сәлеметсіз бе, ...ханым! Мен сіз туралы көп естігенмін. Сізбен бұрынның бері танысқым келген! – 您好。。。女士! 我常听人说起您, 早就想同您认识了。 [Nín hǎo。 。 。 nǚshì! Wǒ cháng tīng rén shuōqǐ nín, zǎojiù xiǎng tóng nín rènshí le] [79, 6 б.].

Қытай тілінде 满招损，谦受益 [mǎn zhāo sǔn, qiān shòu yì] – тәкаппарлық зиянын тигізеді, кішіпейілділік пайдасын тигізеді, 树大招风 [shùdà zhāofēng] – атағы жақсы адамға сөз ереді немесе ағаш басына жел үйір, жақсы адамға сөз үйір, 抢打出头鸟 [qiǎng dǎ chū tóu niǎo] – түйенің үлкені көпірден таяқ жейді . Қытай халқы таныстыру барысында «өзгелерді сыйлау» принципін ұстанады және «болашағы зор», «әдемі» субъективті мадақтауларды қолданады. Берілген принципті қолданудың мақсаты – 先尊后卑 [xiān zūn hòu bēi] үлкенге құрмет, кішіге ізет қағидасын ұстанады.

Қытай қоғамындағы 丢脸 [diū liǎn] – өзгенің алдында беделін түсіру немесе абыройын жоғалту, ыңғайсыз жағдайға қалу мағынасын білдіреді. Ал, қытай тіліндегі 面子 [miànzi], 脸 [liǎn], демек, бет сөзінің әлеуметтік статусы өте жоғары. 面子 [miànzi], 命运 [mìngyùn] – тағдыр, 恩典 [ēndiǎn] –

кішіпейілділік сөздерінің Қытайдың іскерлік этикетіндегі алатын орны ерекше. Берілген этикет адамдардың қоғамдағы тұлғааралық қарым-қатынастарын реттеу стандарты болып табылады.

Қазақтар баланы кішкентай кезінен бастап біреудің ала жібін аттамауға, шынайылық пен шыншылдыққа тәрбиелеген. Осыған орай, қазақ халқында да «ұят», «ар-ождан», «абырой» (арабтың «аб» - «су» және «руй» - «жуз», «бет» деген сөздерінен құралған) [80, 473 б.] «қадір-қасиет» моральдық ұғымдардың алатын орны ерекше. Қазақ қоғамындағы «ұят болады» сөзі қазақ ұлты мәдениетінің жоғарғы деңгейінің көрсеткіші ретінде қолданылады. Мысалы, «Ақылың болса арыңды сақта, ар-ұят керек әр уақытта», «Өлімнен ұят қүшті», «Тәнім – жсанымның садағасы, жсаным – арымның садағасы» мақалдарынан ұят ұғымының адам өміріндегі алатын орнын көре аламыз. Абай тәрбиесін көріп өскен Шәкәрімнің басты философиялық категориясы – ар мен ұждан тұрғысынан адамның адалдығы мен әділеттілігі, ары мен қанағатшылдығына мән берген. Ақын өзінің философиялық шығармасында: «Адамда ынсап, әділет, мейірім – үшеуін қосып айтқанда, мұсылманша, ұждан, орысша совесть бар. Бұл не? Бұны істеп тұрған кім? Бұған жауап берушілер «адамшылық ары соны ұнайды» дейді. Меніңше, бұл жауап сол ұжданың солай қылғанда ұнайды деген болып шығады. Мен сол ұждан, совесть қайдан шығып тұр десем, оған жауап жоқ сияқты» – дейді [81, 30 б.].

3. Есім хат ұсыну этикеті. Қытайда есім хат ежелде пайда болған. Цинь (б.з.б.221 – 206 жж.) және Хань (б.з.д. 206 – б.з. 220 жж.) әулеттері тұсында адамдар кездесуге барған кезде аты-жөндерін жариялау үшін 謁 [yè] – танысу, есім хат, келу сөзін қолдана бастаған. 謁 [yè] келген адамның аты жазылған кездесудің рұқсат беру құжаты ретінде қолданылған. Қазіргі кезде 名片 [míngpiàn] – есім хат деп аталады. Себебі, Қытайда «құрмет көрсету» этикеті әлі күнге дейін қолданылады. Ал, 謁 [yè], 刺 [cì] – есім хат сөзіне, қағаз жасау өнері пайда болғаннан кейін 刺 сөзі бамбук чиптерінен біртінде қағаз түріне ауысты. Тан [唐] және Сун [宋] дәуірінде оқушылар ұстаздарына қонаққа барған кезде алдымен 门状 [ménzhuàng] – есім хат немесе сыйлы адамдарға барған кездегі өзі туралы жазбаша ақпарат тапсыруы қажет болуы себебінен, 刺 – 门状 сөзіне ауыстырылды. Мин [明] династиясы кезінде 名贴 [míngtiē] аталып, 名 [míng] – есім сөзімен байланыстырылды. Төртбұрышты есім хаттың ұзындығы жеті дюйм, ені үш дюйм және бетіне адамның аты үлкен әріппен жазылған (кішіпейілділікті білдіру мақсатында). Цин [清] династиясы кезінде ресми түрде 名片 [míngpiàn] – есім хат термині болған және ресми орындарда көлемі кішірейе бастады [82, 18 б.].

«Деловой этикет для чайников» еңбегінің авторы және «Etiquette Survival» компаниясының президенті Сью Фокс Азия елдерінде әскери қарым-қатынаста есім хатпен алмасу барысында мұқият болу қажет екендігін айттып, жапондық серіктесінен есім хатты артқы қалтасына салып қойғаны үшін ғана отыз мың долларлық келісімшартынан айрылған ірі компания туралы әңгімендегі мысал келтірген. Сонымен қатар берілген құжатты әмиянға салып, ал, әмиянды артқы қалтаға салмау қажеттігін және картаны мұқият алып, сұхбаттасуыша алғыс білдіріп, күртешесінің қалтасына салу керектігін ескеptken [83, 264 б.].

Қытайда есім хат адамдар туралы негізгі ақпарат жазылатын маңызды құрал болып табылады. Қоғамдық қызметте есім хатты қолдану адамның мінез-құлқын көрсетіп, жеке тұлғааралық қарым-қатынасқа түсуіне ықпал етеді. «Коммерциялық этикет» еңбегінің авторы есім хатты қолданудың жеті түрін көрсеткен:

1. Өзін-өзі таныстыру. Есім хат уақытты үнемдеп, өзін-өзі таныстырудың маңызды құралы болып табылады.
2. Қарым-қатынас орнату. Тұлғааралық қарым-қатынаста есім хат алмасу екінші тараппен байланыстырады және сол арқылы қарым-қатынасты дамытады.
3. Өзгеріс туралы хабарлау. Кarta үйдің мекенжайы және телефон номері өзгерген кезде өзгертулған ақпаратты қолдануға мүмкіндік береді.
4. Басқа жерге алғаш рет келу. Біреудің жұмыс орнына немесе кеңесіне бірінші рет келген кезде екінші тараптың администраторына есім хатты ұсына аласыз.
5. Хабарлама тізімін көрсету. Бір жерге барған кезде немесе біреуге бір нәрсені жеткізу үшін есім хатқа келе алмауының нақты себебін немесе «n.b» (постскриптумға назар аударыңыз) деп хабарлама жазуға болады.
6. Ұсыныс хат ретінде қолдану. Егер адам бір тарапты екінші тараппен таныстыруы тиіс болса, есім хатты екінші жақтың өкіліне беріп жіберу алдында телефон шалып ескеptui қажет.
7. Сыйлықпен бірге беру. Екінші тарапқа сыйлық жасау барысында есімі жазылған есім хатты сыйлық қорабына салуға немесе қыстыруға болады [19, 73 б.].

Қытай халқы есім хат алмасу үшін кездесу және қоштасу кезінде кейбір әдет-ғұрып этикеттерін ұстануға көніл бөледі. Атап айтқанда, өз есім хатты екінші тарапқа ынғайлы жағын қаратып, екі қолмен ұсынады. Ал, екінші жақ оны екі қолымен алып, құрмет көрсету мақсатында жазуларды оқып шығып, 谢谢! 很高兴认识您 [xièxie! hěn gāoxìng rènshí nín] немесе 能得到您的名片, 我深感荣幸 [néng dédào nín de míngpiàn, wǒ shēngǎn róng xìn] т.б. құрмет көрсету сөздерімен қабыл алады, ал, қабылдаған карточканы есім хат салатын қалыпқа салады немесе үстел үстіне қояды. Есім хатты

қалтаға салу, қолға ұстай, оған жату қарсы тараптың адамдарына құрметсіздік сезімін тудырады. Жасы үлкен лауазымды адамдардан визитка сұрау үшін сыйпайы түрде 李教授, 非常高兴能够认识您, 请问提后怎样向您请教呢 [Lǐ jiàoshòu fēicháng gāoxìng nénggōu rènshí nín, qǐngwèn tí hòu zěnyàng xiàng nín qǐngjiào ne] немесе 认识您真高兴, 希望以后能与您保持联系 [Rènshí nín zhēn gāoxìng, xīwàng yǐhòu néng yú nín bǎochí liánxì] деп өтініш білдіруге болады.

Қазақ халқында есім хат туралы мағлұмат болмаған, алайда М. Мағаиннің «Шыңғыс хан» атты еңбегінен қазақ халқында да берілген құжаттың аналогы болғандығын көре аламыз [84]. Тарихшының зерттеуі бойынша, Құбылай дәүіріне дейін «алтын тамға», «күміс тамға» – көлемі мен бітімі «алтын барыспен» бірдей немесе екі бетінде суреті жоқ, тек тиесілі жазуы ғана бар «жалпы алтын мөр», «жалпы күміс мөр», «алтын сұнқар» аталатын мөр-таңба, көлік қатынасына құқық куәлігі есепті «жапырақ тамға» – арнайы белгі соғылған бір жапырақ (басқа да түрлері болуы ғажап емес) қағаз болғандығы туралы айтылған: «Империя біржола орнығып, ұлыс ішіндегі, әсіресе қала тұрғындары арасындағы қатынас сипаты өзгере бастаған кезде, жекелеген тұлға – кәсіпкерлер, саудагерлер мен мал-мұлік иелері арасында меншікті мөр жасату ісі қеңінен тараған. Осындай жекеше таңба-мөрдің өзіндік үш қалыбы Құбылай қиратқан Каракорым қазбаларынан табылыпты. Бұлардың біреуі – сүйектен ойылған еken. Табаны 3-те 1, балдағы 3 см., бекітіп басарда қолға ұстайтын тұсы жіңішкеертіп жонылған hәм бау іletін дөңгелек тесігі бар. Енді біреуі – ағаштан көртілген. Табаны 3,2-де 2,1 см., ал, 2,7 см. Балдағы тұғыр үстінде жатқан қабылан кейпінде бедерленіпті. Бізге суреті мен дерегі мағлұм осы екі мөрдің екі бетінде де шағын жазба бар, әлбетте, мөр иелерінің есім-сойылын куәландағыса керек». Ал, Исаид Калашниковтың «Сұм заман» тарихи романынан есім хаттың ежелгі қазақ халқында да болғанын көре аламыз: «Жауынгерлер аман қалған хорезмдіктерді үйлерінен қуып, қала сыртына, далага жіберді. Онда олар жастарды кәрілерден, қолөнершилерді басқа халықтан бөлді. Захарий тұтқынға алынған хорезмдіктермен бірге жүріп, адамдардың жүздеріне қарап әкесі мен Фатиманың атын шақырып айгайлады. Оларды танысын деген ниетпен дұлығасын шешті, ұзын бүйра шаштары ишігина төгілді. Ара-тұра пайцзысын көрсетіп, хорезмдік емес екенін дәлелдеуге тура келді.» [85, 31 б.]. Берілген үзінді пайцзының 牌子 маңдайша, ақпаратты көрсеткіши, жасасырма, белгі, таңба мағынасында қолданылып тұрғанын айқындайды [86, 664 б.].

Ал, зерттеуші Н. Аристов Құлтегін жазуында (732ж.) түркі тайпалары хандарының таңбаларының бейнеленгенін, мұндай таңбалардың одан да ертеректегі Орхон бойынан табылған тас плиталарда кездесетінін дәлелдеді. Ол аталмыш Орхон-Енисей жазуларындағы 38 әріптің 29-ның қазақ рулары

пайдаланатын рулық-тайпалық таңбаларға ұқсас екендігін айта келе: «қырғыз-қазақ таңбаларын руларға қандай ба бір болмасын билеуші берген жоқ және қандай да бір жеке тұлға немесе жиналыс ойлап тапқан жоқ. Ол мал баққан елдің халықтық өмірінің тарихи-органикалық жемісі болып табылады...» – деп ескерткен еді [87, 31 б.]. О. Сапашев т.б. зерттеушілер таңбаны белгілі бір тұқымға немесе қауымдастыққа жататындығын білдіретін өзіндік коды бар екендігін, сонымен қатар, оның белгілі бір халықтың әлеуметтік сәйкестігін, мәртебесі мен мағынасын көрсететін символ ретінде әрекет етуін сөз еткен [88]. В. Тимошиновтің пікірінше, қазақ этносы мәдени көшпелі шаруашылық негізінде құрылған әлеуметтік мәдениет құрылымын көрсетеді. Әр тайпаның өзіндік ұраны – әдетте қаһарман ата-бабасының есімі және өзіндік тамғасы болатын, яғни, бір нәрсеге иелі етушілік белгісі. Байқауымызша, қазақтың ру-таңбаларының бастауы сонау Орхон-Енисей жазуларынан бастау алған және әрбір таңба белгілі бір рудың жеке меншігі болып есептелген. Яғни, бұл деректерден біз таңбаның Құбылай заманына дейін пайда болғанын байқаймыз. Ал, «Көне түрік таңбалары» еңбегінің авторларының зерттеуі бойынша: «таңбалар – меншік белгісі, биліктің символдық рәміздеріне айналудан бұрынырақ, көне түрік дәуірінен арғы замандарда да қолданыла бастаған. Сондықтан да символикалық белгілердің шығу тегі мен таңбалардың алуан түрлілігінің даму барысын толық түсіну үшін әуелі ежелгі дәуірлердегі деректемелерге назар аудару керектігін айтқан. Сонымен қатар, Сак-сармат дәуірінде символикалық белгілер мен таңбалар жүйелі түрде қазіргі түсініктегідей нақты өз мағынасымен көрініс табады. Басқаша айтқанда, меншік белгілерінің (жеке меншік, ру-тайпалық және т.б.) ру, тайпа, әuletтерге қатыстылығының «сыртқы көрінісі» толық айқындалады. Мал шаруашылығымен айналысатын халықтар малға ен-таңба салуды үйренді. Онда ен-таңбалар меншік құқықтарының айқын белгісі болып саналды. Тіпті, малды кездейсоқ айдал әкетсе, берілген белгілер малды тануға, оған меншік иелігін білдіре алатын заңды құжат іспетті болды» – деп көрсеткен [89, 336 б.]. Ал, қазақ халқының философиялық дүниетанымын арнайы зерттеген ғалым О. Сегізбаев қазақ халқының ой қызметінің алғашқы кезеңдерінде дүние мен оны түсіну туралы ақпаратты жинап, сақтайтын және жалғастыратын коммуникативтік функцияны атқарған модельдік-бейнелеу (тасқа қашалған суреттер) мен символдық-белгілік (таңба-ру белгілері) жүйелердің орнын басқан вербальды-дискурсивті ойлау ортағасырларда қалыптасқанын айтЫП, «енді басты рөлді халықтың ауызекі тілі атқара бастады, бірақ бұл тұрмыстың коммуникация функциясының аумағынан шықпайтын тіл емес, адамдардың араласуының шығармашылық формасына тән дискурсивтік, яғни, пайымдық тіл еді. Вербальды-дискурсивті дамудың негізгі құралы – тіл, дыбыстық сөз» – деп атап

көрсетеді [90, 15 б.]. Демек, есім хат пен таңбаның ақпараттық көрсеткіш және шыққан тегін анықтайтын құжат ретінде ортақ элементтерін, сонымен қатар есім хаттың таңбадан бұрын алғаш рет ежелгі Қытайда пайда болғанын аңғарамыз.

8. *Қол алысу этикеті*. Іскерлік қарым-қатынас орнатудың ең алғашқы кезеңінде қытай халқы құрмет көрсету мақсатында қарым-қатынастың вербалдық түрлерін қолданып, бір-бірімен қол алысып немесе бас иіп амандасады және өздерін ресми түрде салмақты, ұстамды кейпінде ұстайды. Қытайлықтармен алғаш танысу барысында тіпті күлімсірейтін жағдай болса да езу тартпайды. Сұхбат барысында қытайлықтар өздерінің өзгелермен достық қарым-қатынас орнатуына дейін есімін атауға рұқсатын бермейінше, тегі мен ресми түрдегі лауазымын қолданып сөйлесу қажет. Ал, қазақ халқының іскерлік қарым-қатынасы барысында ер адамдар көбіне бір-бірімен қол алысып амандасады. Жалпы, екі елдің халқы да кездесу барысында, өз ұлттық менталитетіне, болмысына сәйкес сұхбаттасады. Сәлемдесу этикетін жүзеге асыру барысында қытай халқы *去哪儿? [qù nǎr?]* – қайда барасыз?, *最近忙什么? [zuijìn máng shénme?]*, *身体还好吗? [shēntǐ hái hǎo ma?]*, *从哪儿来? [cóng nǎr lái?]* – қайдан келесіз? деп өздерінің қамқорлығы мен мейірімділігін білдіреді. Іскерлік коммуникация барысында ағымдағы оқиғалар, ауа райы т.б. жағдайлар туралы шынайы әңгімелеседі [91, 151 б.].

9. *Сәлемдесу этикеті* – іскерлік қарым-қатынастағы ең басты алғышарты. Қал-жағдай сұрау әдебі әр халықта болғанымен, салты әртүрлі.

Адамдар келген қонақтармен негізгі мәселеге көшпес бұрын амандасып, жай сұрасып, іс-сапарға келген қонақтарды қарсы алғанда өз этикет қағидаларына сүйеніп сәлемдеседі (әуежайда, вокзалда немесе офисте).

Шаршы топта сөз бастау қыын:

Тауып айтсан, мереке қылады,

Таппай айтсан, келеке қылады – деп Досбол шешен айтқандай [92, 592 б.], – халық қашан да сөз бастауға ерекше мән берген. Кез келген сұхбат немесе келіссөз сәлемдесуден басталады. Қытай халқы хал сұрау барысында өздері бірінші қолын ұсынып амандасады. Сонымен қатар, күлімсіреу және бас изеп сәлемдесу де ым-ишарат жоралғысы болып табылады. Қазақ халқы сәлемдесуге ерте кезден-ақ үлкен мән берген және сәлеміне қарай жауап берген. Іскерлік этикеттегі амандасудың негізгі түрлеріне:

- *Армысыздар!*
- *Сәлеметсіз бе?* – сөздері жатады.
- *Қазақ – үрпағын кез келген адамды құрметтей білуіне үйретеді:*
- *Ассалаумагалейкум!*

Мұны көптен көрмеген ауыл ақсақалдары жамырай сәлем алысып, кейбіреулері құшақтап бетінен сүйіп жатыр. Алғашқы абыр-сабыр басылған кезде, осы ауылдың ендігі улкені бұл күнде сақал-шашы мол агарып кеткен Төлеубай:

– Сау-саламат келдің бе шырагым? Оқудан қайттай кешіккенге, көңілі құргып әрнеге бір жорып, қорқыңқырап қалып ек. Қазір заманың өзі де «қәне, қайсысыңды қып түсейін» деп ұстараның жүзіндей қылтылдан тұрған жоқ па... Жақсыдан қалған көз едің, аман-есен оралғаның дұрыс болған еken, балам! – деп бәрінің атынан басалқы сөз айтты (К. Жұмәділов).

Немесе:

Серкебай төрге жайгасып болған соң, әжемнің қал-жасадайын сұрады.

– Аманбысыз, әпке. Ауру-сырқаудан саумысыз? Қөңіліңіз жайлыша?

– Құдаіға шүкір, шырагым, – дейді әжем де елжіреп (Б.Момышұлы).

Қазақ халқы бір-бірімен амандасқанда ассалаумағалейкүм («әлек» - «уалейкүмассалам» (уа алайкүм ассалам) деген жауап сәлемінің қысқарған түрі. Жалпы, арабшадан аударғанда «сәлем» сөзі – «бейбітшілік», ал «ғалайкүм» сөзі – сендерге (саған) деген мағынаны білдіреді. Бұл сәлемдесу, негізінен, жай жағдай сұрасу ғана емес, адамның бір-біріне дұға қылуы деп айтуға да болады. Әйткені, әс-Сәлем – Алланың 99 көркем есімінің бірі. Сондықтан біз мұсылмандар «ассалаумағалейкүм» деп айтқанда, оған Алланың сәлемін, тыныштығын тілеген боламыз.) [93] және уағалейкүмассалам (амандасқан адамның сәлемін қабыл алу ретінде қайтарылатын жауап) [64, 849 б.] деген сөздердің қолданады, оның алғашқысын жасы кішілер әрқашан да бірінші болып жасы үлкендерге айтады да, үлкендер уағалейкүмассалам деп жауап береді. Осы сөздердің бір-біріне айтқаннан кейін әрқашанда мал-жанның амандығын жасы үлкен қазақ жасы кішісіне міндетті түрде: «мал-жаның, бала-шағаң аман ба?» деп сұрайды. Бұған жасы кіші қазақтың тарағынан айттылатын жауап: «Құдаіға шүкір, өз мал-жаныңыз да есен бе?». Осылай сәлемдесіп, мал-жанның амандығын сұрау тіпті мұлде бейтанис, бір-бірімен алғаш жүздесіп тұрған қазақтардың арасында да міндетті болып табылады [94, 236 б.].

Қазақ халқы берілген сөздердің қолданып, ағайын-туыс, дос-жаран, үлкен-кіші, әріптестер, көрші-көлеммен амандасып, хал сұрасады. Ал, уақытқа байланысты:

- Қайырлы таң!
- Қайырлы күн!
- Кеш жарық!
- Қайырлы кең!
- Қайырлы тұң!

- сияқты сәлемдесу формаларын қолданып отырады. Мұндағы «қайырлы» сөзі – қайыры, шапағаты мол мағыналарын білдіреді.

Қайырлы күн (*таң, кеш*) – күннің қай мезгілінде кездескеніне қарағай айтылатын сәлемдесу рәсімі. [64, 457 б.]

Аспан асты елі жалпыға ортақ Еуропаның іскерлік этикет нормаларына бейімделуде. Әйтсе де, қытай халқының көптеген корпоративтік мәдениеті сонау Конфуций доктринасынан бастау алғып, әлі күнге дейін жалғасын табуда. Қытай – ежелгі «конфуцийшілдік» дәстүрді ұстанған сыпайы, кішіпейіл және қонақжай халық. Қытай халқының дәстүрлі мәдениеті белгілі бір үрдістер мен рәсімдерге сүйене отырып жасалады. Оның қарастыратын негізгі мәселесі – адамдар арасындағы қарым-қатынас, тәрбие мәселелері. Осылан орай, тең орта, адамгершілік және өзара сүйіспеншілік ұғымдарына мән береді. Сонымен қатар, осы үш ұғым бірігіп, даоны құрайды. Өр адам осы даоның жолымен өмір сұруі қажет [95, 14 б.].

Қытай мемлекетінің өкілдері осыдан 2000 жыл бұрын бір-бірімен қолдарын қеуделеріне қойып немесе иіліп сәлемдесетін болған. Бұл ишаратты қолдануда дәрежесі төмен адам дәрежесі жоғары адамға иілген, немесе, сол алақанына оң жұдырығын қойып, басын сәл иіп амандақан. Қазіргі уақытта «Батыс қоғамына еліктеу» әсерінен бұл дәстүрлер өте сирек қолданылады. Қытайдағы күлімсіреу және бас изеу арқылы да амандық сұрау – олардың амандасу барысындағы ым-ишарап білдіру жоралғысы болып табылады.

Ал, ауызекі сөйлеу тілін қолдану арқылы «сәлемдесу» этикетіне сәлемдесудің төмендегідей ерекше түрі дәстүр есебінде әлі күнге дейін сақталып қалған. Қытай халқы әлі күнге дейін *你吃饭了吗?* [*Nǐ chīfànle ma?*] – *Тамақтандың ба?* [96, 14 б.] сөзін дәстүрлі түрде қолданып келеді. Алайда, бұл әрекеттің сұхбаттасуышының тамақ ішкен-ішпегендігіне еш қатысы жоқ. Бірақ, жауап беру барысында сыпайы түрде *是的, 谢谢。你呢?* [*Shíde, xièxie. Nǐ ne?*] – *Ия, рахмет. Сен ше?* деп жауап берген жөн. Сәлемдесудің бұл түрі – қытайлықтардың білдірген сыпайылығының белгісі, европалықтардың қалыңыз қалай? деген сөзіне сәйкес келеді. Сұхбаттасуышыдан тамақтанғаны туралы сұраудың тарихы ерте замандағы ашаршылық заманынан бастау алған. Егер де сұхбаттасуыш тамақтанған болса, онда «*киімі көк, тамағы тоқ*» дегенді, жағдайының жақсы екендігін білдіреді.

Қытай тіліндегі кең таралған сәлемдесу түрі – *你好!* [*Nǐ hǎo!*] – *Сәлем!* Бұл сөз *сен* және жақсы сөздерінен құралады. Ол сөзбе-сөз аударғанда *сен* жақсы мағынасын білдіреді. Бұл дегеніміз, сұхбаттасуыш сенің жақсы болғаныңды қалайды деген сөз.

– *Қош келдіңіздер, құрметті қонақтар!* – *яени, 欢迎贵宾光临!* [*Huānyíng guībīn guānglín!*]

– *Сізді көргеніме өте қуаныштымын* – *很高兴见到您!* [*Hěn gāoxìng jiàndào nín!*]

– Компаниямыздың атынан сіздердің делегация мүшелерін қарсы алуға рұқсат етіңіздер. – 请允许我代表我们公司向贵我代表团全体成员表示欢迎 [Qǐng yúnxí wǒ dàibiāo wǒmen gōngsī xiàng guì wǒ dàibiāotuán quántí chéngyuán biǎoshì huānyíng.]

– Қалай жеттіңіздер? Жақсы жеттіңіздер ма? Жолдан шаршаған боларсыздар? – 路上怎么样？一路上还顺利吧？路上辛苦了吧？[Lùshang zěnme yàng? Lùshang hái shùnlì ba? lùshang xīnkǔ le ba?] [79, 6 б.] - деп сәлемдесу арқылы іскерлік этикет аясында қонақжайлыштың таныта алады.

Қазақ халқының іскерлік қарым-қатынасындағы сөйлеу этикеті қытай тіліне ұқсас. Себебі, екі мемлекеттің халықтары келген қонақты жылды жүзбен, аса мейірімділікпен қарсы алады. Ал, айырмашылығына келетін болсақ, қазақ халқында ер адамдар бір-бірімен қол алысып амандасады, ал, әйел адамдар бір-бірімен ауызша сәлемдеседі. Ер адам мен әйел адам амандассады, ер адам бірінші болып әйел адамға қолын беруі жөн. Қазақ халқында жасы кіші адам үлкен адамға бірінші қолын беріп амандасады. Екі жаққа ортақ нәрсе – ізеттілік, сыпайылық, тек қана ресми қарым-қатынас. Искерлік этикет жағдайында дауыс ырғағын күшету, көп және мағынасыз сөйлеу, саяси және діни тақырыптарды қозғау этикетке сәйкес еместігі әсерінен коммуникативтік шиеленіс тудыруы мүмкін.

Өтініш білдіру. Құнделікті өмірде және жұмыс барысында басқа адамдардан өтінетін немесе мүмкіндік сұрайтын кездер болады. Өтініштің мазмұны және қолдану тәртібі әртүрлі. Алайда, өтініш білдіруде жақсы нәтижеге жету үшін сыпайы, «қарапайымдылық» және «ізет» этикетіне тән сөздер қолданылады. Мысалы, 麻烦[máfan] – мазалау, өтіну, 劳驾 [láojià] – өтінемін。 。 。 ， 可以。 。 。 吗？ [...болады ма?] т.б. Кей кездері 互利 [hùlì] – ортақ пайда немесе 桥梁 [qiáoliáng] – көпір» арқылы да өтініш білдіруге болады. Өтініш білдіру сөздері әдетте басқалардан көмек сұрағанда немесе біреуге бір затты сеніп тапсыру кезінде қолданылады. Мысалы: 请教 [qǐngjiào] – айтыңызшы..., 劳驾 [láojià] – өтінемін..., 借光 [jièguāng] – мазалағаным үшін кешіріңіз..., 拨冗 [bōrǒng] уақыт бөлуіңізді өтінемін..., 请稍候 [qǐng shāohòu] – кішкене күте тұрыңыз..., 请安静 [qǐng ānjìng] – тыныштық сактаңыз, 请勿喧哗 [qǐng wù xuānhuá] – шуламаңыз, 请让一下 [qǐng ràng yīxià] – рұқсат етіңіз, 有劳大驾 [yǒuláo dàjià] – мазалағаным үшін кешіріңіз, 王鼎力相助 [wáng dǐnglì xiāngzhù] – сіздің көмегіңізбен, 拜托 [bàitūō] – мархабат, өтініш, 请多关照 [qǐng duō guānzhào] – көңіл бөлу, «请您费心 / qǐngnín/өтінемін», «请您帮我办一件事 / qǐngnín bāng wǒ bàn yījiàn shì / маған бір жұмысты істеуге көмектесесіз бе?» т.б. Сонымен қатар, кешірім сұрау этикеті жалтару мағынасына да ие. Мысалы, 对不起，没法替您办这件事，承您的美意，但

是。。。 [duìbuqǐ, méifǎ tì nín bàn zhè jiàn shì, chéng nín de měiyì, dàndì...] – кешіріңіз, бұл жұмыста мен сізді алмастыра алмаймын, сіздің сеніміңізге рахмет, бірақ... т.б. [35, 20 б.]. Қытай тілінде 请 [qǐng] – өтініш білдіру сөзі жалғыз етістік ретінде өтініш білдіру мақсатында қолданылады. Сонымен қатар басқа зат есім, етістіктермен бірге қолданылып, семантикалық құрылымына байланысты әртүрлі сипаттағы 请求 [qǐngqíú] – өтініш білдіру мағыналарында қолданылады. Мысалы, зат есіммен қолданғанда: 请客 [qǐngkè] – қонақ шақыру, 请医生 [qǐng yīshēng] – дәрігер шақыру, 请他来 [qǐng tā lái] – оны шақыру, етістікпен, 款待 [kuǎndài] – жылы қарсы алу, 找 [zhǎo] – іздеу, 叫 [jiào] – шақыру мағыналарында қолданылады, 请 сөзінің алдына модификаторлар қойылса, басқа мағынаны білдіреді. Мысалы: 邀请 [yāoqǐng], 聘请 [pìnqǐng], 约请 [yuēqǐng] – шақыру, 催请 [cūiqǐng] – қайта шақыру (қонаққа) т.б. Етістіктің алдына 请 сөзі қойылатын болса, құрмет көрсету мағынасын білдіреді. Мысалы, 请坐 [qǐngzuò] – отыруыңызды сұраймын, 请吃 [qǐngchī] – тамақ алыңыз, 请稍候 [shāohòu] – кішкене күте тұрыңыз т.б. [35, 98 б.].

Алғыс айту – бір адамның екінші адамға білдірген ризашылығы мен рахметін айту немесе жақсы тілегін білдіру әдебі. Берілген этикет әр халықтың дәстүрінде кездеседі және әртүрлі ортада – отбасында, қызметте, құрбы-құрдас, дос-жаран, туган-туыс, үлкен мен кіші т.б. коммуниканттардың арасында қолданылады. Адамдар біреуге жақсылық жасаған немесе қол ұшын тигізген кезде алғыс алады. Ал, көмек алған адам өз ризашылығын білдіріп, ақ тілегін жаудырады. Қазақ халқында «алғысқа ие болған адам құрмет пен қошеметке ие болып, бақытты өмір сүреді» – деген ұғым бар. Яғни, алғыс айту – сыйластыққа негізделген тілдік әдеп ретінде жүзеге асырылады.

Қытай халқы байырғы заманнан бері ұлттық құндылықты субъектілер арасындағы вербалды қарым-қатынаспен байланыстырыған. Қытай мәдениетіндегі сыйластық принципінің тілдік коммуникацияғы алатын орны өте маңызды. Этикет – коммуникатор мен коммуниканттың арасындағы достық қарым-қатынасты нығайтуға негізделуі тиіс. Ертеде Чжао Гунның рәсімдер жазбасында «Цзы Тай шу Чжасо Цзянь Цзыны көрген сәтте одан адамдардың бір-бірімен амандасуы мен қарым-қатынасы рәсімі жайлы сұрайды. Ол оның рәсім емес, ресми салт-дәстүр екендігін айтады. Цзян Цзы – Цзы Тай шу-дан «Кешіріңіз, рәсім дегеніміз не?» – деп сұраган жауабына Цзы Тай шу – «Марқұм дафу Цзы Чань айтқан, Рәсім – аспан қозғалысына, жердегі тәртіпке және халықтың іс-қимыллына негізделген. Егер де аспан мен жер қимылы үздіксіз қозғалыста болып, сонымен қатар, халық оны үлгі ретінде алатын болса, үндестікте өмір сүреді. Ал, егер де оларды орынсыз қолданатын болса, онда,

барлығының орындары ауысып, халық өзінің табиги қасиетін жоғалтады» – деп жауап берген [97, 382 б.]. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, ежелгі қоғам дәстүрі этика – рәсім принциптеріне негізделген. Ал, адамдар арасындағы коммуникация үйлесімділігін арттыру үшін тілдік қарым-қатынас кодексі мен критерийлерін ұстану қажет. Себебі, коммуникация барысында жүрегі таза адам сұхбаттасуышыларға да достық қарым-қатынас жасайды.

Қазақ және қытай халықтарында алғыс айтуға байланысты қанатты сөздердің пайда болуы сол елдің ішкі факторларымен тығыз байланысты. Мысалы, қытай тілінде – 感恩是精神上的一种宝藏 [gǎnēn shì jīngshén shàng de yī zhǒng bǎozàng] – алғыс – рухани қазына» – деп құндылыққа теңесе, қазақ халқы – «алтын алма, алғыс ал: алтын деген жер сыйы, алғыс деген ел сыйы» – деп, алтыннан да қымбат, баға жетпес байлыққа теңеген. Алғысты коммуниканттар ресми және бейресми қарым-қатынас түрлерінде жүзеге асырады. Яғни, қоғамдағы адресанттың адресаттың көмек көрсетуіне, жақсылық жасаудың түсіністік көрсетуіне, көңіл бөлуіне, қолғабыс тигізуіне т.б. шынайы ризашылық білдіруі немесе істеген жұмыс нәтижесіне оң баға беру әдебі. Қазақ тіліндегі алғыстың жиі қолданылатын түрлері – *рахмет*, үлкен *рахмет*, көп *рахмет*, үлкен алғыс *білдіремін*, алғысым *шексіз* т.б., ал, қытай тілінде – 谢谢 ![xièxie!] – *рахмет!*, 多谢 ! [duōxiè!] – *көп рахмет!*, 非常感谢 ! [fēicháng gānxiè!] немесе 十分感谢 ! [shífēn gānxiè!] – *алғысым шексіз!*, 衷心感谢 ! [zhōngxīn gānxiè!] – *шын жүректен алғыс білдіремін!* т.б. түрлері бар.

Коммуникация барысында адресант кез келген адресаттың көрсеткен көмегіне өз ризашылығын білдіруі тиіс. Жай ғана «рахмет» сөзін дұрыс қолдану сұхбаттасуышының көnlіне қуаныш сыйлайды. Қазақ тіліндегі алғыс айту формаларының түрлері шексіз. Ризашылық білдіру формалары – *Рахмет!* Мен сізге өте ризамын! Көңіл бөлгениңізге *рахмет!* Шын жүректен алғысымды айтамын! Көмек көрсеткеніңіз үшін алғысым шексіз! Мың алғыс! Мен сізге алғысымды қалай жеткізетінімді білсеңіз! т.б. Ал, өз кезегінде адресат сұхбаттасуышыға – Оқасы жоқ. Бұл менің парызым. Көмек беруге әрқашан дайынмын! Көмектескеніме қуаныштымын! т.б. деп жауап қайтарады. Ал, қытай тілінде:

谢谢你的帮助! [Xièxie nǐ de bāngzhù!] – Көмек көрсеткеніңіз үшін *рахмет!*
感谢你的关心! [Gānxiè nǐ de guānxīn!] – Қолдау көрсеткеніңіз үшін алғыс *білдіремін!*

谢谢, 你太客气了! [Xièxie, nǐ tài kèqì le!] – *Рахмет, Сіз өте мейірімді жансыз!*

谢谢你们的邀请 ! [Xièxie , nǐmen de yāoqǐng!] – *Шақырганыңыз үшін *рахмет!**

拜谢! [bàixiè!] – *алғысым шексіз!*

敬谢! [jìngxiè!] – үлкен алғыс!

谢谢您的宝贵意见! [Xièxie nín de bǎoguì yùjiàn!] – База жетпес пікіріңіз үшін раҳмет! т.б. түрлері қолданылады.

Ресми қарым-қатынаста алғыс айтудың түрлері іскерлік жағдаят сипатына байланысты қолданылады. Әдеп сөзін қолданудың басты мақсаты – сұхбаттасуышыға жағымды әсер қалдыру. Мысалы, қазақ және қытай тілдеріндегі іскерлік этикеттегі алғыс айту бірліктерінің түрлері:

谢谢关照, . . . 先生! [Xièxie guānzhào, . . . xiānsheng!] – ...мырза, қолдау көрсеткеніңіз үшін раҳмет!

谢谢您的周到安排! [Xièxie nǐ de zhōudǎo ānpái!] – Жақсы (жсан-жакты) үйымдастырғаныңыз үшін алғыс білдіреміз!

谢谢你的热烈欢迎! [Xièxie nǐ de rèliè huānyíng!] – Ыстық ықыласпен қарсы алғандарыңызга раҳмет!

让我以我公司的名义，对贵公司的热情招待表示衷心的感谢! [Ràng wǒ yǐ wǒ gōngsī de míngyì , duì guì gōngsī de rèqíng zhāodàì biǎoshì zhōngxīn de gǎnxiè!] – Сіздердің компанияларыңыздың ыстық ықыласпен қарсы алғанына өз серіктестігімнің атынан алғыс білдіруіме рұқсат етіңіз! [79, 90 б.] т.б.

Алғыс айту ережелері – отбасында немесе ұжымдарда адамдардың бір біріне сыйластық білдіру мақсатына негізделген этикет түрі. Алайда, кез келген этикет формалары ұлттық мәдениет көрінісі болып табылады. Тілде қолданылатын қарым-қатынастың тұрақты тіркесінде әрбір халықтың қайталанбас әдет-ғұрпы мен тұрмыс-салты көрініс табады [98].

Кешірім сұрау этикеті біреуді ренжіткенде, өкінгенде, кездесуге кешіккенде, қатесін түсінгенде, орынсыз сөйлегендеге, біреудің сөзін бөлгенде, себепсіз мазалаған жағдайда, қылмыс жасағанда, сенімсіздік білдіруде т.б. жүзеге асырылады. Кей кездері кешірім сұрау әдебі қаратпа сөз ретінде де қолданылады. Сөйлеу мәдениетін жүзеге асыруда қолданылатын құрылымдар ерекшелігіне қарай конативтік және эмотивтік қызмет атқарады.

Қазақ халқы баланы кішкентай кезінен бастап біреудің ала жібін аттамауға, шынайылық пен шыншылдыққа тәрбиелеген. Сондықтан да, қазақ халқының өмірінде ар, ұят, ождан сөздерінің алатын орны ерекше. Қазақ қоғамындағы ұят болады сөзі қазақ ұлты мәдениетінің жоғарғы деңгейінің көрсеткіші ретінде қолданылады. Ол үлкен мен кішінің, жас пен көрінің, ата-ана мен бала-шағаның қарым-қатынасын, таныстардың, туысқан мен туғанның, ер адам мен әйел адамның, әріптестер мен құрбы-құрдастың т.б. сыйластығының өлшемі іспеттес. Берілген сөздердің қытай қоғамында да алатын орны ерекше. Қазақ және қытай тілдерінде қолданылатын тіл мәдениетінің өз әдет-ғұрпы мен ұлттық менталитетіне сәйкес тұрақты формуулалары бар. Қазақ тілі әдепке қатысты тілдік

бірліктерге өте бай. Мысалы: *кеширіңіз*, *кеширім өтінемін*, *гафу етіңіз*, *айып етпеніз*, *айыпқа бұйырмаңыз*, *мен кінәлімін*, *бұдан былай сізді ренжітпеймін*, *сізді күттіргеніме кешірім сұраймын*, *сіздің өтінішінді орындаи алмазаныма кешірім сұраймын*, *кешіккеніме кешірім өтінемін*, *осынша ғуреге салғаныма кешірім өтінемін*, *ренжімеңіз*, *өкпелемеңіз*, *ашуланбаңыз*, *мен сізді ренжіткім келмеді т.б.*

Этиket тәртібі қолдану аясына және жағдайдың туындауы мен дамуына орай өзгеріп отырады. Қазақ тіліндегі берілген әдептің ең көп қолданылатын түрі – *кеширіңіз*, *кеширім сұраймын*, *кеширім өтінемін* сөздері. Берілген сөздердің мағынасы қытай тіліндегі – 对不起 [*duìbuqǐ*] – *кеширіңіз*, 请原谅 [*qǐng yuánliàng*] – *кеширім өтінемін* сөздерінің қолданылуымен бірдей. Аталған сөздер этикеттің ауызша және жазбаша формалды түрлері. Сонымен қатар сыпайы сөйлеу әдебі адресанттың адресатқа өзінің істеген кінесін сезіну, өкініш білдіру мақсатында қолданылатын тіл бірлігі болып табылады.

Коммуниканттар сөйлеу әдебін қоғамдағы іс-әрекеттерін реттеу мақсатында сыпайы түрде қолданулары тиіс. Алайда, аталған сөздер тек адамның қателік жасап, кінәлі болуын білдірмейді. Сонымен қатар, адресанттың адресатқа көңіл бөлуі, оның назарын өзіне аудартуы үшін қаратпа сөз ретінде де қолданылады. Бұл жағдайда адресат адресанттың өтінішіне немесе сұрағына жауап береді. Мысалы, қазақ тіліндегі – 对不起 [*duìbuqǐ*] – *кеширіңіз*, 请原谅 [*qǐng yuánliàng*] – *кеширім өтінемін* сөздері кешірім сұрау мақсатында және адресаттың назарын аудару немесе ескерту үшін қолданылады. Бұл жағдайда адресат адресанттың өтінішіне немесе сұрағына жауап береді. Мысалы, 对不起, 我来晚了 [*duìbuqǐ, wǒlái wǎnle*] – *кеширіңіз*, мен *кешигіп келдім*. Ал, адресат адресантқа 没事儿, 没事儿 [*méishìr méishìr*] – ештеңе етпейді, 没关系 [*méi guānxì*] – оқасы жоқ, 没有问题 [*méiyǒu wèntí*] – ештеңе етпейді, сөз емес немесе 问题不大 [*wèntí bùdà*] – айтарлықтай мәселе емес, яғни, сөз емес сөздерін қолдану арқылы жауап береді. Қазақ тілінде мұндай мәселе туындаған жағдайда адресат адресантқа ештеңе етпейді, ештеңе қылмайды немесе оқасы жоқ деп жауап береді.

Жоғарыда атап өткендей, тілдік коммуникация бірнеше компоненттен тұрады. Олар – адресант, хабарлама, мәтін, адресат және тіл. Яғни, тілдік коммуникацияны жүзеге асыру үшін берілген ережеге сәйкес шарттарды қолдану қажет. Коммуникация барысында адресант белгілі бір мәтіннен туындаған хабарламаны адресатқа жібереді, яғни, берілген мәтінді түсіне отырып, хабарламаны қабылдайды. Әдетте, әдеп формасын орнымен қолдану коммуниканттардың сыпайы тілдік байланысқа түсіне жағдай жасайды. Ал, бір нәрсе дұрыс болмаған жағдайда:

- *Кешіріңіз!* – 对不起 [*duìbuqǐ*];
- *Мархабат* – 劳驾 [*láojià*] сөздері қолданылады.

Қытай халқы іскерлік кездесу кезінде – келіссөздер тақырыбына қатысты ақпарат жинауға және «*достық рухын*» орнатуға үлкен мән береді және оны келіссөздер жүргізетін серіктестердің жақсы қарым-қатынастарымен ғана сәйкестендіреді. Қытай халқы іскерлік қарым-қатынас кезеңдерін, яғни, келіссөздердің бастапқы позициялары қорытынды кезеңін талқылауды нақты ажырата алады. Келіссөзді жүргізу кезінде олар бірінші болып өз қозқарастарын білдіріп, ұсыныстар жасамайды және келіссөзді өз өз елінде, тіпті өз үйінде өткізгенді ұнатады. Келіссөз жүргізу процесін «*қонақ өз козқарасын білдіруи тиіс*» деген қағидаға жүгіне отырып, бірнеше күннен бірнеше айға дейін созуы да ғажап емес [99, 80 б.] .

Қоштасу. Қоштасу сөздері қарым-қатынас процесінің аяқталуын білдіреді. Көбіне кештің немесе кездесудің соңында қолданылады. Қоштасу барысында қолданылатын сөздердің де өзіндік еркешеліктері бар.

Қытай тілінде қоштасудың үш түрі бар. Олар:

1. Қонақ пен үй иесінің қолданатын сөздері. Қытай халқының салты бойынша үй иесі қонақтарды орнынан тұрып, қақпадан шығарып салады. Үй иесі қебіне 慢走 [*mànzōu*], 请慢走 [*qǐng mànzōu*], 有空请来玩儿 [*yǒu kòng qǐng lái wánr*] сөздерін қолданса, қонақтар 别送了 [*bié sòng le*], 请留步 [*qǐngliúbù*] деп қоштасады. Үй иесі мен келген қонақтар тығыз, достық қарым-қатынаста болған жағдайда, үй иелері қонақтардың туысқандарына сәлем жолдауы мүмкін.

2. Таныс туыстар мен достардың жолда немесе басқа да қоғамдық орындарда кездесіп қалуы. Қоштасу барысында екі жақ 有空了上我那儿去! [*yǒu kòng le shàng wǒ nà qù*], 代向你家里人好! [*dài wèn nǐ jiālirén hǎo*] деп қоштасады.

3. 再见 қебіне жақын араласпаған немесе жаңа ғана кездескен адамдар арасында қолданылады. Соңғы кезде жастар батыс мемлекеттерінің әсерімен ағылшын тіліндегі 拜拜 [*bái bái*] – bye bye сөзін де жиі қолданады.

Қытай тіліндегі қоштасу сөздері қытай халқының әдет-ғұрпының көрінісі. Қытай тіліндегі қоштасу сөздері қытай қоғамы туыстар мен достарға көніл білдіруін, ал, шағын қауымдастық қарым-қатынасының салыстырмалы түрде жақын екендігін сипаттайды.

2.2 Қазақ және қытай тілдеріндегі отбасылық/家庭 этикет нормалары.

Көшпелі қазақ халқы ерте кезден өзіне тән тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрі мен мәдениетін, діні мен ділін, мінез-құлқын, сыйластығы мен ізеттілігін қалыптастырған. Қазақтардың өміріндегі қай кезең болсын, негізгі тәрбие көзі – отбасы. Бұл туралы педагог ғалым Е. Сағындықұлы: «Отбасы адамның туған ошағы, кімге болса да қымбат ұғым. Отбасы

ғасырлар бойы қалыптасқан адам баласының ең жақын топтарының бірлесіп өмір сүретін мекені. Онда адам алғашқы тәрбиені қабылдап, алғаш рет өмір туралы, ұжым туралы ұғым қалыптасады. Сондықтан, отбасы адам үшін ең жақын әлеуметтік орта» деп көрсеткен [95, 14 б.].

Қазақ және қытай халықтары отбасылық құндылықтарды жоғары қойған. Атап айтқанда, отбасындағы қарияларды сыйлау, кішілерге ізет көрсету, ерлі-зайыптылар арасындағы сыйластық болашақ ұрпақты мейірімділік пен адамгершілікке тәрбиелеу ежелгі кезден басты мақсат болып табылған.

Қазақ халқы көптеген таңқаларлық және даналыққа толы дәстүрлерді сақтап қалған. Қошпендерділер Ұлы Дағына отырып, адамның өмірінің құндылықтарын кішкентай кезінен көзінің қарашағындағы сақтай білген. Өмір сүрген дәуірі мен жағдайларына қарамастан, «Алты жыл аш болсаң да, атанаңың салтын ұмытпа» деп мақалда міндеттелген бабалар міндетін бұлжытпай орындаған. Зерттеуші Қ. Есенова қазақ отбасыларында үйдегі әрбір орынды отбасы мүшелерінің мәртебесіне, жынысына, жасына қарай белгілейді. Мысалы, төр ең құрметті орын болып есептелетіндіктен, осы орынға үйдің үлкені, ақсақал, немесе қария отырғызылады. Ал сол үйдің ас әзірлейтін бөлігінде негізінен жастар, келіндер немесе балалар жүреді. Ауқатты, бай отбасыларында берілген жұмысты арнайы жұмысшылар (құлдар, қызметшілер) атқарады. Осыған байланысты қазақ тілінде сауатсыз, оқымаған, қарапайым өмір сүретін әйелге қатысты отбасы, ошақ қасында сөздері қолданылған. Ал, таңдан кешке дейін тынымсыз еңбек ететін адам туралы «отымен кіріп, күлімен шықты» сөзі айтылған. Берілген сөз «отынымен кіріп, күлімен шықты» мағынасының толық нұсқасы болып есептеледі [100].

Этнографиялық сөздікте отбасы – әке-шеше, бала-шага және басқа да жанұя мүшелерінен тұрады. Яғни, қазақи ортада ері, әйелі, бала-шагасы және т.б. мүшелері бар жанұяны отбасы деп аталатындығы жазылған. Адам өмірге ұрпақ әкеліп, оны тәрбиелеп өсіру үшін отбасын құрады, ал, отбасының негізін еркек пен әйел арасындағы некелік одақ құрайды. Отбасында адам дүниеге келіп, ұрпақ жалғастығы орын алатындықтан, ол кез келген қоғамда маңызды роль атқарады. Дәстүрлі ортада сәби дүниеге келісімен оны тәрбиелеуді отбасының басты міндеті санаған. Өйткені, бала ең алғаш дүниеге келгенде отбасында жан-жағымен танысып, мінез-құлық нормаларын игере бастайды. «*Отбасы – тәрбие бастауы*», «*Ұяда не көрсе, үшқанды соны іледі*» деген сөздер осыған байланысты айтылса керек.

Классикалық неміс философиясының өкілі Кант отбасы мәселесін қарастыра отырып, ондағы адамдардың құқықтың мәселелеріне көп көңіл бөлген. Фихте – отбасының негізі махаббат десе, Гегель бірінші болып отбасы мен некенің тарихи формаларын көрсеткен.

Отбасылық этикет адамдардың күнделікті өмірінің барлық саласында қолданылатын норма. Берілген әдепке – адамдардың бір-біріне көніл бөлуі үлкендердің кішілерге берген тәлім-тәрбиесімен тығыз байланысты. «Отбасы ошақ қасы» – адам баласының тәрбие мен өнеге алатын әлеуметтік ортасы болып табылуы себебінен пайда болған іспеттес. Себебі, қазақ отбасында дүниеге келген бала дүниеге келгеннен бастап, ата-анасының ықпалы мен көмегіне сүйене отырып, отбасы тәрбиесін алуға ұмтылады.

«Корқыт ата» кітабында кездескен нақыл сөздер мазмұны отбасы әдебін айшықтайды. Мысалы: *Инабатты болса, әйел көрікті. Ақ сақалы жарасқан шал көрікті. Үлкен шаңырақтың қасында отау көрікті. Өнегелі болса, бала көрікті. Ананың хақы – құдайдың хақы. Күйеу бала – ұл болмайды. Ұл – атаның ері, екі көзінің бірі. Қыз ақылды ескермес, ана үлгісін көрмесе. Әдепті сөйле де тыныш отыр. Қыз анадан үйренбей, өнеге алмас, ұл атадан үйренбей, сапар шекпес. Дәулетті ұл – ошақтың қоры, дәулетсіз ұл атаның көрі* [101, 58 б.].

Қазақ халқында бір әкеден (шежірелік аталық реттілік бойынша, екінші атадан) тараған бір атаның балалары (немесе ата балалары) деп аталған агнattық құрылым жетіаталық құрылым – рудағы (одан әрі жеті ата) сан деңгейлі, сан салалы. Туыстық байланыстың тоғысқан торабы әрі бірден-бір институционалдық тұғыры (немесе тірегі) болып табылады (осы ретте ескерер жайт – бұл құрылымның ұйымдастыруши күші – әкениң өзі мен оның отбасы). Өйткені, рулық-туыстық байланыстың кез келген субъектілері, тұptеп келгенде, ең алдымен белгілі бір агнattық бірлестіктің мүшелері болып табылады.

Агнattық құрылымның мүшелері бір-біріне әкелік желіс (патрилиниялық) принципі бойынша әке – шеше – баласы (балалары) – келіні (келіндері) – немере (немерелері); әке – баласы (балалары) – келіні (келіндері) – немересі (немерелері); әке – баласы (балалары); аға – інісі; аға – әпкесі; аға – қарындасы; іні – ағасы; іні – әпкесі; іні – қарындасы; әпке – сіңілсі; аға – келіні; іні – жеңгесі; аға – баласы; іні – баласы; абысын – абысын (абысындар) және осы құралыптас басқа да қандас туыстық байланыста болды. Аталмыш туыстардың әрқайсысының әлеуметтік-туыстық мәртебесін, орнын, рөлін білдіретін көшпелі ортада ежелден орнықкан ұстанымдар мен қағидалар осы байланысты ұйымдастыруши және реттеуші функция атқарады [70, 450 б.].

Ерте кезде бір білгір қаз дауысты Қазыбек биден «Кім жақын? Не қымбат? Не қыын?» – деген үш сұрақты қатарынан қойса керек. Сонда Қазыбек би оған былай деп жауап қайырған деседі:

- Тату болса, ағайын жақын,
- Ақылшы болса, апайың жақын.
- Бауырмал болса, інің жақын,

Инабатты болса, келінің жақын,
 Алдыңа тартқан адап асын,
 Қимас жақын – қарындасын.
 Сыбайлас болса, нағашың жақын,
 Адал болса, досың жақын.
 Еркелейтін немерен жақын,
 Өз ұрпағың – шөберен жақын.
 Жан серігің жас кезінен,
 Бәрінен де әйелің жақын...
 Алтын ұяң – отаның қымбат,
 Құт берекең – атаң қымбат,
 Мейірімді анаң қымбат,
 Асқар тауың – әкең қымбат [102, 84 б.].

Қытай мәдениеті этикалық қарым-қатынаста үлкендер мен кішілерге үлken мән беріп, қоғамда қарттарды құрметтеу туралы терең ұғымды қалыптастыруды көздеген. Балалар қарттардың тек қана материалдық қана емес, рухани қажеттіліктерін де қанағаттандырған. Жанұялық этикет отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынасты сақтайтын әртүрлі этикет нормаларын білдіреді. Онда ежелден тұжырымдалған ережелер мен тәртіптер бар. Қытайдың ұлы ойшылы Конфуций барлық нәрсе өзгерісте болады, уақыт тоқтамай өтіп жатады десе де, қоғамдық өмірге келгенде, ондағы қалыптасқан жағдайлар қаз-қалпында дамуы керек деп есептейді.

Салт-дәстүрге деген құрмет осы дәстүрді беретін үлкендерге, ең алдымен ата-анаға деген құрметке байланысты. Ұлдың құрметін білдіретін иғілікке Конфуций үлken мән берген, ол ұстаз үшін басқа иғіліктердің, ең алдымен, адамдықтың негізі. «Жанұялық иғіліктердің ішінде екінші орында үлken ағаларға деген құрмет пен маҳабbat тұрады» – деп көрсеткен. Конфуций ілімдерінде үлken мен кішінің, жас пен кәрінің, ата-ана мен баланың арасындағы адамгершілік, сыйластық пен сүйіспеншілік қарым-қатынасының жоғары тұратындығын көреміз. Оның айтуынша, жақсы адам еш уақытта да адамдарға жамандық жасай алмайды. Ал адамгершіліктің негізі – 仁 [rén] – жән – «ата-анасын құрметтеу және үлken ағаларын сыйлау», жалпы алғанда, үлкендерді сыйлау. Кімде-кім шын жүректен адамгершілікке ұмтылса, ол еш уақытта жамандық жасамайды. Ал, өзара сүйіспеншілік арқылы қарым-қатынас конфуцийшілдік әдептілік туралы ілімнің негізгі өзекті ұғымы. Конфуцийшілдік ілімнің негізгі мәселесі қоғамда өмір сүріп отырған адамдардың бір-біріне деген сыйластығы мен кішіпейілділігі. Қытай халқы әлі күнге дейін бұл дәстүрді жалғастырып келеді. Қытай халқында туысқандық реті бойынша аталық жүйе бойынша 九族 [jiǔzú] – тоғыз ұрпақ деп аталатын бабадан шөбереге дейінгі тоғыз кезең қамтылады. Ал, қытай этикет зерттеушісі Чэн Соңцын өзінің Хань

дәуірінде жазылған Эръя 尔雅 [ěryā] еңбегінде жазылған 释亲 [shì qīn] мақаласында туыстық атауларды 父党[fùdǎng] – әке жағынан туыстар, 母党 [mǔdǎng] – ана жағынан туыстар, 妻党 [qīdǎng] – жұбайының туыстары, 婚姻[hūnyīn] – некелік туыстар деп төртке жіктеген. 父党 [fùdǎng] яғни, 宗族 [zōngzú] – қандас атауына 父母 [fùmǔ] – ата-ана, 祖父母 [zǔfùmǔ] – ата-әже, 曾祖父母[zēng zǔfùmǔ] – арғы ата-әжесі, 高祖父母 [gāozǔfù] – арғы ата-әжесінің ата-анасы, 子 [zi] – ұл, 孙 [sūn] – немере, 曾孙 [zēngsūn] – шөбере, 玄孙 [xuánsūn] – шөбере, 来孙 [láisūn] – шөпшек немесе бесінші үрпақ, 冕孙[miǎnsūn] – алтыншы үрпақ, 仍孙 [réngsūn] – жетінші үрпақ, 云孙[yúnsūn] – сегізінші үрпақ» т.б. деп жіктеген [18, 21 б.]. Эръя «尔雅» еңбегінен қазіргі заманға дейін мындаған жылдар өтті. Алайда, Хань ұлты негізінен осы туыстық апелляциялық жүйені ұстанған. Берілген жүйе бойынша туыстық қатынасқа жүгінбеген адамдар отбасы тәрбиесінің жоқ болуы себебінен және әдепсіздігі үшін айыпталған. Қытай халқы туыстық қатынас жүйесінің аталған тұстары қазақ халқының әдебіне ұқсас.

Қазақ халқының дәстүрлі салт-санасындағы адамның ата жағынан тегі таратылуынаң нақты жүйесі жеті ата деп аталады. Зерттеуші Т.Х. Ғабитов жеті аталық үрдістің экзогамиялық некениң ең қатты сақталатын түріне жататындығын атап өткен. Фольклордағы екі ғашық Енлік пен Кебек, Қалқаман мен Мамыр (аралары үш-бес аталық) осы дәстүрді бұзғаны үшін өлім жазасына кесілген. Қазіргі заман тұрғысынан, «кузендік» некелер жиі кездесетін отырықшы мәдениет менталитеті бойынша мұны қатыгездік деп бағалауға болады. Алайда, көшпелілік өмір салтында қатал экзогамияның жанды жақтары да жеткілікті. Осындай неке аралары мындаған шақырым руларды бір-біріне туысқан өтті. «Кұда – мың жылдық» деген ұғым осыдан пайда болған. Осының нәтижесінде этностық тұтастанию нығайып, бүкіл ұлттың адамдары бір-біріне бір әулет сияқты өзара қандас туысқан болып шығады [103, 33 б.]. Ал, экзогамиялық некениң адамның генетикалық сұрыпталуында онды фактор екендігі ғылымға белгілі. К. Оразбекұлының зерттеулеріне тоқталсақ, «Қарға тамырлы қазақ» деп айтылатын тұрақты тіркестің де «қарға сөзіне, яғни, қарға құсына тікелей қатысы жоқ екенін байырғы түркі тіліндегі «қар» және «қарғақ тармақы» деген сөздерге зейін қою арқылы көз жеткізуге болатындығын айтып өткен. Байырғы түркі тілінде «қар» сөзі «араластыру» деген мағына берген. Түркі тілдерінің үндестік заңына орай «р» дыбысы мен «т» дыбысының шендересінде байланысты «қар» сөзі қазақ тілінде «қат» түрінде айтылатын болған. Мәселен, «сұт қатқан шәй», «қарым-қатынас» деп келетін сөздердегі «қат» түбірі де «араласу» деген мағына береді [104, 422 б.]. Ал, «қарғақ тармақы» деген сөз тіркесіне келсек, байырғы түркі тілінде осылай аталатын өсімдік болған. Өсімдік атауы көбінесе бейнелі сөз түрінде қалыптасатыны белгілі.

Мұнда да «қарғақ» сөзі «қарғаның» деген, «тармақы» сөзі «шенгелі» деген мағына береді [105, 160 б.]. Сонымен қатар профессор А. Сейдімбек «қарға» сөзіне этимологиялық талдау жасап, зерттеген. Ғалым қазақтың күні бүгінге дейін жасы кіші баланы жақсы көріп еркелеткенде «қарғам», «қарғатайым» деп өбектейтінін, ал, ару қызды «қарғашым», «қарғажсаным» деп әспеттейтінін айтқан. Ғашықтық-сүйіспеншілік тақырыбындағы дәстүрлі әндердің көбінде «қарғам-ау», «қарғаш-ау», «қарғам-ай», «қарғатай» деп келетін қаратпа-арнау сөздер қолданылады. Сондай-ақ, «қарғадай болып», «қарғадай кезінен» (жас кезінен), «қарға бойлы» (қарға текті), «қарға қарғаның көзін шұқымайды» (тектес туыстар бір-біріне жамандық жасамайды), «қарға жұнді қаттас, үйрек жұнді оттас» (тіршілік-тыныстыры бір, тектес-туыстас), «қарға тамырлы қазақ» (түпкі тегі бір қазақ) т.б. деп айтылатын тұрақты сөз тіркестері де бар [106, 357 б.].

Қазақ фразеологиясында қарға құсына байланысты туындаған бірнеше тұрақты тіркестер бар. Олардың қатарына «қарға тамырлы қазақ», «қарға қарғаның көзін шұқымайды» деген тіркестерді жатқызуға болады. Бұл тіркестердің бүгінгі танымдағы мағынасы әртүрлі. Үш сөздің тіркесінен құралған «қарға тамырлы қазақызы» тіркесі бір атадан тараған ұрпақтың туыстық белгісін емес, адам баласының бір-біріне жанашырлық қолдауы мен белгілі бір іске жұмыла кірісетін татулықты білдіреді. Қарға құсының татулық пен қамқорлығын бейнелейтін мазмұндары түркі халықтарының көне мифтері мен ертегілерінде сақталған [107, 20 б.].

Қазақ халқының «ұлкенге құрмет, кішіге ізет» көрсету салт-дәстүрі қытайлықтардың ғасырлар бойы ұстанып отырған Конфуцийшілдік салт-дәстүрімен өте ұқсас. Аталар мен апалар ауыл-аймақ, ағайын арасының берекесі, ақылшысы болып келеді. Олардың әрқашанда мәртебесі биік болып, сый-құрметке бөлленген. Өйткені, ұлкенді сыйлауды қадір тұтқан қазақ салты бойынша көргені мен тұрмыста түйгені көп, тәжірибесі мол адамның сыйға бөленуі заңды құбылыс деп танылған. Ұлкенді сыйлау, ақылдың тындау көрегендік деп есептеледі. Қазақ – ұрпағын кез келген адамды құрметтей білуіне үйретеді. Адамды құрметтеу үшін атын ардақтап, дәрежесін көтеріп, жасы мен туыстық қатынасына қарай атау керек. Жанұядығы сыйластық қарым-қатынас – халықтық дәстүр мен мәдениет көрінісі. Демек, әр халықтың өз отбасында ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан ережелері мен заңдылықтары болуы тиіс. Баланы кішкентайынан өз отбасын, әке-шешесін бауырлары мен туган-туысқаның сыйлай білген бала өскенде өз Отаны мен халқын, елі мен жерін шын көnlімен сүйіп, қастерлейтін болады.

Қазақ халқының тарихында «тектілік» ұғымының маңызы зор. *Текті сөзінің түбірі – 1. Шыққан тегі бір, тұқымдаст, тектес. 2. Тегі, шыққан жері жақсы. Текті жер – үлгілі ел, ауыл* [108, 198 б.]. Зерттеушілер пікірі

бойынша, жұбайлық өмірге жар таңдау мәселесінде ескерер ұлттық сапалардың бірі «Тектілік» ұғымының да тамыры қытай жазбаларынан бастау алатындығын және «тек» сөзінің «тектіліктің» түбірі екендігін айқындаған. VIII ғасырдағы Орхон-Енисей жазбаларынан белгілі «тек» сөзінің төркінін Олжас Сүлейменовбылай талдайды: «Тюрских: тек-род (каз), тик-род (тат.) и т.д. Производное теги, тегин – потомок, принц (др. тюрк). Самые ранние значения отложились в древнегреческом: тек – 1) «дитя», 2) «род. Сөздікте «текті» ұғымын «арғы тегі атақты, әулеттік болмысы атақты тұлға. Текті адам ата-тегінің қадір-қасиетіне кір келтірмейді, ата-тектің абыройын қорғайды дейді де, тектілік турасында «жеке тұлғаның тегіне тартып, парасаттылық, салауаттылық көрсетуі. Текті адам ұлтының, ата-тегінің ұлылық қасиеттерін бойна сақтайды» деп, педагогикалық-психологиялық түрғыдан толыққанды анықтайды [108, 16 б.].

Кез келген халық отбасында бала дүниеге келіп, тілі шыға бастағанда тек 爸爸 [bàba] – әке, 妈妈 [māma] – ана сөздерін ата бастайды, ал, уақыт өте туыстық атаулар апелляциясы күрделене бастайды. Қытай этикет зерттеушісі Цзян Цзюнның (姜 钧 Jiāngjūn) зерттеген отбасылық және туыстық апелляциясы этикет зерттеушісі Гу Уйегуоның этикет критерийлерінің бірінші түрімен тығыз байланысты. Яғни, қытайлықтардың кішіпейілділік танытып, басқаларды құрметтеу принципі отбасы шенберіндегі адамгершілік, кішіпейілділік пен сыйластық қасиеттерінің мол және қарапайым болуының айқын көрінісі. Қытай халқы туыстық апелляция дәстүрін ертеде қалыптастырып, әртүрлі атаулармен бекіткен. Апелляция қаратпа сөз ретінде және адамдардың сыртынан айтылуы әртүрлілігімен ерекшеленеді.

Отбасылық этикет отбасылық этикет иерархиясын сақтайтын әртүрлі этикет нормаларына жатады. Ол тек ертеде қалыптасқан әдеттерді ғана емес, сонымен қатар әрбір отбасы арнайы тұжырымдаған ережелерді де қамтиды. Қытай халқы 三纲五常 [sāngāngwǔcháng] үш негізгі және бес тұрақты идеологияны басшылыққа алғып, Конфуций насиҳаттаған туысқанды құрметтеу, әке мен бала, бауырлар мен ерлі-зайыптылар арасындағы сыйластықты жүзеге асырады. Пекин университетінің профессоры Ван Цзингүй отбасылық әдет-ғұрып этикетін бес категорияға бөліп жіктеген [109, 209 б.]. Олар:

1. *Ата-әже мен немерелер этикеті;*
2. *Ата-ана мен бала этикеті;*
3. *Ене мен келін этикеті;*
4. *Ерлі-зайыптылар этикеті;*
5. *Бауырлар этикеті.*

Ата-әже мен немерелер этикеті

Қарттарды құрметтеу – қазақ және қытай халықтары дәстүрлерінің маңызды бөлігі. Конфуцийдің отбасылық этикеті «қарттарды құрметтеуден бастау алады және қарттарды құрметтеу идеясын этикеттің негізгі фундаменті ретінде қарастырады. Цзи Канцзи: «*Адамдарды қалай сыйлы және адап болуга сендеруге болады?*» деген сөзіне Конфуций: «*Егер сіз оларға абыраймен қарасаңыз – оларды құрметтейсіз, құрметпен және мейіріммен қарасаңыз – адап боласыз, сіз оларға қайырымдылық көрсетесіз, үйрете алмайсыз, алайда көндіресіз*» – деген екен.

Қытай халқының бірнеше ұрпақтары бір шаңырақ астында тұрады. Осылан орай, ата мен әже немерелерге, ал, немерелер ата-әжелерін құрметтеуге міндетті. Ата-әже мен немерелер қарым-қатынасы ежелден насиҳатталып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын табуда. Қытай халқында немере ата мен әжені сыйлауға, ал, ата мен әжелер немерелерін сүйе және аялай білуі тиіс. Ата-әже мен немерелер әдебі ежелден зерттелген және ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуда. Қытай халқының әкесінің ата-анасын қосарланған апелляция 父 [yéye] – *ата* және 奶奶 [nǎinai] – *әже*, ал, нағашы ата-әжесін 外公 [wàigōng] – *нағашы ата* және 外婆 [wàipó] – *нағашы әже* деп атауы көзделген. Берілген сөздердегі 外 [wài] сөзі сыртқы деген мағынаны білдіреді. Қытай халқының мәдениетінде жанұя «әке» арқылы қалыптасқандықтан, аナンЫң тұған-тысқандары әкенің туысқандарына қарағанда алыштау екендігін білдіреді. Қазақ отбасында балалар әкесінің ата-анасын «ата», «әже» немесе «ата», «ана», ал анасының ата-анасы ауызекі тілде осылайша аталғанымен, олар «нағашы ата-әже» болып есептеледі.

Ата – қазақ салты бойынша әuletтің тірегі, немеренің қамқоршысы, батагөй қария ретінде құрметке ие тұлға. Ата терминін тек жақын туыстары ғана емес, сонымен қатар, бейтаныс адамдар да қолдана алады. Ауызекі тілде немерелер ата-әжелерін «аташым», «әжетай», «апатай», «апашым» апелляцияларын қолданады. Сонымен қатар, немере келіндері мен күйеу балалары да сол үйдің немерелері саналғандықтан, осы апелляцияларды қолданады.

Қытайлық балалар ауызекі тілде немерелер аталарына қаратпа ретінде 爷爷 [yéye] – *ата*, 老老爷 [lǎolaoye], 老爷 [lǎoye] – *нағашы ата* сөздерін қолданады, ал, әдеби тілде 祖父 [zǔfù] – *ата*, 爷爷 [yéye] – *ата*, 曾祖父 [zēngzǔfù], 高祖父 [gāozǔfù] арғы ата деп атайды. Ал, әжелерін 奶奶 [nǎinai] – *әже*, 老娘 [lǎoniáng], 老老奶 [lǎolao nǎi] – *әжетай*, әдеби тілде 祖母 [zǔmǔ], 奶奶 [nǎinai] – *әже*, 曾祖母 [zēngzǔmǔ] – *арғы әже*, 高祖母 [gāozǔmǔ] – *арғы әже* т.б. деп атайды. Сәйкесінше, ата-әжелері немерелеріне 孫子 [sūnzǐ] – *немере (ұл)*, 孫女 [sūnnǚ] – *немере (қызы)* сөздерін қолданады, немесе 小名 [xiǎomíng] немесе 大名 [dàmíng] деп

атайды [110]. Берілген сөздерде *大*[*xiāo*] – *күшкентай* және *大*[*dà*] – улкен префикстері өздік есімдіктің алдында қолданылып, адресанттың адресатқа қатысты қолданылатын субъективті-эмоционалды реңк береді және туысқандар, достар және жақын адамдар арасындағы этикет қарым-қатынасын көрсетеді. Мысалы, сөздікте *大* [*dà*] және *老* [*lǎo*] анықтауыштары «улкен» мағынасын білдіреді, ал, туыстық атаулармен қосылғанда (мысалы, *大+姨=大姨* [*dàyí*] – *тәті*, *老+哥=老哥* [*lǎogē*] – *улкен ага*) адамның жасының үлкендігін мен сыйлы екендігін білдіреді. *少*[*xiǎo*] – *күшкентай*, жас, кіші мағынасында және жасы кіші, жақын адамдарға қолданылады. Мысалы, *少弟* – *iní*, *少妹* – *cínlí*, қарындастар мағынасында қолданылады.

Кез келген мемлекетте балаға қатысты қолданылатын сөздердің сол халық дәстүріне сәйкес заңдылықтары бар. Мысалы, қазақ өз баласын төрт түлік мал төлдерінің сүйкімділігіне теңеп «қошақаным», «ботақаным», «қозым», «құлышағым» немесе «айым», «күнім», «жсаным», «алтыным», «айналайын» т.б. деп баға жетпес байлыққа теңеп еркелетеді. Мысалы:

– *Жарығым, құлышым, ботақаным, балишық-балишық болған аузыңанан, шаң-шаң болған бетіңнен айналым!* Әкең келе жатыр гой сенің! Әкеміз келе жатыр гой біздің! Қазір мына бетіңнен әкең сүймей ме? «Ой, біздің батырдың беті шаң екен» – десе не демекпін. Қане жуындырайын сені, аппақ қып алып шығайын алдынан! (Д. Исабеков).

Қазақ халқы баланы жақсы көріп еркелеткенде «айналайын» сөзін қолданады. Берілген ұғым тек қазақ халқының болмысына тән. Ертеде үлкен кісілер ауырған балаларды аман алғып қалу үшін өздерін олардың жолына құрбан еткен. Ол үшін ауырған адамды киіз үйдің ортасына жатқызып, қарт кісі үш рет айналып, есікке келгенде «айналайын» деп дауыстаған екен. Берілген рәсімнен кейін жас кісі жазылып, айналған қария қайтыс болады екен... Осыдан кейін қазақтың баласына, немерес-шөберелеріне жолыңа құрбан болайын деген мағынаны осы сөзben жеткізеді. Ал, қытайлықтар баласына деген махаббатын 宝宝 [*bǎobǎo*] немесе 宝贝 [*bǎobèi*] – балақаным, қымбаттым, 小气鬼 [*xiǎoqìguǐ*] – қызғаншағым, 乖乖 [*guāiguāi*] – алтыным, бөпем, 小馋猫 [*xiǎochánmāo*] – кішкентай қомағайым, 亲爱的 / . . . 亲亲。 . . . 小公主。 . . . , 贝贝, 宝宝, 金贵 сөздерімен білдіреді [111, 210-216 бб.]

Қазақ отбасында ата-әже мен немерелер қарым-қатынасына ерекше мән берілген. Әже өнегесі ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан тәрбие көзі. Қазақтың батыр жазушысы Бауыржан Момышұлы «Жаудан да, даудан да қорықпаған қазақ едім. Енді қорқынышым көбейіп жүр. Балаларын бесікке бөлемеген, бесігі жоқ елден қорқамын. Немересіне ертегі айтып беретін әжениң азаюынан қорқамын...» деген нақыл сөзі

халықтың дәстүрі бұзылмай, ұрпақтан-ұрпаққа аманат ретінде берілу қажеттігінің айғағы.

Ата-әже мен немерелердің қарым-қатынасы қытай ұлтында ұрпақтар арасындағы туыстық дәстүр негізі болып табылады. Қазақ және қытай халықтары отбасындағы үлкен кісіні, қарттарды сыйлау әр кезеңде басты орында. Қазақ және қытай тілдеріндегі 家有一老，如有一宝 [jiā yǒu yī lǎo , rú yǒu yī bǎo] – қарты бар үйдің қазынасы бар» мақалының шыны тарихы әртүрлі, алайда, жеткізбек мағынасы бір. Мысалы, қытай халқының 自己如何对待父母，儿女就如何对待自己 [zìjǐ rúhē duìdài fùmǔ , érnǚ jiù rúhē duìdài zìjǐ] ата-анаңа қандай құрмет көрсетсең, балаларының тарапынан да саған сондай құрметке ие боласын, 给老人一份幸福，就是给自己一份快乐 [gěi lǎorén yīfèn xìngfú , jiùshì gěi zìjǐ] – қарттарға бақыт сыйлағаның өзіне қуаныш сыйлағаның, немесе 每个人都要尊重老人 [měigèrén dōu yào zūnzhòng lǎorén] – барлығы қарттарды сыйлауы тиіс даналық сөздері осының айғағы.

Ata-ана мен бала этикеті

Ата-ана мен балалар арасындағы қарым-қатынасты реттейтін норма 父为子纲 [fù wéi zǐ gāng] – әкеге қарап ұл өсер қағидасына сәйкес белгіленген. Берілген әдеп ата-ананың баланың тағдырын бақылауға билігі болуын және балалардың ата-ана алдында орындауға тиісті міндеттерін белгілейді. Берілген қағида отбасылық қарым-қатынастағы иерархиялық қатынастың орын алуының көрінісін айқындайды.

Конфуций Цзы Юдың ата-ананы құрметтеу туралы сұрақ қойған: «Қазіргі кезде ата-ананы құрметтеу десе, ата-ананы бағу деп қана түсінеді. Бірақ, адамдар иттерін, жылқыларын да бақпайды ма, егер сый-құрмет болмаса, ата-ананы бағудың ит пен жылқыны баққаннан қандай айырмашылығы бар?». Мэнцзы:«Адамның адам болуының себебі – жақсы тамактанып, жылы киініп, баршылықта өмір сүргенінде. Егер де дұрыс тәрбиесі болмаса, хайуанмен бірдей болып қалмақ...» [112, 272 б.].

事父母几谏。见志不从，又敬不违，劳而不怨[Shì fùmǔ jǐjiàn。Jiàn zhì bùcóng, yòu jìng bù wéi, láo ér bùyuàn] – Мен ата-анамды құрметтеймін және олардың көңіліне кірбің түсірмеуге тырысамын [113, 61 б.].

Конфуций берілген даналық сөзін ата-аналарды құрметтеуге арнаған. Оның пікірінше, балалардың ата-аналарына қызмет етуі қалыпты жағдай. Алайда, балалар ата-аналарының талаптарына бағынбаған жағдайда әдептілікпен көтеріп, сендіре алуы қажет. Ал, ата-аналар мен балалардың көзқарасында қайшылық пайда болған жағдайда балалар этикетке сүйеніп, агрессивтіліктен аулақ болып, әдептілікті ұстана отырып сендіруі қажет.

Конфуций Мынцзының талдауына сәйкес іс-әрекет қағидаларының шегін сезу және ізгілік сезім ғана адам мен жануардың іс-әрекетін ажырататын нәрсе деген сөзіне Сюнцзы тереңірек талдау жүргізіп:

«...Құстар мен жануарлардың да атасы және баласы болғанымен, олардың арасында адамдар арасындағы жақындық жоқ, ерек пен ұргашы болып бөлінеді, бірақ, олардың арасында әйел мен ерек арасындағыдан шектеу жоқ. Сондықтан, адамның негізгі әдет-ғұрпы ретінде әртүрлі деңгейдегі айырмашылықтар болуы керек. Адамдар арасындағы айырмашылық дәрежелерден маңызды емес, ал, дәрежелер әдет-ғұрыптардан маңызды емес» – деген [114, 195 б.].

Ата-ана мен балалар арасындағы қарым-қатынастың жақсы болуы отбасындағы сыпайылық әдебіне тікелей байланысты. Ата-ана мен балалар қарым-қатынасында мән беретін ереже – ата-аналардың балаларымен достық қарым-қатынас орнатуының қажеттілігінде:

Қытай халқында балалар ата-аналарын ауызекі тілде **爸妈** [bàmā], **二老** [èrlǎo], **爹娘** [diēniáng] т.б. деп атайды. Ал, әдеби тілде немесе сыртынан **双亲** [shuāngqīn], **二老爹娘** [èrlǎo diēniáng], **二老** [èrlǎo], **父亲** [fùqin], **爹娘** [diēniáng] т.б. деп атайды. Сәйкесінше, ата-ана балаларын еркелетіп атайды немесе **小子们** [xiǎozi men], **闺女** [guīnǚ], **小子** [xiǎozi], **大小** [dàxiǎo], **二小** [èrxǐāo] т.б., **丫头** [yātou], **妇儿** [fù ér], **妮子** [nīzi], **奴儿** [nú ér], баланың немесе нәрестенің атын атайды. **老爸**, **老妈** [lǎobà, lǎomā], **老爹**, **老娘** [lǎodiē, lǎoniáng] ауызекі контекстте қолданылатын «әкетай, анашым» сөздері ата-анаға қаратпа сөз ретінде қолданылады. Берілген сөздерде жылылық пен мейірімділіктен бөлек, әзілдеу компоненті айқын көрінеді. Ал, қытай тіліндегі **老爸** [lǎobà] және **老妈** [lǎomā] сөздерін ежелгі қоғамдағы **老妈子** [lǎomāzǐ] – қызметші сөзімен байланыстырады [35, 21-23 бб.].

Ауызекі сөйлеу тілінде балалар әкесін **爸爸** [bàba], **爹** [diē], **达达** [dádá] деп шақырады. **爸爸** [bàba] сөзін көбіне қала тұрғындары қолданады, ал, **爹** [diē], **达达** [dádá] сөздері ауылдық жерлерде кең таралған. Бұгінгі күні кейбір аймақтарда **老** [lǎo] сөзі әлі де өзекті. Осыған орай, өзінің немесе өзгенің әкесін **爸爸** [bàba], **父亲** [fùqin], **家父** [jiāfù], **高堂** [gāotáng], **老爷子** [lǎoyézǐ], **老爹** [lǎodiē], **老人家** [lǎorenjia], **老头子** [lǎotóuzi] т.б. атаяу көзделген [115].

Қытайлық этикет зерттеушісі Ван Цзиньгүй (Wáng jǐn guì) бойынша, Конфуций, Мэнцзы, Цзэн-цзының құрастырған шежіре – Қытай әдет-ғұрпының басты ережелері **家训** [jiāxùn], **家诫** [jiājìè], **家规** [jiāguī], **家约** [jiāyuē] т.б. деп аталады. Сонымен қатар отбасылық нормалар ата-аналардың ұрпақтарына немесе отбасы мүшелеріне өздерін ұстай және

отбасын басқаруға негізделген үшін белгіленген қағидалар мен тәртіптері болып табылады. Берілген ережелер мен тәртіптер құжат ретінде ата-ананы құрметтеу, перзенттің ата-аналарды, достары мен ағаларын құрметтеу, отбасылық және рулық татулық, отбасындағы қарым-қатынас, адамгершілікті сақтау, некеге тұру, әйелі мен күйеуін таңдау жолдары, отбасын басқару, көршімен қарым-қатынас орнату т.б. қамтитындығын зерттеген.

Қытайдың ұлы ойшылы Конфуций өмірдегі шынайы сыйластықты ежелгі қытай халқының дәстүрлі дүниетанымымен байланыстылығын көрсетеді. Ол өз ілімінде – «Әке – әке орнында, бала – бала орнында болуы қажеттілігін» немесе, «Парасатты ұлдың кез келген жағдайда әкесін сыйлауы тиіс екендігін» көрсетті. 太阳光大，父母恩人 [tài yáng guāng dà fù mǔ ēn rén] – ата-ананың қайырымдылығы күн сәулесіндей，夫恩比山高，母恩比还深 [fū ēn bǐ shān gāo, mǔ ēn bǐ hái shēn] – әке махаббаты таудан да биік, ана махаббаты одан да күшті». Бұл – 父为子纲 [fù wéi zǐ gāng], яғни әкеден балаға принципі, сонымен қатар отбасындағы бала мен әкенің қарым-қатынасы арқылы жүзеге асырылады.

Қазақ отбасындағы әкенің орны еркеше. Үлкен патриархалды отбасында ең жоғарғы үкім – әке сөзі болып есептелген. Ал, әке өлген соң оның орнына үлкен ағасының жанұя бастығы болуын отбасының басқа мүшелері үшін занды құбылыс ретінде қабылданған. XIX ғ. қазактарға дара, шағын жанұя үстемдігінің кезінде де әкесінен бөлініп өз алдына жеке отбасы болып кеткен ұлдарына әкесінің не үлкен ағасының белгілі мөлшерде ықпалы жүрген. Шаруашылығы, яғни, мал-мұлкі бөлек болғанмен, барлық балалары әкесімен ақылдасып, оның айтқанын көпшілік жағдайда екі қылмайтын. «Үлкен үй» деп аталатын атасының не әкесінің үйін «қара шаңырақ» деп те қатты сыйлайтын болған [117, 153 б.].

Қытай балалары аналарына қаратпа сөз ретінде 妈 [mā], 娘 [niáng], 妈妈 [māma] апелляцияларын қолданған. Ал, өзінің немесе өзгенің анасын айту барысында 母亲 [mǔqīn], 家母 [jiāmǔ], 我妈 [wǒmā], 老母亲 [lǎo mǔqīn], 老娘 [lǎoniáng], 老太太 [lǎotàitai], 老妈 [lǎomā], 高堂 [gāotáng] т.б. деп атаяу көзделген.

Ене мен келін этикеті

Ене мен келін – әдебі отбасының әдебі ененің келін алдындағы мәртебесінің жоғары екендігінің көрінісі болып табылады. Келін ененің тәртібіне бағынуы тиіс. Ежелгі кездегі ене мен келін «三从四德 / sāncóng sìdé / үш рет мойынсыну және төрт қасиет» деп аталатын Конфуций ілімінің дәстүрлі формаларына негізделіп жүзеге асырылған. Мұндағы үш мойынсыну – «қыз тұрмыс құрғанша әкесін, тұрмыс құрғаннан кейін күйеуін, күйеуі қайтыс болса, ұлын тыңдауы тиіс» деген мағынаны білдіреді.

Ал, әйелдің төрт қасиеті – ізеттілігі, сөйлеу әдебі, сыртқы келбеті және еңбекқорлығынан тұрган.

Келіні қайын атасын ауызекі тілде 爸爸 [bàba], 爹爹 [diēdie], 达达 [dádá] деп, ал, әдеби тілде немесе сыртынан 公公 [gōnggong], 公爹 [gōngdiē], 孩子他爷 [háizi tā yé] деп атайды. Ал, енесіне қатысты 妈 [mā], 娘 [niáng] деп атайды, ал әдеби сөйлеу тілінде оларға 婆母 [rómǔ], 婆婆 [rópo], 妈妈 [māma] қаратпа сөздері қолданылады. Сәйкесінше, атасы келініне 媳妇子 [xífù zǐ], 媳妇 [xífù], 儿媳妇 [ér xífù] немесе немересінің атын қойып, . . . 媳妇 / ... анасы деп атайды [117].

«Чжунго фуню» басылымында Қытай отбасындағы жарасымдылық келіннің білім деңгейі мен табысымен тығыз байланысты болған, атап айтқанда, келіннің табысы мен білімі неғұрлым жоғары болса, келін мен ененің қарым-қатынасы соғұрлым жақсы болады. Отбасындағы үйлесімділік неке жасына байланысты, жас айырмашылығы көп болған сайын қынышылық туындейды. Ене мен келін бір-біріне шынайы қамқорлық көрсетуі, сонымен қатар, өзара қарым-қатынас жасау шеберлігіне көніл бөлуі қажет. Ененің көзқарасы бойынша, сыпайы, өз қызындай ізettі, ана болуға лайықты, қындыққа төзе білетін жан болуы тиіс [118].

Қазақ халқында «келін – қайынененің топырағынан», «жасақсы үйге түскен келін келін, жаман үйге түскен келін келсан», мұндағы келсан – келіге салған дәнді түйгіштеп уататын аспап, түйгіш [64, 380 б.], «Қызыл, саған айтам, келінім, сен тыңда» мақалының мағынасы, келін өз анасының ескертпелерін еш ренішсіз қабылдайды, ал енесінің ескертпелерін көтере алмауы ықтимал. Осыған орай, енелер қызына астарлы сөзбен жеткізе отырып, келінін тәрбиелеген.

Қазақ отбасында келін мен қайынжұрты әдебі бойынша, келін өзі түскен шаңырақтың баласы болып есептелгендердің, қайнатасын ата, әке, қайыненесін ана, апа, қайнылары мен қайынсіңдерін атымен атайды немесе аттергеу дәстүрін қолданады. Ал, қайнағалары мен қайын әпкелерін аға, апа, әпке деп атайды.

Қазақ халқында келіннің сәлемдесу дәстүріне байланысты рәсімдердің бірі сәлемдесу әдебі. Мысалы, әйел адамның (келіндердің) жасы үлкендерге иіліп сәлем салуы «...иіліп ақ боз үйге кіріп келді, сол жасағының тізесін сипап тастап»; ер адамның көпшілік алдында оң қолын кеудесіне қойып сәлемдесуі, бір тізесін бүгіп сәлем беруі: «Наурызбай Байтабанды көрді де кенет тоқтай қалды. Байтабан Кенесарыға жақын келіп қалған еді, тізе бүгіп сәлем берді». Әйел адамның (келіндердің) сәлем жасауындағы иілуі, тізесін бүгүі – кішілігі, ал, қолын айқастырып тізесінің үстіне қоюы – ададықтан басқа, өмірге еш арамдығым жоқ дегенді білдіреді. Яғни, келіннің ата-енесі мен сол әулеттің жасы үлкен адамдарына құрмет

көрсетіп сәлем салуы үлкен құрмет болып табылады [119, 153 б.]. Орыс халқында әйел, ер текті коммуниканттар сәлемдесу, қоштасу әрекеттерінде барынша еңкею арқылы туысқандарына құрмет көрсетсе, ағылшындар реверанс жасап сәлемдескен. Ал, қазақ халқында әлі күнге дейін қолданыста, іліп сәлемдесу – инабатты келін атрибуты.

Қазақ халқының бойына сіңген дәстүр бойынша шаңыраққа түскен келін сол үйдің адамдарына сыпайы қарым-қатынас пен құрмет көрсетудің белгісі ретінде атын атамай, оларға ат қоя білуі тиіс. Әдебиетте ең бірінші Н. Ильминский «*Күйеуінің туыстарының атын келін еш уақытта атамайтын. Оның аға-інілеріне, ана-қарындастарына арнайы ат қоятын...*» деп ат тергеу туралы жазған. Аталмыш дәстүр түскен келіннің қайын жұртына деген ілтипаты мен құрметінің белгісі болып табылады. Ат тергеу дәстүрінің сөйлеу этикетімен тығыз байланысты. Себебі, жас келін түскен әulet адамдарының атын атаған жағдайда тәрбиесіз ретінде қатаң сынға ұшырайды. Берілген дәстүр қайын жұртындағы туыстың жас ерекшеліктеріне, мінезі мен келбетіне, мәртебесі мен туыстық қатынасына, лауазымына сәйкес қойылады. Берілген дәстүрде ат тергеу келіннің даналығының көрінісі болып табылады. Мысалы, келіннің қайынсілсі үйдің кенжесі болса, оны «*еркебала*», «*шырайлым*» деп, қайнысын «*мырза жігіт*», «*әкім қайнага*» т.б. Аталмыш дәстүр туралы аңыз да бар: Бір келіннің қайын жұртында Көлбай, Бұлақбай, Қамысбай, Қасқыrbай, Қойлыбай, Қайрақбай және Пышақбай атты қайнағалары болса керек. Бір күні суға барған келін кішкене бұлақтың арғы жағында, көлдің бергі жағындағы қамыс ішінде қойға тиген қасқырды көріп, шелегін тастай салып ауылға жүгіріпті де, үйге жетер-жетпестен атасына көрген жағдайды: «*Ата-ата! Сарқыраманың ар жағында, жалтыраманың бер жағында, сылдыраманың ішінде маңыраманы ұлма жеп жатыр, жанымаңызды білеп-білеп алып тез жетіңіз*» деп баяндаған. Осылайша келін өзінің тапқырлығы көмегімен қайынжұртының атын атамаудың жолын тапқан екен [119, 325 б.].

Ат тергеу – қазақ халқының адамды сыйлауға арналған ізеттілік дәстүрінің көрінісі. Әйелдердің атасының, қайнағасының, қайын сіңілсінің есімдерін атамау үшін оларға жанама ат қоюы «*ат тергеу*» деп аталауды. Қазақ әйелдерінің ізет сақтау тәртібімен ат тергеу салтын бұлжытпай орында келгені жайындағы пікір Ә. Ахметовтың, Н. Ильминскийдің, А. Самойловичтің т.б. ғалымдардың еңбектерінде айтылған. Ат тергеу кезінде жаңа түскен келіннің тапқырлығы, сөзге шешендігі, жарасымды әзілқойлығы да сынға түсетін. Келін үлкендер жағына *бай атам, жылқышы ата, әниі аға, ұста қайнага* т.б., әйел болса, *шебер шешей, ақ апам, үлкен ана* т.б., қайныларына *тентегім, кербез жігіт, төре жігіт* т.б., қайын сіңлілеріне *кенже қыз, сырғалым, еркежсан* т.б. ат қойған.

Ерлі-зайыптылар этикеті

Қытай қоғамындағы неке қиу рәсімі күйеуінің отбасының қожайыны ретінде белгіленуі болып табылады. Отбасындағы ері мен әйелінің қарым-қатынасы махабbat, сыйластық және үйлесімділік этикетіне негізделген. Жанұядағы ері мен әйелі этикетке сүйене отырып қарым-қатынас орнатады. Ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынас отбасылық қарым-қатынастың өзегі болып табылады. Қытай отбасының тұрактылығы мен бақыты ең бірінші ерлі-зайыптылардың ынтымақтастығында. Ерлі-зайыптылар бір-біріне сыпайылықпен қарап, *再会* [zài hui] – *cay* бол, *路上小心* [lùshàng xiāoxīn] – жолда *абай* бол немесе *早点回来* [zǎodiān huílai] – ертерек кел деп шығарып салуы тиіс. Ал, жұмыстан келген уақытта әйелі күйеуін шаймен қарсы алып, *累不累?* [lèi bùlèi?], *喝茶吗?* [hēchá ma?] сөздерін қолданады [120]. Ерлі-зайыптылар отбасында бақытты өмір сүргісі келсе, қамқорлықты арттырып, дөрекілікті азайтқаны дұрыс деп есептеледі. Мысалы, жанұялық мерекелерде (үйлену күні, туған күн) күйеуі мен әйелі бір-біріне сыйлық жасап, лебіздерін жылы сөздермен жеткізе алады. Қытайда отбасындағы отағасы мен отанасының бірін-бірі атауы да ерекше. Мысалы, әйелді *妻子* [qīzǐ] деп атау формалды және сыйласу мағынасын білдіреді. *太太* [tāitai] ағылшын тіліндегі «миссис» мағынасымен бірдей. Ал, ауызекі тілдегі *老婆* [lǎopo] сөзінің мағынасы жақын араласатын адамдардың арасында немесе әйелінің өзіне қолданылады. Ал, *丈夫* [zhàngfū] – *куйеуі* деген мағынаны білдіреді. *先生* [xiānsheng] – мырза немесе мистер деген сөзді білдіреді. Қытай отбасында күйеуі әйелінә қаратпа сөз ретінде есімін немесе *小。。* [xiǎo 。。], *老。。* [lǎo 。。] сөздерін қолданады, ал, ауылдық жерлерде *孩他妈* [hái tā mā] немесе *孩子他妈* [háizi tā mā] деп атайды. Әдеби тілде күйеуі әйелінің атын атайды, немесе *亲爱的* [qīn'ài de], *爱人* [àiren], *老婆* [lǎopo], *内人* [nèiren], *妻子* [qīzǐ], *夫人* [fūrén], *家里的* [jiāli de], кейбіреулері тіпті *贱内* [jiànnèi], *拙荆* [zhuōjīng] деп, ал, жасы егде әйелді күйеуі *老伴* [lǎobàn], *老婆子* [lǎopózi] түрінде атайды [121].

Қытай отбасында әйелдері күйеулерін *当家的* [dāngjiāde] – *отағасы*, *孩子他爹* [háizi tādiē] – баларадың әкесі, *他爸* [tā bà] – әкесі деп шакырады немесе *老张* [Lǎozhān], *老李* [Lǎolǐ] секілді аттарын айтса, сыртынан *男人* [nánrén], *我那一口子* [wǒ nàiyī kǒuzi] – жсан жарым, *丈夫* [zhàngfū] – *куйеуім*, *爱人* [àiren] – жолдасым, *孩子他爹* [háizi tādiē] – баламның әкесі, *孩他爸* [háizi tā bà] – әкесі, *老伴* [lǎobàn] – жсан-жарым т.б. деп атайды. Қазақ отбасында әйелі ерін *отағасы*, *балаларының әкесі* деп құрмет көрсетсе, ері әйелін *отанасы*, *анасы* деп сый көрсеткен немесе екеуіне де ортақ «жсан-жарым» сөзін қолданады. Ерлі-зайыптылар сыйластығына

байланысты – 内睦者, 家道昌 [nèimùzhě jiādào chāng] – ынтымағы жарасқанның шаңырағы берекелі, 男人无妻家无主, 女人无夫家无梁 [nánréén wú qī jiā wúzhǔ , nǚréén wú fū jiā wú liáng] – әйелсіз еркек қожайынсыз үймен тең, қүйеусіз әйел агаисыз үймен тең мақалдары отбасындағы ерлі-зайыпты адамдардың бір-бірінсіз өмірлерінің мәні жоқ болуының дәлелі. Ал, 家和万事兴 [jiā hé wànshì xīng] – жсанұядасы үйлесімділік барлық бастамаларды реттейді» мағынасын білдіреді.

Қытай этикет зерттеуші ғалым Чэн Сунцэннің (陈松岑) пікірінше, қытай тіліндегі туыстық апелляция ең алғаш жанұя мүшелерінің туыстық атауына бағытталып, уақыт өте, туыс емес адамдарға қолданыла бастаған. Ғалымның пікірінше, туыстық атаулар тілдік қофамның экономикалық жүйесімен, отбасылық құрылыммен және жанұя дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарымен тығыз байланысты болған. Кейбір этникалық топтарда, тіпті диалектілері әртүрлі этникалық топтарда матриархаттық жүйе қалдықтары әлі күнге дейін сақталған. Берілген топтың көсемі егде жастағы әйел болып табылады. Ер адамдар әйел адамдарға емес, керісінше әйел адамдар ер адамдарға үйленеді, ал, олардан туылған балалар әйел руына жатады. Осылан орай, әке – 爸爸 [bàba] және аға – 舅舅 [jiùjiu] бір сөз ретінде қолданылады.

Қытай халқында туыстары мен достары некедегі ерлі-зайыптылардың жақсы өмір сүріп, мәңгі бірге тұратындығына зор сенім артады. Дегенмен, әртүрлі себептерге байланысты кейбір жұптардың некелік өмірлері жарты жолда тоқтауына байланысты ажырасу дәстүрі пайда болған. Ежелгі Қытайда ажырасу процесі 出妻 [chūqī] немесе 休妻 [xiūqī], яғни «әйелден бас тарту» ажырасу құқықтық кодексінің 七出 [qīchū], 七去 [qīqù] – жеті себебі бойынша жүзеге асырылған. Олар: 无子 [wúzǐ] – бала болмаған жағдайда, 淫佚 [yínyì] – көзіне шөп салғанда, 不事舅姑 [bùshì jiùgū] – ата-енесі араласқан жағдайда, 口舌 [kǒushé] – ұрыс, 盗窃 [dàoqiè] – ұрлық, 嫉妒[jídù] – қызғану, 恶疾 [èjí] – айықпас дертке шалдыру» [122, 157 б.].

Қазақ әйелдері күйеулерінің атын атамай, оларды «отагасы», «біздің үйдің кісісі», «қожайыны», «әкесі» деп атаса, күйеулері әйелдерін «отанасы», «жұбайым», «анасы» сөздерін қолданған. Синонимдік қатардағы әйел сөзіне Абай жоғарғы (асқақ) стильдік өң бергендігін топшылауға болады. Мұны: Ері ашу айтса, әйелі басу айтып – деген өлең жолына қарап шамалауға болады. Мұндағы айтылмақ ой ері, әйелі деген сөздер нақты бір әйелдің күйеуі немесе нақты бір еркектің әйелі туралы емес, әңгіме өзегі – жалпы ер адам мен оның серігі әйел баласы жайында. Демек, бұл жердегі ер де, әйел де жоғары стильдік сөздер, олардың «пәс стильдік» варианттары – «бай» мен «қатын» деген сөздердің дәл осы

тармақта қолданса, бұл идеяның жалпылық мағынасы шықпас еді [123, 47 б.].

Бауырлар этикеті

Бауырлар әдебі ағайындардың мәртебесін, атқаратын қызметі мен міндеттерін және мінез-құлық ережелерін реттейтін және ежелден қалыптасып, бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатқан мұра. Бауыр – туыстық атау. Дәстүрлі ортада бір әке-шешеден тұған, жақын немере, туысқан адамдар бауыр, қимас жан, орны ерекше туыс сипатында түсіндіріледі. Ел аузындағы хикаяларда бауырдың жақындығын көрсететін үлгілер көптең кездеседі. Қазақта «Әйел жолда, бала белде, бауыр табылмайды» деген мақал бар. Себебі, бауырлар арасындағы сыйластық – ағайындар арасындағы достық пен ынтымақтың, татулық пен жақындықтың көрінісі. Қазақ және қытай халықтары ағайынның ауызбірлігі сол әuletтің беделін арттырып, қуанышы мен қайғысын бөлісіп отырған. Отбасындағы бауырлар сыйластығы дәстүрін дәріптеу, жанашырлық, кішіпейілділік білдіру және қадірлеу – ежелден жалғасып келе жатқан үрдіс. 兄弟顿和睦，朋友笃信诚 [xiōngdì dùn hému, péngyou dǔxìn chéng] – ағалары жарасымды, достары адал, шыншыл. Аталған ережелердің барлығы 家法 [jiāfǎ], яғни, отбасылық занды қамтиды. Қытайда апалы-сіңлілер ауызша және әдеби тілде 姐姐 [jiějie], 妹妹 [mèimei], 大姐 [dàjiě], 小妹 [xiǎomei] т.б. апелляциялары қолданылады. Ауызекі тілде ағаға 哥哥 [gēge] ініге 弟弟 [dìdi], ал әдеби сөйлеу әдебінде 兄长 [xiōngzhǎng] – аға, 兄台 [xiōngtái] – аға, 弟弟 [dìdi] – іні, 老弟 [lǎodì] – іні, 老三 [lǎosān] – үшінші бала, 老四 [lǎosì] – төртінші бала т.б.

XV-XVI ғасырларда аға сөзінің осы күнгідей «бірге тұғанның немесе туысқанның ішінде ерек кіндіктің жасы үлкені» деген негізгі мағынасы болған. Бертін келе, XVIII-XIX ғасырларда, бұл сөздің «қолбасшы, әскери басшы» мағынасы солғындал, ол ауыспалы мәнде қолданылғанда «жасы үлкен, сыйлы, құметті адам» деген ұғымда жиірек жүмсалған [42, 17 б.].

Қарындағасынан күнгідей «бірге тұғанның немесе туысқанның ішінде ерек кіндіктің жасы үлкені» деген негізгі мағынасы болған. Бертін келе, XVIII-XIX ғасырларда, бұл сөздің «қолбасшы, әскери басшы» мағынасы солғындал, ол ауыспалы мәнде қолданылғанда «жасы үлкен, сыйлы, құметті адам» деген ұғымда жиірек жүмсалған [42, 17 б.].

Қарындағасынан күнгідей «агайын, туысқан» мағынасы – өткен ғасырда қазақ тілінде жоғала бастаған құбылыс, оның орнын соңғы сөздер ығыстыра бастайды да, қарындағасынан күнгідей «ер адамның жасы кіши әйел жынысты туысқаны» деген ұғымды жиірек білдіреді. Бұл сөздің «агайын, туысқан» мағынасы мақал-мәтелдерде сақталған. Мысалы, «*Aury – astan, day – қарындастан*», салыстырып: «*Ағайын бар болсан, көре алмайды, жоқ болсан бере алмайды*», «*Қарындасың жоқ болса, жауда қалар жалғыз бас*». XVIII ғасырдағы «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаға» қатысты шықкан атақты «Қаратаудың басынан көш келеді» өлеңінде қарындағасынан күнгідей «агайын, туысқан» деген тармақ бар. Осының алды-артында ел-

жүрт (Айрылған ел-жүрттән жаман екен) және бауыр (Бауырынан айрылған жаман екен) деген сөздер бар. Үшеуі бір-біріне синоним [124, 449 б.].

2.3 Қазақ және қытай қонақ құту/待客 этикетінің тілдік сипаты.

Қонақжайлық – өте ерте заманда, атап айтқанда, алғашқы қауымдық құрылыш кезінде, адамның өмір сүру қажеттілігінен, аңшылықтан т.б. жиындарға байланысты туындаған. Қонақжайлық дәстүрі қонақтарды қабылдау, оларға құрмет көрсетуді қамтамасыз ететін кең таралған қоғамдық институт. Қонақжайлық – қазақ халқының әлеуметтік, географиялық және тұрмыстық жағдайынан пайда болған ерекше дәстүр. Біз «Қонақ десе, қоң етін кесіп беретін қазақпыш» деген мақал бар. Мұндағы «қоң етін кесіп берді» сөзі – жаңын аямады деген мағынада берілген. *Қоң – 1. малдың жсоны, сауыр еті. 2. Малдың күйі, семіздігі. Қоң ет – сауырдың қалың еті* [63, 518 б.]. Қытай этикет зерттеушісінің пікірінше, үйдің иесі келген қонақтарды жылы қарсы алып, сыпайылықпен шығарып салуы керек. Қонақтар келген кезде үй иесі қол алысып, амандасып, хал сұрасқаннан кейін қонақтарды дастархан басына шақырып, шай ұсынып сұхбаттасады. Қонақжайлық тәртібі бойынша келген қонақтардың жас ерекшеліктеріне мән беріліп, үлкендерге ерекше көңіл бөлінеді. Қазақ қонағын төртке бөлген. Олар – *құдайы қонақ, арнайы қонақ, қыдырма қонақ, және қылғыма қонақ*.

Арнайы қонақ – ат арылтып шалғайдан арнайы келетін бауыр-туыс, нағашы-жиен, құда-құдағи, қимас дос, жақсы жолдастар секілді жақындар. Бұлар – сыйлы қонақтар.

Құдайы қонақ – жолаушылап жүріп, ат басын тіреген кездейсоқ қонақ. Үй иесі оны танымайды, бұрын көрмеген. Бірақ, «Қырықтың бірі Қыдыр» деп есігіне келген соң құрмет көрсетеді. Бұл – сауап болатын қонақ.

Қыдырма қонақ – ауыл-ауылды аралап, езуі көпіріп, бір жердің сөзін бір жерге тасып, ет пен қымыз ішу үшін сабылып жүретін далбаса қонақ.

Қылғыма қонақ – қайсы үйдің тұтіні шықса, сол жерден табыла кететін адам. Қолына ілінгенін жейді, аузына түскенді қылғиды. Тамақ аңдып, толымды дастарқан іздейтін сұғанақ қонақ.

Қазақ және қытай халықтары қонақты ерекше ықыласпен, кең пейілмен құшақ жайып қарсы алады, достыққа адал, кеңпейіл, ақжарқын халық. Екі мемлекет халықтарының қонақ құту салты ерте кезден қалыптасқан және кез келген мейрамды, қуанышты құндерді отбасымен, тұған-туыспен бірге өткізгенді қалайды. Қонақ құту салтында ұқсастықпен қатар айырмашылықтар да бар. Қазақ және қытай қоғамындағы қонақ құту әдебінде тілдік этикеттің барлық түрі дерлік қолданылады деп айтуга болады.

Тілдік коммуникация берілген компоненттер аясында жүзеге асырылады. Адресант белгілі бір мәтінді құрастырып, хабарламаны жібереді, ал адресат бұл мәтінді түсінеді, яғни, хабарламаны қабылдайды. Адресат мәтіннің мағынасын түсініп отырып қабылдайды. Ал, мәтін

адресант пен адресат арасындағы байланыстыруышы бөлік болып табылады [125, 97-98 бб.]. Себебі, пікір алмасу арқылы қоғамда адамдар өз идеяларымен, ойымен бөлісө алады, этникалық дәстүрге сәйкес сәлемдесу іірімдері мен әдістерін қолданып, тілдері мен дағдыларын қоса отырып, диалог тақырыбын әрі қарай өрбіте алады. Атап айтқанда, үй иесі (адресант) мен қонақтар (адресат) арасындағы тілдік коммуникация барысында – «шақыру», «сәлемдесу», «қоштасу», «алғыс айтту», «кеширім сұрау», «сыйлық сыйлау», «құттықтау» тілдік нормалары толығымен жүзеге асырылады. «Қонақ күту – 好客 [hàokè] дәстүріне қатысты тілдік этикеттің өзін үшке бөліп қарастыруымызға болады:

1. Қонақты қарсы алуға арналған тілдік этикет нормалары;
2. Қонақты күту кезінде қолданатын тілдік этикет нормалары;
3. Қонақты шыгарып салу кезінде қолданатын тілдік этикет нормалары.

Қонақ күту әдебі халықтың ішкі және сыртқы факторларына байланысты дамиды. Мысалы, қазақтардың «қонақ күту – 好客 [hàokè] салтының көшпелі өмір сұру кезеңінде пайды болған. Қазақ халқы үйіне сырттан келген адамды жатсынбай, сый көрсетіп, асқан ілтипатпен, қонақжайлық дәстүрімен қарсы алған. Қазақтардың қонақ күту салты бауырлар, ағайын-туыс, құда-жекжат, дос-жаран, құрбы-құрдас арасындағы адамгершілік пен кішіпейілділікке негізделген қарым-қатынасты жақсартып, ынтымағын арттыруға және әлеуметтік тұластықты сақтауға негізделген. Қонақ күту дәстүрі қонақты қарсы алуға арналған этикет нормаларынан, яғни, сәлемдесу мен қарсы алудан басталып, тілек айтумен жалғасып, қоштасумен аяқталады.

Қазақ қоғамында адамдар ерте кезден бастап әлеуметтік жағдайына, тегіне, ортасына, туыстық қарым-қатынасына, өңіріне, жас ерекшелігіне, беделіне, айналысадын шаруашылығына байланысты ережелер мен ұстанымдарға сүйене отырып сәлемдеседі. Ерте кезде әлеуметтік дәрежесі орташа адам өзінің әміршісіне қолын кеудесіне қыспай, бірақ басын іп келген. Ал, хан немесе күшті әмірші өзінің қарауындағылардың сәлеміне жауап ретінде оның иығына қолын қойып, сыйластығы болса қолын қысып амандасадын болған.

Қазақ халқының сәлемдесу мәдениетінекқұрметпен қарауына – «Сәлем – сөздің аласы», «Әдептілік белгісі – ііліп сәлем бергені, жақындықтың белгісі – көп кешікпей келгені», «Сәлем түзелмей әлем түзелмейді» сияқты мақалдар да дәлел бола алады. Қазақ халқының салт-жоралғысы бойынша сәлемдесу дәстүрі бірнеше түрде жүзеге асырылады. Мысалы, жолы кіші адам жолы үлкен адамға бірінші барып сәлем береді. Ал, «Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстагы қария сәлем береді» дегендегі, қазақ халқы келген қонақтың жасы кіші болса да, қонақ атаулының барлығына да сый-

құрмет көрсетіп, қамын жасай білген. Сырқаттанған немесе науқас адамның көнілін сұрап, қал-жағдайын білуге, амандық-саулығын сұрасуға барған да үлкен құрметтің белгісі болып табылады.

Тілдік этикеттің сәлемдесу дәстүріндегі ескеретін жайт, адамның көз жанарының ерекшелігінде. Көз де тіл сияқты «сөйлеу органы» болып табылады. Қазақ дәстүрі бойынша, кіші үлкеннің бетіне тұра қарамайды. Ал, әйел адам ер адамның көзіне тесіліп қарап тұруына да болмайды. Қытай халқы осыдан екі мың жыл бұрын бір-бірімен қолдарын қеуделеріне қойып немесе иіліп сәлемдесетін болған. Бұл ишаратты қолданудың мағынасы – дәрежесі төмен адам дәрежесі жоғары адамға иілген немесе он жұдырығын сол жақ алақанына қойып, басын иіп сәлемдескен және адамның бетіне тіке қарамаған. Қазіргі танда «Батыс қогамына еліктеу» әсерінен бұл дәстүрлер өте сирек қолданылып, бір-бірімен қол алысып сәлемдесетін болды.

Қазақта сәлемдесудің кең таралған түрлері:

- *Сәлеметсіз бе!*
- *Ассалаумагалейкум!*
- *Уағалейкүмассалам!*
- *Сәлем!*
- *Сәлем бердік!*
- *Армысыздар!*
- *Амансыз ба!*
- *Есенсіз бе!*
- *Жақсымысыз?*
- *Ат-көлігің аман ба?*
- *Хал-ахуалыңыз жақсы ма?*
- *Күйлі-қуаттысыз ба?*
- *Бала-шага аман-есен бе?*
- *Мал-жсан, қора-қопсың аман ба?*
- *Ауыл-аймақ тегіс аманшылық па?*
- *Отбасы, ошагыңың басы аман ба?*

Қазақ халқы берілген сөздерді қолданып, ағайын-туыс, дос-жаран, үлкен-кіші, әріптер, көрші-көлеммен амандастып, хал сұрасады. Аспан асты елі жалпыға ортақ Еуропаның іскерлік этикет нормаларына бейімделуде. Әйтсе де, қытай халқының көптеген корпоративтік мәдениеті сонау Конфуций доктринасынан бастау алғып, әлі күнге дейін жалғасын табуда. Қытай – ежелгі «конфуцийшілдік» дәстүрді ұстанған сыпайы, кішіпейіл және қонақжай халық. Қытай халқының дәстүрлі мәдениеті белгілі бір үрдістер мен рәсімдерге сүйене отырып жасалынады. Оның қарастыратын негізгі мәселесі – адамдар арасындағы қарым-қатынас, тәрбие мәселелері. Осыған орай, ол мынадай ұғымдарға қөбірек көніл бөледі: «тең орта», «адамгершилік» және «өзара сүйіспенешілік». Осы үш ұғым бірігіп,

«дао» (дұрыс жол) құрайды. Әр адам осы даоның жолымен өмір сүруі қажет [126, 111 б.].

Қытай тіліндегі кең таралған сәлемдесу түрі 你好! [Nǐ hǎo!] – Сәлем! Бұл сөз «сен» және «жақсы» сөздерінен құралады, сөзбе-сөз аударғанда, «сен жақсы» деген мағынаны білдіреді. Оның мағынасы, сұхбаттасуышының сенің жағдайыңың жақсы болғанын қалайды дегенді білдіреді. Сонымен қатар:

- 你好吗? [Nǐ hǎo ma?] – Қал жағдайың қалай?
- 好久不见了! [Hǎojǐ yì bù jiàn le!] – Көріспегелі көп болды!
- 最近怎么样? [Zuìjìn zěnme yàng?] – Қалың қалай?
- 工作忙不忙? [Gōngzuò máng bù máng?] – Жұмысың қалай?
- 你去哪儿? [Nǐ qù nǎ er?] – Қайда барасың? сияқты амандаласу түрлері кең таралған.

Ал, сәлемдесудің мезгілге байланысты түрлеріне:

- 早晨好! [Zǎochén hǎo!] – Қайырлы таң!
- 早上好! [Zǎoshāng hǎo!] – Қайырлы таң!
- 晚上好! [Wǎnshàng hǎo!] – Кеш жарық!
- 晚安! [Wǎn'ān!] – Қайырлы түн! жатады [97, 14-21].

Дұние жүзінің көптеген елдерінде өзіміз қолданатын заманауи сәлемдесу түріне ұқсас. Мәселен, жанұя мүшелері немесе өзге адамдар бір-бірін күннің әр түрлі мезгілінде көрген әдетте «Қайырлы таң!», «Қайырлы күн!», «Кеш жарық!» деп амандалады. Ал, қытайларда жанұясында немесе өзге ортада болсын, таңтерен төмендегідей амандаласу рәсімдері бар:

- 早安!
- 早上好!
- 昨晚睡好没有?

Бұл көрсетілген мысалдарды қытайдың дәстүрлі амандаласу рәсімі деп те атайды. Бұлар қарапайым сәлемдесу әдебінің (问候语) бір түрі ғана. Тағы бір мысалға тоқталсақ, адамдардың кездесетін жерлерінің әр түрлілігіне байланысты олардың сәлемдері (问候语) немесе амандаласу түрлері де ұқсамайды. Мысалы, есік алдында кездестірген адамға 出去了? – *далага шықтыңыз ба?* (– 已经出去了? – 你是出去了么?), 上班去? – *жұмысқа барасыз ба?* (– *你要去上班么?*) деп те амандаласа береді. Ал екінші адам: 走一走 – *жүріп қайтайын* (– *走一走吧*), 是啊 – *иә...*, 有点事 – *бір шаруамен...* деп қана жауап беріп кете беруіне болады [127, 141 б.].

Қытай халқы қазақ халқы сияқты өз дәстүрін, әдет-ғұрпын қастерлеп, дәріптең, әлі күнге дейін атадан-балаға, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келеді. Қос ұлттың өкілдері амандаласу формасын қолдану арқылы сұхбаттасуышының жағдайының жақсы екендігін, денінің саулығын, жан-жағының тегіс аман екендігін біліп қана қоймай, ол адаммен әрі қарай да жақсы қарым-қатынас

орнатуды, оған немқұрайлы қарамайтындығын, болашақта да байланыс үзбейтіндігін көздейді. Яғни, тілдік этикеттегі «сәлемдесу» формасын дұрыс айту – сыпайылық пен инабаттылықтың және сұхбаттасуышымен дұрыс қарым-қатынас орнатудың және қоғамда жайлы климат орнатудың негізі болып табылады.

Ең бірінші амандық сұрасқанда тілдік этикет нормаларын ұстанумен қатар, өзін-өзі ұстай әдебін де ескерген жөн. Мысалы, коммуникация барысында адам сұхбаттасуышыны бұрыннан танитын болса, бірін-бірі құшақтап, арқасынан қағып сәлемдесу дәстүрін қолданады. Ал, танымайтын адамдармен ресми түрде танысады. Сонымен қатар сәлемдесу барысында таныс емес сұхбаттасуышының арқасынан қағып, бетінен сүйіп, оған құшақ жайып қарсы алу – қазақ және қытай халықтарының ұлттық менталитетіне сәйкес келмейді деп айта аламыз.

Сәлем беру – халықтың адамгершілігі мен ұлттық тәлім тәрбиесінің негізі. Дәстүр бойынша қазақ және қытай ұлттарының «сәлемдесу» этикетіндегі ұқастықтар – ұлкенді сыйлау әдебінің ұқастығы болып табылады. Екі ұлт өкілдері ежелгі ата-баба салтын жоғалтпай, ұрпақтан ұрпаққа аманат етіп қалдыруда, бейвербалды амалдарды қолдана отырып, жылы шырай танытып амандасады. Ал, айырмашылығына келетін болсақ – екі ұлттың бейвербалды ым-ишараптарында жоғарыда атап өткендей айырмашылық бар, қазақта сәлемдесу барысында жасы үлкен кісілер жастарға бата береді, қазақтың басқа елде кездеспейтін өнірге тән амандасу ерекшеліктері бар, ал, қазақ келіндерінің өзіндік сәлемдесу әдебі бар.

Қазақ халқы «қонақ күту – 好客 [hàokè] салтына ерте кезден ерекше көңіл бөлген. Адресант, яғни, үй иесі үйге қонақ келген жағдайда – «қонақ келсе – құт келеді», «қонақтың несібесін тәнір жеткізер», «құтты қонақ келсе қой егіз табады» деп жақсы ырымға жорыған. Қазақтың қонақ күту салтына ерекше көңіл бөлуін Қадыр Мырзалиевтің «Қазақ пен қонақ» атты өлеңінің үзіндісінен көре аламыз:

...Қонақсыз,
Той думансыз өткен өмір
Өмірге саналмайды қазақ үшін.
Осындай қазақ інің,
Қазақ ағаң.
О бастан аңсағаны таза қоғам.
Адамдар арасында ғұмыр кешіп,
Адаммен араласпау –
Азап оған.... [128, 201 б.]

Бұл өлеңнен біз қазақ халқының қонақ күту дәстүрін жоғары қойып, дәріптейтіндігін көре аламыз. Қазақ халқының қонақ күту мәдениеті дәстүрге бай. Қонақтың қай түрі болса да қазақ халқы жатсынбай,

жатырқамай құшақ жая қарсы алған. Ал, арнайы қонақтарды үй иелері отбасындағы қуаныш себебіне байланысты шақырады. Қазақ халқы дәстүрге өте бай. Қазақтар дүние есігін ашқаннан бастап «шілдехана», «баланы қырқынан шығару», «бесік той», «тұсау кесу», «сұндет той», «тілашар», «үйлену тойы», «туган күн», «мерейтой», «қоныс той» т.б. мерекелерді тойлап, әрбір қуанышқа байланысты жоралғыларды қазіргі күнге дейін жалғастырып келеді.

Қазақтың қонақжайлығын өз қаламгерлеріміз ғана емес, басқа халық өкілдері де жоғары бағалап, көзқарастарын білдірген. Мысалы, А.И.Левшин қазақтарды меймандос халық, ол ең жақсы төсөнішін қонағының астына төсейді, асының дәмдісін соның аузына тосады, ерекше аққөніл, жігерлі де сергек, адал жандар екендігін айтқан болса, И.А.Кастанье қазақтарды өте қонақжай, өзі аш қалса да, соңғы фунт етін қонаққа ұсынады деп бағалаған. Ал, И. Ганвей қазақтарды ержүрек қана емес, танымайтын адамдарға да кішіпейіл, қонақты ренжітуді үлкен ұятсыздық деп білетіндігін атап өткен [62].

Қазақ халқы қай кезде де шаңырақ пен табалдырықты, бесікті қасиеті дүние ретінде санаған. Себебі, үй табалдырықтан басталады, шаңырақпен еңде қөтеріледі, бесікпен үрпағы өседі. Әркімнің от жаққан, үрпақ өсірген үйі өзіне құтхана. Сондықтан, келген адамның кісі үйін сыйлауы шаңыраққа сәлем беруден басталады. Мысалы, ақын Шәкәрім Құдайбердиев өзінің «Бай мен қонақ» өлеңіндегі бай мен қонақтың, яғни, қонақ құтудегі коммуниканттардың диалогын қазақи дәстүрімен сипаттайды:

... «Ассалаумағалейкум» – кіріп келді,
«Уагалейкүмассалам» – орын берді.
Көрпе салды, «жоғары шығыңыз» – деп,
Төрге барып сый қонақ отырды енді.
– Мал-жаныңыз аман ба, бала-шаға?
– Шүкір, жүрміз сыйынып, бір Аллаға.
Қымыз сапыр, қонаққа мал әкеп сой,
Шай қайната беріңдер отты жаға.... [129, 101 б.]

Берілген өлеңнен біз қазақ халқының қонақ құту салтының «сәлемдесу» этикетінен басталатындығын көре аламыз. Коммуникация барысында үй иесі, яғни, «адресант» қонақ құту салт-дәстүрлерінің ережелерін қолданудан бөлек, «қонақ құту – 好客/[hàokè] әдебінің тілдік нормаларын қолданып, үйіне келген қонаққа – «Қоши келдіңіздер!», «Төрлеміңіздер!», «Төрге шығыңыздар!» (бұл жерде төр – үй ішіндегі ең құрметті орын, үйдің босағаға қарама-қарсы жоғарғы жағы. Төрден орын алды – өзгеден сыйлы болды мағынасында қолданылады [63, 817 б.]), «Дастарханга өтіңіздер!», «Келген қадамдарыңызға нұр жаусын!», «Басқан қадамдарыңызға гул бітсін!», «Жолдан шаршаған боларсыздар?», «Жақсы жеттіңіздер ма?» – деп құшақ жайып, қуана қарсы алады. Мұның

бірден-бір себебі, келген қонақ өзін еркін сезінуіне жағдай жасау болып табылады. Ал, осыған орай, келген қонақтар да «адресат» ретінде, өтіп жатқан тойдың себебіне байланысты өздерінің ризашылықтары мен алғыстарын, шын ықыластарын білдіріп, қуанышты мерекеге – «Құтты болсын!», «Талап оң болсын!», баланың дүниеге келуіне байланысты – «Нәрестенің бауы берік болсын!», «Үлкен азамат болсын!», «Денсаулығы мықты болсын!», «Бақытты болсын!», баланың қуанышына – «Талабы таудай болсын!», «Өркені өссін!», «Еліне елеулі, халқына қалаулы азамат болсын!», үйлену тойына – «Жастар бақытты болсын!», «Шаңырақтары биік, керегелері кең болсын!», «Үбірлі-шұбірлі болсын!», қоныс тойға – «Сырты малға, іші жанға толсын!», «Үйдің іші қуанышқа, берекеге толсын!», туған күн, мерейтой кезінде – «Жасыңа жасаң қосылсын!», «Өмірің ұзақ болсын!», «Гұмырлы бол!» деп жүректен шыққан ақ тілек, лебіздерін айтып, құттықтайды [130, 165 б.].

Қытай халқы – ерте заманнан отырықшы өмір салтын ұстанған, өз тәжірибелері мен еңбектеріне сүйеніп өмір сүрген халық. Қытайда қонақ құту – 好客 [hàokè] салты Конфуций заманында пайда болған және қытайлықтар осы күнге дейін сол ережені бұзбай ұстанып келеді. Конфуцийдің «Лунь юй» шығармасында – «Чжун Гун адамсүйгіштік туралы сұрады. Ұстаз жауап берді: – Үйінен тыс жерде адамдарды құрметті қонақтардай қарсы ал. Халықтың ықыласын пайдалана отырып, өзінді үлкен құрбандық жасағандай ұста. Өзіңе тілемейтінде өзгеге істеме. Мемлекетте жаулыққа жол берме, отбасыңда араздықты асқындаатпа. Чжун Гун айтты: – Мен, Юн, аңғал болсам да, осы кеңестерге еруге дайынмын» [131, 312 б.]. Бұл ұғымнан біз қытай дәстүріне Конфуцийдің салып кеткен қытай этикасының негізі – адамсүйгіштік, ал, адамдарды қонақ құту дәстүріндегі этикет салтымен құрметтеудің міндетті екендігін аңғарамыз.

Қытай халқы – қонақжай халық. Қытайлықтардың қонақжайлышқа байланысты – 重要的客人最好的位置 [Zhòngyào de kèrén zuìhǎo de wèizhi] – Маңызды қонақ төрден орын алады, 有朋自远方来，不亦乐乎？ [Yǒu péng zì yuǎnfāng lái, bù yì lè hū?] – Алыстан досының келсе, қуана қарсы алыңыз» немесе 客人越多，新闻越多 [Kèrén yuè duō, xīnwén yuè duō] – Қонақ көп болған сайын жаңалық та көбейеді мақал-мәтелдерін қарастыратын болсақ, қонаққа деген жоғары деңгейдегі сыйластығын көре аламыз.

Қытайда қонаққа бару алдында үй иелерімен алдын ала келісіп алған жөн, тек ең жақсы араласын адамдарға арнайы шақырусыз бара беруге болады. Ал, бара алмаған себеп болған жағдайда үй иелерін ескертуіңіз қажет. Табалдырықты аттамас бұрын үйдің есігін қағып, үй иелерінің қарсы алғанын күткен жөн. Үй иелері қонақ қутуге мұқият дайындалады. Ал,

қонақ алғаш рет табалдырықты аттаған болса, олар жаңуя мүшелерімен танысулары тиіс. Келген қонақты үй иелері, яғни адресант – 你们好！ [Nǐmen hǎo!] – Сәлеметсіздер ме!, 欢迎, 欢迎! [Huānyíng, huānyíng!] – Қош келдіңіздер! немесе 我们欢迎你们! [Wǒmen huānyíng nǐmen!] – Қош келдіңіздер!, 请进! [Qǐngjìn!] – Kіrіңіз!, 见到你 我们很高兴! [Jiàndào nǐ wǒmen hěn gāoxìng!] – Сені көргенімізге өте қуаныштымыз!, 路上辛苦了吗? [Lùshàng xīnkǔ le ma ?] – Жолдан шаршадыңыздар ма?, 诸位请入席! [Zhūwèi qǐng rùxí!] – Барлықтарыңыз орындарыңызға жайгасыңыздар! – деп қарсы алады [16, 12-13 бб.]. Бұл дәстүрлер үй иелерінің қонақтарға көрсеткен сый-құрметі, яғни, қонақтардың өздерінің үйіндегідей еркін сезінсін деген ерекше ілтираты болып табылады. Сәлемдесудің бұл түрлерінен басқа, дәстүрлі 你们好！ [Nǐmen hǎo!] – Сәлеметсіздер ме!, 早上好！ [Zǎoshānghǎo!] – Қайырлы таң!, 晚上好！ [Wǎnshàng hǎo] – Кеш жарық!, 不要客气！ [Bùyào kèqì!] – Қысылмаңыз! сөздері қолданылады. Ал, келген қонақтар, яғни адресаттар үй иелеріне: 你们好！ [Nǐmen hǎo!] – Сәлеметсіздер ме!, 谢谢！ [Xièxie !] – Рахмет!, 我也很高兴同你们见面！ [Wǒ yě hěn gāoxìng tóng nǐmen jiànmiàn!] – Сіздермен қауышқаным қуаныштымын! – деп әдептілікпен жауап қайтарып, қол алсызып амандасады. Берілген жағдайда қонақ шақыру әдебіндегі коммуникатор мен коммуникант арасындағы этикет нормаларының жүзеге асырылуын көруге болады.

Халықтардың бір-бірімен қарым-қатынасындағы ұлттық сипаттың алуан түрлілігіне байланысты, Н.И. Формановская өзінің Қытай мемлекеті туралы әсерімен бөліскенде, қытай халқы туралы – «Олар тек бақылау жүргізеді. Тіпті, өзі туралы айта отырып, жасырын түрде көленкеде тасаланғандай болып, сізден көбірек ақпарат алады. Алайда, сіз оған алданып қалмаңыз. Мұнымен қоса, сізге деген қызығушылығын көрсеткендей кейіп танытып, сізді мұқият тыңдай алады» – деп бағаласа, қазактар туралы: «Ұста өзінің мандай терімен жасаған самаурының ұсына отырып, күлімсірей, кең пейілмен қарап, «Құтты болсын!» деген сөзді бірнеше рет қайталайды. Мұндай шын ықыласпен айтылған сөз тек қазақ тілінде ғана бар» – деп өзінің ризашылық көзқарасын білдірген [33, 146 б.]. Зерттеуші еңбегінде суреттелген қазақ және қытай халықтарының ұлттық сипатын салыстыратын болсақ, этикеттің ұлт менталитетінің психология және этнолингвистика ғылымдарымен тығыз байланыстырылығын, әсіресе, қазақ халқының қандай жағдайды бастан кешірсе де, кеңпейіл, ақжарқын кейіпін суреттеген болса, қытайлықтардың күлімдеп сөйлей отырып, өзінің көздеген мақсатына жетуге ұмтылатындығын көрсете білген. Бұдан біз халықтардың қоғам мен жеке тұлға арасында қалыптасқан ұлттық болмысының ерекшеліктерін байқаймыз.

Қонақты қарсы алған соң үй иесі мен келген қонақ, яғни, адресант пен адресат арасындағы тілдік этикет нормалары әрі қарай жүзеге асырылады. Қазақ халқы қытай халқы секілді қонақ күту рәсіміне ежелден ерекше көңіл бөліп, келген қонақтарды дастархан басына жайғастырып, көңілін аулауға тырысқан. Алайда, қазақтарда келген қонақтардың маңызды орны – дастархан. Ежелден әрбір қазақ шаңырағы үшін дастархан басы «тәрбие мектебі» болып есептелген. Қазақ салты бойынша үлкендерді сыйлаудың орны бөлек және дастархан басына алдымен үлкен кісілер, содан кейін жастар жайғасады. Қазақ салты-дәстүрдің жазылмаған ережесі бойынша үлкен кісі тамақ алуды бастамай, жастар дастарханға қол созбайды. Ал, қонақ алдына ас келген кезде үй иелері – «Алдарыңыздагы астан алып отырыңыздар!» деп қонақжайлық танытады. Қазақ халқының осы салты қытайлықтардың салтына өте ұқсас. Қытайлықтар келген қонақтарға тамақ ұсынғанда – 慢慢吃; 祝你胃口好! [Màn mǎn chī; Zhù nǐ wèikōu hǎo!] – Асыңыз дәмді болсын! – деп тілек білдіреді. Қазақ салты ежелгі ата-баба дәстүріне негізделсе, қытай халқы конфуцийшілдік бағытты ұстанады, жанұя мүшелерімен бірге жиналышп, жақсы жаңалықтармен бөлісіп, дәм татады. «Шай ішу» дәстүрінде қытай-қазақ халықтарында біршама ұқсастықтар байқалады. Қытайлықтар келген қонаққа Шай алыңыз! – 请喝茶! [Qǐng hē chá!] – деп екі қолымен шай ұсынады. Шай ішу мәдениетіне байланысты қытай халқының 酒满敬人, 茶满欺人 [jiǔ mǎn jìng rén, chá mǎn qī rén] – шарапты толтырып құйғаның сыйластықтың белгісі, шайды толтырып құйғаның ренжіткеннің белгісі» мақалының мәні де шайды ұсыну дәстүрін көрсетеді. Яғни, келген қонаққа үй иесі шайды ыстық қүйінде ұсынса, қонақ қүйіп қалышп, ынғайсыз жағдай туғызуы мүмкін, ал, шарапты көп ұсынған үй иесінің қонаққа сый білдіруінің көрсеткіші болып табылады [31, 131 б.]. Қытайда үй иесі қонақты шай ішуге шақырғанда 喝不喝茶? [hē bù hē chá] деп сұраса, келген қонақ әдетте 不用麻烦了, 我一会儿就走 [bùyòng máfanle, wǒ yīhuír jiù zǒu] деп жауап береді [16:184]. Алайда, берілген жауап қонақтың шай ішкісі келмегендігін емес, қожайынға деген ілтипаты мен көңілін білдіру көрінісін сипаттайды.

Үйге келген әрбір қонақ үй иелерін құттықтап, мереке мен қуаныштың болу себептеріне сәйкес тілектер жаудырады. Мысалы: 恭喜恭喜! [Gōngxǐ gōngxǐ!] – Құттықтаймыз!, 祝贺你们! [Zhùhè nǐmen!] – Сіздерді құттықтаймыз!, 祝贺您的成功! [Zhùhè nín chénggōng!] – Табысыңыз құтты болсын!, 祝你们婚燕尔! [Zhù nǐmen hūn yàn ēr!] – Otay құрғандарыңыз құтты болсын!, 祝您万事如意! [Zhù nín wànshì rúyì!] – Армандарыңыз орындалсын!, 生日快乐! [Shēngrì kuàilè!] – Тұган күніңіз құтты болсын!, 祝你长寿! [Zhù nǐ chángshòu!] – Сізге ұзақ ғұмыр тілеймін!, 新年快乐! [Xīnnián kuàilè!] – Жаңа жылдыңыз құтты болсын!, 假日快乐, 节日快乐! [Jiàrikuàilè, jiérikuàilè!] – Мерекеніз құтты

болсын!, 祝您好运! [Zhù nín hǎoyùn!] – Сізге сәттілік тілеймін!, 祝您幸福! [Zhù nín xìngfú!] – Сізге бақыт тілеймін!, 祝您健康! [Zhù nín jiànkāng!] – Сізге зор денсаулық тілеймін!, 祝您生意兴降! [Zhù nín shēngyi xìng jiàng!] – Кәсібіңізге береке тілеймін!, 心想事成! [Xīnxiāng shíchéng!] – Армандарыңыз орындалсын!, 寿比南山, 祝你长寿! [Shòubìnánshān, zhù nǐ chángshòu!] – Ұзақ ғұмыр тілеймін!, 幸福美满, 团团圆圆! [Xìngfú mèimǎn, tuántuán yuánpuán!] – Отбасыңыздың әрбір мүшесіне бақыт тілеймін! т.б.

Қазақ халқы шай ішу рәсімін құнделікті өмірде де, ұлан-асыр той жасағанда да ұстанады, ал, қытайлықтар шай ішу рәсімін жүзеге асыру арқылы өздерінің қонақжайлышын, келген қонаққа, үлкен кісіге деген құрметі мен сыйластығын көрсете алады. Қазақстанда шайды ұсыну дәстүрі әр аймақта әртүрлі. Мысалы, Солтүстік өңірдің тұрғындары шайды толтырып құйса, Оңтүстікте шайды ыдысқа толтырып құю сыйламағанның белгісі болып табылады. Қазақтың әрбір жаңа түскен келіні шай құю дәстүрінен өтеді. Шай ұсыну барысында келін (адресант) келген қонақтарға – «Шай алыңыздар!» деп сусынды инабаттылықпен ұсынады. Ал, келген қонақтар (адресат) – «Көп жаса!», «Көсегең көгерсін!» Бұл жерде «Көсеге – иғі ниетті танытатын сөз, құт, береке. Көсегесі көгерді – өркені өсіп, дегеніне жетті» деген сөз [63, 419 б.], «Дастарқаның берекелі болсын!», «Бақытты бол!» т.б. бата-тілектерін айтады.

Қонақ күту әдебі әрбір халықтың салт дәстүрі, ұлттық құндылығы мен мәдениетінің тілдік көрінісі. Қазақ халқының ежелден қонақ күтудегі ерекшелігі – ақ, дархан көңілділігі мен жомарттығында. Қазақтар үйіне келген қонақты бауырмалдылықпен қарсы алған. Қазақтың үл қасиеті атабабаның баланы көпшіл қылып тәрбиелеуінде. Себебі, қазақ халқы ешқашан бөлінуді білмеген, қандай шешім қабылдап, жоспарласа да ағайынмен ақылдасқан. Үл қасиет қазақтың өзіне ғана тән генетикалық денгейдегі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан қасиет. Бұдан біз мінез-құлық стереотипінің ұлт болмысы мен менталитетіне әсер ететінін байқаймыз. Одан бөлек, қазақ халқы қонақтарды қай уақытта, қанша адам келсе де, шынайы ықыласпен қарсы алып, шығарып салып отырған.

Қазақ және қытай ұлттарының қонақ күту дәстүрі ұқсас болғанымен, айырмашылықтары да жоқ емес. Мысалы, қазақ және қытай халықтары қуаныш иелеріне өз құттықтаулары мен жақсы тілектерін тілейді. Бұл дәстүр қазақ халқында да сақталған. Алайда, қазақ халқында ақ тілекпен қатар, «бата беру» дәстүрі ежелгі заманнан бері сақталып келе жатқан жүрекжарды ризашылығы мен алғысын білдіру дәстүрі.

Бата – алғыс айтудың, тілек білдірудің бір түрі екені белгілі, алайда, алғыс – әдетте әлеуметке, халыққа көмегі тиғен, жақсылық көрсеткен кісіге риза болғанда және көпшілікке қарата айттылады. Ал, бата сөзі көбінесе дастархан басында ас-тұзға, дәм-тағамға, шаңырақта немесе той-томалақта қолданылатын алғыс түрі. Екі алғыс түрі де тұтас ауылға, немесе қонақ өзі қонып отырған отбасы мүшелеріне білдіреді. Кейде алғыс секілді

жақсылыққа, жақсылық істеген адамға қарата көпті көрген қариялар өмір тәжірибелесіне сүйене отырып жақсы тілек айттып, ақ батасын актарады. Бұл жерде бата алғысқа ұқсайды және тұжырымды сөзбен жеткізіледі. Мысалы, «Жаныңа жамандық бермесін қарагым!», «Мәртебен өссін!», «Мың жасаса!», «Жасың ұзақ болсын!», «Ұрпақты бол!» – қазақ халқының мейірім түскен адамға айттын, ақ жол тілеп арнайтын сөздер. Мұндай алғыс сөздер көңіл дән риза болып, марқайып өскен мезгілде айттылады. «Бата» сөзі араб тілінен аударғанда «фатаа» қайырма немесе қайыру деген ұғымды білдіреді. Бата беру салты VIII ғасырларда Сыр бойында өмір сүрген Қорқыт бабамыздың заманында-ақ бар екен. Қорқыт бабамыздың айтқан баталары ғасырдан ғасыр қуып бізге жетіпті. Олар кейінірек хатқа түскенімен, өз дәуірінің, бүкіл ортағасырлық философияның адамшылық, ар-ұят өлшемдерін баяндайды [70, 145 б.].

Бата әртүрлі мазмұнда болады. Көп айттылатын батаның бір түрі мынадай:

Басқа амандық берсін,
Жанға саулық берсін.
Босага тең болсын,
Пиғыл кең болсын.
Үйден ат кетпесін,
Алдан ас кетпесін.
Кетпес байлық,
Қайтпас ырыс берсін,
Дәuletің тасып жатсын,
Жасың жүзден асып жатсын [70, 154 б.].

Қазақ халқының қытай халқынан айырмашылығы, қазақ ежелден өскелен ұрпақты – «Жаңбырменен жер көгерер, батаменен ер көгерер» – деген ұлт дәстүріне тән қасиетті сөзбен тәрбиелеген. Себебі, қазақ салтында «батаның» алатын орны ерекше. Әрбір адам кез келген дастархан басында, қуанышта, жаңа іс бастауда, жол жүргендеге т.б. жасы үлкен абыз ақсақалдардан жақсы сөз, ақ бата сұрайды. Батаны үй иелеріне немесе жастарға жасы келген ақсақалдар немесе сыйлы, құрметті, ұлағатты адамдар береді.

Қонақ күту дәстүріндегі қездесетін келесі этикет түрі – *алғыс айту* немесе *ризашилық білдіру*. Алғыс айту этикетін жүзеге асыруда да адресант пен адресат маңызды роль атқарады. Үй иесі (адресант) келген қонаққа келгені үшін алғыс білдірсе, келген қонақ (адресат) үй иелеріне қонақтарды сыйлағаны үшін айтады. Мысалы, қазақ халқы келген қонақтарға – «Тілеген тілектеріңіз қабыл болсын!», «Ыстық лебіздеріңізге мың алғыс!», «Тойға келгендеріңізге үлкен рахмет!», «Үйіміздің есігі Сіздерге әрдайым ашық!», «Тойда жақсы, көңілді отырдыңыздар, соның арқасында той жақсы өтті. Сіздерге алғысымыз шексіз!», «Айтқандарыңыз келсін!» деп алғыс айтса,

келген қонақтар той иелеріне – «Барлығы дәмді болды!», «Сыйлан шақыргандарыңызға улken рахмет!», «Үйлеріңізде тек той болсын!», «Шаңырақтарыңызға тек қуаныш-тойға келейік!», «Той тойға ұлассын!» т.б. деп ризашылықтарын білдіреді.

Қытай халқы кешкі асты ұйымдастырудан бұрын іскерлік шешімдерді қабылдау мақсатында адамдарды алдын-ала шақырады. Қытайда адам қандай іспен шұғылданса да, дастархан басындағы дәм тату дәстүрі барлық іс-шарада, саяси, әлеуметтік және өзара қарым-қатынас барысында шешімін табады. Яғни, дастархан басын қоғамның «жұмбаққа» толы микрокосмосы деп атауға болады [132, 157 б.].

Қытай халқының қонақ құту салтында қонақтар 我很高兴! [Wǒ hěn gāoxìng!] – Θote қуаныштымын!, 谢谢您的邀请! [Xièxie nín de yāoqǐng!] – Шақырганыңызға рахмет!, 我想邀请您到我家! [Wǒ xiǎng yāoqǐng nín dào wōjiā!] – Сізді үйге шақырамыз!, 谢谢你们的热烈欢迎! [Xièxie nǐmen de rèliè huānyíng!] – Сіздің ыстық ықыласыңызға рахмет!, 非常感谢你们的邀请! [Fēicháng gǎnxiè nǐmen de yāoqǐng!] – Шақыргандарыңызға улken рахмет!, [Wōjiā de dàmén yǒngyuǎn duì nǐ chāngkāi!] – Үйдің есігі Сізге әрдайым ашық! – деп ризашылықтарын білдіреді .

Қонақ құту – 好客 [hàokè] этикетінің соңғы түрі «қоштасу». Қазақ тілінде қоштасу этикетінің бірнеше түрі бар, ең жиі қолданылатын стандартты түрі «Сау болыңыздар!», «Көріскеңше күн жақсы!», «Кездескение!», «Көріскеңше!», «Ертеңге дейін!», «Амандықта жүздескение!». Ал, қытай тілінде қоштасудың ең көп қолданылатын түрі – 再见! [Zàijiàn!] – Cay болыңыз!, 明天见! [Míngtiān jiàn!] – Ертеңге дейін көріскеңше!, 祝你好运! [Zhù nǐ hǎoyùn!] – Сізге сәттілік тілеймін!, 下次见; 一会儿见; 回头见; 改天再聊![xiàcījiàn; yīhuǐr jiàn; huítóujìan; gǎitiān zài liáo!] – келесі кездескение!, 慢走! [mànzǒu!] – жақсы жетіңіз! 失陪了 [Shīpéi le!] – Кетуге мажбүрмін, немесе ағылшын тілінде 拜拜啦! [báibái la!] – Cay бол! т.б. қоштасады.

Қытай халқының қонақтармен қоштасу барысында қолданатын 再见! [zàijiàn!] – say болыңыз! және 一路顺风 [yīlù shùnfēng] сөздерінен басқа 走好 [zǒuhǎo], 慢走 [mànzǒu] немесе 请留步 [qǐng liúbù] шыгарып салып әуре болмаңыз, 您请回吧 [nín qǐng huí bā], 回去吧 [huíqu bā] деген қытай халқының сөйлеу этикетіне тән сөйлемдерді қолданады. Алайда, берілген сөйлемдерге оларға қатысты айтылса, «мен жүре алмаймын ба?», «мен не себептен жаяу жүруім керек?» немесе «әлде тым тез жүру әденсіздікке жатады ма?» деген күмән туғызыу мүмкін. Сонымен қатар «жолда абай болыңыз», «баяу жүріңіз» сөздері қытайлықтардың

алаңдатушылығын, ал, ағылшындықтардың күдігі мен наразылығын білдіртуі мүмкін. Осыған орай, коммуникация барысында жалпыға ортақ «Сau болыңыз!» немесе «Сәт сапар!» сөйлемдерін қолданған жөн. Қоштасу барысында қытай халқы 请留步 [*qǐng liúbù*], 别送了 [*biésòng le*], 不远送了 [*bùyuǎn sòng le*], 怨不遠送 [*shù bù yuǎn sòng*] – сіздерді шыгарып салмаганыма кешірім өтінемін т.б. тіркестерін қолданады.

Қонақ күту әдебіне келер болсақ, қытай халқы қонақты жақсы күтеді және оларды тындай біледі. Олардың қазактардың «дала этикеті» салтынан айырмашылығы – басқа ұстанымдармен қатар, қонақ күту барысында да Конфуций мәдениетін ұстануы. Ұлы философ ілімінің басты мақсаты – моральдық және адамгершілік қасиеттерді дәріптеу. Алайда, қытайлықтардың қонақтарды мұқият тыңдаپ, көңілін аулай отырып, олардан өзіне қызықты ақпарат алуға тырысатын қасиеттері де жоқ емес. Қытай халқының әдеп сақтау дәстүрі адамдардың жеке мансабын, өзін-өзі дамытудың, қоғаммен тіл табысудың мәдени жетістіктерге жетудің басты жолы деп санайды. Қазақтар ежелден үй иесі қонақтарды бір-бірінен бөліп, түр-түсіне және лауазымына қарамай сыйласп җібереді. Қытай халқында қонаққа байланысты *λ 乡隨俗* [*rù xiāng suí sú*] мақалының мағынасы қазақтың «әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа» мақалының баламасы іспеттес. Яғни, біз екі халық туындыларының шығу тарихы мен әртүрлі болғанменен, өмірге деген тұжырымдамасы көзқарасы мен көздеген мақсатының бір екенін көре аламыз. Үйге келген қонақтың «қойдан жуас» болып келу қажеттілігі, «шаңыраққа қарап сөйлеуі» мен сол елдің қалыптасқан салтына мойынсынуының айғағы да осының дәлелі.

2.4. Заманауи әлеуметтік желідегі этикет нормаларының тілдік ерекшеліктері

Қазіргі таңда цифрлық технологиялардың дамуы дәстүрлі этикет нормаларына жаңашылдық енгізуде. Сөйлеу этикеті әлеуметтік желілердегі мессенджерлердің және басқа да цифрлық платформалар алаңында тұлғааралық қарым-қатынас жасау барысында көрініс табады. Адамдар арасындағы коммуникация – этикет нормалары тәртібіне сүйеніп жүзеге асырылады. Әлеуметтік желідегі мінез-құлықтың әсерінен келеңсіздік пен қақтығыстардың туындауына ықпал етеді. Желілік этикет адамдар арасындағы қалыпты қарым-қатынас пен түсіністікті қамтамасыз етудің маңызды құралы болып есептеледі. Осыған орай, коммуниканттардың сөйлеу этикеті тек шынайы өмірде ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік желідегі қарым-қатынас барысында да қолданылады.

Желілік этикет (сетикет немесе нетикет) – интернеттік ортада сыпайы, құрметпен және этикалық тұрғыда әрекет етуге көмектесетін қабылданған мінез-құлық нормалары мен ережелерінің жиынтығы. Әлеуметтік желідегі этикет адамның жеке өмірін құрметтеу, авторлық құқықты сақтау, электронды поштаны, әлеуметтік желілерді және форумдарды дұрыс пайдалану, өзара хат жазу, сөйлесу, қажетті ақпаратты тасымалдау, білім алу т.б. аспектілерді қамтиды. Әлеуметтік желіде адамдардың

коммуникацияға түсіуі этикетпен тығыз байланысты. Сонымен қатар этикет – орынсыз мінез-құлық пен хабарламаларды дұрыс түсінбеу нәтижесінде туындаған жанжалдарды болдырмау мақсатында қолданылады және коммуниканттардың өздерін қауіпсіз сезінуіне мүмкіндік береді [133]. Әлеуметтік желі өзге адамдарға құрмет көрсетудің көрсеткіші ғана емес, сонымен қатар өзінің бойындағы сыпайылық пен тәрбиелік сапасының құндылығын дәріптейтін орта болып табылады.

Әлеуметтік желіде ұстанатын ең негізгі мәселе – сөз мәдениеті. Қазіргі кезде жастар мен жасөспірімдер арасында жазу стилі мен сапасына көңіл бөлінбеу және түсініксіз сөздер, атап айтқанда сленг, ағылшын, орыс тілдеріндегі лексемалар, қысқартулар мен әмодзилердің қолданылуы желі мәдениетіндегі келенсіздіктерді тудырады. Ең алғаш интернет қолданушылары желідегі чатта берілген сөздерді тиімділігі үшін пайдаланса, уақыт өте белгілі бір талаптар үшін қолданыла бастады [134].

Интернет-лексика мәселелерін көптеген отандық және шетелдік ғалымдар, атап айтқанда, З. Сабитова, С. Садықова, Ж. Бекенова, Д. Байгожина, М. Малик және шетелдік зерттеушілер О. Лукинова, И. Фролов, Чжу Ицзюн, Ма Юн, Шэн Цинцзин т.б. жан-жақты зерттеген. Ресейлік этикет зерттеушісі О. Лукинова электронды пошта немесе мессенджерлердің адамдардың сұранысқа ие және қарым-қатынас жасайтын кеңістік екендігін және берілген коммуникацияның тиімді және жанжалсыз болуы үшін қарым-қатынастың қабылданған нормаларының қалыптасатындығын атап өткен [135]. М. Малик коммуникативті мақсатты – сөйлеу мәдениеті теориясының негізгі категорияларының бірі екендігін, сондықтан сөйлеудің негізгі коммуникативті қасиеттерін білу және оларды сөйлеудің өзара әрекеттесу процесінде ескеру қажеттігін ескерткен. Сөйлеу мәдениетінің коммуникативті аспектісінің талаптарына сәйкес ана тілінде сөйлейтіндердің тілдің функционалдық белгілерін игеру керектігін, сонымен қатар, сөйлеу құралдарын таңдауға және үйымдастыруға айтарлықтай өсер ететін қарым-қатынастың прагматикалық жағдайларда тілдік мінез-құлық ережелерін білу мен қолдануды белгілейтіндігін атап өткен [136, 101 б.]. Ал, қытай желілік интернет этикетін зерттеуші ғалымдар Чжу Ицзюн, Ма Юн желідегі байланыстың да шынайы әлемдегідей этикет пен моральдық шектеулерді талап ететіндігін және интернетті қолдану кезінде әдепті сақтаудың маңыздылығын көрсеткен. Себебі, берілген құрмет тек адамның өзіне ғана емес, сонымен қатар, желі коммуниканттарына деген сыйластық пен құрметтің белгісі екендігін атап өтілген.

Жастар дәстүрлі қоғамдағы секілді онлайн қоғамда да өзіндік тәртіптері мен интернетке бейімделу ережелерін ұстануды көздейді. Атап айтқанда:

1. Жалпыға ортақ. Әлеуметтік этикет ережелері көбіне заң мен мораль деңгейінде жүзеге асырылады. Этникалық мәдениет айырмашылықтарына байланысты зандар мен ережелер ұстанылуы қажет;

2. Виртуалды онлайн-қоғам арасындағы іс-қимыл онлайн-ақпаратпен ғана шектеледі. Шынайы өмірдегі этикет көріністеріне қол алысу, сүйісу,

тағым ету т.б. жатады. Алайда, әлеуметтік желіде жаңадан пайда болған эмоция мен көзқарастарды білдіретін белгілер ғана пайдаланылады;

3. Мінез-құлықты бақылау ережелеріне сәйкес желі қолданушыларына жағымсыз мінез-құлықтың пайда болуына жол берілмеуі тиіс;

4. Әлеуметтік желідегі заңсыз әрекеттерге жол бермеу ережесін ұстану қажет [137, 62 б.].

Адам енді тек символдармен емес, сонымен қатар кодтармен, алгоритмдермен, виртуалды модельдермен әрекет ететін агент ретінде бейнеленеді. Бұл – когнитивті-инфрақұрылымдық, техникалық және медиааралық кеңістіктегі өмір сүретін жаңа субъектілік форма – цифрлық агент. Яғни мәдени агенттік ұғымы тек адаммен шектелмейді. Ол енді деректер жиынтығының ішкі логикасында, алгоритмдердің әрекетінде, цифрлық медианың визуалды тілінде де өмір сүре алады. Жасанды интеллект, чат-боттар, блокчейндер мен AR/VR агенттер мәдени тәжірибе өндіруші субстанциялар ретінде қарастырыла бастады. Берілген шенберде адам жалғыз емес және цифрлық кеңістіктегі көптеген басқа да агенттермен бірлесе әрекет ететін субъект болып табылады. Цифрлық трансформация жағдайында этикет ұғымының өзі күрделі мутацияға ұшырап отыр. Бұрынғыдай этикет – белгілі бір қауымдастықтың символдық жүйесі немесе салт-дәстүрінің жиынтығы ретінде ғана емес, енді ол ақпараттық кеңістіктегі өмір сүретін, өзін өзі кодтайтын, жаңғыртатын және трансформациялайтын алгоритмдік тіршілік формасы ретінде қарастырылады. TikTok-тың қысқа бейнелері, Instagram-дағы визуалды мифология, метаверс кеңістіктегі цифрлық ритуалдар, блокчейнде сақталған ұлттық шежірелер – жаңа мәдени тіршіліктің шынайы формалары. Яғни, мәдениет енді «репрезентация» емес, әрекет етуші, жауап қатушы, реактивті агент болып есептеледі. Осы метаморфоз аясында қазақ және қытай этикеті де жаңа онтологиялық мәртебеге ие болуда. Ол тек этнографиялық зерттеудің нысаны ғана емес, сонымен қатар деректерге негізделген рухани код, нейросемиотикалық агент, постантропоцентрлік кеңістіктегі тірі құрылым ретінде қайта пайымдалуы тиіс. Бұл әдіс тілді болашақ цифрлық қоғамда өміршеш ete отырып, оның когнитивтік және рухани тұрақтылығын қамтамасыз етудің жаңа жолдарын ұсынады. Сонымен қатар лингвомәдениеттің де эволюциясы осындай трансформациялық бағытта жүріп жатыр. Оның мифтік құрылымдары, фольклорлық формалары мен ритуалдық тәжірибелері тек мәтін немесе дыбыстық естелік ретінде ғана емес, виртуалды агенттермен әрекеттесетін, жасанды интеллектпен жаңғыратын, алгоритмдік жүйелерде тіршілік ететін семиотикалық тіршілік формаларына айналуда. Басқаша айтқанда, этнос мәдениетінің дәстүрлі құрылымдары цифрлық кеңістіктегі өзін метаантропологиялық тірі агент ретінде қайта кодташып жатыр.

Бұл үрдіс қазақ халқының мәдени жадында шежіре – тек ата-бабалар тізбегі ғана емес, дүниетанымдық құрылымның іргетасы. Бұл жад белгілі бір ритуалдық тіл мен сакралды кодтар арқылы ұрпақтан ұрпаққа беріледі.

Алайда қазіргі цифрлық қоғамда бұл құрылымдар да жаңа формада тіршілік ете бастады: генеалогиялық мәліметтер *big data* форматында сакталып, жасанды интеллект көмегімен визуализацияланып, блокчейн платформаларында қорғалып жатыр. Сонымен қатар, сакралды кеңістіктердің репрезентациясы да өзгерді. Бұрынғы киелі орынды енді метаверс форматында цифрлық реконструкциялау арқылы көрсету мүмкіндігі туды. Бақсызық кодтар, зікірлік құрылымдар, архетиптік образдар – бүгінде нейроинтерфейс технологиялары арқылы когнитивтік практикаға айналуда. Бұл үдеріс «кибер-Тәнірлік» деп сипатталатын феноменнің негізін қалайды: дәстүрлі Тәнірлік ұғым енді виртуалды агенттер мен символдар арқылы цифрлық сана кеңістігінде қайта туындауда. Сондай-ақ халық болмысы – тек этнос, тіл немесе фольклор арқылы анықталатын мәдени болмыс қана емес. Ол – кеңістікпен, уақытпен, табиғатпен және сакралдылықпен күрделі қатынаста өмір сүретін рухани-оникалық жүйе. Цифрлық заманда бұл болмыс жаңа репрезентациялық формаларға ие болып отыр: виртуалды ордалар, 3D реконструкцияланған эпикалық кеңістіктер, жасанды интеллект негізіндегі поэтикалық генерациялар – мұның бәрі қазіргі қазақ мәдениетін өзге кеңістікте қайта танып, тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Интернет қоғамдағы адамдардың өзара коммуникацияға түсіі үшін жаңа платформалар ашты. Берілген ортада адамдар бір-бірімен байланысқа түсіі міндettі емес. Әлеуметтік этикет – желідегі қоғамның дамуына бейімделу үшін құрылған желі коммуниканттарының мінез-құлқы болып табылады. Алайда, шынайы өмірдегі секілді әлеуметтік желі этикетінде де коммуниканттардың жасына, айналысатын кәсібіне байланысты мінез-құлқы ережелерін ұстану қажет. Зерттеуші П. Уоллейс: «Қазіргі жастар – расында да, цифрлық аборигендер, олардың тұлғалық дамуында, әлеуметтік мінез-құлқында, когнитивті дамуында, тіпті миының дамып-жетілуінде интернет ерекше рөлге ие», «Әлеуметтік жағдайда балалар әңгімелесудің жаңа нормалары мен үлгілерін жасап шығарып, өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін онлайн-ортаны бірігіп қалыптастырады» – деп айтЫп өткен. [138, 336 б.]

Көңіл-қүйді білдіретін белгілер – бейресми және жазбаша қатынаста қолданылатын эмоцияны білдіреді. Белгілер – хабарламаның сонына қойылады. Сұхбаттасуышымен сөйлесіп болған соң нүктे орнына сыпайылық белгісі ретінде жақша қойылады. Екі жақша)) күлімсіреуді, ал үш жақша))) хабарламаның қатты күлкілі немесе қызықты екендігін білдіреді. Алайда, әлеуметтік желіде шетелдіктермен сөйлесу барысында берілген белгілерді қолдану түсінбестік тудырып, келенсіздіктерге әкелуі ықтимал.

Эмоджи – жазбаша тілде көңіл-қүйді, эмоцияны жеткізу тәсілі. Бірақ, сұхбаттасуышылар эмотикондар мағынасын әртүрлі мағынада түсінуі мүмкін. Мысалы:

- «қайғылы», «шаршағанымнан терлеп кеттім», «жсанбырдан шаршаадым»;

- «өте күлкілі», «өте өкінішті», «менің сені тіпті де көргім келмейді»;
- «өтінемін, көмектесші», «көмегіңе раҳмет», «сен ушін дұгадамын»

т.б.

Стикерлер мен гифкалар – қайталанбалы анимацияланған суреттер. Берілген белгілер адресаттың көңіл-күйін білдіреді. Алайда, белгілерді желіге жіберу барысында тәмендегі жайтарға көңіл аударудан:

1. Сәлемдесудің орнына жіберменіз (сұхбаттасуышы сіздің не айтқызыз келіп отырғанын түсінбеуі себебінен);
2. Іскери қарым-қатынас жасайтын тұлғаларға жіберуге болмауы себебінен;
3. Ешқашан стикерлер мен эмодзиіді қолданып көрмеген адамдарға салуға болмауы себебінен;
4. Ұзақ хабарламаларға жауап ретінде салуға болмауы себебінен;
5. Мағынасының түсініксіз болуы себебінен;

Сұхбаттасуышының желісі стикер немесе гифка қабылдау мүмкіндігі болмаған жағдайда жіберілген хабарлама түсінбестік туғызуы себебінен сақ болу қажет.

2. Сленг сөздер.

Әлеуметтік желідегі сөйлеу әрекеті белгілі бір этикалық нормалар мен стандарттарға негізделеді. Ал, сөйлеу мәдениетінде ережелерге және этикет талаптарына сәйкес бейідеп және дөрекі сөздерден аулақ болу үшін сленг сөздер қолданылады. Сленгтер (俚语) алуан түрлі лингвистикалық спектрді қамтиды. Сленг – қазақ және қытай тілдерінің ажырамас бөлігі ретінде көптеген елдерде қолданылған, алайда, әрбір тарихи кезеңдерде өзіндік ерекшеліктері бар, қолдануға ыңғайлыш сөйлеу бірліктері пайда болып отырған. Британдық лексикограф Э. Партридж жастардың сленгті қолдануының 15 себебін көрсетеді [139]. Олар:

1. көтеріңкі көңіл-күйде болғанда; жай қызық үшін, әзіл үшін;
2. тапқырлық немесе әзіл ретінде (өзін-өзі көрсету, еліктеу, жауап беру реакциясы, шеберлікке деген құштарлық);
3. «басқаша» болуға деген ұмтылыс, басқаларға ұқсамау, жаңашыл болу;
4. әсер ету үшін (оң мағынада), талғамсыздықтан аулақ болу үшін;
5. тартымды немесе тіпті қорқыныш тудыру үшін;
6. клишеден аулақ болу, қысқа да нұсқа болу (бұл себеп қолданыстағы терминдерге төзбеуден туған);
7. тілді байыту;
8. абстрактілі заттарға нақтылық беру үшін;
9. а) қатты ренжіту үшін немесе екінші жағынан қосымша баға беру, келіспейтіндігін, бас тартатындығын білдіру үшін; ә) сөйлесудің немесе хаттың салтанаттылығын, асқақтылығын, байыптылығын азайту үшін; б) қайғылы жағдайды жеңілдетіп жеткізу, өлімнен немесе есаландықтан құтылудың мүмкін еместігін жеңілірек жеткізу үшін немесе керісінше, әсірелеп көрсету үшін, жымысқы әрекетке деген жиіркенішті немесе аяушылықты жасыру үшін (мысалы, сатқындыққа, рақымсыздыққа),

спикерге, оның тындаушысына немесе екеуіне де жалғастыруға мүмкіндік беру үшін;

10. төмендегі деңгейдегі адамдармен сөйлесу, жазу, жоғары деңгейдегі көпшіліктің көңілін көтеру, жай ғана өз аудиториясымен еркін қарым-қатынас жасау үшін;

11. сөйлесудің ыңғайлылығы үшін;

12. қарым-қатынасты достық деңгейге жеткізу немесе жақыннату үшін;

13. өздерінің белгілі бір кәсіпке, өнер мен зиялды ортаға, әлеуметтік ортаға жататындығын көрсету үшін;

14. біреудің белгілі бір істен хабардар еместігін көрсету үшін;

15. басқаларға түсініксіз, жұмбақ болу үшін қолданатындығын атап көрсеткен [139, 496 б.].

Көрсетілген бөліктерді қолдану арқылы коммуниканттар өзінің индивидуалдығын көрсетіп, әртүрлі жағдайларда өзінің сезімі мен ойын білдіре алады. Себебі, берілген сөздер семантикалық байлығымен, таң қаларлық ассоциацияға ие болуымен, әсерлі эмоционалды және түсінуге оңай қасиетімен ерекшеленеді. Профессор А. Салқынбай: «Тіл ойлаудың жемісі. Дұрыс ойлайтын кісі дұрыс жазады. Қазақ тілінде бұрыс сөйлейтіндер, әрине, әлеуметтік желіде де қате жібереді. Норманың бұзылуы осыдан басталмақ, бұл әлеуметтік желіні қолдауышының ішкі мәдениетіне, өзін бағалауына, өзі арқылы тілін, ұлтын бағалауымен астасып жатпай ма? Ойлануымыз керек. Менің қазақша қате жазғаным тек менің қателігім емес. Қазақ сөзінің қате жазылғаны» - деп ана тіліне өзінің көзқарасын білдірген [140].

Қазақ тіліндегі әлеуметтік желілерде бейресми қарым-қатынаста және жастар арасында ағылшын және орыс тіліндегі лексемалар мен жаргондар күнделікті қолданысқа заманауи интернет тілі тұрғысында еніп отыр. Берілген кірме сөздер ресми ортада қолданылмайды. Сөйлеу этикетінің бұзылуы – қарым-қатынас барысында мәдениет пен сыпайылыққа қайшы келетін сөздер мен әрекеттерді қолдану әсерінен туындейды. Мысалы, *крыша* (*қамқоршы*), *батя* (*әке*), *топ* (*ең керемет*), *фишка* (*ерекшелік*), *в натуре* (*шын мәнінде, расымен*), *крч* (*короче*), *от души* (*шынайы*), *вообще норм тема гой* (*жасы тақырып*), *без обид* (*кешірші*) т.б. Англицизм – ағылшын тілі лексикасынан енген сөздер. Ағылшын тілі интернеттің дамуы мен әлеуметтік желінің әсерімен көптеген елдердің сөйлеу тілінде, әсіресе жастар тілінде кездеседі. Мысалы: *лайк*, *хайн*, *дедлайн*, *онлайн*, *шоппинг*, *респект*, *гаджет*, *селфи*, *аккаунт* т.б. сөздер. Кірме сөздер халықтар мен мәдениеттер арасындағы байланысты және сол халық мәдениетіне деген құрметті көрсетеді, алайда, оларды қолдану барысында этикет мәселеі туындауы мүмкін. Себебі, берілген сөздер әр халық мәдениетінде әртүрлі контексте және әртүрлі мағынада, сонымен қатар, бір тілде жағымды мағынада қолданылса, басқа тілде теріс мағынаға ие болуы ықтимал. Қазақ тілінде жиі қолданылатын ағылшын және орыс тілдерінен енген сленг сөздер:

Батя	әке, орыс тілінен енген кірме сленг
Бажуха	Бажа сөзіне -уха жүрнағының жалғануы арқылы жасалынған сленг сөз. Тұстық мағынаны береді.
Ботан	тым көп оқитын, өмірдің басқа жақтарына аз көніл бөлетін адам
Бро (братуха)	аға, орыс тіліндегі «брать» сөзінің қысқартылған сөзі
Бай-бай	Көріскенше, сау бол. Ағылшын тілінен енген сленг сөз «bye-bye».
Брәтішкә	«Братишка» орыс тіліндегі «іні» сөзі. Қазақ төл дыбыстарын қолдану арқылы жасалынған сленг сөз.
Босс, шеф	Бастық. «Boss» ағылшын тілінен аударғанда «қала немесе штат бастығы», орыс тілінен «Шеф» сөзі француз тілінен аударғанда «бастық» мағынасын береді.
Инет	Ғаламтор жүйесі. Кірме сөздің соңғы дыбыстарды қысқартуы арқылы пайда болған.
Лайк	Әлеуметтік желідегі суреттерге лупіл, жүрекше басу. Ағылшын тілінде «like» сөзінен шыққан.
Лох	аңқау
Нормально	болады, жақсы, ойдағыдай
Окей	Жарайды, жақсы. Ағылшын тіліндегі «OK» сөзі.
Радной	бауырым
Раха	Рахмет! Аналитикалық-синтаксистік тәсіл оның ішінде, қысқарту+интонация арқылы жасалынған сленг сөз.
Сорян	«sorry» ағылшын сөзінің қысқартылған нұсқасы, қазақшасы «кешір»
Мамка	ана
Ажека, аташка	ана, әке
Пока	Сау бол немесе көріскенше!

Қытай халқының сөйлеу этикеті ғасырлар бойы конфуцийшілдік қағидаттарға негізделген. Алайда, әр дәуірдің ұстанатын өзіне тән принциптері бар. Бірақ, Қытай әлеуметтік желілерінде сандық бірліктер сыпайылық қарым-қатынастағы жылды лебіздің және көңіл-күй индикаторы ретінде қолданылады. Себебі, сандық бірліктер тілі коммуникация барысында тек символикалық мәнге ғана ие емес, сонымен қатар, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруды және сыпайылықты білдіруде маңызды роль атқарады. Берілген тәсіл қытай иероглифтерін теруге уақыт үнемдеуге, цензураны болдырмауға және астыртын мағынаны білдіруге мүмкіндік береді. Соңғы кезде қытай әлеуметтік желісінде интернет-лексика, атап айтқанда, ағылшын әріптері (аббревиатуралар), сандық бірліктер белсенді түрде қолданылуда. Бұл жерде иероглиф транскрипцияларының бастапқы

әріптері қолданылады, сөйлеу тілінің эмоционалды экспрессивті және стилистикалық түрғыдан белгілейді. Қытай тіліндегі кейбір сандардың айтылуы белгілі бір сөздердің дыбысталуы ұқсас (гомофондық). Әдетте пайдаланушылар туыстық терминдерді және таныстарының атауларын қолданғанда әріптік қысқартуларды қолданады [141].

Қытай тіліндегі сленгтер мен интернет тілін көптеген шетелдік ғалымдар зерттеген. Берілген саладағы танымал зерттеушілердің бірі – Цзяо Цзиньцзи, Ма Юн, Шэн Цзинцзин т.б. қытай жастарының сленгін және оның ерекшеліктерін зерттеген. Ол әлеуметтік, мәдени және технологиялық өзгерістердің жастар арасындағы тілдің дамуына қалай әсер ететінін қарастырған. Шет тілінен қытай тіліне енген жаңа сөздер түрлі әдісте, фонетикалық дыбысталуына, семантикасына байланысты жүзеге асырылады. Технологияның даму кезеңіне сәйкес қытай тілінің сөздік қоры әрдайым өзгеру үстінде. Әлеуметтік желідегі қолданылатын ағылшын тіліндегі лексемалар қарым-қатынас процесін женілдетуге мүмкіндік береді. Жаңа сөздердің мағыналарын қарастыра келе, қазақ және қытай тілдерінде сленг сөздерінің күн санап өсіп келе жатқандығын, екі немесе бірнеше сөздердің бірігуі арқылы жаңа мағына пайда болатындығын көре аламыз. Берілген сөздердің бірнеше жасалу жолдары бар. Олар – ағылшын лексемаларының қолданылуы, ағылшын және сандық бірліктердің қолданылуы және әріп түрінде қысқартылған сөздер. Мысалы:

3Q – thank you – рахмет

米 2 – маған да

N 次 – көп рет

谷歌 – google – гугл

推特 – twitter – твиттер т.б.

Әлеуметтік желілерде қысқартылған сөздер мен сөз тіркестерінің саны күн сайын артуда. Қытай тіліндегі қысқартылған сөздерді үш топқа бөліп қарастыруға болады:

1. иероглиф + әріп кестесі бойынша жасалған аралас қысқартулар (好吧 [haoba] – жақсы) немесе әріп + иероглиф (AA 制 [AA zhi] – әркім өзі үшін төлем жасайды);

2. инициалды қысқартулардың екі түрі:

- ағылшын тілі негізінде жасалған аббревиатуралар (IPO –Initial Public Offerings);

- қытай тілі негізінде жасалған аббревиатуралар (RMB – 人民币);

3. құрамында сандар мен иероглифтері бар қысқартулар. Берілген графикалық аббревиатуралар, яғни сандар, дыбысталуы ұқсас иероглифтердің орнына лексикалық бірліктер ретінде қолданылады. Мысалы:

-88 [bye-bye] 再见 – Сая бол;

Қытай әлеуметтік желілерінде сандық бірліктер коммуникация негізі болып табылады. Сандық бірліктер қытай тіліндегі иероглифтердің орнына қолданылып, қарым-қатынасты жеңілдетуге ықпал етеді.

Әлеуметтік желіде жиі кездесетін қытай тіліндегі этикет бірліктерінің орнына қолданылатын сандық бірліктер:

этикет тақырыбанда қолданылатын сандық бірліктер	қытай тіліндегі мағынасы	транскрипциясы	қазақ тіліндегі мағынасы
02825	你爱不爱我	Nǐ ài bù ài wǒ	Сен мені жақсы көресің бе?
045617	你是我的脾气	nǐ shì wǒ de píqi	сен маған аудай қажетсің
04535	你是否想我	Nǐ shì fǒu xiǎng wǒ	Сен мені сағындың ба?
04551	你是我唯一	nǐ shì wǒ wéiyī	сен менің жалғызымың
0456	你是我的	nǐ shì wǒ de	сен мендіксің
0457	你是我的妻子	nǐ shì wǒ qī	сен менің жанжарымсың
045692	你是我的最爱	nǐ shì wǒ de zuì'ài	сен менің сүйіктімсің
0564335	你无聊时想想我	nǐ wúliáo shí xiāngxiāng wǒ	жабыққан кезде есіңе мені алғайсың
0594184	你我就是一辈子	nǐ wǒ jiùshì yībēizi	екеуміз мәңгі біргеміз
065	原谅我	yuánliàng wǒ	кешірші мені
066	你来了?	Nǐ lái le?	Осындастың ба? Келдің бе?
07382	你欺善怕恶	Nǐ qīshàn pà'è	Сен мейірімділерді ренжітесің, ал, зұлымдардан қорқасың ба?
07868	你吃饭了吗?	Nǐ chīfàn le ma?	Сен тамақ іштің бе?
0837	你别生气	nǐ bié shēngqì	ренжімеші
08376	你别生气了	nǐ bié shēngqì le	ренжіме
095	你找我?	Nǐ zhǎo wǒ?	Сен мені іздедің бе?

096	你走了?	Nǐ zǒu le?	кеттің бе?
098	你走吧	nǐ zǒu ba	бара ғой
1314	一生一世	yī shēng yī shì	мәңгі бақи, өмір бойы
1314920	一生一世就爱你	yī shēng yī shì jiù ài nǐ	мен сені өмір бойы сүйіп өтемін
1414	要死要死	yào sǐ yào sǐ	мәңгі бақи
147	一世情	yīshìqíng	мәңгілік махаббатпен
1573	一往情深	yīwǎng qíngshēn	ұлкен махаббат
1589854	要我发, 就发五次	yào wǒ fā, jiù fā wǔ cì	байыған жағдайда, бес есе бай болайын
1711	一心一意	yīxīn yīyì	шын көңілден
1930	依旧想你	yījiù'xiǎng nǐ	мен әлі де сені ойлаймын
200	爱你哦	ài nǐ o	мен сені жақсы көремін
230	爱死你	ài sǐ nǐ	сені қатты жақсы көремін
233	笑死了	xiào sǐ le	кулкіден өлдім
234	爱相随	ài xiāngsuí	махаббат сенімді серігің болсын
235	要想你	yào xiǎng nǐ	сені сағындым
259695	爱我就了解我	ài wǒ jiù liǎo jí è wǒ	мені сүйгенің, мені түсінгенің
259758	爱我就娶我吧	ài wǒ jiù qǔ wǒ ba	егер мені сүйсек, маған тұрмысқа шық
282	饿不饿?	E bù è?	Қарның ашты ма?
256895	你是可爱的小狗	nǐ shì kě'ài de xiǎogǒu	сен менің сүйкімді қонжығымсың
30920	想你就爱你	xiǎng nǐ jiù ài nǐ	мен сені жақсы көргендіктен қатты сағынып қалдым
3013	想你一生	xiǎng nǐ yīshēng	мен сені өмір бойы сағынып өтемін
360	想念你	xiǎng niàn nǐ	сені сағындым
3731	真心真意	zhēn xīn zhēn yì	бар жүрегіммен, ынтааммен

			сыйлаймын
39	thank you		рахмет
4242	是啊是啊	shì'a shì'a	иЯ-ия
4456	速速回来	sùsù huílai	тезірек оралшы
456	是我啦	shì wǒ la	менің кінәм
460	想念你	xiāngniàn nǐ	сені сағындым
4980	只有为你	zhǐyóu wéi nǐ	тек сен үшін
48	是吧	shì ba	рас
510	我依你	wǒ yī nǐ	мен сізбен келісемін
51095	我要你嫁我	wǒ yào nǐ jià wǒ	сенің маған тұрмысқа шыққаныңды қалаймын
51396	我要睡觉了	wǒ yào shuìjiào le	мен үйықтаймын
518	我要发	wǒ yào fā	менің бай болғым келеді
520	我爱你	wǒ ài nǐ	мен сені жақсы көремін
521	我愿意	wǒ yuàn yì	мен ... қалаймын
530	我想你	wǒ xiǎng nǐ	мен сені ойлаймын
5366	我想聊聊	wǒ xiǎng liáoliáo	менің әңгімелескім келеді
59520	我永远爱你	wǒ yǒngyuǎn ài nǐ	мен сені мәңгі бақи сүйіп өтемін
5460	我思念你	wǒ sī niàn nǐ	мен сені сағындым
555	呜呜呜	wūwūwū kūqì	ууу (жылаған дауыс)
558	午午安!	Wǔwǔ ān!	Қайырлы күн!
57386	我去上班了	wǒ qù shàngbān le	мен жұмысқа барамын
574839	我其实不想走	wǒ qíshí bùxiǎng zǒu	менің кеткім келмейді
58	晚安!	Wǎn'ān!	Қайырлы түн!
584520	我发誓我爱你	wǒ fāshì wǒ ài nǐ	рас айтамын, мен сені жақсы көремін
587	我抱歉	wǒ bàoqiàn	өкінішке орай...
5871	我不介意	wǒ bù jièyì	мен қарсы

			емеспін
666	六六六!	Liù liù liù!	керемет!
6785753	老地方不见不散	lǎodìfang bùjiàn bùsàn	бұрынғы жерде кездесеміз
6868	溜吧溜吧!	Liūba liūba!	кеттік!
687	对不起	duìbuqǐ	кешірініз...
6699	顺顺利利	shùn shùn lì lì	бәрі ойдағыдай
70345	请你相信我	qǐng nǐ xiāngxìn wǒ	маған сенші...
706	起来吧	qǐlái ba	тұр
70626	请你留下来	qǐng nǐ liú xià lái	қалшы, өтінемін
7087	请你别走	qǐng nǐ bié zǒu	кетпеші, өтінемін
70885	请你帮帮我	qǐng nǐ bāngbāng wǒ	көмектесші
71817	请你干要气	qǐng nǐ gān yàoqì	өтінемін, ренжімеші
721	亲爱你	qīn'ài nǐ	қымбаттым
7408695	其实你不了解我	qíshí nǐ bù liǎojiě wǒ	расымен де сен мені түсінбейсің
7456	气死我了	qìsǐ wǒ le	шаршатып жібердің
74839	其实不想走	qíshí bùxiǎng zǒu	менің расымен де кеткім келмейді
7752	亲亲吾爱	qīnqīn wúài	қымбаттым
777	幸运	xìngyùn	сәттілік
786	吃饱了	chībǎo le	мен тойдым
7998	去走走吧	qù zǒuzǒu ba	серуендер қайтайық
70345	请你相信我	qǐng nǐ xiāngxìn wǒ	сенші маған
780	牵挂你	qiānguà nǐ	сен жайлы ойлаймын
88	bye bye		сау бол
807	不气了	bù qì le	менің ренішім жоқ
880	bye bye ge!		Сау бол!
886	拜拜了!	Báibái le!	Сау бол!
82475	被爱是幸福	bèi ài shì xìngfú	сүйікті болу бір бақыт
837	别生气	bié shēngqì	ренжімеші
8484	去吧去吧	qù ba qù ba	бара ғой
9089	求你别走	qiú nǐ bié zǒu	өтінемін, кетпеші

910	就依你	jiù yī nǐ	өзің шеш
918	加油吧!	Jiāyóu ba!	Тек алға!
9420	就是爱你	jiùshì ài nǐ	расымен де сені жақсы көремін
940194	告诉你一件事	gàosu nǐ yījiàn shì	мен саған бір нәрсе айтайын
9494	就是就是	jiùshì jiùshì	расымен де солай
95	救我	jiù wǒ	мені құтқаршы
98	早安!	Zǎo'ān!	Қайырлы таң!
99	久久	jiǔjiǔ	ұзақ уақыт
995	救救我!	Jiùjiù wǒ!	Құтқар!
987	对不起	duìbuqǐ	кешірші
100	棒棒的!	Bàngbàng!	Керемет!

Екінші тарау бойынша түйін

1. Этиket тілінің барлық түрі сол тілде сөйлеуші халықтың өткен тарихымен, күнделікті өмірде тұрмысына орнықтырған мәдениетімен, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан салт-дәстүріне арқау болған жан рухымен, ой танымымен, сана-сезімімен байланысты, сондықтан оларды біріктіре қарау мәселесі тіл ғылымында өзіндік өріс алғып келе жатқан этнолингвистика, когнитивті лингвистика, психолингвистика, лингвомәдениеттану ғылымдарының тууына себепші болды.

2. Кез келген этиket формалары ұлттық мәдениет көрінісі болып табылады. Тілде қолданылатын қарым-қатынастың тұрақты тіркесінде әрбір халықтың қайталанбас әдет-ғұрпы мен тұрмыс-салты көрініс табады. Ұлттық мәдени негіздегі бейвербалды амалдар этностардың ұлттық менталдық ерекшелігін бойына сініреді. Қазақ және қытай ұлттарында бейвербалдық қарым-қатынас вербалдық қарым-қатынаспен қатар жүреді. Алайда, ым-ишарапты, іс-қимылды қолдану тәртібі әртүрлі. Мысалы, қазақтарда сәлемдесу кезінде қол беру (қол ұсыну), қол алысу, қол қысу, бауырына басып амандасу, қос қолдап амандасу, тізе бүгіп амандасу, қолын кеудесіне қойып амандасу, бас изеп амандасу, иек қағып (көтеріп) амандасу, төс қағыстырып, қолдан, маңдайдан, беттен сүйіп амандасу, қол көтеріп амандасу сияқты амандасу түрлері бар.

3. Қытай – ежелгі «конфуцийшілдік» дәстүрді ұстанған сыпайы, кішіпейіл және қонақжай халық. Қытай халқының дәстүрлі мәдениеті белгілі бір үрдістер мен рәсімдерге сүйене отырып жасалады. Оның қарастыратын негізгі мәселесі – адамдар арасындағы қарым-қатынас, тәрбие мәселелері. Осыған орай, «тең орта», «адамгершилік» және «өзара сүйіспенешілік» ұғымдарына мән береді. Сонымен қатар, осы үш ұғым бірігіп, даоны құрайды. Әр адам осы даоның жолымен өмір сұруі қажет.

4. Қазақ халқының іскерлік қарым-қатынасындағы сөйлеу этиketі қытай тіліне ұқсас. Себебі, екі мемлекеттің халықтары келген қонақты жылы жүзбен, аса мейірімділікпен қарсы алады. Қазақ және қытай халықтарында алғыс айтуға байланысты қанатты сөздердің пайда болуы сол елдің ішкі факторларымен тығыз байланысты. Мысалы, қытай тілінде – 感恩是精神上的一种宝藏 [gǎnēn shì jīngshén shàng de yī zhōng bǎozàng], яғни алғысты рухани қазына тұрғысында бағаласа, қазақ халқы – «алтын алма, алғыс ал: алтын деген жер сыйы, алғыс деген ел сыйы» – деп, алтыннан да қымбат, баға жетпес байлыққа теңеген.

5. Қазақ қоғамындағы ұят болады сөзі қазақ ұлты мәдениетінің жоғарғы деңгейінің көрсеткіші ретінде қолданылады. Ол үлкен мен кішінің, жас пен көрінің, ата-ана мен бала-шағаның қарым-қатынасын, таныстардың, туысқан мен туғанның, ер адам мен эйел адамның, әріптестер мен құрбы-құрдастың т.б. сыйластығының өлшемі іспеттес. Қазақ және қытай халықтары отбасылық құндылықтарды жоғары қойған. Қазақ халқының «үлкенге құрмет, кішіге ізет» көрсету салт-дәстүрі қытайлықтардың ғасырлар бойы ұстанып отырған конфуцийшілдік салт-дәстүрімен өте ұқсас.

Конфуцийдің отбасылық этикеті қарттарды құрметтеуден бастау алады және қарттарды құрметтеу идеясын этикеттің негізгі фундаменті ретінде қарастырады.

6. Қытай халқының мәдениетінде жанұя әке арқылы қалыптасқандықтан, ананың туған-тысқандары әкенің туысқандарына қарағанда алыстау екендігін білдіреді. Қазақ отбасында балалар әкесінің ата-анасын «ата», «әжсе» немесе «ата», «апа», ал анасының ата-анасы ауызекі тілде осылайша аталғанымен, олар «нагашы ата-әжсе» болып есептеледі. Қазақ және қытай халықтары қонақты ерекше ықыласпен, кең пейілмен құшак жайып қарсы алады, достыққа адал, кеңпейіл, ақжарқын халық. Қазақтардың қонақ құту салты бауырлар, ағайын-тыс, құда-жекжат, дос-жаран, құрбы-құрдас арасындағы адамгершілік пен кішіпейілділікке негізделген қарым-қатынасты жақсартып, ынтымағын арттыруға және әлеуметтік тұтастықты сақтауға негізделген.

7. Қос ұлттың өкілдері амандасу формасын қолдану арқылы сұхбаттасушының жағдайының жақсы екендігін, денінің саулығын, жанжағының тегіс аман екендігін біліп қана қоймай, ол адаммен әрі қарай да жақсы қарым-қатынас орнатуды, оған немкүрайлы қарамайтындығын, болашақта да байланыс үзбейтіндігін көздейді. Дәстүр бойынша қазақ және қытай ұлттарының «сәлемдесу» этикетіндегі ұқсастықтар – үлкенді сыйлау әдебінің ұқсастығы болып табылады. Екі ұлт өкілдері ежелгі ата-баба салтын жоғалтпай, ұрпақтан ұрпаққа аманат етіп қалдыруда, бейвербалды амалдарды қолдана отырып, жылы шырай танытып амандасады.

8. Қытай дәстүріне Конфуцийдің салып кеткен қытай этикасының негізі – адамсүйгіштік екенін, ал, адамдарды қонақ құту дәстүріндегі этикет салтымен құрметтеудің міндетті екендігін аңғарамыз. Қазақ салты ежелгі ата-баба дәстүріне негізделсе, қытайлықтар конфуцийшілдік бағытты ұстанады. Қытайлықтар қонақты жақсы күтеді және оларды тындей біледі. Қытай халқының қазақтардың «дала этикеті» салтынан айырмашылығы – басқа ережелермен қатар, қонақ құту барысында да Конфуций мәдениетін ұстануы.

9. Этикет ережелері бойынша, ресми кездесулерде, конференцияларда немесе жиналыстарда адамдар өздері немесе біреу арқылы танысады. Қазақ халқының да, қытай халқының да танысу барысындағы тілдік этикет нормалары үқсас. Визиттік карточка мен таңбаның ақпараттық көрсеткіш және шыққан тегін анықтайтын құжат ретінде ортақ элементтерін, сонымен қатар визиттік карточканың таңбадан бұрын алғаш рет ежелгі Қытайда пайда болғанын аңғарамыз.

3 ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫТАЙ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНДЕГІ ЭТИКЕТТЕРДІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

3.1 Мақал-мәтелдердегі ұлттық компоненттер

Этикетке қатысты мақал-мәтелдер халықтың тұрмыс-тіршілігінен туындаған. Қазақ және қытай тілдеріндегі этикетке байланысты мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық сипатын анықтауға арнайы зерттеу өзірше жүргізілмеген. Осыған орай, даму тарихи, діні мен ділі, мәдениеті мен тұрмысы әртүрлі қазақ және қытай тілдеріндегі мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық, ұлттық-мәдени ерекшеліктеріне салғастырмалы талдау жасау, олардың мазмұнына, ұлттық сипатына, жасалуына негіз болған уәждерді ашып көрсетеу, пайда болу жолдарын анықтау тақырыптың өзектілігін анықтай түседі.

Мақал – ғасырлар бойы дамып келе жатқан халық ауызекі тілінің рухани мұрасы, алтын қазынасы, сөз мәйегі. Кез келген ұлттың мәдениетінде ұлт болмысы мен тұрмыс-тіршілігі сақталған. Халықтың ежелгі тарихының дәстүрі мен мәдениеті, тұрмыс-тіршілігі көрінісі мақал-мәтелдерден, афоризмдер мен нақыл сөздерден көрініс табады. Өзара туыс емес, құрылымы әртүрлі қазақ және қытай тілдеріндегі сөйлеу этикеті тақырыбындағы мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеп талдау олардың шығу тарихын, болуына негіз болған уәждерді этнолингвистикалық тұрғыдан талдауға, ұлттық-мәдени тұрғыдан сипаттама беруге, сол халықтардың ұлттық ерекшелігі мен болмысын, қадір-қасиетін танып-білуге мүмкіндік береді.

Мақал-мәтелдер халықтың рухани мәдениетінен пайда болған. Кез келген халықтың мақал-мәтелдері сол этностың өмірімен, мәдениетімен, дүниетанымымен және адам өмірінің рухани мәдениетінің сол ұлтқа тән қасиеттерімен тығыз байланысты. Ал, ұлт мәдениетінің сақталуы тек тілдің кумулятивтік қызметіне, яғни, ғасырлар бойы дүниеге келіп қалыптасқан сөз байлығын өз бойына жиып, сақтап, оны келешек үрпаққа жеткізуіне байланысты. Өлемнің тілдегі көрінісі тілдік бірліктерге тән болғанымен, тілдің кумулятивтік қызметі мақал-мәтелдерден ерекше көрініс табады.

Тілдік фактілер мен деректер, оның ішінде мақал-мәтелдер – тұла бойы тұнып тұрған тарих, сондықтан, этностың өткендегі тарихы мен этнографиялық байлығын ғасырлар бойы толассыз толығып, үрпақтан-үрпаққа ауысып келе жатқан асыл қазынасын мүмкіндігінше толық менгеріп, оны халықтың иғілігіне айналдыруды мақсат ететін ғылым саласының бірі – этнолингвистика этнос тілінің байлығын мүмкіндігінше толық қамти отырып, оның ішкі мазмұнына терең үzlіп, қыр-сырын анықтай түсуге көмектеседі.

Қазақ және қытай тілдеріндегі «этикет» сөздері сол елдердің ішкі факторларымен тығыз байланысты. Қазақстан мен Қытай – адамдардың

өзара қарым-қатынасының сыйайылығын бәрінен жоғары қойған және оған ежелден мән берген мемлекет. Адамдардың бір-біріне ізеттілігі, кішіпейілділігі мен сөйлеу әдебінің дұрыс қалыптасуының әсерінен қоғамда «сыйластық» принципі қалыптасады. Қазақ және қытай халқы сөйлеу әдебінің үлгісі ретінде даналық сөздерге ежелден мән берген. Қазақ және қытай қоғамдарында мақалдар мен даналық сөздер сол халық қоғамының тұрмысына байланысты сипатталған.

Құрылымы әртүрлі тілдердегі мақал-мәтелдерге этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеу жүргізудің әр ұлттың рухани мәдениеті мен тарихын, салт-дәстүрін, ұлттық нақышын, ұлттық дүниетанымын біліп анықтауда олардың қазақ және қытай тілі сияқты туыстығы жоқ тілдердегі ұқсастықтары мен ерекшеліктерін көрсетуде мәні ерекше зор.

Кез келген этнолингвистикалық зерттеу – белгілі бір халыққа тән ерекшеліктердің жан-жақты әр қырынан, бір-бірімен байланыстырып, кеңінен қарастырады. Ал, әр халықтың ерекшелігін көрсететін дүниетанымы мен наным-сенімі, тарихы мен тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі оның тіліндегі сөздер мен сөз тіркестерінде, идиома-фразалары мен мақал-мәтелдерінде өзінің ізін қалдырады. Сондықтан, Ә. Қайдар: «Этностиң өткендегі тарихын, этнографиялық байлығын біз ең алдымен тілден іздеуіміз керек» [142, 20-21 б.] деген.

Мақал-мәтелдердің мағынасын жан-жақты, әр қырынан жалпы мағынасын түсіну үшін олардың шығу тарихына зер салу қажет. Себебі, мақал-мәтелдерді этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеу тілдің дамуына тигізетін факторлардың әсерін анықтауға және ғылыми тұрғыдан жете саралауға деректер іздеуге жол сілтейді. Қазақ мақал-мәтелдерін зерттеп, олардың шығу төркіні мен мағынасының қалыптасу зандалықтарын, тұрлерін анықтап, топтастырып, ондағы байқалған деректер мен тұжырымдарды басқа тілдердің мақал-мәтелдерінің шығу тарихымен салғастырып, ерекше қасиеттерін табудың маңызы ерекше. Кез келген тіл секілді қазақ тілінің мақал-мәтелдерінің де мазмұнында ұштасып, астарласып жататын этнографиялық ұғымдар, дәстүрлі наным-сенімдер, мифтер, әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер секілді зандалықтар бар. Қөптеген мақал-мәтел тұрлі тілде бір-біріне байланыссыз ішкі себептерден, құнделікті қарапайым тіршіліктің, құбылыстың, шаруашылық кәсіпшіліктің өзара қарым-қатынасы ретінде қалыптасып этнографиялық мәнге ие болған. Олардың дүниеге келуі о баста малға, аңға, табиғат құбылыстарына байланысты болса, бүгінде бәрі айналып келіп адамның іс-әрекетіне, жүрістүрьесіна, мінез-құлқына, жақсы-жаман қасиеттеріне бағытталған.

Қазақ мақал-мәтелдерін жинақтап, жарияладап келген әдебиетші ғалым Ә. Тұрманжанов: «Мақал мен мәтелдер – ауыз әдебиетінің ең байырғы, ең көне түрі, ол ғасырлар бойы халықтың тірнектеп жинап, сары майдай сақтап

келген еңбегінің жиыны, ой-пікірінің түйіні, аңсаған асыл арманының арнасы, өмір тіршілігінің айнасы, көнеден жаңаға, атадан балаға қалдырып келе жатқан тозбайтын, тот баспайтын өмірлік өшпес мұрасы деп пікір айта отырып, мақал-мәтелдердің тәрбие көзі ретінде адам баласының қарым-қатынас, әдет-ғұрып, салт-сана, тәлім-тәрбие, бір сөзбен айтқанда, тұтас адамгершілік қағидаларының дастаны тәрізді, сусындал оқыса өмірде ұшырайтын оқиғалардың бәріне де лайықты жауап табу мүмкіндігін атап өткен [143, 4 б.]. Ал, қазақ зерттеуші-ғалымы А. Байтұрсынұлы мақал-мәтелдерді – «өмірдегі түрлі құбылысты, әрекеттерді түйіп, ықшамдал беріп, соны бір-екі тармақ сөзбен пайымдал, белгілі ой айтатын халықтың бейнелі поэтик, жанрдың бір түрі» – деп суреттесе, алаш зиялыштарының бірі А. Баржақсин – «Мақалдар халықтың әртүрлі іс-жұмыстарына дұрыс жол көрсеткендіктен, сүйкімді болып көп тараған. Мақал мен мәтелде пікір сонша тез айтылған, өлеңнен сөзді алып тастау қандай қыын болса, бұлардан да сөзді алып тастау сондай қыын. Бұларда артық сөз болмайды. Мақал тұрасында әр халық әртүрлі сөйлейді, қытай халқы – «бұрынғы даңышпандардан қалған өситет», ал, қазақтар «шаригат – ағып жатқан бұлақ, бұрынғылардың сөздері жағалай біткен құрақ» деп сипаттағанын атап өткен [123:126]. Академик Ә. Қайдар – әрбір мақал мен мәтелдің бойына, этнос болмысына, оның рухани, заттық (материалдық) мәдениетіне, дүниетанымына, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сеніміне т.б. қатысты бай информация жинақталғанын ескерсек, олардың этнос болмысын танып-білуге қосар үлесі зор. Фразеологизмдер сияқты, мұнда да күрделі мәселе – мақал-мәтелдердің тілде пайда болу факторларымен дами келе, адамға (оның сын-сипатына, мінез-құлқына, іс-әрекетіне, қалып-қүйіне т.б. қасиеттеріне) ауысу мотивтерін (үәждерін) тап басып, дәл айқындау, мән-жайын таратып, түсіндіру. Бір ғана мысал: «Ұяда не көрсөң, ұшқанда соны ілерсің» деген мақал «отбасында қандай тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге көрсөң, өсіп-жеткенде де соны істейсің» деген ауыспалы мағынада бүгінгі педагогикалық тұжырымдаманың (концепцияның) негізіне айналып отыр. Этнолингвистика болса, міне, осындай құбылыстың мән-жайын түсіндіруге тырысады. Мәселен, осы мақалдың өзін алсақ, ол – о баста қыран құстар өмірін байқаудан туып, саяткерлер лексиконында қолданылған жай тіркес болған. Шынында да, бүркіт өз балапандарын құз-қиядағы ұясында түлеп, қара қанат болып ұшқанға (өз тамағын өзі тапқанға) дейін сол төніректегі барлық ан-құстардың, мал төлінің етімен (кейде өлекссімен) қоректендіруге тырысқан. Бұл жәйт мақалада «отбасындағы талім-тәрбие, өнеге-улгі» мағынасына баланып отыр. Ал, бала бүркіттің өсіп, қыран болғанда «иісін алып, дәмін татып, құштарлана жеген ан-құстарды көбірек ілетіні» ауыс мағынасында «баланың өскенде де отбасында көрген үлгі-өнегесін істейтін әдетіне» айналып отырғанын айтып өткен. Ал, профессор

А. Сейдімбек қазақтың этноэлеуметтік мінездеме сипатындағы мақал-мәтелдері, мейлі, құндылықты парықтасын, мейлі, жетістік-кемшілікті айғақтасын, ең мәндісі, қазақ ру-тайпаларының тарихи тек-тамырына, мекен-тұрағына, кәсіп-харекетіне, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына қатысты мейлінше құнды деректер беріп отыратындығын айтып өткен. Сонымен қатар қазақтың этноэлеуметтік мінездеме сипатындағы мақал-мәтелдерді зерттеудің күрделілігі – әрбір мақал-мәтелдің тарихи-этнологиялық себеп-салдарлы болатындығын дәлелдеген [22, 20-21 б.].

Қытай этикет тақырыбын зерттеуші ғалым Сюң Җзинюй Қытайдың ежелгі тарихындағы 言为心声 [yán wéi xīn shēng] – сөз – журек үні даналық сезінің мағынасын сипаттап, тіл тек адамзаттың қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар, адамның ішкі жан дүниесінің, ұлттың рухани дуниетанымының және қоғамдағы әдет-ғұрпының айнасы іспеттес екендігін дәлелдеген. Ұлы қазақ ойшылы Абай Құнанбайұлы «*тіл жүректің айтқанына көнсе* – жалған шықпайды» деген даналық сезі арқылы адамның жүргегінің үні ғана жан-дүниесінің сезімін ұқтыра алатынын жеткізе білген. Берілген даналық сөздердің мағыналары қазақ тіліндегі «*тіл – көңілдің кілті*» немесе «*тіл – ақылдың өлишемі*» немесе «*тәрбие – тілден басталады*» қанатты сөздерінің мағынасына ұқсас [144, 97-106 бб.].

Қоғамдағы этикет тақырыбының пайда болуы – адамдардың қоғамдағы «*бірін-бірі сыйлау*» моральдық принциптеріне негізделген. Себебі, сыпайылық ұғымынсыз адамдардың бір-бірімен тілдесіп, байланыс орнатуын елестету мүмкін емес. Сыйластықтың қолданылу аясы өте кең және ауқымды. Қытайда Конфуций ұстанымын, яғни, *әке мен бала, ұстаз бен оқушы, билік пен халық арасындағы сыйластық қарым-қатынасты* әлі күнге дейін өмірлік ұстанымы ретінде қолданса, қазақ халқы дәстүрі бойынша, ұлkenge құрмет, кішіге ізет көрсету әдебі ежелгі қазақтың жазылмаған ата-баба дәстүрінің ережелеріне негізделген. Ұлken кісілер болашақ ұрпаққа тәлім-тәрбие беру, өсиет қалдыру, ізеттілікке тәрбиелеу принциптерін ұрпақтан-ұрпаққа аманат етіп қалдыруда.

XIV-XV ғасырларда мұсылмандарға дейінгі түсініктер, діндер, әдет-ғұрыптар қазақтардың діни өмірінде маңызды рөл атқарды. Қазақтар исламмен қатар Тәнірді жоғарғы құдай деп санауды жалғастыра берді. Жоғарғы құдай Тәнірі – көк идеясы көптеген түркі халықтарының, соның ішінде қазақтардың ата-бабаларының да дүниеге көзқарасында оларға исламның енуінен көп бұрын патриархалдық-рулық құрылыштың ыдырай бастауы мен патриархалдық-феодалдық қатынастардың тууына байланысты пайда болған.

Қоғамда адамдар ерте кезден-ақ өздерін басқаратын тылсым күштің, яғни құдай мен жын-шайтандардың, аруақтардың бар екендігіне сенген

және Тәңірге сыйынған. Сонымен қатар олар өз ұрпақтарының болашағы үшін құрбандық шалып отырған. Этникалық тұрғыдан сипаттама беретін болсақ, қытайлықтар әруақтарға байланысты 礼立于敬而源于祭 [*lǐ lì yú jìng ér yuán yú jì*] – *рәсім құрметке негізделген және құрбандық шалудан бастау алады* деген ұғымға сенген. Бұл дегеніміз қазақтың – «өлі риза болмай, тірі байымайды» деген сөзімен мағыналас. Ата-баба әруағын қастерлеу дегеніміз – үлкендерді, ата-тегімізді сыйлау деген сөз. Бұдан біз қазақ халқының сыйластық пен тәрбиені биік қойып, баланың ата-ананы құрметтеу әдебін көре аламыз. Ал, ата-баба рухына сыйынып, тәңірге бағыну – қазақ халқының ұлттық діл мен дін, дәстүр мен этикет сипатының бірден-бір көрінісі. Аталған дәстүр ежелден қазақ халқының салт-санасына сіңіп және әдет-ғұрпына айнала отырып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді.

Қазақ және қытай тілдерінің даналық сөздерінің бір-бірінен айырмашылығы – халықтардың тарихының, өмір сүру салты мен тұрмыс-тіршілігінің, рухани әлемі мен менталитетінің, көшпенді және отырықшы салты айырмашылығының көрінісі. Алайда, екі халыққа ортақ ерекшелік – белгілі бір оқиғаға, атап айтқанда, этикет тақырыбына байланысты айтпақ ойы мен көзқарасы философиялық ойының тобықтай түйінін тілдік бейнемен жеткізу. Қазақ және қытай халықтарының этикет көрінісінің мақалдардағы орны жайлы деректерден аңғарғанымыз – екі елде де «үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету» және «сыпайылыққа» негізделген ұрдісті жоғалтпау. Бұл дегеніміз – қос ұлт екілдерінің ерте заманнан ақ үлкенге құрмет көрсету әдебінің пайда болуын, қазіргі кезге дейін жоғалып кетпей біздің заманымызға жетіп отырғанын және әрі қарай да жалғасын табатындығын дәлелдейді. Қай халық қай кезенде өмір сүрсе де, даналық сөздерінде өз даму тарихы мен принциптерін ұстана отырып, ұлт психологиясын қалыптастырады, ата-баба өмір сүру тәжірибесінен қорытынды жасап, болашақ ұрпаққа жеткізу міндетіне жетелейді.

Қазақ және қытай халықтары этикет ұғымына ерте кезден үлкен мән берген және оны қоғамның өмір сүру принципіне негізделген. Этикет сөзі – сыйластықпен, ізеттілікпен және құрметпен тығыз байланысты. Қытай тіліндегі 敬为入德之门, 傲为聚恶之府 [*jìng wéi rù dé zhī mén, ào wéi jù è zhī fǔ*] – құрмет – ізгіліктің есігі, ал, тәкаппарлық – зұлымдықтың жиналатын жері» мақалының мағынасы қазақ тіліндегі «өзгеге жасаған ізетің – өзіңе жасаған құрметің» немесе «әркім сыйлаганның құлы» даналық сөздерінің мағынасына сәйкес келеді. Қазақ және қытай халықтары осы мақалдар арқылы адамдардың бір-біріне деген құрметі, кішіпейілділігі мен мәдениеттілігі болған жерде сыйластық пен үйлесімділік орнайтынын жеткізе білген. Адамның бір-біріне көрсеткен кішіпейілділігі іс жүзінде ғана емес, коммуникация барысында да көрініс табады. Қарым-қатынас барысында адресант пен адресат белгілі бір жүйедегі тілдік нормаларды таңдайды. Сөйлеу этикеті прагматиканың маңызды бөлігі болып табылады. Себебі, басқа тіл компоненттерімен салыстырғанда, прагматиканың қолданылуы белгілі бір форматқа ие.

一个父亲能管好一百个儿子，而一百个儿子却难管一个父亲 [yīgè fùqin néng guǎnhào yībāigè érzi, éryī yībāigè érzi què nánguān yīgè fùqin] бір әке жүз ұлды басқарса да, жүз үл бір әкені басқара алмайды, ал, 爷娘情儿女, 好比长江水 [yéniáng qíng érnǐ , hǎobi chángjiāng shuǐ] – ата-ананың баласына құрметі – Янцзы өзеніне деген құрметіндей – деп Қытайдың ең үлкен өзеніне деген құрметін бейнелейді. Янцзы – дүние жүзіндегі үлкен өзендердің бірі. Сонымен қатар бұл өзен Қытайдың 400 млн халқын сумен қамтамасыз ететін экономика, тарих және мәдениетінің қайнар көзі болып табылады. Қазақ және қытай тілдерінде берілген даналық сөздерінің пайда болуы сол елдердің даму тарихына байланысты екендігін көре аламыз. Ал, 人心齐, 泰山移 [rénn xīn qí, tài shān yí] мақалы – адамдардың ынтымағы арқылы тіпті Тайшань тауын да орнынан қозғауға болатындығын түсіндіреді.

Ежелгі Қытайда мырзаның бойындағы сыртқы келбеті мен сөйлеу әдебі этикеттің екі қасиеті ретінде қарастырылған. Қытай халқы Ұлы Қытай философы Конфуцийдің ілімін әлі күнге дейін адамгершіліктің алтын қағидасы ретінде ұстанады. Мысалы, 君子敬而无失, 与人恭而有礼 [jūnzǐ jìng ér wú shī, yǔrén gōng ér yǒulǐ] немесе 四海之内皆兄弟 [sì hǎi zhīnèi jiē xiōngdì] – мырза құрметті және жоғалтудан аулақ жүреді, адамдарга сыйластықпен қарайды және этикетке жүргінеді, төрт теңіздің ішіндегілердің бәрі ағайынды (бұл жердегі төрт теңіз Қытайды, ал, кейінірек жалпы әлемді білдіреді) даналық сөздерінің шығу тарихы бойынша, бірде Сыма Ню бірнеше бауыры бар бола тұра, Цзысяя «Басқалардың бауырлары бар, мен неге жалғызбын» деп сұрақ қояды екен. Ал, Цзыся оған: «өмір мен өлім көктің бүйрекшілігінде жасаса, төрттеңіздің ішіндегі адамның әрқайсысы оның бауыры болып табылады, неліктен ол ағам жоқ деп алаңдауды қажет?» – деп жауап берген екен [37, 1671 б.]. Берілген даналық сөздер әлемдегі кез келген адамның бір-біріне бауырдай мейірімді бола алмайтындығын түсіндіргендей. Адамдар соғыстар мен шиеленістерден аулақ болып, бейбіт өмірді ұстану арқылы достық қарым-қатынас орнатуы қажеттігі және оған жету жолы – сұхбаттасушылардың өзгелермен коммуникация орнату барысында сыпайылық танытып, сый-құрмет көрсетуі тиіс екендігінің дәлелі. Конфуцийдің аталған даналық сөздері қазақ тіліндегі «ұлық болсаң кішік бол» мақалы мағынасымен ұқсас. Яғни, адам атағы жер жарған бай болса да, Құдайдың алдында жайғана пенде немесе қарапайым адам екендігін ұмытпауы қажет екендігін білдіреді. Егер адам тәкаппар, менменшіл болмай, қарапайым болса, онда өзгелермен де қарым-қатынасы жақсы болатындығының көрінісі [145, 262-267 б.]. Г. Умарованың еңбегінен Қазақ халқының тәнірге сыйынуын байқай аламыз: «Тәңір – ең

жоғарғы Құдай. Басқа Құдайлар оның өмірін екі етпей, ықтиярына бағынды. Адамдардың да тағдыры Тәнірдің қолында, олардың қашан туып, қалай өмір сүретіні және қай кезде өлетіні тек оған ғана мәлім. Ешбір адам Құдайдың талқысынан, Тәнірдің тезінен құтылып кете алмайды. Өйткені, Тәнірге беймәлім құпия жоқ. Тәнір бәрін көреді, бәрін біледі. Ал, адамдарды ақиқат жолына салып, әрі сынау үшін ол Жер бетіне өзі қалаған пайғамбарларын жібереді. Сондықтан Адам өзінің барлық тілеулері мен құлшынысын Көк Құдайы – Тәнірге деген сеніммен үйлестіруі керек. Адам барлық жағдайда да Көк пен Жердің иесі, Әлемнің иесі – Мәңгілік Тәнірдің еркіне бағынышты. Адам Тәнірге құлшылық етіп қана бақытты бола алады» [146, 14 б.]. Зерттеушілердің пікірінше, ежелгі қоғам дәстүрі этика-рәсім принциптеріне негізделген. Ал, адамдар арасындағы коммуникация үйлесімділігін арттыру үшін тілдік қарым-қатынас кодексі мен критерийлерін ұстану қажет. Себебі, коммуникация барысында жүргегі таза адам ғана сұхбаттасуышылармен достық қарым-қатынас орнату мүмкіндігіне ие бола алады.

Қытай халқы 玉 [yù] – *нефрит* асыл тасын ерекше құрметтеген. Этикет сөздігінің авторлары нефритке келесідей сипаттама берген: «Нефрит – мөлдір, жылы және жылтыр тастың бір түрі. Адамдар көбінесе сұлу әйелдің келбетін «нефрит түсімен», ал, әдемі дауысын «нефритпен» салыстырған. Асыл тас лай суды да мөлдір ете алады. Аңыз бойынша нефрит түріндегі моншақ лас суға салынса, су жылтыр да мөлдір болып тазарады. Нефрит – тұмар. Асыл тастың түнде ерекше жарқырауы зұлым рухтардан, жындар мен шайтандардан қоргайды және адамдар оны жиі пайдаланады. Императорлар өз тектілігін көрсетуі және денсаулығын жақсартуы үшін нефритті жиі қолданады. Сонымен қатар қарапайым халықта береке мен бейбітшілік орнауы мақсатында нефрит әшекейлерін тағуды ұнатады. Нефрит тақсан қария абайсызда құлап қалған жағдайда, оның қолындағы нефрит қарияның өмірін сақтап қалу үшін өзін құрбандыққа шалып, сынып қалады, ал, қария аман қалады» [37, 1492 б.]. Қытай халқының нефритке байланысты 宁为有瑕玉，不作无瑕石 [níngwéi yùn xiá yù, bù zuò wúxiá shí] – мінсіз тас болғанша, бұлғанғен нефрит болған жақсы [37, 1666 б.] мақалында дақсыз тас болғаннан бойында дағы бар нефрит болғанның жақсы екендігі арқылы талантты да кірпияз адам болғанша, кемшілігі болса да таза адам болып туылғаны жақсы екендігін көрсете білген. Себебі, дарынды адамдар өз дарындылығын көрсетуге тырысудың әсерінен адамдар арасындағы коммуникацияға көңіл аудармайды. Ал, барлығына ұнау үшін өз таланттынан бас тарту қажет екендігіне байланысты адамдардың мінез-құлқын сипаттап, дүниеде кемшіліксіз пенде болмайтындығын түсіндірген. Алайда, кемшілігі бар адамның өзін нефритке теңеуі қытайлықтардың адами қасиеттерді жоғары

бағалауын көрсете білген. Берілген мақалдың аналогы ретінде, 宁为玉碎，不为瓦全 [nìngwéiyùsui, bìwéiwǎquán] – тұмас тақтайша болғанша, нефриттің сынған бөлігі болған артық немесе қышы ыдыс болып сақталып қалғанша, нефрит ыдыс секілді сынған артық [37, 1666 б.] сөзі қытайлықтардың дәстүрлік қасиеттері бойынша, ұрпақтың жарқын болашағы үшін табандылық пен тәртіпке сай адалдықпен өмір сұру және халық сеніміне ие болу қажеттігін түсіндіреді. Яғни, берілген мақал арқылы намыссыздыққа сәйкес өмір сүргенше, әділдік үшін құрбан болу қажет екендігін жеткізе білген. 金玉其外，败絮其中 [jīn yù qí wài, bài xù qí zhōng] сыртқы пішіні алтын мен нефрит тәріздес, ал іші шіріген мақта [37, 1679 б.] мақалы ежелгі Қытайдың Мин династиясы кезінде Ханчжоуда пайда болған. Апельсиндерді консервілеп сату саудагердің бизнес көзіне айналған. Жемістер қыс пен көктем мезгілінде де сыртқы пішінін алтындей сары, нефриттей ылғал етіп сақтап, ішкі жағы мақтадай құрғақ болған екен. Бірде жемісті сатып алушы Лю Цзи саудагерден жемісті сатып алған уақытта сұмдықты өз көзімен көріп, саудагердің мұндай бизнеспен айналысқанының сорақылық екендігін айтады. Алайда саудагер бұл кәсіптің өмір сұру мен пайда табуының басты жолы екендігін айтып ашуланады. Жемісті сипаттау арқылы билікте отырған адамдардың да таза жолмен халықты басқарып отырмағанын айтып ашынған. Осы оқиғадан кейін сатып алушылар үндемейтін болған деседі. Берілген мақал заттардың сыртқы келбетінің ішкі болмысымен әрдайым сәйкес келмейтіндігін сипаттайды. Осыған орай, адамдармен жүздесу барысында да сыртқы келбетіне көніл бөліп қана қоймай, ішкі жан дүниесіне де мұқият болу қажет екендігін түсіндірген.

Қазақ халқы «асыл тас» ұғымына ежелден ерекше мән берген. Қазақтың «асыл тас», «лағыл тас», «маржан», «күміс», «жаянтар тас» ұғымдары халықтың өзіндік ұлттық ерекшелігін көрсететін бірліктер. Мысалы: «Аз сөз – алтын, көп сөз – күміс», «Тауып сөйлесең – күміссің, таппай сөйлесең – мыссың», «қонағыңың алтынын алма, алғысын ал», «қайыптан тапқан алтыннан аксақал берген бата артық, қайыры жок жақыннан жаны жақсы жат артық» немесе «көп жасап, күміс болғанша, аз жасап, алтын бол». Қазақтың белгілі философы, ақыны әрі жырауы Асан қайғы:

Таза мінсіз асыл тас
Су түбінде жатады.
Су түбінде жатқан тас,
Жел толқытса шығады.
Ой түбінде жатқан сөз,

Шер толқытса шығады – деп толғаған. Берілген өлеңде сөз қадіріне ерекше мән берген ойшыл өзінің философиялық ой-толғауына тереңнен көз

жүгірткен. Сонымен бірге сөз қадірін қазақ рухани қазынасы – асыл тасқа теңеу арқылы сипаттап, ой түйіндеген. Асыл тас ұғымының сөз мәдениетімен байланыстырылығын ежелгі Орхон ескерткіштеріндегі Құлтегіннің VII ғасырдағы жырларының философиялық ойларынан да көруге болады:

Алтынды, күмісті, дақылды,
Жібекті соншама шексіз беріп жатқан
Табғаш халқының сөзі тәтті,
Бұйымы асыл еді.
(Олар) тәтті сөз, асыл қазынасын беріп,
Жырақтағы халықты (өзіне)
Сонша жақындар еді.
Жақын қонып, сосын (олардан)
Әдепсіз қылышты үйренуші еді.

Қазақ халқы ерте кезден мал шаруашылығымен айналысқандығын және ерекше қасиеті болу себебінен ежелден төрт түлік малға ұлken мән бергендей, халқының тұрмыс-тіршілігіне этнолингвистикалық тұрғыдан этиологиялық талдаулар жасалынғанын мақал-мәтелдерден аңғара аламыз.

Қазақ ежелден «Ер қанаты – ат» деп астындағы арғымағын ардақтап, әспеттеп келеді. Сәйгүліктер сан ғасырдан бері салт-дәстүр салтанатымыздың сәні болған. Халқымыз Қамбар ата баласына құрметпен қарап, қадір тұтқан, қасиетті санаған. Жылқыны жеті қазынасына қосып, жүйрікті сенімді серігіне балаған. Топырағымыз жылқы тұяғымен түлеп, еліміз ертеден бәйге тігіп, ат шаптырган. Кешегі жау жағадан алып, бөрі етектен тартқан заманда ерлеріміз ереуіл атқа ер салып, егеулі наиза қолға алып, еңку-еңку жер шалып өмір таңын ат үстінде атырғаны ақырат. Жорықта жолдасы, жолда тілеуі, тұрмыста тіреуі болған жылқының тарихымыздығы орны да бөлек [147, 1 б.]. «Арғымақ аттың баласы аз оттан, көп жусайды, хан төренің баласы аз сөйлем, көп тыңдайды» – дегендей, қазақтың «адам сөйлескение, жылқы кісінескение» мәтелі – адамның жақсысы бір-бірін бір көргеннен-ақ жақсы тіл табысып, бұрыннан бері таныс адамша сөйлесетіндігін, ал, жылқылардың кісінессе, бір-біріне үйренісіп кететіндігін білдіреді. Берілген мақал-мәтелдерден қазақ халқының төрт түлік малға, олардың ішінде жылқыға ерекше көңіл бөлгендігін байқаймыз.

«Адам сөзінен жазады, сиыр мүйізінен жазады» мақалы адамның коммуникативтік қатынасқа түсудің дұрыс болуын оның мінез-құлқымен байланыстырады. Кез келген тілдік қарым-қатынас барысында адамдар бір-бірімен этикетке сай жылды атмосферада байланыс орнатуы керек. Ал, керісінше болған жағдайда тілдік байланыс өз қызметін тоқтататындығын сүзеген сиырдың мүйізіне ұқсатқан. Осыған сәйкес «аңдамай сөйлеген

ауырмай өледі», «*адам көңілінен азады, тілінен жазады*», «*айтпас жерде тіліңді тарт, атпас жерде қолыңды тарт*» мақалдарын мысалға келтіруге болады. Мұны «*адам аласы ішінде, мал аласы сыртында*» мағынасында қолдану қажеттігін аңғартады. Малдың сан алудан түр-түсін оның сыртқы түгінен байқауға болады. Ал, адамның өзіне деген достығы мен қастығын, жақсылығы мен жауыздығын оның сыртқы түр-түлғасы мен бітім-болмысынан емес, тек ішкі жан-дүниесінен ғана білуге болады: кейбір адам бетіңде қуле қарап тұрганымен, көңілінде арамдық ойлап тұруы да мүмкін немесе адамның түріне қарап алданып қалма, оның барлық құпия-сыры ішінде болады. Ал, 一言而知贤愚 [yīyán ér zhī xiányú] даналық сөзі бір ғана сөз арқылы ақылсыз бер ақылды адамды ажыратудың мүмкін екендігін, тіл арқылы адамның ішкі дүниетанымын, мәдениеті мен алған тәрбиесін, айналысатын қызметі мен дәрежесін де аңғаруға болатындығын түсіндірген [148].

Қазақ және қытай халықтары сыпайылық пен сыйластыққа ерекше мән берген. Қытайда қоғам мүшелерінің жақсы мен жаманға, сұлулық пен өрескелдікке көзқарасы, сыртқы келбеті мен жүріс-тұрысы, сөйлеу мәнерінің этикетке сәйкес болуы қалыпты жағдай. Адамның сыртқы пішіні мен ішкі жан-дүниесінің үйлесімділігі сол елдің рәсімдеріне сәйкес болуы тиіс. Қытайдың ұлы ойшылы Сюн Цзы (孙子/ Sunzi) – адамдардың әдепсіз өмір сүре алмайтындығын және қоғам мүшелерінің бір-бірімен сыпайылық әдебін сақтап қарым-қатынас жасауы жоғары үйлесімділіктің негізі екендігін, этикетті ұстану арқылы адамзат әдебінің деңгейін көтерудің мүмкін екендігін дәлелдеген.

Қытай халқы үшін Конфуцийдің пікірі әлі күнге дейін өмірлік ұстанымы ретінде қабылданады. Философтың пікірінше, адам шын жүректен адамгершілікке ұмтылса, ол еш уақытта жамандық жасамайды. Сонымен қатар, өзара сүйіспеншілік арқылы қарым-қатынас орнату конфуцийшілдік әдептілік ілімінің өзекті ұғымы. Қытай қоғамында әдепке, сыпайылыққа, тәрбиелікке байланысты мақал-мәтелдердің адам өміріндегі орны ерекше. Мысалы, 礼貌对于人性，犹如热力之对于蜡烛 [lǐmào dìng rénxìng, yóurú rèlì zhī dìng lǎzhú] – сыпайылық – адам табиғатына жылудың шыраққа қатынасы сияқты қажет мақалы қазіргі қоғамдағы этикеттің ауадай қажеттілігінің дәлелі. Ал, 礼节是所有规范中最微笑却最稳定的规范 [lǐjíé shì suōyōu guīfàn zhōng zui wēixiào què zuì wěndìng de guīfàn] – этикет – барлық нормалардың ішіндегі ең кішісі, бірақ ең тұрақтысы немесе 礼貌周全不花钱，却比什么都值钱 [lǐmào zhōuquán bù huāqián, què bì shénme dōu zhíqíán] – ұқыптылық – ақша талап етпейді, бірақ, бәрінен де қымбат» қанатты сөздері – коммуниканттардың жанұяда, қызметте, қоғамдық ортада этикет ережелері мен кодексін сақтауы керек екендігін көрсетеді, яғни, ол тұлғааралық қарым-қатынаста адамдардың өзін-өзі ұстай

тәртіптері мен мінез-құлқын реттейді. Қытай тіліндегі 礼貌使用礼貌的人喜悅 [lǐmào shìyòng lǐmào de rén xǐyuè] – әдептіге әдептілік ұнайды немесе 礼貌是有教养的人的第二个太阳 [lǐmào shì yōujíàoyāngde rén de dìergè tàiyáng] – әдептілік – білімді адамның екінші шуағы даналық сөзі – адамдардың жанжағына мейірімділікпен қарап, жылы сөз сөйлеуі арқылы сыпайылық стандартына назар аударып, жақсы қарым-қатынас орнату мүмкіншілігін айқындаиды. Осыған орай, қазақ халқында «әдепсіз өскен адамнан тәртіппен өскен тал жақсы» немесе «әдептілік белгісі – иіліп сәлем бергені» немесе «әдептілік – адам көркі» деген мақалдардың мәні терең. Себебі, адамның жүріс-тұрысы мен сөйлеу әдебі, әдептілігі мен сыпайылығы оның тәрбиелігінің көрінісі болып табылады.

Коммуниканттар тілдік байланысқа түсү барысында жылы, жақсы, мейірімге толы сөздерді тындағанды және диалог нәтижесінде достық, серіктестік қарым-қатынас орнатқаны абзal. Осыған орай, қытайлықтардың 投我以桃，报之以李 [tóu wǒ yǐ táo, bào zhī yǐ lǐ] – біреу маган шабдалы берсе, мен оны қара өрікпен өтеймін даналық сөзі – қазақтың «сыйга сый, сырага бал», «алтын алма, алғыс ал: алтын деген жер сыйы, алғыс деген ел сыйы» мақалдарының мағынасы іспеттес. Бұл жердегі қазақ даналық сөзіндегі алғыс – батамен тең. Қазақ халқының қытайлықтардан айырмашылығы, қазақтар ежелден өскелең ұрпақты – «жсанбырменен жер көгерер, батаменен ер көгерер» – деген ұлт дәстүріне тән қасиетті сөзбен тәрбиелеген. Себебі, қазақ салтында батаның алтын орны ерекше. Профессор С. Негимов халықтың бата-тілек сөздерін ұлттың дүниетанымымен, діни-философиялық, этикалық көзқарасымен, түрмисстіршілік, әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерімен, көне нағым-сенімдермен тамырлас құбылыс десе, қазақ әліпбійнің негізін салушы А. Байтұрсынұлы: «Бата – біреуге алғыс бергенде айтылатын сөз. Батаны ақсақал адамдар айтады. Батагөй шалдар – басы бар табақты тартуга келгенде де, асты жеп болғанда да бата қылады» – деп атап өткен. Ал, Х. Досмұхамедов: «Өз ісінің әбден төселген, ысылған тәжірибелі, мәселен, би, ақын, бақсы, зергер және тағы басқалар өздерінің қасиетті өнерін ізбасар шәкірттеріне аманат етіп тапсырғанда ақ батасын береді» – деп жазыпты [149, 3 б.]

Бата – қазақ фольклорының алғыс түрі. Алайда, қазақ халқында батаны ежелден көпті көрген, өмірлік тәжірибесі мол,abyz ақсақалдар мен өнегелі де кеменгер қариялар береді. Қазақтың «бота алғанша, бата ал» даналық сөзінде төрт түлік малдың бірі ботаның бір күндік азық, ал, елдің батасына бөленген адамның жолы әрдайым ашық және жүзінің жарқын болатындығының дәлелі.

«Ата-бабаларға» табыну салты ежелгі Қытайда кеңінен орын алғаны ертеден қалыптасқан. Бұл дәстүрдің мазмұны мен түрін ғана өзгерткен

Конфуций оған ерекше мән бере отырып, бұл табынушылықты әрбір қытай азаматының қоғамдағы басты міндетіне, тәртіп нормасына айналдырды. Қытай халқында кеменгөр тұлғалардан алған ақыл 共君一席话, 胜读十年书 [*gōng jūn yī xí huà, shèng dù shí nián shù*] – мырзаның бір сөзі он жылдық кітап оқығаннан артық [37, 1672 б.] қанатты сөзінде үлгі-өнегенің сөзін тыңдаудың кітап білімінен де артық екендігін көрсетеді.

Этиket – коммуниканттар қарым-қатынасының бет-бейнесі. Себебі, жақсы мінез бен ішкі жан-дүниесінің шынайылығы және сол елде қалыптасқан дәстүрге сүйену арқылы ғана этикеттік қарым-қатынасты орнатып, адамдардың жүргегіне жол табуға болады. Яғни, жақсы сөз жанға ем, дауа ретінде қолданылады. Ежелгі Тан династиясының дәстүрлі диетотерапиясының негізін салушы Мэн Шэн кішкентай кезінен медицина саласына қызығушылық танытып, Қытайдың бірінші, тәжірибелі дәрігері ретінде өшпес із қалдырған. Медицина саласында қызмет қылған дәрігер күн сайын 善言不可离口, 善药不可离手 [*shàn yán bù kě lí kǒu, shàn yào bù kě lí shǒu*] – жақсы сөзді айтудан жалықпа, жақсы дәріні жасаудан жалықпа» даналық сөзін айтудан шаршамаған. Сонымен қатар, «жақсы сөз жараны да жазады», «жақсы сөз жанға дауа» немесе «жақсы сөз – жарым ырыс», «жылы кім тәнді жылытар, жылы сөз жанды жылытар» деген мақал мағыналарын қытай тіліндегі 良言一句三冬暖, 恶语伤人六月寒 [*liángyán yī jù sāndōng nuǎn, èyǔ shāngrén liùyuè hán*] – жақсы сөз қыста да жылытады, жаман сөз маусым айында да жарақаттайды қанатты сөзінің мағынасымен салыстыруға болады. Берілген сөздің шығу тарихы адамдардың қарым-қатынастағы жылы сөзі дәрідей ем немесе ауадай қажет екендігінің көрінісі.

Қазақ философиясындағы әдеп мәселесіне қатысты әлі де мағынасы терең ашылмаған, зерттеуді қажет ететін ұғымға «кісі» сөзі жатады. Бұл ұғым туралы сан-алуан түсіндірмелер бар. Қазақ даласының ойшылдары (XIII-XV ғасырлар)» кітабының авторлары ортағасырлық түркі ойшылдары мен хакім Абай да адамның теріс қылыштарына сай «кісі» деген ұғым қолданады дейді де, мынадай қорытындыға келеді: «...әдетте, хакім де пендені адамнан бөліп алады да, оны адам қатарына жатқызбай, ол туралы тек «кісі» деген ғана ұғымды қолданады». Алайда, «кісі» ұғымы жақсы адамды бейнелеуге де қолданылады. Қазақтың «Kisi болар баланың кісілерде ісі бар, кісі болмас баланың кісілерде несі бар» деген мақалын еске алайық. Немесе халық: «Жақсылыққа жақсылық – әр кісінің ісі, жамандыққа жақсылық – ер кісінің ісі» дейді.

Семантикалық жағынан алғанда «адам» мен «кісі» синонимдер іспеттес және қазақ дүниетанымына тән синкретизмнің (Тәңірі, Құдай, Алла сияқты) көрінісі. «Адам» – мұсылмандық мәдениеттен келсе, «кісі» – түркілік атау. Абай бойынша, жақсы кісіде үш қасиет: ыстық қайрат, нұрлы

ақыл және жылы жүрек болу керек делінеді. Адамгершілік құндылықтары қашанда кіслік қасиеттерде көрініс табады. «Кішілік пен кіслік – ұлылықтың белгісі» – деген М. Қашқари [150, 132 б.].

Қазақ халқының даналығына ерте заманда пайда болған қанатты сөздер дәлел бола алады. Мысалы, «*Ынтымақты елге ешкім жетпес, ынтымақсыз елдің өкініши бітпес*», «*Тозар елдің жанжалы бітпес, озар елдің арманы бітпес*» немесе қазақтың «*Бесіксіз үйде береке жоқ*», М. Әуезовтің «*Ел болам десен, бесігіңді түзе*» қанатты сөздері тәрбие мен сыпайылықтың, ынтымақ пен бірліктің маңызын көрсетеді. Қазақтың ауыз әдебиетінде қазақ халқының бесік ұфымына ұлкен мән беріп, қасиетті дүние есептейтіндігі айтылған. Себебі, бесік – қазақ халқының мәдени мұраларының бірі, ұлт өнерінің төл туындысы, баланың қеудесі мен аяғын қаттырақ байлаپ жатқызатын, дәретін жайдырмау үшін арнайы орнатылған түбегі мен шүмегі бар нәресте бөлеуге арналған ағаш төсек [64, 269 б.], көшпелі қазақ халқының ежелден қолданған баға жетпес дүниесі. Қазақтар бір жерден екінші жерге көшкен кезде түйемен немесе атпен қолдануға ыңғайлы болуы және баланың тазалығын сақтау мақсатында бесікті қолданған. Пайда болуы туралы аңызы бойынша, бесік Айырқалпақ Айдаһар бидің заманында дүниеге келген деседі. Ол кезде ұлан-байтақ даланы Мизам баб қорғайды еken. Қара қытайлар Сарыарқаның кеңдігіне қызығып, жиі шабуыл жасап отырады. Бірақ, Мизам бабқа шамасы жетпей, үнемі жеңіліс табады еken. Мизам баб ағаш егуді, бау-бақша жасауды кәсіп етеді. Жұрт «ағаштың пірі – Мизам баб» деп атайды. Аңызда Жетісу мен Алтай өніріндегі нұ орман Мизам бабтың еккен ағашынан шыққан деседі. Ол жұз елу жыл жасап қайтыс болыпты. Бабтың дүниеден қайтқанын естіген қытайлар бір күнде келіп, оның орманын өртеп жібереді. Бұл кезде Мизамның баласы Айдаһар алыста жүр еken. Әкесі түсінде аян беріп: «Пейілі тар қасқунем менің орманымды өртеді», – дейді. Айдаһар би ертесіне жетіп келеді. Орман түгелімен жанып кетіпті. Тек бірлі-жарым тобылғының қисық бұтақтары ғана оттан аман қалған еken. Айдаһар әкесіне Құран бағыштап, қисық ағаштарды өзімен бірге ала кетеді. Бір күні Айдаһардың сәбиі уанбай, жылай беріпті. Әйелі екеуі не істерін білмей қиналады. Емші-тәуіптерді жағаласа да баласы жұбанбайды. Би қатты сасады. Қызының жылағанына шыдай алмай, далаға шығып кетеді де, Құдайдан медет тілейді. Бір уақта қызының дыбысы шықпай қалады. «Бір нәрсе болды ма еken» деп үйге жүгіріп келсе, қызының жанында ақ киімді бір кісі отырады. Ол жанбай қалған тобылғының қисық бұтағына бөпені салып тербетіп отыр еken. Айдаһар жақындағанда көзден ғайып болады. Би мұны «Кұдайдан келген ишарат» деп түсінеді. Тұнімен қисық ағаштарды құрастырып отырып, бесікті жасап шығады. Сәбиін соған салғанда ол жұбанып, тәтті ұйқының құшағында тербелген еken [151, 26 б.].

Ал, ежелгі қытай мифологиясында феникс құсы қытай халқы мәдениетінің «жақсылық пен қуаныш жаршысы ғана емес, сонымен қатар, «жұз құстың ханзадасы» болып есептеледі. Хань династиясы кезінде құрастырылған «Шуовэн» сөздігінің зооним-компоненті феникс құсының тұмсығы әтештің тұмсығындай, тамағы (жемсауы) қарлығаштың тамағындай, мойны жылан мойны тәріздес, үстіндегі өрнегі айдаңардың өрнегіндей, құйрығы балықтың құйрығындай, алдынан қарағандағы дene мүсіні аққу секілді, артқы пішіні Ци Лин мүйізтұмсығына ұқсас, ал артқы денесі тасбақа тәріздес, ал, бойы үш метрге дейін жетеді деп сипатталады. Қазақ халқы үшін аққу – киелі құс ретінде ғана емес, адамның жақсы қасиеттерін бойына сінірген еркеліктің, махаббат пен адалдықтың, пәктік пен сұлулықтың үлгісі ретінде де қарастырылатындығына ғалым Т. Ғабитовтың мына бір сипаттамасы дәлел – «Аққу – сұлулықтың, тазалықтың символы. Күйші өзінің жан дүниесінің сұлулығын қоса суреттейді. Бұл күйде сұлулық категориясы арқылы оған керекар көріксіздік категориясының мәні ашылып тұр деуге болады. Адамның инабаттылығы, қымыл-әрекетінің тиянақтылығы, мінез-құлқының ұстамдылығы мен байсалдылығы әлеуметтік өмірмен, ортамен тепе-тендікте болады» [152, 148 б.]. Қазақ мақал-мәтелдеріндегі аққу образы да берілген қасиеттерді сипаттайды. Мысалы, «аққұмен дос болсаң жүрген жерің пәк болар», «аққуды атпа, досынды сатпа» мақалдарынан аққудың бойындағы тазалық пен пәктік қасиеттерін аңғарамыз. Сонымен қатар жаңа қосылған ерлі-зайыптыларға да аққудың махаббатын тілейді. Осыған ұқсас, Қытайда феникс құсы ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынас үйлесімділігін сипаттайды. Мысалы, 琴瑟和谐, 鸾凤和鸣 [*Qín sè héxié, luánfèng hé míng*] – Цин мен Сыеның үйлесімділігі луань мен феникс үйлесімділігінде мақалында күйеуі мен әйелі арасындағы махаббат пен сыйластықты музыкалық ансамбльдегі ішекті аспаптар мен феникстің қуанышты үнінің үйлесімділігіне теңейді, яғни, ерлі-зайыптылар өмір бойы бір-бірімен сыйласып, қол ұстасып, татулық пен сыйластықта өмір сүруі тиіс екендігінің дәлелі іспеттес. Қытай сөздігінде 君子 [jūn zǐ] ұғымы жоғары моральдық қасиеттерге ие мінсіз, құрметті, лайықты, қайырымды, асыл адам (Конфуций ұғымы бойынша) және мырза ретінде сипатталған. Демек, Конфуций көзқарасы бойынша «қайырымды адам» бойына бар ізгілікті сінірген жақсы қасиетке ие. Осыған орай, қытайлықтар қайырымды адамдарға байланысты мақал-мәтелдерді де ойлап тапқан. Мысалы, 言念君子, 温其如玉 [*yán niàn jūn zǐ, wēn qí rú yù*] – кішипейіл адамның мінезі нефрит сияқты жұмсақ та мейірімді, 君子比德于玉 [*jūn zǐ bǐ dé yú yù*] – жақсының мінезі нефриттей асыл, 故君子寡其言而行以成其信 [*gù jūn zǐ guǎ qí yán ér xíng yǐ chéng qí xìn*] – қайырымды адам аз сөйлейді, бірақ

ісімен дәлелдеуі арқылы сенім ұялатады, 爵子約言 [jūnzi yuēyán] – жігіт өз сөзінде тұрады, 爵子以虛受人 [jūnzi yǐ xū shòu rén] – қайырымды адам өзінің қарапайымдылығымен адамдарды өзіне тартады.

Қытай халқының этикетті табиғатпен, қоршаған ортамен байланыстыруын қылқалам өнеріндегі *四君子 [sì jūnzi]* – *төрт джентельмен*» категориясының көрінісінен анғаруға болады. Қытайлықтар қара өрік, орхидея, бамбук және хризантема есімдіктерін бойында жоғары моральдық қасиеттерге ие адамдарға немесе джентельменге ұқсатқан [153].

Орхидея гүлінің 2000 жылдан астам тарихы бар. Қытайлықтар орхидея гүлінің жұпар ісін мәрт те жомарт адамның мінез-құлқына теңеген. Ал, қара өрік, бамбук және хризантема жылдың кез келген мезгілінде, өсіреле, суық жыл мезгілінде гүлдеуі себебінен, аталған өсімдіктерді төзімділіктің символы ретінде жырлары мен қылқалам өнеріне қосқан. Атап айтқанда, орхидея – көктем мен нәзіктіктің, тазалық пен қарапайымдылықтың символы болып табылады.

Бамбук – нағыз ер адамның мінез-құлқын, жоғары моральдық қасиеттері мен кеңпейілділігін сипаттайты. Қытайлықтар оқ-дәрі пайда болғанға дейін от шашу кезінде бамбукты пайдаланған. Бамбуктың шыққан қатты даусынан соң зұлым рухтарды қорқытқан. Осыған орай, тіпті бамбуктың «мистикалық» қасиеті бар деп те есептеледі. Аталған төрт өсімдік ішінен бамбукты жаз мезгілінің өсімдігі деп атайды.

Хризантема – әдеміліктің, пәктік пен қарапайымдылықтың және тыныштық пен күзгі мерекенің көрінісі болып табылады.

Қара өрік адамның ой тазалығы мен тағдыр қыншылықтарына төзімділігін сипаттайты. Қытайлықтар қара өрікті ер адамның қыстың суық аязында да мойымай төзе білуі себебінен қыс мезгілінің өсімдігі ретінде қабылдайды. Сонымен қатар берілген өсімдік адам жанының мейірімділігі мен сүйіспеншілігін жан тыныштығы мен үйлесімділігін сақтайты.

Қазақ және қытай халықтары адам бойындағы жақсы қасиеттерді табиғат көріністерімен салыстыра білген. Алайда, қазақ және қытай этностарының дүниетанымындағы салыстыру кейіпкерлері образдарының әр түрлі екендігіне көз жеткізе аламыз.

3.2 Қазақ мақал-мәтелдеріндегі этикет және ұлттық дүниетаным


Қазақ халқының мақал-мәтелдері мен даналық сөздері ертеден қалыптасқан ұлттық болмыс пен тәлім-тәрбиеге негізделген. Көрнекті жазушы Θ. Тұрманжанов – «Мақал менен мәтелдерде халық жақсылық пен жауыздықты, адамдық пен арамдықты, еңбекқорлық пен еріншектікті, жомарттық пен сарандықты, саналылық пен надандықты салыстыра сөз етеді. Адамгершілік жолына нұқсан, мін келтіретін жамандық пен жан шошырлық жауыздық қылықтардың барлығын батыл сынап, жиренте әшкерелеп, бүкіл жұртшылыққа, адамгершілікке тән мінез, қылықтардың

барлығын үлгі-өнеге етіп ұсынады» деп айтып өткен. Яғни, қазақ мақал-мәтелдері өскелен үрпаққа тәрбие құралы ретінде пайдаланылған. Мақалдарды өз дәуірінің кеменгерлері, би-шешендері мен ақын-жыраулары, ойшыл даналары, яғни, халқы дүниеге әкеліп, уақыт өте келе өситет сөздер халықтың тұрмысына еніп, күнделікті өмірде қазіргі таңға дейін қолданылып келеді.

Этиket тақырыбындағы мақал-мәтелдер отбасындағы, қогам мен мемлекет өміріндегі әдеп пен сыпайылық, тәрбиелік пен ынтымақтастыққа негізделген. Сонымен қатар Ә. Қайдар мақал-мәтелдер туралы: «Қазақ мақал-мәтелдерінің халықтың өткен өмірі мен бүгінгі болмысын танып білуде дүниетанымдық, логикалық, этнолингвистикалық жағынан мәні өте зор. Себебі, дүниеде, қогамда, табиғатта қалыптасқан құбылыстардың бәріне мақал-мәтелдердің қатысы бар. Дүние болмысының өзінде о бастан-ақ жүйеленген табиғи реттілік бар. Ол реттілік барша заттар мен құбылыстарды үлкен үш салаға топтастырып, ішкі жүйесі мен мағынасына қарай шоғырландырып қарағанда ғана көрінеді» деп атап өткен [142:296]. Зерттеушінің қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді «Адам», «Қоғам» және «Табиғат» саласына байланысты топтастыру принципі қогамдағы құбылыстардың барлығын қамтуға бағытталған.

Мақал-мәтелдер мағынасы бойынша дін мен дәстүрге, адамға, табиғатқа және жер аттарына байланысты қарастырылған, алайда, барлығы да тәрбиелік мақсатта қолданылады. Осыған орай, біз мақал-мәтелдерді мағынасына және этнолингвистикалық ерекшеліктеріне байланысты жүйелеп, «адам мен дәстүр», «табиғат пен дәстүр», «дін мен дәстүр» категориялары бойынша топтастырып қарастырамыз (kestеге қараңыз):

1- кесте.



Мақал-мәтелдердің пайда болуы және дамуы барысындағы мағыналары сол заманға сай ұлттың салт-дәстүріне, наным-сенімі мен әлеуметтік ортада қалыптасу ережелеріне сәйкес келеді. Әр тілдің сөздік қорында сол елдің ұлттық-мәдени, географиялық ерекшеліктері көрініс табады. Мақал-мәтелдердегі мәдени-ұлттық мағына оның элементтері арқылы айқындалады. Осыған орай, халықтың ұлттық мәдени нақышы жетік қамтылған мақалдарындағы ұлттық-мәдени сипаты бар компоненттердің мағынасын ашудың этнолингвистикалық түрғыдан мәні зор.

Отбасы тақырыбындағы мақал-мәтелдер

Ата-ана мен бала сыйластығы

Қазақ халқының отбасы тақырыбына қатысты айтылатын мақал-мәтелдерінен де этикеттің белгілерін көруге болады. Себебі отбасы – қоғамның ажырамас бөлігі. Ал, мақал-мәтелдердің отбасындағы тәрбие, әдет-ғұрып, әке мен бала, бауырларлар, туған-туыс арасындағы сыйластық мәселесіне тигізегер әсері орасан зор екендігі сөзсіз.

Атасыз үй – батасыз, анасыз үй – панасыз. Қазақ отбасында ежелден қариялар мен ақсақалдардың өсиеті мен берген баталары тәрбие көзіне айналған. Мәселен, «*Баталы құл арымас, батасыз құл жарымас*» мақалында қазақ салтында бата алған адам алғыс алыш, үлкен адамдардың ықыласына бөленетіндігі көрсетілген. Пана сөзінің бірінші мағынасы «*баспаны*» ретінде сипатталса, екінші мағынасы «*қорған*» және «*қамқориши*» болып табылады. Осыған орай, ана – отбасының берекесі мен ынтымағын кіргізетін мейірімді тұлға ретінде, баланың ата-анаға қарым-қатынасы қарастырылған.

Атаң өлсе өлсін, атаңды қорғен өлмесін. Әкесінің көзін көрген үлкен кісілер баласына қамқор болып, көмегін аямайды, әкесі туралы жақсы, қызық та мәнді естеліктерді есіне алыш, баласымен бөлісіп отырады. Ал, айтылған естеліктердің әсері баланың әкеге деген сағынышы мен сүйіспеншілігін уақыт өткен сайын арттыра түседі.

Жақсы әке жаман балаға қырық жыл азық. Әкениң балаға өзінің бойындағы жақсы қасиеттерін беріп, үлгі бола білуі нәтижесінде бала сол тәрбиені бойына сініріп, адам болып қалыптасады. Бала алған тәрбиені өмір бойы азық етіп, әке жолын жалғастыруши болып табылады. Қазақ мәдениетіндегі қырық санының маңыздылығын қытайтанушы ғалым Р. Досымбекованың қазақ және қытай тілдеріндегі сандарға салғастырмалы зерттеу жүргізгендігі дәлел. Атап айтқанда, «*қырық*» санының қасиетін ашатын мағыналы тіркестердің, мақал-мәтелдердің кең таралғандығын, қазақ салтында жана туған нәрестері қырық күннен кейін қырқынан шығару, қырық жас – кемел жас деген ғұрыптық тіркестер мен қыз – қырық шырақты, қырықтың бірі қыдыр, ханда қырық кісінің ақылы бар т.б. аталы сөздерді мысалға келтіргендігінен көре аламыз [154:134].

Ата – бәйтерек, бала – жапырақ. Бәйтерек – ежелгі таным бойынша тылсым қасиетке ие алыш ағаш. Бәйтерек байырғы орта түсінігінде жердің дәл кіндігінде өсетін, тамыры жерасты, діңі адам әлемі, басы рухтар мекені болып табылатын көк тіреген алыш ағаш. Бәйтерек – ежелгі түркі сөзі, бәй – үлкен деген сөз, «*бай*» сөзінің дыбыстық өзгеріске түскен түрі, ал, терек (парсы тілінде дарақ) «*ағаш*» деген ұғымды білдіреді. Демек, *Бәйтерек* екі сөздің бірігуінен жасалып, «*зәулім ағаш*» дегенді танытады. Яғни, берілген мақал ата мен баланың ара-қатынасын айқындайды. Ата – бала үшін алыш

тірек және қорған ретінде көрсетілсе, бала – сол бәйтеректен нәр алып, сусындастын жапырақ түрінде сипатталған.

Атадан бала тұмас па, ата жолын құмас па. Қазақ отбасының өзіне тән зандаулықтары мен ерекшеліктері бар. Көп жағдайда баласы әкесінің айналысатын кәсібін үлгі тұтып, әке жолын жалғастырады, яғни, тұқым қуалап, қанына немесе тегіне тартады. «*Ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер*», «*Ата кәсібі – бала кәсібі*», «*Атанаң салған жолы бар, аданың тіккен тоны бар*», «*Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қызы өсер*» мақалдары да осының дәлелі іспеттес. Яғни, әкесінің бастаған ісін жалғастыру – баланың әкесіне деген құрметі мен сыйластығының, әке ісін әрі қарай жалғастыру қабілеттілігінің көрінісі болып табылады.

Атадан өсиет, анадан қасиет. Отбасындағы баланың ата-ананың жақсы тәрбиесімен сусындал өсуі, қазақтың жазылмаған заң ережелерін сақтап, дәріптеуі, ал, ата мен аданың баласына берген дұрыс тәрбиесі мен ақыл-білімін, өнегесі мен парасаттылығын дәріптеп, өмірлік ұстанымы ретінде қадірлеуі болып табылады. «*Аталар сөзі ақылдың көзі* мақалының магынасы да осыны білдіреді. Өсиет – адамның дүниеден өтер шағында кейінгілерге айтып немесе жазып қалдырып кеткен талап-тілектері мен ақыл-кенестері. Көпті көрген жасы үлкен адам ұрпақтарына өз өмірінде түйгендерін, ұлағатты сөздерін, аманатын өсиет ретінде айтатын болған. Өсиетті сыйлы болған қариялар айтса, ұстаздар шекірттеріне, ата немесе әке ұрпақтарына айтады [64, 62 б.].

Атаңан қалса тәбәрік (кей жерлерде тәберік деп аталағы), сақта оны тым берік. Тәбәрік – қазақы діни ұғым бойынша дүниеден бақылыққа қартайып қайтқан аузы дуалы, жүрегі иманды, рухани таза адамның тіршілікте тұтынған жеке заттары. Тәбәрік сөзінің тілдік мағынасы біреуден бата алу, біреуге бата беру, жалпы мұсылман баласына береке тілеу дегенді білдіреді. Тәбәріктің түп-төркіні Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар заманынан бастау алады [64, 371 б.]. Сонымен қатар тәбәрікпен жасы жүзге келіп немесе жүзге жақындал қайтыс болған қарттардың тірі кезінде тұтынған заттарын алған адамға да «*ұзақ жас жасағаны жұғысты болсын*» деп бөліседі. Оған дүниеден өткен адамның киімдері мен қолданған заттары жатады (зергерлік бұйымдары, қамшы, ер-тоқым т.б.). Берілген мақал баланың атасынан қалған заттарын құнды да баға жетпес дүниелер ретінде қастерлеп, көзінің қараашығындағы сақтауы, ата-бабасының әруағына деген сыйластығы мен сағынышын суреттейді.

Ақ шашты ана: «жастығым – балам» дейді, ақылды бала: «ай-күнім – анам» дейді. Мақалда ана мен бала арасындағы сыйластық пен сүйіспеншілік сезімі сипатталады. «*Жұмақтың кілті аданың табанының астында*» мақалында суреттелгендей, ана – баланы дүниеге әкелген ардақты жан болса, бала да – ана үшін ең қастерлі де қымбат жан. Себебі,

бала бойындағы тәрбие мен жақсы қасиеттер ана сүтімен сінірледі. *Ақ шашты* – көргені мен білгені көп, тәжірибесі мол ана мағынасын білдіреді.

Әденсіз бала ауыздықсыз атпен тең, ақылды қария жазып қойған хатпен тең. Қазақ халқы бала тәрбиесіне ертеден көңіл бөлген. Себебі, тәрбие – тал бесіктен басталады. *Ауыздық* – жүгеннің ат аузына салынатын темір бөлігі [64, 73 б.]. Ауыздық атты тежеуге, тоқтатуға, оң-солға бұруға, яғни, салт аттының мінген атының өз еркіне көндіруі үшін қолданылады. Әдеп сөзінің мағынасы – 1. *Халықтың әдем-ғұрпында қалыптасқан этикалық тәртіп.* 2. *Сытайыгершілік, ізеттілік* [64, 82 б.]. Осыған орай, әдеп – баланың жүріс-тұрысы мен іс-әрекеті мәдениетін жан-жақты сипаттайды. Мысалы, *Әденті бала арлы бала, әденсіз бала сорлы бала* мақалында қазақы дәстүрдің отбасында баланың жақсы тәрбие алуы оның қоғамдағы үлкен кісілермен қарым-қатынас жасаудың көрініс табады. Егер бала өзі отырған ортада өзін жақсы ұстаса, әдепті болып табылады, ал, керісінше, яғни, үлкендердің сөзін бөлу, бейәдеп сөздер айту секілді әдептен аттап кететін қылышқа көрсеткен жағдайда отбасында ата-ана тәрбиесін көрмеген жетесіз болып танылған. Ал, *қария* – көп жасаған адам, қарт [30:486]. Яғни, дана да кеменгер қариялардың хаты немесе сөзі қазақтың атадан балаға жалғасып келе жатқан мұрасы іспеттес екендігі көзделген.

Әжемді тыңдағаным – өзімді танығаным. Әже – 1. Әкесінің шешесі, үлкен шеше. 2. Жасы ұлғайған кәрі әйел [64, 83 б.]. Қазақ халқында әже – қасиетті ұғым. Әженің берген тәрбиесі арқылы үлкенді сыйлап, құрмет, кішіге ізет көрсетуді, үлкеннің алдын кесе өтпеуді, сыйлауды үйренеді. Себебі, қазақ дәстүрінде ежелден әженің кез келген сөзі шежіре мен өнегеге толы тәрбие мектебі болып саналады. Осыған орай, әже тәрбиесін көріп өскен бала сол тәрбиемен сузындастындығын түсіндіреді.

«Баланың ұяты әкеге, қыздың ұяты шешеге» немесе *«Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер»* мақалдары отбасы тәрбиесінде әкенің ұл, ананың қыз тәрбиесіндегі алатын орнын сипаттайды. Себебі, қазақ отбасында әке ұлды ерлік пен батылдыққа үйретіп, «сегіз қырлы, бір сырлы», ал, ана қыздарын өз тәрбиесіне сәйкес сыпайы, инабатты, ибалы етіп тәрбиелеген.

Қызыл, саган айтам, келінім, сен тыңда. – Анасы өз ақылын келініне тікелей емес, жанама түрде өзіне жаны жақын қызына айтады. Себебі, *«Енесі тенкен құлынның еті ауырмас»* деген мақалдың мағынасын түсіндіргендей. Яғни, қызы анасының кез келген сөзін көтере алады, ал, келін сырттан келуі себебінен кейбір сөздерді көңіліне алып қалуы мүмкін. Осыған орай, анасының қызына түсіндіруі арқылы келінінің көңіліне тимей, әдептен аттамай хабардар ететіндігін көре аламыз. Алайда, берілген мақал

кей кездері келінге де, қызға да қатысты емес, ауыспалы мағынада «өзгелерге» құлаққағыс ретінде де қолданылады.

Келіні жақсының керегесі алтын – мақал қазақ жанұясының үйытқысы, ұрпақ тәрбиелеушісі келіннің отбасындағы алатын орнын, яғни, шаңырақтың берік болуын керегесімен байланыстырган. *Кереге* – киіз үйдің ағаштан жасалған жиналмалы торкөзді сүйегі, қаңқасы [64, 387 б.]. Дәстүрлі ортада керегеге байланысты пайда болған теңеу сөздер өте көп. «*Үйің кең, қонағың көп, берекелі үй бол*» дегенді – *кереген* кең болсын деген тілекпен білдіреді. Масқара болып, ұятқа қалған адамды *керегеге таңылды* десе, біреу ақталу үшін *керегенің көгін жейін* деп қарғанады. Ештеңе бермеймін дегенді *керегесін итіне қомdasын* деп сеспен айтса, күш көрсеткісі келгендер *керегесін кертемін* деп зіл тастаған [64, 179-181 бб.].

Ерлі-зайыптылар этикеті

Еркек тұздің көркі, әйел үйдің көркі. Бұл жерде *тұз – үйден сырт жер, дала* [64, 829 б.]. Дәстүр бойынша қазақ халқы ер баланы отбасына қамқор болатын батыл да ержүрек етіп тәрбиелесе, қыз баланы отбасының үйытқысы, асыл жар, аяулы, инабатты, тәрбиелі ана ретінде тәрбиелеген. Ал, ер бала мен қызбала отбасын құрып, шаңырақ көтергенде ер бала сырттың жұмысымен айналысып, отбасын асыраса, қыз бала шаңырақтың берекесін келтіріп, бала тәрбиесімен айналысуы тиіс екендігін сипаттайды.

Ер жігіттің аты жақсы болса бір бақыт, алған жары жақсы болса мың бақыт – егер адамның аты жақсы болса, жолда қалдырмай, діттеген жеріне еш қындықсыз жеткізеді, ал, алған жары жақсы болса, ер адамның ырысын арттырып, отбасын берекеге бөлейді, шаңырақтың шайқалуына жол бермей, сыйластық пен махабbatқа бөлейді.

«Жақсы әйел жаман еркекті адам етер» немесе *«Жақсы әйел жаман ерін хан қылады, жаман әйел жақсы ерді даң қылады»* мақалдарында отбасындағы әйел адамдардың ақылдылығы мен даналығы маңызды рөл атқаратындығын көре аламыз. Берілген мақалдағы *хан сөзі – сый тұтып, құрмет көрсету магынасында қолданылса, даң – айғай, ұйғай, у-шу магынасын білдіреді* [64, 885 б.]. Яғни, әйел адам отбасында сабырлы, салиқалы, мейірімді де ізettі мінезге ие болып, отағасының қамын ойлап және отбасында туындаған қындықтарды кенесіп, бірігіп, байсалдылықпен шешуге болатындығын суреттейді.

Бауырлар этикеті

«Алтау ала болса ауыздағы кетеді, төрткеу түгел болса, төбедегі келеді. Берілген мақалға қытайтанушы ғалым Р. Досымбекова «алты» саны көптік мағынаға ие болып, көпшілік, жалпы, халық сияқты ұғымның орнына қолданылатындығын және «алты» санының елді ауызбіршілікке, ынтымаққа шақыруды насиҳаттайтыны мақалдан орын алғандығын атап көрсеткен. Сонымен қатар бір отбасының мүшелері немесе бүкіл елдің ауызбіршілігі

жоқ болса, барынан айрыласың, ал ынтымағың жарасса, жұмылған жұдырықтай бір болсан, ырыс-береке келеді деген түсінікті қалыптастырғанын айтады [154, 77 б.].

«Агайын тату болса ат көп, абысын тату болса ас көп» немесе «Бауыр шырын, бас тәтті, агайынмен ішкен ас тәтті». Қазақ туыстық қатынасқа зор көңіл бөлген. Ағайын адамдар арасындағы туыстық қатынастардың берік болуы олардың жан-жарына байланысты. Абысын – ағайынды адамдардың әйелі [64, 885 б.]. Абысындар арасындағы татулық қатынас бүкіл әuletтің ынтымағының берік болуына алыш келеді. Яғни, абысындардың тату болып өмір сүруі аға мен іні қатынастарының кілті болып табылады.

«Агасы бардың жағасы бар, інісі бардың тынысы бар» немесе «Жасы кіші ініні ақылы артса аға тұт, жасы улken ағаны жақсы сыйлап жаға тұт» – қазақ қоғамында аға мен іні сыйластығы ерекше орын алады. Мақалда жаға сөзінің ауыспалы мағынасы қолданылған. Яғни, жаға – ағадай қаморшы, тірек, пана мағынасын білдіреді [64, 885 б.]. Қазақ тәрбиесінде іні өз ағасын сыйлап, ақылын тыңдайды, ағасы өз інісіне жол көрсетіп, қамқорлық көрсетеді. Берілген бауырлар сыйластығынан отбасындағы бауырлардың өзара сыйластығы мен кішіпейілділігін, жанашырлығы мен қамқорлығын көруге болады.

Аға әдепті болса іні әдепті, ана әдепті болса, сіңлі әдепті. Берілген мақалда отбасындағы кіші балалардың үлкендерінен үлгі алатындығы сипатталған. Қазақ отбасында кіші бала өзінің алдындағы баланы үлгі тұтып, өнеге алады. Осыған орай, Алдыңғы арба қайда болса, соңғы арба сонда болады мақалының мағынасына ұқсас, інісі өзінің ағасынан тәрбие алса, сіңлісі өзінің алдындағы әпкесінен үлгі алады.

Жақыныңды жаттай сыйла, жат жаныңан түңілсін – Абылай ханға ақыл айтып, кеңес сұраған Бұхар бабамыздан қалған нақыл сөз. Берілген сөз өзге, бөтен адамдардың алдында жақын туыстардың бір-біріне сипайылық танытып, құрметтеуі және сыйлауы, өзара жақсы қарым-қатынас орнатуы қажеттілігі сипатталған.

Ағайынның азары болса да, беzerі болмайды. Мақалда туысқан жаман болған жағдайда да бір-бірімен байланысын үзуге болмайтындығын ескертіп, бірлік пен ынтымаққа шақырған. Қазақ дәстүріне және шаригатқа сәйкес адамдар туыстық ынтымағы мен татулығы берік болуы міндетті екендігін сипаттайды.

«Сіз», «біз» деген жылды сөз ағайынға жарасар. Туысқандар арасындағы сыйластық пен сипайылық қарым-қатынасты, татулық пен жақсы қарым-қатынасты сипаттайды.

Қонақ күту этикеті

«Қонақ асыңа емес, қабақ-қасыңа риза», «Қонақ қойдан да жуас, май берсең де жей береді». Қазақ дәстүрінде үй иесі мен қонақ арасында қонаққа бару және қонақты қабылдау ережелерінің өзіне тән ерекшеліктері бар. Қожайын келген қонақты жақсы көніл күймен қабылдап, сый-құрмет көрсетсе, қонақ риза болады, ал, егер үй иелері келген қонағына қабақ шытып қабылдаса, жақтырмағандығының белгісі. Яғни, үйге келген қонақ пен үй иелері арасында сыпайы қарым-қатынас орнатылуы қажет.

«Асыңа тойғызбасаң да, ақ ниетіңе тойғыз» немесе «Қонағыңың алтынын алма, алғысын ал» – қазақ ерте кезден үйіне келген қонақты аса қонақжайлыш мінезімен, ақ пейілімен, сый-құрметімен қарсы алып, сыйлаған. Ал, қонақты шығарып саларда – *Орамал тон болмайды, жол болады* деп әйел адамдарға орамал тағып, бешпент пен камзол кигізіп, ер адамдарға шапан жауып, ат мінгізіп, басқа да сый-сыяптың көрсетіп, үйдегі қалған балалар мен үлкен кіслерге дәмнен сарқыт салып шығарып салады. Қазактың қонақжайлыш этикетінің жазылмаған ережелерінің дәлелінің бірнеше ғана дәлелі осы болар.

Құтты қонаққа тәтті тамақ – қазақ халқы үйіне келген қонақты күту барысында ақ, мол, берекелі дастархан жайып қарсы алып, ақ көнілін білдірумен қатар, қонаққа беретін дәмге ерекше көніл бөледі. Ерте кезден қазаки дәстүр бойынша қонаққа мал сойылады, ет асылады, бауырсақ қуырылып, қымызы мен шұбаты, айраны мен ашытпасы, құрты мен ірімшігі қатар жүреді.

«Қонағын сыйласа төрге шық дейді», «Сыйлы қонақ босагада отырмайды» немесе «Ел сыйлаған есікте (босагада) отырмас» – Қазақ халқында төр мен босаға курделі бинарлық қарама-кайшылықты білдіреді. Қазақ қоғамында төрге байланысты белгілі бір этикеттік нормалар қалыптасқан. Төр ұғымы қазіргі кезге дейін өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ. Қазақ халқы кез келген қонақты жас ерекшеліктеріне, қоғамдағы алатын орнына байланысты төрден бастап отырғызады. Төр – босаға сөзінің антонимі, үйдің ішіндегі ең құрметті орын, үйдің босағага қарама-қарсы жоғарғы жағы [64, 817 б.]. Адамдарды төрге жас мөлшері және қоғамдағы алатын орны бойынша орналастырады.

Құтты қонақ келсе қой егіз табады. – Халқымыз отбасына қонақ келгенде бір қуаныш немесе жақсылық болған жағдайда құтты қонақ келді деп қуанады. Себебі, қазақтар келген қонақ өз құтымен келеді, үйдің табалдырығын аттаған әрбір адамның өз несібесі бар деп сенген халық.

Қонаққа «кел» демек бар, «кет» демек жоқ. – Қазақ келген қонағын қашан да сыйлап, төрге отырғызған халық. Қонақ келген үйде қанша уақыт болам деген жағдайда да үй иесі ешқандай қарсылық білдірмегендігінің мағынасы осы мақал арқылы дәлелденеді.

Іскерлік этикет туралы

«Әдептіліктің белгісі шіліп сәлем бергені» немесе «Алыстан сәлем береді, әдепті елдің баласы». – Кез келген халықта адамдардың алғашқы танысу, кездесу кезіндегі сұхбаттасуы сәлемдесуден басталады. Алайда, әрбір ұлт өкілдерінің сәлемдесу әдебінің өзіне тән ерекшеліктері бар. Қазақ халқының «сәлем түзелмей, алем түзелмейді», «сәлеміміз тұзу», «сәлемнен кете қойған жоқпызы» деген сөз түсініктері екі жақтың татулығын, сұхбаттасуышы тарарапына деген жылы шырайын білдіреді. Көшіліктің арасына, жынға сырттан келген адам бірінші болып сәлемдеседі. Ал, жас ерекшеліктеріне байланысты қарастыратын болсақ, жасы кіші адамдар жасы үлкен адамға барып сәлемдеседі.

«Сіз» деген әден, «біз» деген көмек – Берілген мақал адамдардың бір-бірін сыйлаудың сыпайылық этикетіне негізделген. Майлықожа ақын өз толғауында «Болар елдің баласы бірін-бірі сіз деген, болмас елдің баласы бірін-бірі күндеген» – деп жырлаған. Сонымен қатар «сіз» және «біз» сөзі үлкендерге, ата-анаға деген сыйластыры мен құрметін білдіреді.

«Әдепсіз адамнан тәртіппен өскен тал жақсы» немесе «Әден басы – тіл» – Этикет – адамның мінезі, жүріс-тұрысы, өзін-өзі ұстаяу және сөйлеу әдебінен тұрады. Әдептілік отбасындағы тәрбиеден басталады. Яғни, ананың сүтімен, әкенің тілімен бала кішкентай кезінен әдептілікке үйреніп, тәртіпті, инабатты, кішіпейіл, сыпай болып қалыптасады.

Адамның күні адаммен – Қоғам адамдар қарым-қатынасынан тұрады және адамдардың мінез-құлқы өзгелермен байланыс жасауына байланысты. Яғни, адамдар бір-бірімен сыпайы, кешірімді, ізетті болған жағдайда ғана өзгелермен тіл табыса алады.

Ұлық болсаң кішік бол – мақалы адамның қандай жағдайда да адамгершілік қасиетін жоғалтпауына, адаммен жақсы қарым-қатынас орнатып, араласуына шақырады.

Жылы жылы сөйлесең, жылан інінен шыгады – қоғамдағы адамдармен тілдік қарым-қатынас орнатуда ізеттілік пен адамгершілікті, мәдениеттілік пен сыпайылықты ұстану арқылы жылы коммуникация орнату өте маңызды. Осыған орай, адамдар әрбір сөзді ой елегінен өткізіп, жеткізе алатын болса, сұхбаттасуышының қызығушылығын туғызады.

Дін мен дәстүр

Ислам діні мен мәдениетінің қазақ халқының өміріндегі алатын орны маңызды. Ислам діні қазақ дүниетанымының ажырамас бөлігі болуын салт-дәстүрдің Ислам дінімен ұштасуынан байқауға болады. Қазақтың мақал-мәтелдерінің Ислам дінімен байланыстырығын қазақ халқының нақыл сөздері мен мақал-мәтелдерінен көруге болады.

Абай өзінің педагогикалық трактатында (отыз сегізінші сөзінде) толық, ізгі адам туралы ойларын былай тұжырымдайды: «Белгілі

жәуанмәртлік үш хаслат бірлән болар деген – сидық (шыншылдық), кәрәм (ізгілік), ғақыл (даналық, ақылдылық)... Бұл айтылмыш үш хаслattyң иелерінің алды – пайғамбарлар, онан соң – әулиелер, онан соң – хакимдер, ең ақыры – кәміл мұсылмандар» [155, 85-86 бб.].

Құран сөзі – Құдай сөзі. – Әрбір мұсылманның өмірінде құранның алатын орны ерекше. Себебі, киелі құран ислам дініндегі мұсылмандардың ең басты қасиетті кітап болып табылады.

«Алла алдындағы ең жақсы сөз – шын сөз», «Ұят кімде болса, иман сонда» немесе «Ұят – иман белгісі, ұяттыда иман бар». – Қазақ ұят – иманның бір мүшесі, кімнің ұяты жоқ, оның иманы да жоқ дейді. Иман – діни 1. Ислам дінінің бес парызының бірі, дінилдік наным. 2. Адам бойына тән ізгілік, адамгершілік. 3. Белгілі бір іс-әрекетпен байланысты серт, уәде, уміт. [64, 353 б.].

Сөздің басы біссіміллә, біссімілләсіз іс қылма. – Берілген мақал «Алланың атымен басталмаған әрбір маңызды сөз бен іс шолақ» мағынасын білдіреді.

Діні пәктің ділі пәк, ділі пәктің тілі пәк. – Дін мен діл, дәстүр мен сананың қазақ халқының өміріндегі алатын орны ерекше. Дәстүрлі қазақ халқында әділеттілік имандылық зандалықтарымен шектелген. Имандылықтің түп-төркіні дін болып табылады.

Қырықтың бірі Қыдыр, мыңның бірі Уәли (әулие). – Қазақ халқының түсінігі бойынша, Қыдыр ата жақсылық жаршысы, адамға сәттілік әкелетін қария ретінде сипатталады. Қыдыр ата кез келген адамның өмірінде пайда болуы және әртүрлі кейіпте болуы мүмкін.

Жылқы шаруашылығына байланысты

Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме. – Жылқы жануарының сыртынан жүрмеу себебін қазақ халқы оның мінезімен байланыстырады. Себебі, адам жылқының асау мінезінен бейхабар болуы салдарынан зиян шегуі мүмкін. Кез келген мінезі беймәлім адамдарға бар сырын ашып айтуда және сырласуға болмайтындығы осы мақал арқылы сипатталады. Яғни, таныс емес адам өзінің екіжүзді, арам, пайдакүнем секілді жат қылышын көрсетуі мүмкін.

Адам аласы ішиңде, мал аласы сыртында. – Қазақ халқы малдың тұртұсін сыртқы пішінінен білуге болғанмен, адамның мінез-құлқын сыртына қарап ажыратудың мүмін еместігін сипаттайты. Себебі, адам сөйлескенше, жылқы кісінескенше демекші, адаммен сұхбаттасып, сөйлескеннен соң ғана оның жан-дүниесі мен ішкі сырның құпияларын байқауға болады.

Арғымақ аттың баласы, аз оттап, көп жусайды, асыл ердің баласы, аз сөйлеп, көп тыңдайды. – Қазақ қашан да жылқы жануарын киелі, асыл тұқымды жануар деп бағалаған. Бұл жерде асыл ер – тексті тұқымның ұрпағы – арғымақ – асыл тұқымды жануар деп салыстырмалы түрде сипатталып тұр.

Ат болар тай саяққа үйір, адам болар бала қонаққа үйір. – Қонақжай балаларды қонаққа үйір, ал, ат болатын тайды саяққа үйір деп атайды. Саяқ – жеке, жападан жалғыз жүру, босау деген мағынаны білдіреді.

Енесі төпкен құлынның еті ауырмас. – Ата-ана баланы мейіріміне бөлеп тәрбиелеп өсіруі қажет. Алайда, туған ата-анасы балаға ұрысқан жағдайда да бала олардан жырақ кетпейді және әке-шеше мен бала арасында ашу мен ыза туындамайды.

Ұятсыз әйел – тұзсыз ас, әденесіз жігіт – жүгенсіз ат. – Қазакта астың дәмін келтірер тұз емес пе, ел мен елді қосатын қыз емес пе деп сипатталғандай, астың тұзсыз, аттың жүгенсіз болуы мүмкін емес. Жүген – жылқының басына кигізетін, ауыздық пен тізгіні бар қайыстан істелген әбзел [63, 320 б.]. Ауыздығы мен тізгіні арқылы ат басына ырыққа көндіру үшін қолданылады.

Адам тілінен, ат аяғынан азады – орынсыз сөйлеудің жақсылыққа апармайтындығы, әрбір сөзді айтпас бұрын ойланып барып сөйлеу қажеттігі, дұрыс сөйлемеген жағдайда қындыққа тап болатындығы сөз етіледі.

Жер-суға байланысты

Бас-басыңа би болсаң, Балқан тауга сыймассың (қазақ қоғамындағы бұрын-соңды қалыптасқан әдет-ғұрып, салт-сананы өте жетік билетін, сөзге шешен, өзі зангер, өзі істің ақ-қарасын айқындал, үкімін шығаратын сот. Бұл жерде Балқан тау қазақ аңыздарында кездесетін аңыздық таудың аты.

Барған жерің Балқан тау –
Ол да біздің көрген тау.

Бұл өлең жолдары аңыздық әңгімелерде жиі кездеседі, бірақ, ежелгі мифтік мағынасы белгісіз. Сарыарқада осы аттас тау бар делінеді.

Түркілік тарихи ареалда бірнеше Балқан таулар бар. Бірі – Солтүстік-батыс Түрікмениядағы Балхан таулары, екіншісі – оңтүстік европалық Балкан таулары, үшіншісі – башқұрт жерінде, Асылықөл маңында, Давлекан ауданында, төртінші – Челябі облысында, Дема өзені аңғарында, Куншак ауданында. Балқантау туралы башқұрт эпосы – «Заятулек пен Сусұлуда» айтылады. Мұндағы 1. Балқан – байлық символы, мұнда аңың барлық түрі мекен етеді, жігіт пен қыздың молалары осы таудың басында делінеді. 2. Балқан – мифтік жерүйік, космостың, таза кеңістіктің, жалпы ғаламның моделі...» [156, 58 б.].

Тау мен тасты су бұзар, адамзатты сөз бұзар – адам баласының сөйлеген сөзі мен сөйлеу әдебіне абай болуын, сөйлеу құдіретінің маңыздылығын сипаттайды.

Ағаш тамырымен мықты, адам дос-жарымен мықты – ағаш тамырыз тіршілік жасай алмағаны секілді, адам да дос-жарансыз өмір сүруі қыынға түседі. Адамның күні адаммен дегендей, адам қын жағдайға тап

болғанда өз достарынан көмек сұрай алады. Сол себепті, ағашқа тамыр қаншалықты қажет болса, адамға соншалықты дос керек.

Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады – кез келген ауыр сөз адамның жанын жаралап, сағын сындырады, яғни әрбір сөзді айтар кезде орынды, ойланып сөйлеу қажет екендігін түсіндіреді.

Егін шаруашылығына байланысты

Бетегеден биік, жусаннан аласа мақалының мағынасы – адам мінезінің қарапайымдылығы мен кішіпейілділігін, момындығы мен жуастығын сипаттайды. (Бұл жерде бетеге – малға жұғымды боз, ақ селеу шөп).

Егін салғанда келісім болса, қырман басында керісу болмайды – ауызбіршілік пен татулық болса, алынбайтын қамал жоқ екендігін дәлелдейді. Кеңесіп пішken тон келте болмайды деп айтылғандай, кез келген проблеманы шешу үшін кішіпейілділік қарым-қатынастың ең бірінші орында тұру қажеттігі сөз етіледі.

Диқан болсаң жеріңнің басында бол, сыпайы болсаң бегіңнің қасында бол мақалы әрбір адамның өзіне жүктелген міндеттері мен талаптарын жауапкершілікпен атқару қажет екендігін білдіреді. Яғни, диқан егінді дұрыс баптаған жағдайда ғана жақсы өнім ала алады, себебі, диқан – егін салып, күтіп-баптауды кәсіп еткен шаруа, егінші. Ал, адам баласы қоғамда қабылданған әдептілік ережелері мен талаптарын адал атқаруын бекпен байланыстырады. Бек – 1. ерте кездегі Орта Азия түркі халықтарында ел билеуші ұлық, қоғамдық-әлеуметтік, материалдық мәртебесі жоғары тап өкілі; 2. ежелгі түркі қауымдастығында қолбасшылық дәрежесін білдіретін әскери шен, атақ, жоғары басымдыққа ие тұлға. [157, 221 б.]. Бек адамдардың өз мінез-құлықтарын білдіруде ұстанатын қажеттіліктер, мұдделер себептерін анық білуі керек. Сондай-ақ ол әр топтың өзіне тән ерекшеліктерін, өнегелілігін анықтап, әлеуметтік және мұліктік жағдайына көніл бөлуі тиіс.

Сабагы жаман дақылдың әні де жаман, агашина қарай мәуесі немесе алма агашинаң алыс түспейді мақалдарында адамның мінез-құлқы метафоралық мағынада логикалық түрғыда түсіндіріледі. Яғни, бала өз атанаасынан үлгі алып тәрбиленеді немесе әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қызы өсер мақалының мағынасымен түсіндіріледі.

«Колымен қоға жұлмаган аузымен орақ орады» немесе *«Сөзі көп те, мәні жоқ, Сабаны көп те, әні жоқ»* мақалдары кез келген мәселені тек сөзбен ғана шешетін, ал, шындығына келгенде, қолынан еш нәрсе келмейтін, бірақ, өзгелерге ақыл айтатын адамдарды астарлы сөз мағынасымен сипаттаған.

Әйел ерімен, диқан жерімен – Қазақ халқында ежелден әйелдің алатын орны ерекше, алайда, әр әйел өзінің ерін сыйлап, пір тұтқан және ер адаммен көрікті және қадірлі болып табылады.

Зергерлік тақырып

Аз сөз – алтын, көп сөз – құміс мақалы – адамдардың өз ойын нақты жеткізуі қажеттігін сипаттайты. Адамның сөзінің көптігі оның сенімсіздігін, ал, нақты және дәл сөйлейтін адам өз ойының айқындығын білдіреді.

«Конағыңың алтынын алма, алғысын ал» немесе *«Қайыптан тапқан алтыннан ақсақал берген бата артық»* мақалдары үйге келген қонақтың, келген көнекөз қариялар мен ақсақалдардың батасын алғып, алғысына бөлену қажеттігін білдіреді. Қазақ салтында ертеден *«Жаңбырменен жер көгерер, батаменен ел көгерер»* деп айтЫП өткен. Үлкендер қазақтың рухани құндылығы бата беру дәстүрі арқылы жастарды адамгершілік пен имандылыққа, салт-дәстүрді сақтауға тәрбиелеген.

Taуып сөйлесең – құміссің, таптай сөйлесең – мыссың. Қазақтың шешендік өнерінің өзіне тән ерекшеліктері әлі күнге дейін сақталып келеді. Шешендік тіл мәдениетінің ең жоғарғы көрсеткіші болып табылады.

Ат тұяғы – алтын, алысқа алып баратын, адам тілі алтын, алыстың сұрап табатын. Қөшпенде қазақ менталитеті үшін жылқы жануарының алатын орны ерекше. Сонымен қатар қазақтардың жылқыны тектілік нышаны ретінде есептегені олардың болмыс-бітімі мен мінез-құлқын «жылқы мінезі» болмысымен салыстыруынан айқын көрініс табады. Ал, аттың тұяғы өте берік және сымбатты, ұзақ жүріске шыдамды болып саналады. Берілген мақалда ат тұяғының сымбаттылығы мен адамның сөйлеген сөзінің салмақтылығы мен байсалдылығымен салыстырылып тұр. Яғни, көркем сөйлеу арқылы жақсы адамдармен коммуникацияға түсудің қындық туғызбайтындығы сөз етіледі.

Алмас қылыш майданда серік, асыл сөз майданда да, сайдранда да серік. Қазақ халқы сөздің қадірін ертеден білгендейтін Мәшіх Жүсіптің «Адам бойында үш асыл бар: бірі – көз, бірі – тіл, бірі – көңіл» деген сөздерінен көре аламыз.

3.3 Абай және Конфуцийдің этикет туралы даналық сөздері

Әр елдің даму тарихы сол елдің мәдениетінің, әдебиетінің, салт-дәстүрінің тарихымен өлшенеді. Кез келген ұлт өз тарихындағы мәдениетте өзінің өшпес ізін қалдырған ұлы тұлғалары арқылы өзін әлемге таныта алады. Қазақтың ғұлама ойшылы Шәкәрім Құдайбердіұлының *«Сөзіңді түзе – әдетіңе айналады, әдетің – мінезіңе айналады, мінезің – сенің тағдырың»* өсиет сөзі этикеттің адамның мінезі мен сөйлеген сөзінің көрінісі арқылы сипаттайты.

Этикет – адамның сыртқы пішіні, мінез-құлқы мен сөйлеу әдебінің сол халықтың дәстүріне сәйкес үйлесімділігі. Адамның әдемі де мінсіз, сыпайы сөйлеуі оның белгілі бір кезеңде және қоршаған ортада алған тәрбиесіне байланысты. Этикет және адамгершілік тақырыптары қытай ұлттың негізгі дәстүрі және қытай философиясының маңызды ұғымы. Қытайда алғаш рет адамның қоғамдағы жауапкершілігінің мән-мағынасын

тұжырымдаған Конфуций және оның әлеуметтік нормаларының негізгі фундаменті – 礼 (әдептілік), 仁 (қайырымдылық), 义 (әділдік), 信 (ақыл) болып табылады. Қытай мемлекеті Конфуций ілімін идеологиялық негіз ретінде ғасырлар бойы берік тұтынып келеді және адамдардың қарым-қатынасын қоғамдағы басты мәселе ретінде қарастырып, салт-дәстүрге негізделген моральдық және этикалық нормаларын бекітті. Берілген этикалық кодекстер адамдар мен олардың арасындағы қарым-қатынасқа бірдей және қайырымдылықпен қарау және 待人如己 [dài rén rú jǐ] – өзіңе тілемегенді өзгеге де тілеме идеясына негізделген. Конфуцийдің принциптері ежелгі заманнан қазіргі таңға дейін тек Қытай халқына ғана емес, сонымен қатар өзге ел халықтарының да өмірлік ұстанымы болып келеді. Өзінің кеменгер даналығы мен ақыл-парасатымен танылған тұлғалар өз халқына үлгі, өнеге болып табылады. Конфуций үшін нормативтік мінез-құлық адамның өзін-өзі тануына септігін тигізеді. Қытайлықтардың пікірінше, 人 – мәдениет пен дәстүр сабактастығынан пайда болған коммуниканттар арасындағы қарым-қатынастарды білдіреді. Конфуций Қытай идеологиясы тарихындағы ізгілік, адамгершілік, қайырымдылық және әділдікті насхаттаған тұлға.

Ақыл-парасат 智 [zhì] – қайырымдылық, 仁 [rén] – және қайрат 勇 [yǒng] – әлем мойындаған және адамның бойында табылуы тиіс ұлы қасиет [114, 165 б.]. Конфуций 知之不惑, 仁者不忧, 勇者不惧 [zhī zhī bù huò, rén zhě bù yōu, yǒng zhě bù jù] – білгендер шатаспайды, қайырымдылар уайымдамайды, батырлар қорықпайды философиясын түсіндіре отырып, өз шәкірттерінің бойына 仁 [rén] – мейірімділікте сіңіре білген. Конфуций ілімінің басты ерекшеліктерінің бірі – оның Қытай халқының ырымдарына, дәстүрлеріне және салт-нанымдарына сүйенуінде. Ол адамның әрбір қылышы мен әрекетінің мәні неде қағидасына жүгінеді. Ұлы ойшыл даналықты 知之为知之, 不知为不知, 是知也 [zhī zhī wéi zhī zhī, bù zhī wéi bù zhī, shì zhī yě] – егер, білемін болсаң білемін деп айт, ал, білмейтін болсаң, білмеймін деп айт немесе ақын түрлі жырларды оқумен қалыптасып, мінез-қатаң ережелерді сақтаумен қалыптасса, түпкілікті білімді музыка тудырады – сөздері арқылы жеткізе біледі. Оның өмір сүрген заманында (б.з.д. VI ғасыр) білімді болу үшін алты өнер түрін менгеру керек еді. Олар: ырымдарды сақтау, музыканы түсіндіру, садақ ата білу, ат-арбаны басқару, оқи алу, математиканы білу. Отыз жасқа жеткенде Конфуций көне Қытай мәдениетінің жетістіктерін менгереді. Осы уақытта, оның этикалық-философиялық дүниетанымы да қалыптасады. Ол алдымен 仁 [rén] – жеңін концепциясы (ізгілік, адамды сую) және 礼 [lì] – ли» (ереже, этикет) еді [159]. Мұнда, ли-жэньнің ең жоғарғы деңгейі

екендігін айқындайды. Демек, ережелерді қатаң сақтау ізгілік пен адамды сую көрсеткіші болмақ.

Конфуцийдің «асыл адамы» бойындағы жағымды қасиеттерді жинап, үлгі-өнеге болып табылатын ұстаздық пен адамсүйгіштік бейнеге еліктеп, тек тұра жолмен жүретін, әділетсіздікке төзбейтін, адамгершілік жолында аянбай құресетін ізгі адамның үлгісін жасады. Философ цзюнь-цзының үлгісін іштей тұтас және игі қасиеттерден емес, сыртайы сырт мінезден – үлкенді сыйлаудан, рәсім-салтты құрметтеуден іздестіріп, әдет көріністерімен салыстырды. Конфуций ілімі өмірдің әр кезеңіне, атап айтқанда – қуаныш пен қайғыға, нәрестенің өмірге келуі мен өлімге, мектепке бару немесе қызметке тұруға қатысты рәсімнің талап-тәртіптерін ұсынды. Ол рәсімді орындау қалың жүртқа бірдей ортақ шарт болды. Қоғамда ұлылар, ұлағаттылар, сонымен қатар кішілер де бар. Барлығына ортақ сипат – мейірімділік көрінісінің бір-біріне қарама-қайшылығы. Берілген теорияның себебі – адамның жанұясындағы және өскен ортасындағы алған тәлім-тәрбиесі, әлеуметтік деңгейі болып табылады.

Қытай ойшылы «адамдарға танымал емеспін деп қиналмайтын адам парасатты. Достарыңың алыстан іздең келгендердің мәртебе емес не? Оқып ұдайы жетілуге ұмтылу дегенің бақыт емес не?» – философиялық көзқарасынан мақтаншақтық, өркөкіректік, жалған атақ, биліккүмарлық мінездің адамға зиян келтіретіндігін, ал, қарапайымдылық пен ізеттілікке жақын жандар адамды өзіне тартатындығын көре аламыз [76, 132 б.]. Конфуций қазақ ойшылдары сияқты қарапайым адами құндылықтарға мән беру арқылы, өзінің тәрбиелік, насиҳаттық және рухани ұстаздық үлгісін ұсынған.

Этикеттің салт-дәстүрмен және адамгершілік қасиеттермен сабактастығына ерте кезде-ақ мән берген Конфуций билікті өз халқын зандармен жазалау емес, адамгершілік пен имандылық танытатын тәртіпті үлгі ету жолымен басқаруға үндеді. Конфуций халықты салық салумен қинамай, әдет пен құқық негізінде басқаруды қош көрген және ең мықты заң – халық дәстүрі екендігін айтып өткен. Ең бастысы – шынайы принципі әрқашан басқарушы қатаң ұстануға тиіс деп білді, сонымен бірге адамдар мен олардың игіліктеріне қамқорлық көрсету – парыз деген сөздерінен аңғаруға болады.

Абайдың даналық сөздері адамдар арасында мейірімділік пен достық қарым-қатынасты және олардың ішкі жан-дүниесінің кеңдігінің орнауын меңзейді. Ұлы философ «ар» мен «ұят» категорияларын тең тұрғыда қарастыра отырып, қазақтың «уақытты бос өткізіп, бәріне қанағатшыл болғанша, еңбектен, білім-ғылым үйрен, алға ұмтыл», «жуз құн атан болғанша, бір құн бура бол», «алтын көрсе періште жолдан таяды», «атың шықпаса жер өрте», «ата-анадан мал тәтті, алтынды үйден жсан

тәтті» мақалдарын сынға алған. Берілген мақалдар мағынасынан Абайдың адамның ар жағында өзінің арсыз пейілінің көрінісінен ата-ананы, туысты сыйламау және малға сатудың құдайға дұшпандық жасаудың өзі екендігін және адамгершілік жолынан адаспау қажеттігін көрсете білгендігін көре аламыз [160, 22 б.].

Абай мен Конфуцийдің мемлекет дамуына қосқан үлесі өте зор. Қытай халқы өмірлік ұстанымы ретінде Конфуцийдің өсиет сөздерін қолданса, қазақ халқы Абайдың қара сөздерін әлі күнге дейін насихаттауда. Ұлы ойшылдар түрлі кезеңде өмір сүрсе де, ұстанған принциптері, өмірге, қоғамға, халыққа, достыққа, адами құндылыққа деген көзқарастары ұқсас. Абайдың жазған шығармалары ұлттық және жалпыадамзаттық өркениеттер тұтастығын дәлелдеуімен ерекшеленеді. Ал, оның рухани мұрасы тәуелсіз Қазақстанның өркениет кеңістігіндегі келбетін танытуда ерекше орын алады. Абай мен Конфуцийдің көздеген мақсаты – кісілік қасиетті сақтау: үлкенді сыйлау, кішіні құрметтеу, жаманнан жирену, жақсыдан үйрену, әділеттілік пен адалдықты сақтау, ақылдылық пен мейірімділікті ұстана отырып, ұлттың өзіндік ерекшелігін, қасиетін сақтап қалу. Әділдікті меңзеген олар өз халқын әділ жолды ұстана отырып, сенімді түрде алға ұмтылуға шақырды. Ал, ілімдерінің басты қағидасы – адамгершілікті сақтау, ардан аттамау және мейірімділік таныту.

Конфуцийдің пікірінше, «*қайырымдылық*» мағынасы – екі адамның тіл табысуы және бір-біріне ізеттілік көрсетіп, түсіністікпен қарауы. Қытай философының – 己所不欲，勿施于人 [jǐ suǒ bù yù, wù shī yú rén] – өзіңе істегенді қаламайтын нәрсені басқаларға жасама немесе өзіңе тілемегенді өзгеге де тілеме [159], 我不欲人之加诸我也，吾亦欲无加诸人 [wǒ bù yù rén zhī jiā zhū wǒ yě, wú yì yù wú jiā zhū rén] – мен өзгелердің маган бұлай істегенін қаламаймын, 老吾老以及人之老，幼吾幼以及人之幼 [lǎo wú lǎo yǐ jí rén zhī lǎo, yòu wú yòu yǐ jí rén zhī yòu] – өз қарттарыңызды, сондай-ақ басқа қарттарды да құрметтеңіз, балаларыңызға және өзге адамдардың балаларына мейірімді болыңыз философиялық сөздері жақын немесе туысқан адамдардың бір-біріне ғана емес, өзге адамдармен де сыйластық қарым-қатынасты ұстанудың қажеттілігін түсіндіреді. 有若 – Йоу Жуо Конфуцийден мейірімділік туралы сұраған сәтте ойшыл отбасылық этикадан әлеуметтік этика туындаитынын түсіндірген. Ал, оның дәлелі ретінде үйде ата-мен үлкен ағаларды сыйлау арқылы сырттағы бастықтарды ренжітпеуге болатындығын, императорды алдау арқылы сарайда бейберекетсіздікті тудыруға жол бермеу қажеттігін атап өткен. Яғни, адам болудың негізі немесе іргетасын қалау арқылы өмір сүрудің траекториясы – мейірімділікті ұстану арқылы ғана қоғамда ауытқушылыққа жол бермеуге болатындығын түсіндірген. Адамдардың өздеріне жаман нәрсені тілемейтіндігін анықтауы және өз бойын зияндық тигізуден алшақ

ұстасуы арқылы өзге адамдарға жасандылықтан бойын алшақ ұстап, қуаныш пен мейірім сыйлай алатындығына көз жеткізуге болады. Конфуций: «Мемлекет – үлкен отбасы, ал, әрбір отбасы – кіші мемлекет деп айтып өткен. Берілген теориядан «*балалар әке-шешесіне, ал, кішілер – үлкендерге бағынуы тиіс*» ұғымы қалыптасып, ата-баба әруағын және үлкендерді сыйлау әдебінің қытай халқының дәстүріне айналғандығының дәлелі деп білеміз. Осыған орай, Конфуций бабалардың қадірлеудің 孝 [xiào] – сяо ілімін ұсынды. «Сяо» – адамгершілік негізі. Қадірлі бала болу – әркімнің міндеті. Әсіресе, цзюнь-цзыға ұмтылатын сауатты және әдепті адамның парызы. Сяоның мағынасы – дәстүр бойынша «ли» ата-анаға қызмет ету, оларды жерлеу, оларға құрбандық жасау. Тәрбиелі бала өмір бойы ата-анаасына қамқорлық жасауы тиіс және кез келген қындықта ата-ананы бағуға және қорғауға дайын болуы, жақсы жағдай жасауы шарт. 二十四孝 – сяоның 24 үлгісі ғасырлар бойы таңдану мен еліктеудің объектісіне айналды [22:31-32].

Конфуцийдің этикеттік көзқарасы – адамдардың бауырмалдығына, қоғамдағы ынтымақтастық пен коммуниканттардың сөйлеу мәдениетіне бағытталған. Мысалы, 四海之内皆兄弟 [sìhǎizhīnèi jiē xiōngdì] – төрт теңіздің арасында барлық адамдар ағайынды [37] даналық сөзіндегі төрт теңіз – бүкіл Қытайды, ал, кейінірек бүкіл әлем мағынасын білдірген. Дүние жүзіндегі кез келген адам бір-біріне бауырдай мейірімді бола алады. Адам баласы бейбіт өмір сүріп, соғыстар мен қактығыстарды жойып, әлемдегі келісім арқылы мұрат-мақсаттарын жүзеге асыру қажеттігін және адамдардың тең және достық қарым-қатынасты орнатуы арқылы түсіністікке жетуге болатындығын жеткізе білген. Осыған орай, адамдар бейбіт заманда өзгелермен тіл табысқан уақытта бір-біріне сыпайылық танытып, жол беріп, тату-тәтті және жарасымды қарым-қатынасты қалыптастыру қажеттігін айттып өткен. Конфуцийдің берілген даналық сөздерінің мағынасы Хәкім Абайдың «*Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп*» және «*Рақымдылық, мейірбандылық, әртүрлі істе адам баласына өз бауырым деп, өзіне ойлагандай оларға да болса игі еді демек, бұлар – жүрек ici. Тіл жүректің айтқанына көнсе, (онда) жалған шықпайды, амалдың тілін алса, жүрек ұмыт қалады*» даналық сөзімен ұштасады. Ұлы ойшылдардың мензегені – адамдардың бойларын тәкаппарлық, менмендік және өзімшілдік мінездерінен алшақ ұстап, бір-бірімен қайырымдылық пен ізгілікке негізделген қарым-қатынас жасау. Алайда, қоғамда адамдардың этикет сақтамай немесе тек өз қамын ойлаумен өмір сүрген жағдайында коммуникация барысында қындық туындауы ықтимал. Ал, Конфуцийді зерттеуші ғалымдардың пікірінше қарым-қатынас – 忠 [zhōng] – шынайылық, 忒 [yuàn] – реніш, 紧矩 [jǐn jǔ] – жақындық сезімдерімен тығыз байланысты. Себебі, адам өмірі шынайылық пен бір-бірімен жақын

немесе тығыз араласуынан тұрады. Ал, қоғамда, әсіреле жануядағы жақын адамдар арасында реніш болмауы қажет. Сонымен қатар адамдар бір-біріне қайырымды және кешірімді болуы тиіс. Қазақтың ұлы философы Абайдың:

Өсек, өтірік мақтанишақ,

Еріншек, бекер мал шашпақ –

Бес дұшпаның, білсеңіз – өлеңі адамдарды жаман әдеттерден қашық болуына үндесе, осыған сәйкес, Конфуций этикетті ұстану үшін төрт нәрседен аулақ болуга шақырды: 非礼勿视, 非礼勿听, 非礼勿言, 非礼勿动 [fēi lǐ wù shì, fēi lǐ wù tīng, fēi lǐ wù yán, fēi lǐ wù dòng] яғни, әденке жат нәрсеге қарама, әденке жат нәрсені тыңдама, әденке жат нәрсені айтпа және әденке жат нәрсені істеме. Мұндағы философтардың жеткізбек ойы – адам этикалық және мәдени нормаларды ұстанып, әдептілікке қайшы нәрселерден аулақ болса, қайырымдылыққа еш кедергісіз жол таба алады. Конфуций этикасы бойынша қуаныштың үш түрі адамға қуаныш та, қайғы да сыйлай алады. Мәселен, адам рәсім мен музыкаға сәйкес әрекет етсе, адамдардың мейірімділігі туралы сөз қозғаса немесе дана адамдармен достық-қарым-қатынаста болса, пайда әкеледі, ал ысырапшылдық пен бейбастақтық зиян тигізеді деп түсіндірген.

Қытай этикет зерттеушілері Юй Дунг, Чжунг Фанг және Линь Сяолинь 仁 [rén] – қайырымдылықтың төрт аспектісін жіктеген. Ізгі ниет төрт аспектіде көрінеді [12]:

1. Қайырымдылықтың мәні құдайларда емес, адамдарда екендігін атап өтті. Конфуций адамзаттың жолына баса назар аударуды және оның гуманистік идеологиялық бағытын көрсететін аспан жолына немқұрайлы қарауды жақтады;

2. Гуманистік ойдан бастап, Конфуций әлеуметтік қатынастарды билеуші мен министр, әке мен бала және т. б. арасындағы қатынастарға жатқызды. Ол "ізгі ниет" - тұлғааралық қатынастармен жұмыс кезінде қолданылатын моральдық стандарт, үйлесімді әлеуметтік қатынастарда қолданылады;

3. Конфуций " ізгі ниет "адамның ең жоғары моральдық нормасы, жеке өзін-өзі жетілдіру мен тағдырдың негізі және адам дамуының мақсаты ретінде қарастырылады деп сенді. Сондықтан ол жеке мұдделері немесе өмірге деген ашқөздігі мен өлімнен қоркуы салдарынан "ізгі ниетке" зиян келтірмеу үшін ізгі ниеті бар адамдарды қолдайды, тіпті оған қол жеткізгені үшін өмірден бас тартуы керек;

4. Конфуций ізгі ниетті адамдар барлық адамдарды жақсы көруі керек деп есептеді. Біздің дәуірімізге дейінгі 6-5 ғасырларда пайда болған бұл қарапайым "бауырластық" рухы қытайлықтардың кейінгі ұрпақтарына қатты әсер етті. Нәтижесінде пайда болған жұмсақтық, кішіпейілділік пен

сыпайылық, сондай-ақ басқалардың тілектерін құрметтеу қытай халқына терең енген сипатқа айналды.

Б.з.д. 6-ғасырдан б.з.д. 5-ғасырга дейін пайда болған қарапайым «бауырластық» рухының бұл түрі Қытай халқының кейінгі ұрпақтары мәдениетіне терең әсер етті. Мінездің жұмсақтығы мен қарапайымдығы Қытай мәдениетінің тамырын тереңге жайды. Берілген аспектідегі мейірімділік ұғымы жеке адамның ішкі тәрбиесіне бағытталса, әдең қоғамдағы этика мен моральдық нормалар мен ережелерге негізделген. Ал, Конфуций кез келген адам нормалар мен ережелерге сүйенбеген жағдайда әртүрлі әлеуметтік, саяси және адами қарым-қатынастардың бұзылатындығын, ал, адамдар арасындағы рухани қарым-қатынастың үйлесімділікке негізделетіндігін атап өткен.

Қытайдың ұлы ойшылы Конфуций елдегі бай-берекетсіздіктен құтылу және халықтың тұрмыс-тіршілігін дұрыс жолға қоюдың басты жолы – атабаба дәстүрлері мен зандарына, көне заман тәртібіне оралу деп санаған. Конфуцийдің ойынша, бұл мақсатты жүзеге асыру жолындағы шараларды әрбір адам саналы түрде жүзеге асыруы, өзіне жоғары талаптар қоя білуі және қабылданған ережелер мен канондарды мұлтіксіз орындаса ғана, қоғамда айтулы өзгерістерді жүзеге асыруға мүмкіндік туатындығын айтқан. Ал, бұл қағиданың этикалық-әлеуметтік бағдарламасының негізі болып табылатынын және Қытайдың мәдени-тариhi дамуына ерекше ықпал жасайтындығын сол кезде-ақ көре білген.

Қытайда екі мың жыл ішінде оқырмандардың көп оқыған кітабы қазіргі күнге дейін өзектілігін жоймаған еңбек «论语 – Конфуцийдің даналық сөздері». Ұлы ойшыл өз шығармаларында мейірімділік, қарапайымдылық және ержүректіктің болуын талап етеді. Адамгершілігі бар адам болу үшін адамның тұлғалық қасиеті тиіс, ал, елдің ұлттық қадір-қасиеті болуы қажет екендігін айтып өткен. Берілген ұлттық дәстүрлер Ся, Шань, Чжоу дәуірлерінен бастау алып, қытай халқының ізгілігі мен имандылығы, адалдығы, перзенттің ізеттілігі мен әдептілігі халықтың әдет-ғұрыптарда көрініс тапқан. Жапония мен Корей түбегінде Конфуций ілімінің тарауы Қытай мемлекетінде таралуымен ұқсас. Адамдар әдетте Конфуцийдің өситет сөздерін оқиды, сонымен қатар моральдық-этикалық көзқарастарды адамдар арасында таратады. Мысалы, Жапон императоры Конфуций ілімдерін халықтың рухани өмірінің бағдары ретінде қабылдады. Ал, Американдық тарихшы Рейشاуэр: «100 миллионға жуық жапондықтардың «Конфуций мен Мэнцзының ізбасарлары» екендіктерін айтқан. Себебі, көптеген жапондық кәсіпкерлер Конфуций даналық сөздерінен даналық іздейді және берілген кәсіпорындарда Конфуций ілімі киелі кітап ретінде саналады [159].

Абай мен Конфуций үшін қоғамдағы басты құндылық – тәрбиес мәселесі. Конфуцийдің *十年树木, 百年树人* [shínián shù mù, bǎinián shù rén] – ағаш өсіру үшін он жыл, адамды тәрбиелу үшін жұз жыл қажет даналық сөзі және Абайдың – «Мен егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» (37-қара сөз) – деген даналық сөздері адамды жақсы тәрбиеге қызын болса да үйретудің қолжетімді екендігін түсіндіреді.

Абайдың даналық сөздерінің басым көпшілігі қазақ халқының болашағы – өскелен үрпақ тәрбиесіне арналған. Қазақтың ұлы ағартушысы өз айналасын қоршаған әділетсіздік қазақ халқын аздырып бара жатқанын, жас үрпақты тәрбиелеуге теріс ықпалын тигізетінін байқап, халықты, өсіреке жастарды адамгершілікке тәрбиелеуге ерекше көңіл аударды. Ал, жастар бойына дарытуға тиісті жоғары адамгершілік қасиеттер ретінде туған елге, ата-анаға, бауырға деген сүйіспеншілік, табандылық пен ададық, парасаттылық пен сыпайылық, адамдарға қайырымдылықпен қарau, еңбексүйгіштік, жарқын өмірге ұмтылу т.б. атап айтты. Мысалы, Абайдың «сөзіне қарап кісіні ал, кісіге қарап сөз алма» немесе «сөз танымасқа сөз айтқанша, өзінді танитын шошқаны бақ» немесе:

«Адамзатқа не керек:
Сүймек, сезбек, киінбек,
Харекет қылмақ, жүгірмек,

Ақылмен ойлап сөйлемек» – өлеңіндегі жеткізбек ойы – кез келген адаммен сұхбаттасу барысында жеткізбек ойына мән берудің маңыздылығы. Яғни, адамның қандай екендігін бір көргенде-ақ анықтауға болатындығын, сөзі мен сыртқы көрінісінің үйлесімділігін, алған тәрбиесі мен сөйлеу әдебінің деңгейін анықтауға болатындығын түсіндірген. Ал, Ян Хуэй Конфуцийден «Зұлымның сөздеріне қатысы бар ма?» – деп сұрады. Осы кезде Конфуций – *君子以行言, 小人以舌言* [jūnzǐyǐxíngyán, xiǎorényǐshéyán] – джентельмен өз ісімен сөйлейді, ал, жауыз – өз тілінде сөйлейді – деп жауап берген. Берілген сөздің мағынасы – зұлым немесе жауыз адамдар сөйлеу барысында әдепсіз сөйлеу әрекетіне және шабуыл жасауға жол беруі ықтимал. Ал, мырза адамның сөз саптауында адамгершілік пен мейірімділік, шынайылық пен қамқорлық тақырыптары ең бірінші орында тұрады. Осыған орай, зұлым адамдар арасындағы сұхбат жалғасын табуы мүмкін емес, ал мейірімділікке толы коммуникация әрі қарай жалғасын табуы сөзсіз.

Қытай мемлекетінің даму негізіне айналған Конфуций ілімінің ерекшелігі – оның адамдарды салт-дәстүрге сүйене отырып қайырымдылық пен мейірімділікті ұстануға тәрбиелейді. Яғни, ежелден бері қалыптасқан ырымдар мен дәстүрлерді, ережелерді негіз етіп, қоғамда этикет ережелерін ұстанған жағдайда ғана қоғамда дұрыс қарым-қатынас орнайтындығын

дәлелдеген. Ұлы ойшыл адамдардың табиғат пен өмірге, тәрбие мен этикаға деген көзқарасын, көніл күйі мен идеялық өлшемін белгілейтін басты категория деп білген.

Абай мен Конфуцийдің жанұялық, іскерлік, туыстық, қонақ құту, сөйлеу, жүріс-тұрыс т.б. этикетіне ертеден көніл бөлгендігі олардың осы тақырыптағы даналық сөздерінен көрініс табады. Мысалы, Конфуций: *人而不如礼何* [rén ér bù rén, rú lǐ hé] – адамгершілігі жоқ адам этикетті қалай ұстанады? немесе *与其奢也，宁俭* [lǐ, yǔ qí shē yě, níng jiǎn] – әдептілікті ұстана отырып, сән-салтанаттың орнына үнемді болған дұрыс – деп түсіндірген. Конфуций үшін тәжірибе – ең алдымен адамдар арасындағы қарым-қатынастар болып саналады. Даны адам бойындағы ең басты қасиеттер – халықтан алыстамауында, халық қалай өмір сүрсе, дәл солай тіршілік жасауында, қоғамдық салт-дәстүрлерді қатаң сақтай отырып, өмірдің моральдық жағынан қанағат алуды басты орынға қоюында болып табылады. Қытай қоғамында салт-дәстүрлер, салт-жоралар өмір сүрудің басты шарттары болып саналады. Ата-баба рухы мен діни этика тақырыптары Абай мен Конфуцийге ортақ. Абай өзінің он екінші қара сөзінде иманның қазақ даласында ар білімінің, яғни, этика ұғымының басты ұғымына айналғандығын айттып өткен [160]. Қазақта жақсы жанды иманжүзді дейтіні де содан. Мұсылмандық түсінікте иманды адам ғибратсыз болмайды. Ғибрат дегеніміз – мұсылманның өткеретін парыздары. Абай кімде-кім иман келтіріп қадір-халінше ғибрат жасап жүрсе, оны ҳұп алу керек дейді. Яғни, Абай иман арқылы адамгершілік табиғатын ашуға талпынғанын ислам дініне тән көзқарасынан байқауға болады. Ал, Конфуций – рәсімнің, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың – ұлттың тірек, қаңқасы, ал, ақыл, ізгілік, әділдік, адалдық, ерлік қасиеттерді бойына жинақтаған өз ойларын халық игілігіне арнаған. Осыған орай, Қытай халқы әлі күнге дейін ел басқару жүйесінде Конфуций доктринасын қолданып келеді. Ойшылдың ізгілік, мейірбандық, жанашырылық туралы уағызы қажеттілік орайына ғана қызмет ететінін, ұлт бірлігін ойлап, ұлысты дәрежеге жеткізу жолында қолданылатын дәнекер екендігін көре аламыз.

Конфуций азғана уақыт уәзірлік дәрежедегі билікке жеткенде бодан жүртқа ұлттық рәсімдерді қатаң сақтауға бүйірады, базар нарқын қалыпқа түсіріп, шенеуніктердің зорлық-зомбылығын тоқтатады, ал, шектен шығып кеткен адамдарды өлім жазасына кеседі. Жалпы, Конфуцийдің меңзегені тек әділеттілік қана емес, сонымен қатар, халықты басқару мақсатында пайда болған қажеттілік екендігін және оған адам бойындағы бес асыл қасиет болған жағдайда ғана қол жеткізуге болады. Атап айтқанда, сыйайылық – сыйынды арттырады, кендік – құрмет туғызады, шыншылдық – сенімге жеткізеді, зиындылық – табысқа бастайды, мейірбандық – билікке жол ашады.

Абай мен Конфуцийдің салт пен әдеп тақырыбындағы даналық сөздері адамның қоғамдағы қызметтінің қайнар көзі және адамгершілік қасиеттерінің басты өлшемі болып табылады. Қытайдың ұлы ойшылы

адамның белгілі бір ортада өзін-өзі ұстай білуі жөнінде «Әңгімелер мен ой-толғаулары» атты еңбегінде мынадай ақыл-кенестер береді: 出 」如 见 大 宾 [chū mén rú jiàn dà bīn] – қай ортада отырсан да өзінді құрметті қонақтарды қабылдан отырганда ұстауға дағдылан, 使 民 如 承 大 祭 [shǐ mǐn rú chéng dà jì] – қызмет бабында да өзінді салтанатты құрбандықтарға басшылық жасап отырган адамдай сезін. Конфуций қоғамда ғана емес, жанұяда да адамдар өмірін бір тәртіпке түсірудің, елді қалай жақсы басқара білудің ең қарапайым жолын ашты. Ойшылдың пікірінше: 君 君, 臣 臣, 父 父, 子 子 [jūn jūn, chén chén, fù fù, zǐ zǐ] – патша – патша орнында, қызметші – қызметші орнында, әке – әке орнында, бала – бала орнында болуы керек [114, 222 б.]. Мэн Сунь баланың қайырымдылығы жайлы сурағанда, Конфуций балалардың 生 事 之 以 礼 [shēng shì zhī yǐ lǐ] – ата-анаға этикетке сәйкес қызмет етуі қажеттігін, 死 葬 之 以 礼 [sǐ zàng zhāng yǐ lǐ] – қайтыс болған кезде этикетке сәйкес жерлеу керектігін, 祭 之 以 礼 [jì zhāng yǐ lǐ] – ата-бабаларға этикетке сәйкес құрбандық шалуының міндетті екендігін айттып өткен. Сонымен қатар 父母在, 不远游, 游必有方 [fù mǔ zài, bù yuǎn yóu, yóu bì yóu fāng] – ата-анаң тірі тұрғанда алысқа кетпе, ал кеткен жағдайда, ата-анаға қамқорлық жасау жолын біл» [114, 061 б.] деп қытай халқы дәстүріне тән ата-анаға қамқорлық көрсету жолдарын түсіндірген. Қазақтың ұлы ойшылы Абай Құнанбайұлының ата-ана мен бала арасындағы сыйластықты түсіндіруі Конфуцийдің ойымен сәйкес келеді. «Адамның бір қызығы – бала деген...» демекші, Абай болашақ ұрпақ тәрбиесіне балаға дұрыс тәрбие беру үшін ата-ананың өзі соған лайықты болуы тиіс екендігін ойшылдың оныншы қара сөзінен көре аламыз: «Біреулер Құдайдан бала тілейді. Ол баланы не қылады? Өлсем орнымды бассам дейді, артымнан құран оқысын дейді, қартайған күнімде асырасын дейді. Осыдан басқасы бар ма? Балам орнымды бассын демек не сөз? Өзіңнен қалған дүние иесіз қалар деймісің? Қалған дүниенің қамын сен жемек не едің? Өліп бара жатқанда өзгеден қызғанып айтқаның ба? Өзгелерге қимайтын сенің не қылған артықша орның бар еді?» немесе «Артымнан балам құран оқысын десең, тірліктे өзіңнің жақсылық қылған кісің көп болса, кім құран оқымаиды? Егер жаманишылықты көп қылған болсаң, балаңның оқыған құраны сені неге жеткізеді? Тірлікте өзің қыла алмазан істі өлген соң саған балаң кәсіп қылып бере алады ма?» [155, 22 б.] Абай шығармалары болашақ ұрпақты парасаттылық пен саналыққа, білім мен тәрбиеге жетелейді. Адам балаға дұрыс бағыт беру үшін ата-ана алдымен өзін бала тәрбиесіне лайықты етіп тәрбиелеуі тиіс екендігіне үлкен мән берген. Ал, егер бала тәрбиесі кезінде ата-ана тарапынан кішкене болса да ағаттық кеткен жағдайда оған өздерінің қай жерде кемшілік жібергендігін ойлануы қажеттілігі жайына да тоқталып өткен: «Әуелі балаңды өзің алдайсың: «Әне, оны берем, мұны берем» деп. Басында

балаңды алдағаныңа бір мәз боласың. Соңыра балаң алдамыш болса, кімнен көрсің?».

Жанұядагы ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас – қоғамдағы басшы мен бағынушы арасындағы қатынаспен тең. Конфуций көзқарасы бойынша: «*Жас адам үлкенниң (басшының) айтқанын екі етпей орындауды тиіс, бірақ үлкен адам немесе (басшы) қызметшісі мен балаларынан өзі үлгі көрсете аларлықтай нәрсені ғана талап етсін, сонда барлығы үйлесім табады*». Осындай тәртіптің арқасында Қытай мемлекеті бес мың жылдық тарихы бар мәңгі мемлекетке айналды. Конфуций – Қытайдың дамуына және мәңгілік мемлекетке айналуына жол аштын кіршіксіз, таза қоғамдық қарым-қатынас жүйесін орнатудың жолын іздеғен саяси ойшыл. Конфуцийдің ілімі бойынша, салт-жораларды қатаң сақтаушы адамдар өзін қоршаған барлық адамдармен татулық пен бірліктे өмір сүреді және салт-жораларды сақтауда, әсіресе адам бойындағы «ұстамдылық» қасиетке айрықша мән-мағына берілді. Өйткені, ұлы ойшылдың пайымдауынша, ұстамдылық – өмір сүрудің негізгі шарты болып саналады. Сонымен қатар адамгершілік қасиеттер аясында саналылық пен ақылдылық, парыз бен қарызға да ерекше мән берілді. Ал, адамгершілік қасиеттерді аяққа таптаған адамдарды жануарға теңеген. Демек, Конфуций үшін адамгершілік – адамның мәдениеттілігінің ғана емес, сонымен бірге адам бойындағы бүкіл ізгілік қасиеттердің басты өлшемі болып саналады. Цзи Канцзи: «*Адамдарды қалай сыйлы және адап болуга сендіруге болады?*» деген сөзіне Конфуций: «*Егер сіз оларға абыраймен қарасаңыз – оларды құрметтейсіз, құрметпен және мейіріммен қарасаңыз – адап боласыз, сіз оларға қайырымдылық көрсетесіз, бірақ үйрете алмайсыз, алайда көндіресіз*» – деген екен [114, 300 б.].

Адамгершілік – адамның өз-өзіне жол табуы, ал ол жолды әрбір адам өзі тандауы қажет. Ұлы данадан «*Даналық дегеніміз не?*» деп сұрағанда, ол «*даналық дегеніміз – халықтың болашағы мен игілігі үшін аянбай қызмет ету және рухтарды қастерлей білу*» – деп жауап берген. Ал, «*Құдайлар мен ата-бабалар рухына қалай қызмет етуді білмей тұрып, рухтарға қалай қызмет ету керек?*» деген сұраққа «*Сен адамға қалай қызмет етуді білмей тұрып, рухтарға қалай қызмет жасасамақсың*» – деген жауап алынған. Рухтардың бар екендігін мойындай отырып, Конфуций салт-жоралардың тәрбиелік және адамгершілік жақтарына баса назар аударады.

Кісілік қасиетті сақтау – Абай мен Конфуций өсінетіндегі ең басты тақырыптардың бірі. Олар – үлкенді сыйлау, кішіні құрметтеу, жақсыдан үйрену, жаманнан жирену, әділеттілік пен адалдықты сақтау, ақылдылықты, ізгілік пен мейірімділікті ұстана отырып, ұлттың қасиеті мен өзіндік ерекшеліктерін сақтап қалу. Ұлы ойшылдардың ұлт жанашыры ретінде алатын орны ерекше. Олар әділдікті мензей отырып, халықты нық қадаммен алға қарай ұмтылуға шакырды. Ал, екі философқа ортақ басты қағида – адамдардың адамгершілікті сақтауы, бір-біріне жол беруі және шектен шықпауы.

Қытайдың қоғамдық-саяси өмірінде орын алған түбегейлі өзгерістерге байланысты, Чжоу династиясы кезеңінде (б.з.б. XI ғ.) Шанди құдайға табыну орнына Аспанға табынды. Ал, Чжоу династиясының билеушісі өзін Аспан тәңірінің ұлы, ал, Қытай империясы Аспан аясындағы қасиетті империя ретінде жарияланды. Қытайлықтардың ел билеушілерін осыншама дәріптеп, оларға жоғары атақ бергеніне сәйкес, олар ел басшыларын құдайлармен генетикалық байланыста деп түсінгендігін айқын аңғаруға болады. Чжоу дәуірінен бастап, Аспан қытайлықтардың басты құдайына айналды. Аспанға табынушылықта моральдық-этикалық сарын басым болды. Қытайлықтар Аспан қайырымдылар мен раҳымшыларды жарылқап, ал, мейірімсіз қатыгез адамдарды аяусыз жазалайды деп түсінген. Адамгершілік, қайырымдылық және т.б. ұғымдар Аспанның космостық күштерінен қуат алған, онымен ұдайы байланыста болған, халықтың қамын ойлаушы ел билеушісінің бойындағы ізгі қасиеттермен байланыстырылып қарастырылады. Қайырымды, дана билеуші ғана өз елін, өз халқын басқара алады, ал, бұл қасиеттерден арылғандар ел басқару құқынан айрылады. Ежелгі қытайлықтар өмірдің мәнін адамдардың космос кеңістігімен дұрыс қатынас орната білуімен де байланыстырыған.

Конфуций өзінің өмірлік қағидаларын қағаз бетіне түсірген жоқ. Бірақ, оның айтқан ой-тұжырымдарын шәкірттері жазба түрінде «*论语*» еңбегінде жан-жақты қарастырыған. Кітаптағы әрбір қағида, ой-толғаулары «*Устаз былай деген екен...*» деп басталады. Бұл еңбек Ұлы даланың ілімінен толық мағлұмат беретін жалғыз жазбаша дерек болып табылады. Өзі өмір сүрген ортанды өткір сынға алып, болашақтан үлкен үміт күткен Конфуций еki заманды өзара салыстыра отырып, «*Толық адамның*» (Цзюн цзы) идеалын жасады. Жан-жақтылығы мен адамгершілік қасиеттері мол «*толық адамның*» бойында негізінен екі қасиет – адамгершілік пен парыз болуы тиіс. Философ пікірінше: «*Мемлекетті басқаратын адам – халқын шын суюімен қатар, парасатты және шынишыл болуы шарт*». Нағыз «*цзюнь цзы*» болу үшін тек қана адамгершілік қасиет жеткіліксіз. Ол үшін тағы да басты қасиет – парыз сезімі керек. Парыз – бұл моральдық міндет болып саналады. Парызды сезіне білудің өзі білім мен жоғары принципке, жалпы алғанда, адам бойындағы ізгі қасиеттерге тікелей байланысты болып келеді. Осы орайда Конфуций «*Қайырымды ердің*» бейнесін жасап, оны «*қасиетсіз ерлерге*» (сю жень) қарама-қарсы қойды. «*Қайырымды ер*» өз парыздарын терең түсіне біледі, қоғамдық зандарды бұлжытпай орындайды, ол «*қасиетсіз ер*» болса, тек өз қара басының құлы ғана, бас пайдасын ойлаудан аспайды. Алғашқысы өз-өзіне талаптар қоя білсе, екіншісі басқалардан талап етуді ғана біледі. Алғашқысына жауапты істерді сеніп тапсыруға болады, адамдармен татулық қарым-қатынастарда болады, қайғы мен куанышқа ортақтаса біледі, қажет болған жағдайларда өз өмірін қияды.

және қандай құрбандықтарға болса да бара алады, ал, екіншісі болса, бұл айтылған қасиеттерден мүлде жүрдай қасиетсіз адам. «Қайырымды ер» үш нәрседен қорқады, олар: киелі аспан, ұлы адамдар мен даналардың айтқан сөздері, ал «қасиетсіз ер» көктен де сескенбейді, ұлыларды жек көреді, дана адамдардың сөзін ескерусіз қалдырады.

Ежелгі Қытай және қазақ философиясы бойынша адам мен табигат бір-бірімен тығыз байланысты және өзара үйлесімділікке негізделген. Қазақ адам бойындағы жақсы қасиеттерді асыл таспен өлшеген. Мысалы, «*Аз сөз алтын, көп сөз күміс*», «*Алмас қылыш майданда серік, Асыл сөз майданда да, сайранда да серік*», «*Білгенге маржсан, білмегенге арзан*». Абай өзінің даналық сөздері мен өлеңдерінде табигат жайлы философиялық ой-пікірлерін білдіріп, болашақ ұрпақты қоршаған орта мен табигат-ананы аялай және сүйе білуге үндеген және адам бойындағы жақсы қасиеттерді табигаттың сұлулығына теңестіре білгендігін мына сөздерінен анғаруға болады:

Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас,
Сол қызықсыз өмірде жүрек қалмас.
Жүректен қызу-қызба кете қалса,
Өзге тәннен еш қызық іс табылмас.
Достық, қастық, бар қызық – жүрек ісі,
Ар, ұяттың бір ақыл – күзетшісі.
Ар мен ұят сынбаса, өзге қылық,
Арын, алқын – бұл күннің мәртебесі.

Абай өлеңіндегі асыл тас ұғымына қазақ этносының эстетикалық талғамы мен менталитетіне этнолингвистикалық сипаттама береді. Абайдың

Бір кісі емес, жазғаным жалпақ жүрт қой,
Шамданбай-ак шырақтар, ұқсан жарап.
«Ит маржанды не қылсын» деген сөз бар,

Сөулесі бар жігіттер бір ойланар даналық сөзі – адамның кез келген көздеген мақсатқа жету мүмкіндігін сипаттайды. Жазушы өз оқырмандарына олардың ерекше екендігін астарлап жетізе білген. Яғни, адам өзінің алдына міндет қоя білуі және оған жету үшін талаптану қажеттігін түсіндірген. А.Байтұрсынұлы осы орайда: «Абайдың асылын танып, дұрыс баға берген нәрсесі жалғыз өлең емес. Көп нәрсені Абай сөз қылған, сол сөздерінің бәрінде де Абайдың әр нәрсенің асылын танығаны, білгені көрінеді. Абайдың өлеңдері қазақтың басқа ақындарының өлеңінен артықтығы – әр нәрсенің бергі жағын алмай, арғы асылынан қарап сөйлегендіктен» – деп әділ бағалайды.

Ұлы философ Конфуций адам бойындағы ізгілік қасиетін нефрит асыл тасына теңеген. Мысалы, *君子比德于玉 [jūn zǐ bì dé yú yù]* – джентельмен нефриттей жақсы, *君子如玉仁心仁德 [jūn zǐ rú yú rén xīn rén dé]* –

джентельмен нефриттей қайырымды, 君子如玉坚如磐石 [jūnzhī rú yù jiānrú pánshí] – джентельмен жартастай берік, 君子如玉忠于豁达 [jūnzhī rú yù zhōngyú huòdá] джентельмен нефриттей адаптация, ашиқ т.б. Бірде Цзы Гун Конфуцийден адамдар мен нефритті салыстыру себебін сұрағанда, философ нефриттің сұлулығын джентельменнің адамгершілік қасиетіне теңеген. Цзы Гунның: 有美玉于斯, 韶棱而藏诸? 求善贾而沽诸? [yǒu měiyù yú sī, yùn dú ér cáng zhū? qiú shàn jià ér gǔ zhū?] – әдемі нефритті қобдишаға салған дұрыс па, әлде сатып, пайдага кенелген дұрыс па? – деген сұрағына Конфуций: 沽之哉! 沽之哉! 我待贾者也 [zhān zhī zāi! zhān zhī zāi! wǒ dài jià zhě yē] Пайда тап! Кенел! Қадірін түсінген адам табылсын! деп жауап бергенде жақсылықтың өзіне лайықты орнын табуы қажеттілігін сипаттаған.

礼云礼云, 玉帛云乎乎哉, 乐云云, 测钟鼓云乎哉 [lǐyún lǐyún, yùbó yúnhū hūzāi, lè yúnyúp, cèchuí gǔ yúnhū zāi] Этикет дегеніміз қазына ма, ал, музика дегеніміз қоңыраулар мен барабан ба? [114, 331 б.]. Ежелде нефрит пен ақ жібектен тоқылған шарфтар этикетті білдіру үшін, ал, қоңыраулар мен барабандар секілді аспаптар музиканы білдіру үшін соғылған. «Бұл қазыналар ресімдер болып табыла ды ма?» – деген сұраққа Конфуций: «Әрине жоқ, себебі, этикет адамның жүргегінен пайда болады» – деп түсіндірген. Философ осыған сәйкес, ата-ананың жүргегіне жолды тамақ беру арқылы емес, перзенттік жылулық пен махаббат арқылы ғана қол жеткізу дің этикетті білдіретіндігін түсіндірген. Яғни, адам этикетті қолданудың құрмет көрсетумен және жүрек жылулығымен өзара байланыстырылғын көрсете білген.

Қазақтың халық мифологиясында көптеген өзге халық аңыздарына ұқсас, феникс құсын өздігінен құлден пайда болатындығы аталып өткен. Қурделі тарихи шарттар мен орны толmas орасан зор шығындарға қарамастан, қазақ мәдениеті уақыттың талабы мен тағдырдың сынына абыраймен жауап бере білді. Қазақтардың этномәдениетін құлден қайтып пайда болатын мифтік құс Феникспен салыстыруға болады. Мәдениеттің дәстүрлі негіздерін қайта жаңғырту әрқашанда жағымды процесс болып табылады. Адам өзін ұғыну үшін өткенге бет бұрады, онан сабақ алыш, келешек даму жолын таңдайды. Алайда, жаңашылдықты түгел теріске шығарып, дәстүрді асыра дәріптейтін біржақты ұстаным да бар [161, 34 б.]. Қытайда ежелгі уақытта адамдар феникс құстарының келуін және өзенге сурет салуды қасиетті патшаның туылуының белгісі деп санаған. Ал, феникс – үйлесімділік пен ізеттіліктің, бейбітшілік пен татулықтың символы ретінде қарастырылады. Мысалы, Конфуций өзінің [凤鸟不至, 河不出图, 吾已矣夫! [fèngniǎo bùzhì, hé bùchū tú, wú yǐ yǐ fū] – егер феникс үшінса және өнер пайдада болмаса, менің күнімнің аяқталғаны! [16, 161 б.]

сөзінде феникс құсының ақылдылығы мен сезімталдығын көрсетеді. Сонымен қатар қоғамдағы адамдардың моральдық тәрбиесі жақсарған сайын, феникс құсының да жақындайтындығын сипаттаған. Конфуций терең біліміне байланысты басқалардың мәселесін шеше аламын деп ойлаған жоқ. Тіпті шаруаның өзі ақыл сұраса, ол өте шынайы: мәселемен жай ғана айналыспайды, басынан аяғына дейін аяғын бақылап, жақсыжаман жақтарын ақылдасып, ақыл-парасатымен, қабілетімен барын салады. Кеңес сұрағандар өз ризашылықтарын білдіреді. Ресейлік зерттеуші Н. Сомкина ежелгі деректер мен түпнұсқа сөздіктеріндегі феникс мифологиялық құсының сыртқы пішінін сипаттаған: «Феникс алдыңғы жағынан аққуға ұқсайды, артқы жағынан цилинъге (муйізтұмсық), мойны жыланға, құйрығы балыққа, түсі айдаһарға, денесі тасбақаға, тұмсығы әтешке ұқсайтындығын, ал, басында ізгілік (ә) иероглифі, арқасында қайырымдылық (жэнь), желкесінде адалдық (и), кеудесінде шынайылық (синь), қанатында әділдік (и), қарнында адалдық (синь), кеудесінде кемелдік (жэнь), арқасында әдептілік (и) бейнеленгенін көрсеткен [162]. Қазақ ойшылы Абай өз шығармаларында құстарды адам мен табиғатты сипаттауда қолданған. Мысалы, хакім өзінің «Тотықұс тұсті көбелек» атты өлеңіндегі көбелектің әдемілігі мен ақылдылығы арқылы адамның мінездүлкі мен сөз саптауының әсемдігін сипаттауын «харекет қылмақ, жүгірмек, ақылмен ойлап сөйлемек...» жолдарынан байқауға болады.

志士仁人，无求生以害仁，有杀身以成仁 [*zhì shì rén rén , wú qiúshēng yǐ hài rén, yǒu shāshēn yǐ chéngrénn*] [114, 290 б.] – Идеалы жоғары және шыншыл адамдар өз шынайылығы арқасында өмір сүрмейді, алайда, шындық үшін өз өмірін құрбан етеді» даналық сөзінің мағынасы бойынша Конфуций «жоғары идеалы» бар адамдардың өз идеалдарына берілуге дайын болуына және батыл болу керек екендігін ескере отырып, оларға жоғары талап қоя білді. Себебі, Конфуций өмірді сүйді және адамдардың тату және біртұтас өмір сұруін, тәртіпсіз елде өмір сүрмеуін және елге қауіп төнбеу қажеттігін қалады. Тіпті, қайырымдылық жолында өмірін құрбан еткен жағдайда, кейінгі ұрпаққа сабак болатындығын айтқан. Яғни, Конфуций бойынша идеалдық құндылық – ел мен халыққа пайда тигізу, ізеттілік көрсету. Адамдардың өзгелерді жақсы көру және өзін-өзі дамытуы арқылы ғана қарапайым халықты басқару мүмкіндігіне ие бола алатындығын айтып өткен. Қазақтың белгілі жазушысы, Абайтанушы М. Әуезов Абай жөнінде, бұл – «адам» дейтін орталық нүктеге қарап, тепе-тендік ұстайтын тұтас әлем, Абай ғарышы деу жөн. Адамшылық мәні, оның этикалық келбеті, өмірінің мәні мен мағынасы, зерде мен сезім дүниесі ойшылды тебіренте толғантқан. «Абайға келгенде, ...адам мен адамгершілік, ұждан, мораль, философиясына тікелей қатысы бар» толып жатқан бөлек-бөлек бір көлемді әрі сапалы, терең ойлы пікірлері бар екені даусыз. Біздің

білуімізше, Абайдағы философиялық көзқарастың көбі адамгершілік мәселесіне тіреледі» – деп жазды М.Әуезов [163, 171 б.]. Демек, Абай мен Конфуций көзқарастарынан «адам болу» мақсатына қол жеткізу үшін адамның ең бірінші өзін-өзі тәрбиелеуінің және қайырымдылық пен ізгілік қасиеттерін өмірлік ұстанымы ретінде қолдануының қажеттігін көруге болады.

有德者必有言，有言者不必有德。仁者必有勇，勇者不必有仁
[yǒudézhě bìyōu yōu yán, yōu yánzhě bùbì yǒudé. rénzhě bìyōu yōng, yōngzhe bùbì yōu rén] – Издікті адамдардың өз сөзі болуы керек, ал, сөзі барлар ізгілікті болмауы қажет [164, 254 б.]. Қайырымды адамдар батыл болуы, ал, батылдар мейірімді болмауы тиіс. Конфуцийдің берілген философиялық көзқарасы мораль мен сөздің және батылдық пен қайырымдылық байланысын сипаттайты. Яғни, ойшыл батылдықты жақсы жағынан қарастырып, қайырымдылықта жетудің жолы ретінде көрсетеді. Абайдың «Мінез – ақыл мен ғылымды сақтайтын сауыт. Көрсекзыарлықпен, жеңілдікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсөң, мінездің беріктігі бұзылады» философиялық тұжырымдамасындағы адамның батыл және жүректі және мінезді болмаса, өзінің мақсатына жете алмайтындығын дәлелдеуі Абайдың отыз екінші қара сөзінің мазмұнымен ұқсас екендігін де көре аламыз: «Адам еңбекпен тапқан, жетіліп алған білімді сақтау, құрметпен игеруі де керектігін, ғылым мен ақылды сақтайтын сауыт мінез екенін баса көрсетеді. «Сол мінез бұзылmasын!.. Қылам дегенін қыларлық, тұрам дегенде тұрарлық, мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын! Бұл беріктік бір ақыл үшін, ар үшін болсын!» – дейді [155, 146 б.]. Сонымен қатар Абай қазақ халқының менталитетіне сай мінездің қалыптасуы жайлы өзінің отыз тоғызыншы қара сөзінде айттып өткен. Абай пікірінше, көне заманда өмір сұрген ата-бабалармен салыстырғанда, кейінгі туған адамдардың ұлттық мінезі даму үстінде. Ал, егер де қазақ қауымының мінезі болмаса, онда істеген істерінің де алға баспайтындығын тілге тиек еткен (39 қара сөз). Абай өзінің отыз сегізінші қара сөзінде моральдық мәселелерге тоқталып, нақлия сарынына түскен. Мысалы: «адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Олар: надандық, еріншектік және залымдық», – деп, оларға анықтама берген. Бұл ғылымда пәлендей жаңалықтар емес, ғибрат сөздер, ол еріншектікке мынадай өте мәнді түсінік берген. «Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дүшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады» (38 қара сөз). Ал, Конфуцийдің шәкірті Ян Хуэй ерінбей еңбек етіп, мұғалімінің айтқан әрбір сөзін шаршамай, табандылық танытуының көмегімен түсініп оқыды. Бірақ, Конфуций Ян Хуэйдің еңбекқорлығы үшін мақтаса да, әлемде даосизмге табанды болатын адамның аздығына қынжылған. 语之而不惰者，其回也与

[*yú zhī ér bù duò zhě, qí huí yě yú]* – егер сіз жалқаулық таныттай сөйлесеңіз, өзіңізге қайтымы бар [114, 169 б.]. Абай мен Конфуций халықты білім мен тәрбиені бойына сініруімен қатар, еріншектік пен жалқаулықтан алшақ болуына үндеген. Олардың пайымдауынша, еріншек болған адам жігерсіз, ұятсыз және сөз саптауларында ғибадаттың орын алмайтындығына жол беретіндігін сөз еткен. Демек, адамның іс-әрекеті дұрыс болмаса, оның сөзінің де парықсыз болатындығы сөзсіз.

Абай мен Конфуций сол кезең заманының салты мен дәстүрі жүйесіне сәйкес өмір сүрді. Ойшылдардың заман бір орында түрмай, үнемі өзгеріс үстінде болатындығын Абайдың:

«Өмір, дүние дегенің –
Ағып жатқан су екен,
Жақсы, жаман дегенің –

Ойлай берсең у екен» [165] – даналық сөзінен көретін болсақ, Конфуций өзен жағасында тұрып, «Барлығы да су сияқты ағады, уақыт та бір орында түрмайды» – деген философиялық ойы барлық нәрсенің өзгеріс үшін жаратылғанын, атап айтқанда, адамдардың, олардың бір-бірімен қарым-қатынасын сипаттауын көрсетеді. Мысалы, Конфуцийдің 不知命, 无以为君子也; 不知礼, 无以立也; 不知言, 无以知人也 [*bùzhī mìng, wú yǐ wéi jūn zì yě; bù zhīlǐ, wú yǐ lì yě; bùzhī yán, wúyǐ zhīrén yě*] – тағдырды білмесең мырза бола алмайсың, салтты білмесең тұра алмайсың, сөзді білмесең адам бола алмайсың даналық сөзі этикет сөздерін білудің адам өмірінде маңызды екендігін білдіреді. Себебі, тағдыр, әдеп және сөздің бірігуі – адам болып қалыптасудың алғышарты болып табылады. Конфуций әдептілік нормаларын айтып, адамдарды тәрбиелеудің маңыздылығын және сөздерді білудің адамдарды тану екендігін, ал тіл – ойдың көрінісін және адамдардың ішкі әрекетін көрсететіндігін айтып өткен. Адамдардың тілін талдай білген адам адамдарды онай түсіне алады. Адамдар әрқашан өзін-өзі тәрбиелеуге, адамгершілік пен білім деңгейіне, қызығушылығына т.б. байланысты сөйлейді. Конфуций адамның туу, кәрілік, ауру мен өлім, бақытсыздық, сәттілік пен сәтсіздік, жоқшылық пен береке сияқты өмірдің табиғи зандылықтарын түсінбесе, мырза бола алмайтындығын атап өткен. Сонымен қатар Конфуций зерттеу жүргізе отырып, өзінің тағдырды елу жаста ғана білгенін жеткізген. Философ пікірінше, тағдырды танудың да, қарапайым адамнан мырзаға дейін өсудің де процесс екендігін, адамдардың әрқашан өзін-өзі тәрбиелеуге, адамгершілік пен білім деңгейі мен мұддесіне сәйкес сөйлеуі қажеттілігін айтқан. Себебі тіл – ойдың көрінісі мен адамдардың ішкі әрекетін көрсетеді. Ал, адамдардың тілін түсінбесе, адамның өзін де түсіну мүмкін емес [114, 375 б.].

«Адамгершіліктің алды – махабbat, әділет, сезім». Абайда бұл үшеуі бірлікте. Бұлар бір жерге түйіскенде ғана өз дәрежесін табады, жеке-жеке

күйінде бұлар жарамсыз. «Әділет – ізгіліктің анысы», «кімде әділет жоқ болса, оның ұтты да жоқ» – деп айтып өтсе, Конфуций 君子喻于义, 小人喻于利 *jūnzi yù yú yì, xiǎorén yù yú lì* – джентельмен үлкен әділдікті түсінеді, ал зұлым адам аз ғана пайданы түсінеді» [114, 060 б.] – даналық сөзінде Конфуций қоғамдағы джентельмен мен зұлым мұдделерінің айырмашылығын сипаттаған. Яғни, зұлым өзінің мақсатының ақша мен пайда табуына көзделсе, джентельмен қоғамдағы әділеттілік жолында қызмет етуді мақсат еткен. Джентельмен әділдікті, ал зұлымның тек өзінің жеке пайдасын көздейтіндігін сипаттаған. Берілген тұжырымдама қазіргі Қытайдың даму тарихына үлкен әсерін тигізді.

Үшінші тарау бойынша түйін

1. Этикетке қатысты мақал-мәтелдер халықтың тұрмыс-тіршілігінен туындаған. Қазақ және қытай тілдерінің даналық сөздерінің бір-бірінен айырмашылығы – халықтардың тарихының, өмір сұру салты мен тұрмыс-тіршілігінің, рухани әлемі мен менталитетінің, көшпенді және отырықшы салты айырмашылығының көрінісі. Екі халыққа ортақ ерекшелік – белгілі бір оқиғаға, атап айтқанда, этикет тақырыбына байланысты айтпақ ойы мен көзқарасы философиялық ойының тобықтай түйінін тілдік бейнемен жеткізу.

2. Қазақ және қытай халықтарының этикет көрінісінің мақалдардағы орнына жататындары: екі елде де «үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету» және «сыпайылыққа» негізделген үрдісті жоғалтпау. Бұл қос ұлт өкілдерінің ерте заманнан ақ үлкенге құрмет көрсету әдебінің пайда болуын, қазіргі кезге дейін жоғалып кетпей біздің заманымызға жетіп отырғанын және әрі қарай да жалғасын табатындығын дәлелдейді.

3. Қазақ халқының мақал-мәтелдері мен даналық сөздері ертеден қалыптасқан ұлттық болмыс пен тәлім-тәрбиеге негізделген. Этикет тақырыбындағы мақал-мәтелдер адам бойындағы жақсы мінез-құлық пен жағымды қасиеттермен тығыз байланысты қолдану аясы кең. Мақал-мәтелдер мағынасы бойынша дін мен дәстүрге, адамға, табиғатқа және жер аттарына байланысты қарастырылған, сонымен қатар барлығы да тәрбиелік мақсатта қолданылады. Осыған орай, мақал-мәтелдер мағынасына және этнолингвистикалық ерекшеліктеріне байланысты жүйеленеді, «адам мен дәстүр», «табиғат пен дәстүр», «дін мен дәстүр» категориялары бойынша топтастырылады.:

4. Қазақ ойшылы Абай мен қытай философи Конфуцийдің негізгі тақырыбы – кісі бойындағы адамгершілікке, ішкі жан-дүние тазалығы мен тіл мәдениетіне бағытталған. Қытай халқы өмірлік ұстанымы ретінде Конфуцийдің өсиет сөздерін қолданса, қазақ халқы Абайдың қара сөздерін қолдап, әлі күнге дейін насиҳаттауда. Ұлы философтар түрлі кезеңде өмір сүрсе де, ұстанған принциптері, өмірге, қоғамға, халыққа, достыққа, адами құндылыққа деген көзқарастары өте ұқсас. Ұлы ойшылдардың меңзегені – адамдардың бойларын тәқаппарлық, менмендік және өзімшілдік мінездерінен алшақ ұстап, бір-бірімен қайырымдылық пен ізгілікке негізделген қарым-қатынас жасау.

5. Абай мен Конфуцийдің жанұялық, іскерлік, туыстық, қонақ күту, сөйлеу, жүріс-тұрыс т.б. этикетіне ертеден көңіл бөлгендігі олардың осы тақырыптағы даналық сөздерінен көрініс табады. Ата-баба рухы мен діни этика тақырыптары Абай мен Конфуцийге ортақ.

6. Абай мен Конфуцийдің салт пен әдеп тақырыбындағы даналық сөздері адамның қоғамдағы қызметінің қайнар көзі және адамгершілік қасиеттерінің басты өлшемі болып табылады. Кісілік қасиетті сақтау – Абай мен Конфуций өсиетіндегі ең басты тақырыптардың бірі. Олар – үлкенді сыйлау, кішіні құрметтеу, жақсыдан үйрену, жаманнан жирену, әділеттілік

пен адалдықты сақтау, ақылдылықты, ізгілік пен мейірімділікті ұстана отырып, ұлттың қасиеті мен өзіндік ерекшеліктерін сақтап қалу. Екі философқа ортақ басты қағида – адамдардың адамгершілікті сақтауы, бір-біріне жол беруі және шектен шықпауы.

7. Ежелгі Қытай және қазақ философиясы бойынша адам мен табиғат бір-бірімен тығыз байланысты және өзара үйлесімділікке негізделген. Қазактың ұлы ойшылы Абай Құнанбайұлының ата-ана мен бала арасындағы сыйластықты түсіндіруі Конфуцийдің ойымен сәйкес келеді.

8. Абай мен Конфуций халықты білім мен тәрбиені бойына сіңіруімен қатар, еріншектік пен жалқаулықтан алшақ болуына үндеген. Олардың пайымдауынша, еріншек болған адам жігерсіз, ұтсыз және сөз саптауларында ғибадаттың орын алмайтындығына жол беретіндігін сөз еткен.

9. Абай мен Конфуций өздерінің қалдырған нақыл сөздерінде адамдар қарым-қатынасының сол халыққа тән салт-дәстүрге негізделетінін, сонымен қатар адамгершілік, қайырымдылық, сүйіспеншілік және ізгілік қасиеттерінің жоғары тұратындығын, ал, зұлымдық пен ұтсыздық, мақтаншақтық, білімсіздік, еріншектік, күншілдік пен надандық сияқты теріс қылықтардың болуын қас дүшпанға теңеген.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу нәтижесінде төмендегідей тұжырымдар алынды:

- Гуманитаристикада этикеттің бір-бірінен оқшауланған екі бағыты бар. Бірінші – европалық бағыт. Еуропалық этикет – мәдениетті адам үшін қолайсыз деп саналған немесе басқа себептермен тыйым салынған нәрселерді ғана реттеуге және адамның сыртқы келбетіне сәйкес келеді. Екінші – Шығыстық этикет, ішкі салт-дәстүрге әлдекайда жақын, қабылданған нормалар мен ережелерден ауытқуға жол бермейді. Әрбір айтылған сөз бен істелген іс осы норма түрғысынан бағаланып, этикеттің тарихи, географиялық және этнографиялық ерекшеліктеріне сәйкестеледі. Себебі, әр халықтың этикет ережелері сол ұлттың әдет-ғұрпы және салт-дәстүрімен үйлеседі.

- Лингвистикалық мәдениеттану – лингвистика мен мәдениеттану пәндерінің тоғызында пайда болған халық мәдениетінің тілге әсер етуін зерттейтін ғылым. мәдениеттің көрінісін тек тіл арқылы суреттеуге болатындығын айтқан. Яғни, тіл – адамның рухани әлемінің дамуымен тығыз байланысты және оның прогрессі мен регресі мәдениеттің әрбір сатысында көрініс табады. Бірақ, біз ежелден рухани даму көрінісін мәдениет емес, тіл ғана суреттейтінін көре аламыз. Әрине, тіл адам болмысының түпкі тереңінен пайда болады және онда халықтың жасаған туындыларын көру еш мүмкін емес. Оның өзіне ғана тән белсенділік принципі бары бізге анық, алайда мағынасы және берілген өнімнің пайда болу негізі түсініксіз, рухтың еріксіз эманациясы және халық туындысы емес, керісінше, мұраға қалған сый немесе олардың ішкі тағдыры екендігін көре аламыз. Олар оның қалай пайда болғанын білмесе де қолданады.

- Этикетті көркем мәтіндегі когнитивтік парадигмада қарастырсақ, ол - өте құрделі, психо-интеллектуалды құрылым, концептілік жүйеде реттелген дүние туралы жазушы, қаламгерлеріміздің индивидуалды-авторлық бейнесін танытатын тілдік фактор. Біздің пікірімізше, таным адам табиғатына негізделген, қоршаған әлем зандылықтарынан нәр ала қалыптасқан құрделі де маңызды құбылыстардың бірі болғандықтан, когнитивистер тілдік зерттеулерді адами бейнемен, жанды-жансыз құбылыстармен, нақтылы-абстрактылы ұғымдармен байланыстыра дәйектеу қажеттігін және сол арқылы жасалатын модель ұлгілерінің деректанымдық мәнін артады, логикалық танымның дедуктивті индуктивті амалдарына да осы мақсатта жүгінді. «Әдеп», «тіл», «әсемдік әлемі» секілді сөздердің идеялық мазмұны тәріздес табиғат концептілерінің де өзіндік идеялық мазмұны да өзіндік орын алады. Көркем мәтіндегі этикетке қатысты концептілердің жинақталуы қазақтың және қытайдың айналасын қоршаған табиғат көріністерінен, басқа халықтың лингвомәдени концептілік жүйеде қоршаған табиғат көріністерінен, халықтықөмір сүру көріністерінен,

күнделікті зат бұйымдарынан, тұрмыс-салтына, мал бағу, көшіп-қону сияқты тіршілік әрекетінен мағлұмат берілді.

- Тілдік талдау арқылы біріншіден, қоршаған ортаны тілдік құралдарды, сөздік қорды қалыптастырудың маңызын атасақ; екіншіден, тілтанымдық модельдердің материалдық негізін анықтау арқылы жеке тұлғалардың объективті шындықты қабылдаудың субъективті өзгешелігі сараланды. Тіл мен таным негіздерін жеке тұлғалардың психологиялық әлемі, қоршаған ортаны қабылдау өзгешелігі тұрғысынан сипаттауға сонымен қоса ақын-жазушылардың шығармаларын талдауға бағытталғандықтан, ғылыми тұжырымдар көп жағдайда жеке қаламгерлермен тіл мамандарының танымдық әрекеттерін сабактастыра дәлелдеу негізді.

- Этикет – қай тілде болмасын, ұлт мәдениетінен, әдет-ғұрыптары мен менталитетінен, сол мемлекет қоғамында қалыптасқан қарым-қатынас заңдылықтары мен тарихи дамуынан, тұрмыс-тіршілігінен пайда болған. Мамандар тарихи дамуы бойынша Қытай этикеті эволюциясының алты кезеңін атап өтеді. Олар:

1. Пайда болу кезеңі;
2. Қалыптасу кезеңі;
3. Даму және трансформация кезеңі;
4. Күшею және құлдырау кезеңі;
5. Заманауи этикет кезеңі;
6. Жаңа заман этикеті кезеңі.

- Адамдар тілдік коммуникацияның шығу тегін ежелгі заманнан бастап бүгінгі күнге дейін зерттеуде. Адамзат тарихында тіл мен тілдік қатынастың пайда болуы туралы халық арасында көптеген болжамдар мен аныздар болған. Грант теориясының ең ежелгі дерегі бойынша тілді Құдай немесе Құдай рахымы жаратқан. Ал, Қытайдың «Өзгерістер кітабы» (б.ж.с.д. VII-VII ғасыр) мәліметіне сүйенсек, ежелгі Қытайда адам *Ньюва* (女娲) [nīwā] арқылы пайда болған деген аңыз бар. Ерте кезде *Ньюва* есімді құдай алты күн қатарынан алты жануарды, соның ішінде тауықтарды, иттерді, шошқаларды, сиырларды және жылқыларды жаратқан. Алайда, Ньювадан пайда болған адамдар сөйлей алмаған деген болжам бар. Ол балшықтан жасаған мұсіншілердің арқасынан қағып, ал, олар айғайлап тілдесетін болған. Сондықтан, сәбіller туғанда кезде дүние есігін айғайлап жылап ашады деседі.

- Қытай халқының сыпайылық қарым-қатынасының басты ерекшелігі – қарапайымдылық таныту және өзгелерге құрметпен қарау немесе сыпайы адамдар өзіне кішіпейілділікпен, ал басқаларға құрметпен қарауы қажет болуы принциптері «Рәсімдер кітабында / Цюй Лишань» – атап көрсетілген. Сонымен қатар «Рәсімдер кітабында / Бяо Цзи» енбегінде де «Өзіңе

кішіпейілділікпен қара және басқаларды құрметте» – деп жазылған. Өзгелерге деген сыйластық қарым-қатынасы қоғамдағы байлар мен кедейлердің, кәсіпкерлер мен саудагерлердің қарым-қатысына қарамай бірдей қолданылуы қажет. Яғни, адамдарға құрмет көрсету олардың әлеуметтік жағдайына, діні мен діліне, жас ерекшеліктері мен жынысына, өмірлік ұстанымдарына байланысты болмауы тиіс.

- Қазақ халқы құрмет көрсету мен ізеттілік білдіруге ертеден көңіл бөлген. Сұхбат барысында коммуниканттардың сырттайтылықта негізделген қарым-қатынасы олардың әдептілігінен және ата-ана тәрбиесін көрген өнегесінен көрініс тапқан. Қазақ тіліндегі туыс емес адамдарға қатысты ізеттілік апелляциясы адамдардың жас ерекшеліктеріне, әлеуметтік ортасына, жынысына, ресми-бейресми жағдайларына байланысты ерекшеленеді. Ізет атауы сөз этикетінің ажырамас бөлігі ретінде сипатталада отырып, ежелгі және қазіргі кездегі қазақ тіліндегі ізет атауларының қолданылуын көрсеткен. Мысалы, ерте кездегі *тақсыр*, *байеке*, *хан ием*, *бек*, *би*, *қожам*, *шахзада*, *бекзат*, *ұлық*, *ағзам*, *ханша*, *бабі* сияқты құрмет білдіре атаған атаулары қазіргі кезде қолданыла бермейтін болса, Кеңес өкіметі кезінде *жолдас*, *азамат* қаратпа сөзі ресми түрде ізет атауы ретінде қолданылып келгенін айтып өткен

- Қытай қоғамының басым бөлігі әлі күнге дейін дейін конфуциандық, буддалық канондарға сүйеніп өмір сүріп келеді. Қытай тілдік этикет тақырыбын зерттеуші Сюнг Цзинь Юй кешірім сұрау әдебі белгілі бір себептермен өзге адамдардан сырттайтын шынайы өтініш болып табылатындығын және бұл әрекеттің болмауы себебінен коммуниканттар қарым-қатынасында шиленістің орын алуды мүмкін екендігін айтып өткен.

- «Бет», «жұз» сөзінің қазақ және қытай халықтарының өміріндегі алатын орны ерекше. Алайда, қазақ халқының өміріндегі «ар», «ұят», «ождан» ұғымы баланы кішкентайынан біреудің ала жібін аттамауға, шынайылық пен шыншылдыққа тәрбиелеуінің көрінісі. Ұлы Абай: «ұят кімде болса – иман сонда» деген. Абай өз еңбектерінде ар мен ұят категорияларын адам бойындағы баға жетпес құндылық ретінде қарастырған

- Қазақ халқының ұлттық мәдени негіздегі бейвербалды амалдардың мағыналық астарында халық өмірінің бүкіл қыр-сыры жан-жақты сақталған. Сондықтан да, ұлттық мәдени негіздегі бейвербалды амалдар этносымыздың ұлттық менталдық ерекшелігін бойына сіңірген басты мәдени байлығымыздың бірі болып саналады. Қазақ және қытай халықтарында бейвербалдық қарым-қатынас вербалдық қарым-қатынаспен қатар жүреді. Алайда, ым-ишаратты, іс-қимылды қолдану тәртібі әртүрлі. Мысалы, қазақ халқында сәлемдесу кезінде қол беру (қол ұсыну), қол алысу, қол қысу, бауырына басып амандасу, қос қолдап амандасу, тізе бүгіп амандасу, қолын қеудесіне қойып амандасу, бас изеп амандасу, иек қағып

(көтеріп) амандасу, төс қағыстырып, қолдан, маңдайдан, беттен сүйіп амандасу, қол көтеріп амандасу сияқты амандасу түрлері бар.

- Қытай этикет зерттеушісі Сюң Ҷинюй құнделікті іскери коммуникацияда әріптестермен сыйластық, достық қарым-қатынастың бес формасына көніл бөлу қажеттілігін айтып өткен. Олар:

1. *Сәлемдесу*. Сәлемдесу 您好 [nínhǎo] термині қонақты қабылдау, жолда кездесу, телефон шалу кезінде жауап беру барысында қолданылады.

2. *Өтініш*. 请 [qǐng] термині адамдардың өзгелерден немесе өзінің көмек сұрауы кезінде қолданылады.

3. *Алғыс білдіру*. 谢谢 [xièxie] термині сұхбаттасуышыға алғыс айтуға (қолдау көрсету, түсіну, сыпайы түрде қабылдамау кезінде) арналған.

4. *Кешірім сұрау*. 对不起 [duìbuqǐ], 抱歉 [bàoqiàn] терминдері әдетте қолайсыздық туған жағдайда немесе сұхбаттасуышының қажеттілігін қанағаттандыра алмаған жағдайда қолданылады.

5. *Қоштасу*. 再见 [zàijiàn] термині коммуниканттардың бір-бірімен қоштасу кезінде қолданылады.

- Қытай – отбасылық этикет дәстүрі ерте заманда дамыған және жанұялық апелляцияға мән берген мемлекет. Қытай қоғамындағы *отбасы* ұғымы – шағын және үлкен жанұялардан тұрады. Шағын жанұя әдетте үш ұрпақтан – ата-әже, ата-ана және немерелерден тұрады. Ал, жанұяда төрт немесе бес ұрпақ бірдей өмір сүрсе, қоғам аталған отбасын жоғары бағалап, 义居 [yìjū] немесе 义居 [yìmén], яғни, *текті ұрпақ, даңқты отбасы* немесе *адал адамдар* деп есептеліп, үкімет тарапынан мықты қолдауға ие бола алады. Ежелгі отбасында аталық тегіне, ұрпақ жалғасына үлкен мән берілген.

- Ұлттық танымдық құрылымдар негізіндегі мақал-мәтелдер этнос болмысының, мәдениетінің рухани дүниетанымының көріністері. Ал, «этнос» ұғымы «ұлт» ұғымына қарағанда тереңірек уақытты қамтиды. Атап айтқанда, ол сатылап даму барысында аналық, аталық, рулық, тайпалық, ұлыстық та дәуірлерді басынан кешірген адамдар қауымдастығын танытады. Олай болса, этностиң басынан кешірген жоғарыда көрсетілген барлық кезеңінен толық мағлұмат тек оның тіл қазынасында ғана сақталады. Этикет тақырыбындағы мақал-мәтелдер адам бойындағы жақсы мінез-құлық пен жағымды қасиеттермен тығыз байланысты және қолдану аясы кең.

- Қазақ отбасында бала өзінен бастап әкесі, атасы, бабасы, т.б. жеті атасының нақты есімдерін кішкентайынан жаттап өседі. Сонымен қатар әрбір қазақ баласына ата-тегін білуге тәрбиелеген. Бұған байланысты қазақта «Жеті атасын білген үл жеті жүрттың қамын жер» немесе «Жеті атасын білмеген – жетесіз» мақалдары бар. Ата-тегі атаулары *ата*, *әке*, *бала*, *немере*, *шөбере*, *шөпшек*, *неменеге* бөлінеді. Ағайындар жеті атага толмай, қыз алыспайды. Бұлардан тараған ұрпақтар бір атандың балалары қарға тамырлы болып саналады.

- Қазақ ойшылы Абай мен қытай философы Конфуцийдің негізгі тақырыбы – кісі бойындағы адамгершілікке, ішкі жан-дүние тазалығы мен тіл мәдениетіне бағытталған. Абайдың нақыл сөздері қазақ халқының қоғамда ұстанатын ережелеріне айналған. «Адамгершіліктің алды – махабbat, әділет, сезім». Абайда бұл үшеуі бірлікте. Бұлар бір жерге түйіскенде ғана өз дәрежесін табады, жеке-жеке күйінде бұлар жарамсыз. «Ұят кімде болса – иман сонда», «Әділет – ізгіліктің анасы», «Кімде әділет жсоқ болса, оның ұяты да жсоқ». «Ұят – адамгершіліктің кісі бойында барлығының сыртқа шыққан белгісі, адамгершіліктің үкім құдырыметі», «Ұят – адамның өз бойындағы адамшылығы иттігінді ішінен өз мойныңа салып сөгіс қылған қызымының аты» – дейді Абай

- Абай мен Конфуций өздерінің қалдырған нақыл сөздерінде адамдар қарым-қатынасының сол халыққа тән салт-дәстүрге негізделетінін, сонымен қатар адамгершілік, қайырымдылық, сүйіспеншілік және ізгілік қасиеттерінің жоғары тұратындығын, ал, зұлымдық пен ұятыздық, мақтаншақтық, білімсіздік, еріншектік, күншілдік пен надандық сияқты теріс қылықтардың болуын қас дүшпанға теңеген. Бойында адамгершілік қасиеті бар адамның сөйлеу әдебі биік моральға, мейірімділікке толы сөздері этикет эталондарына негізделетіндігін: «ата-анасына, жалпы қарт адамдарға айрықша ілтипатпен қарым-қатынас жасау абзал. «Бұкіл өмірің бойы басшылыққа алуға тұратын сөз бар ма?» – деген сұраққа орай Конфуций: «Бар, ол сөз – мейірімділік» – деп жауап берген. Абай мен Конфуций тұжырымдамалары қоғамда, отбасында және мемлекетте адамгершіліктің баға жетпес алтын ережелері секілді қолданылады.

Осы саладағы өзге озық жетістіктермен салыстырғанда зерттеу жұмысының ғылыми деңгейі. Филологиялық, лингво және мәдени антропологиялық, шығыстанулық ғылымдар саласындағы білімдердің синтезі диссертантқа зерттеген феноменге өз көзқарасын қалыптастырып, зерттеулік парадигмасына сәйкес жаңа әдіснамалық деңгейге көтерілуге жол ашты. Этикетке қатысты мәдениетаралық тұрғыда көптеген зерттеу жұмыстары жүргізілген. Мысалы, П. Кадырбекова құрылымы әртүрлі неміс, орыс және қырғыз тілдерін, Ху Явэй орыс және қытай тілдерін, С. Тер-Минасова орыс және ағылшын тілдерін, Г. Оразғалиева қазақ және ағылшын тілдерін, З. Сабитова қазақ және неміс тілдерін салыстыра зерттеген диссертация жұмыстары мен ғылыми еңбектерінде халықтардың тарихи, ділдік-дәстүрлік, фразеологиялық, ұлттық-мәдени компоненттері салғастырмалы түрде қарастырылып, талдау жүргізіліп, нақты тұжырымдар жасалған.

Сонымен қатар жалпы сөйлеу этикеті, лингвомәдениет тақырыбына зерттеу жұмысын жүргізген және ғылыми пікір білдірген ғалымдардың еңбектерін атап өтуге тиіспіз. Олар: Nancy R. Mitchell «Etiquette Rules!: A Field Guide to Modern Manners»; Beverly Langford «The Etiquette Edge:The

Unspoken Rules for Business Success»; Boye Lafayette De Mente «Etiquette guide to China»; Seema Gupta «Correct Manners & Etiquette»; А. Байбурин, А. Топорков «У истоков этикета»; В. Зарайченко «Этикет государственного служащего»; Н. Формановская «Вы сказали: Здравствуйте!»; 夏志强 [Ся Чжицян] «你的第一本礼仪书»; Чэн Гэ, Оу Дан 陈格, 欧丹 «社交往礼仪»; Цзян Дяо 姜钧 «礼仪知识», Сюнг Цзинюй 熊经浴 «现代文明礼貌用于手册»; Ци Жуй 齐锐. 拜访礼仪 «礼仪常识» және қазақстандық Ф. Дәuletова «Китай: Миры и реальность», Д. Мәсімхан «Қытай туралы қырық сөз» атты еңбектері. Ал, қазақстандық Ә. Қайдар, Р. Сыздық, Н. Уәли, З. Сабитова, Ш. Тохтабаева, Г. Оразғалиева, А. Алдаш, А. Ислам, А. Сейсенов сияқты зерттеуші-галымдар сөйлеу этикеті саласына ауқымды үлес қосқан. Осы жұмыста ұсынылған және қолданылған әдіснамалық көзқарас этикет пен тілдік мәдениет саласын жетілдіруге мүмкіндік береді және қазіргі қазақстандық өркениеттегі этикеттің рәміздік өзгерістерін түсінуге жол ашады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. 威廉吗 冯 洪堡特. 论人类语言结构的差异及其对人类精神发展的影响. – 北京: 商务印书馆. 1999. - 415 页. (В. Фон Гумбольдт. Адамның сөйлеу тілі құрылымының айырмашылықтар және оның адамның рухани дамуына әсері туралы. – Пекин: Коммерциялық баспасөз. 1999. - 415 б.)
2. Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура: лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного. – Москва: Русский язык, 1983. – 269 с.
3. Сепир Э. Избранные труды по языкоznанию и культурологии. – Москва: Прогресс, 1993. – 656 с.
4. Хроленко А.Т. Основы лингвокультурологии. – Москва: Флинта, 2005. – 184 с.
5. Смагұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері: монография. – Алматы: Ғылым, 1998. – 195 б.
6. Уәлиханов Ш.Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Толағай групп, 2010. – Т.2. - 376 б.
7. Мутанов Ф.М., Таджикова К.Х., Хасанов М.Ш., Нұрышева Г.Ж., Құрманғалиева Г.К. т.б. Әл-Фараби және қазіргі заман: оқу құралы. / қазақ тіліне ауд. Нұрышева Г.Ж. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 239 б.
8. Алтаев Ж. Әл Фараби – Шығыстың ұлы ойшылы = Аль-Фараби – великий мыслитель Востока – Алматы: Сардар, 2020. – 400 б.
9. Словарь по этике / под ред. Гусейнова А.А., Кона И.С. – Изд.6-е – Москва: Политиздат, 1989. – 427 с.
10. Кузнецов И.Н. Деловое общение. Деловой этикет: учебное пособие для студентов вузов. – Москва: Юнити-дана, 2005. – 431 с.
11. Мир этикета. Энциклопедия / Сост. Мирзоян А. – Челябинск: Урал Л.Т.Д., 2000. – 405 с.
12. Зарайченко В.Е. Этикет государственного служащего: учебное пособие. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2013. – 446 с.
13. Қорабай С.С. «Кодекс Куманикус» жазба жәдігерінің ғылыми құндылығы. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2021.1-01> 25.01.2025.
14. Ақылов С., Байгунаков Д., Айтбаев Ө. Отырад: энциклопедия. 2005. – Алматы: Арыс, – 449 б.
15. Құдайбердіұлы Ш. Жол табалық ақылмен: шығармаларының бір томдық жинағы. – Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2006. – 731 б.
16. 陈格, 欧丹。社交礼仪。上海:上海交通大学出版社, 2016. – 229 页. (Чың Гы, Оу Дан. Әлеуметтік этикет. – Шанхай: Шанхай көлік университеті баспасы, 2016. – 229 б.).

17. 喻东 , 钟芳 , 林小凌. 中国文化. – 北京: 外文出版社, 2016. – 107 页.
 (Юй Дун, Чжун Фан, Лин Сяолин. Қытай мәдениеті. – Пекин: Шет тілі баспасы, 2016. – 107 б.).
18. 陈松岑. 礼貌语言. – 北京: 商务印书馆, 2019. – 110 页. (Чэн Сунцэн. Этикет тілі. – Пекин: Сауда баспа үйі, 2019. – 110 б.).
19. 姜鈞. 礼仪知识. – 北京 : 中国版本图书馆, 2015. – 436 页. (Цзян Цзюн. Этикет туралы білім. – Пекин: Қытай басылымдарының кітапханасы, 2015. – 436 б.).
20. 李济. 中国文明的开始. – 北京: 外语教学与研究出版社, 2011. – 169 页. (Ли Цзи. Қытай өркениетінің басталуы. – Пекин: Шет тілдерін оқыту және зерттеу баспа үйі, 2011. – 169 б.)
21. Умарова Г.С. Қазақ сөз өнері [Мәтін]: хрестоматия. 2 томдық. – Алматы: Бастау. 2018. – Т. I. – 224 б.
22. Сейдимбек А. Мир казахов: этнокультурологическое переосмысление. – Астана: Фолиант, 2011. – 197 б.
23. Жарықбаев Қ. Дәстүр: кеше, бүтін, ертең. – Алматы: Ғылым, 1999. – 102 б.
24. Өмірбекова Ә.Ә., Жаңабаева Д.М. Дәстүр мен жаңашылдық арақатынасының теориялық аспекті // әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы. – Алматы, 2013. – №1(100). – Б. 63-71.
25. Гердер И.Г. Идеи к философии истории человечества. – Москва: Наука, 1977. – 705 с.
26. Манкеева Ж.А. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы: Ғылым, 1997. – 272 б.
27. Сабитова З.К. Прошлое в настоящем: русско-турецкие культурные и языковые контакты [Мәтін]. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 318 с.
28. Тохтабаева Ш.Ж. Этикетные нормы казахов. Часть II. Семья и социум. Электронная книга ЛитРес, 2017. – 295 с.
29. Оразгалиева Г.Ш. Речевой этикет в этнолингвистическом аспекте: учебно-методическое пособие. – Караганды: РИО «Болашак-баспа», 2005. – 78 с.
30. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. док. ... дисс. / А.Байтұрсынұлы атын. Тіл білімі ин-ты. – Астана, 2007. – 330 б.
31. Тер-Минасова С.Г. Тіл және мәдениаралық коммуникация. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 320 б.
32. Байбурин А.К., Топорков А.Л. У истоков этикета: этнографические очерки. – Ленинград: Наука, 1990. – 165 с.
33. Формановская Н.И. Речевой этикет и культура общения. – Москва: Высшая школа, 1989. – 160 с.

34. Кадырбекова П.К. Лингвокультурологические вербальные аспекты межкультурной коммуникации: на материале немецкого и кыргызского языков: автореферат дис. ... док. филол. наук: 10.02.20 / Кыргызско-рос. славян. ун-т им. Б.Н. Ельцина. – Бишкек, 2014. – 45 с.
35. 熊经浴. 现代文明礼貌用于手册. – 北京: 金盾出版社, 2012. – 199 页. (Сион Цзиңүй. Заманауи өркениет пен этикет бойынша нұсқаулық. – Пекин: Цзиньдун баспасы, 2012. – 199 б.).
36. 夏志强. 礼仪常识。 – 北京: 中国华侨出版社, 2016. – 186 页 (Ся Чжычияң. Этикет туралы негізгі ережелер. – Пекин: Қытай Хуацяо баспасы. 2016. – 186 б.).
37. 田晓哪. 礼仪全书。 – 北京: 人民中国出版社, 1998. – 371 页. (Тян Сяона. Этикет туралы кітап. – Пекин: Халықтық қытай баспасы, 1998. – 371 б.).
38. Конфуцианство. Даосизм: от А до Я. / Сост. Парфенова Ю.В. – Москва: АСТ, 2007. – 307 с.
39. 词典. – 北京: 商务印书馆, 2000. – 772 页. (Сөздік. – Пекин: Коммерциялық баспа, 2000. – 772 б.).
40. 礼, 覆也, 所以事神致福也. (Рәсім дегеніміз – құдайларға қызмет ету арқылы бата алу құрметі). <https://zhidao.baidu.com> 05.08.2024.
41. Оразбаева Ф. Тіл әлемі: мақалалар, зерттеулер. – Алматы: Аң Арыс, 2009. – 268 б.
42. Сыздық Р. Сөздер сөйлейді (Сөздердің қолданылу тарихынан). – 3-бас., толықтыр. – Алматы: Арыс, 2004. – 232 б.
43. Beverly Langford. The Etiquette Edge: the unspoken rules for business success. – New York: Amacom, 2016. – 257 р.
44. Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы лингвомәдени сараптама) мамандығы: филол. ғыл. докт. ... дисс.: 10.02.19 – Алматы, 2004. – 310 б.
45. 彭林。仪礼。 – 郑州: 中州古籍出版社, 2011. – 375 页. (Пэн Лин. Этикет. – Чженчжоу: Чжунчжоу ежелгі баспа үйі, 2011. – 375 б.).
46. 刘艳春。语言交际概论。 – 北京: 北京大学出版社, 2007. – 254 页. (Лю Янчун. Тілдік қарым-қатынас негіздері. – Пекин: Пекин университеті баспасы, 2007. – 254 б.).
47. Ягер Дж. Деловой этикет. Как выжить и преуспевать в мире бизнеса: Пер. С англ. – М., 1994. - 288 с.
48. 李宁明, 周建民. 现代汉语礼貌语言研究。 – 北京: 中国社会科学出版社, 2008. – 337 页. (Ли Нинмин, Чжоу Цзянмин. Заманауи қытай тіліндегі сөйлеу этикеті зерттеулері. – Пекин: Қытай әлеуметтік ғылымдар баспасы, 2008. – 337 б.).

49. Эйсмонт Е.А., Есжанов К.К. Художественный текст и его создание в оригинале и переводе // Матер. VII междунар. науч.-практич. конф. «Наука и МЫ». – Кокшетау: КУ им. А. Мырзахметова, 2016. – С. 11-14.
50. Шубин Э.П. Языковая коммуникация и обучение иностранным языкам: монография. – Москва: Просвещение, 1972. – 14-15 сс.
51. Сабитова З.К. Речевой этикет как условие успешной коммуникации в разных лингвокультурах // Русский язык в школах и вузах Казахстана. – 2012. №4. 40-43 сс.
52. Успенский Б.А. *Ego Loquens: язык и коммуникационное пространство*. – Москва: РГГУ, 2007. – 320 с.
53. Пассов Е.И. Основы коммуникативной методики обучения иноязычному общению. – Москва: Русский язык, 1989. – 276 с.
54. Якобсон Р. Избранные работы. – Москва: Прогресс, 1985. – 326 с.
55. Формановская Н.И. Русский речевой этикет: лингвистический и методический аспекты. – Москва: Русский язык, 1982. – 126 с.
56. Грайс Г.П. Логика и речевое общение // Новое в зарубежной лингвистике. - Вып.16. Лингвистическая прагматика. – Москва: Прогресс, 1985. – С. 222.
57. Қасабек А. Тарихи-философиялық таным: оқу құралы. – Алматы: ҚазГЗУ, 2001. – 264 б.
58. 顾曰国. 礼貌. 语用与文化. – 北京: 外语教学与研究, 1992. - 80 页. (Гу Үйегую. Әдептілік. Прагматика және мәдениет. – Пекин: Шет тілдерін оқыту және зерттеу баспасы, 1992. – 80 б.).
59. 夏志强. 你的第一本礼仪书. – 江西: 美术出版社, 2021. - 240 页. (Ся Чжыцян. Сенің алғашқы этикет жайлы кітабын. – Цзянси: Бейнелеу өнері баспасы, – 2021. - 240 б.)
60. Дәuletова Ф. 13 глав о Китае. История, культура, быт. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 266 б.
61. 熊经浴. 现代商务礼仪. 金盾出版社, 2009. - 316 页. (Сиоң Ҷинюй. Заманауи іскерлік этикет. «Алтын қалқан» баспа үйі, 2009. - 316 б.).
62. Бизақов С. Қонақ күту, қонаққа бару әдебі. Көңіл күй лебіздерін білдіретін сөз орамдары. – Алматы: Елтаным баспасы, 2016. – 207 б.
63. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы ред. басқарған Жанұзақов Т. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
64. Қазақтың этнографиялық категориилар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі / Энциклопедия. – Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция», 2017. – Т.4. – 440 б.
65. Есімова Ж. Қазақ тіліндегі эвфемизмдер: естірту, көңіл айту сөздері: филол. ғ.к. ... дисс. авторефераты: 10.02.02. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 175 б.

66. 帕默尔 L.R., 李荣, 王菊泉, 周焕常, 陈平译. 语言学概论. – 北京: 商务印书馆, 1983. - 209 页. (Палмер Л.Р. Ли Жун, Ван Цзюйцюань, Чжоу Хуанчан, Чэнь Пин. Тіл біліміне кіріспе. – Пекин: Сауда баспасы, 1983. - 209 б.).
67. Ахметов Ә. Тұбі түркі өркениет. – Алматы. Арыс, 2009. – 344 б.
68. Харитонова В. Эвфемизм как средство непрямой коммуникации // Проблемы современной лингвистики в контексте антропоцентризма: сб.ст. Саратов: Сарат. соц.-экон. ин-т (филиал) РЭУ им. Плеханова Г.В., 2016. 141-146 сс.
69. 吴礼权. 委婉修辞研究. – 山东: 山东文艺出版社, 2008. - 252 页.(У Лицюань. Эвфемизмдік риторика зерттеуі. – Шандунь: Шандунь әдебиет және өнер баспасы, 2008. – 252 б.).
70. Бизақов С. Көңіл-құй лебіздерін білдіретін сөз орамдары – Алматы: Елтаным, 2016. – 384 б.
71. Маявин В.В. Китайская цивилизация. – Москва: ООО «Издательство Астрель», 2003. – 632 с.
72. Даuletova Ф. Китай: мифы и реальность. – Алматы: Жизнь, 2005. – 260 с.
73. Абайдың қара сөздері, 36-қара сөз. <https://abai.kz/post/6> 25.02.2021.
74. Ежелгі Шығыс философиясы. Құраст. Молдабеков Ж. Жиырма томдық. – Алматы: Жазушы, 2005. Т.1. – 293 б.
75. 毕继万. «礼貌»的文化特性研究. – 北京: 语言文化学院, 1996. - 151 页. (Би Цзиван. «Сыпайылық» мәдениет ерекшеліктерін зерттеу. – Пекин: Тіл және мәдениет институты, 1996. – 151 б.).
76. 陈汝东. 语言伦理学. – 北京: 北京大学出版社, 2001. - 364 页. (Чэнь Жудун. Тіл этикасы. – Пекин: Пекин университетінің баспасы. 2001. - 364 б.).
77. 李佳琳, 唐琪佳, 王立, 王墨妍, 张维嘉 .商务礼仪. 中国商务文化. – 北京: 北京语言大学出版社, 2013. – 34 页. (Ли Цзялин, Тан Цижа, Ван Ли, Ван Моян, Чжан Вэйцзя. Бизнес этикеті. Қытай бизнес мәдениеті. – Пекин: Пекин тілдер университеті баспасы, 2013. – 34 б.).
78. 崔应贤. 谈谈礼貌语言的表达式. – 成都: 语文建设, 1996. – 476 页. (Чуй Инсян. Этикет тілі жайлы сөйлесейік. – Чэнду: Тілді дамыту баспасы, 1996. – 476 б.).
79. Ноженкова Т.М. Китайский язык. Основы деловой речи: пособие-разговорник. – Москва: Муравей, 2004. – 168 с.
80. Әлемдік мәдениеттану ой-санасы. Дәстүр: ұғым мен тәсіл. Құраст. Наурызбаева З.Ж., Нұрпейісова Ш.Ә., Он томдық. – Алматы: Жазушы, 2005. – Т.3. – 504 б.
81. Шәкәрім. – Алматы: Жазушы, 1998. – 320 б.

82. 李孚嘉. 商务礼仪. – 北京: 北京语言大学出版社, 2014. – 69 页. (Ли Фуцзя. Бизнес этикеті. – Пекин: Пекин тілдер университетінің баспасы, 2014. – 69 б.).
83. Фокс Сью. Деловой этикет для чайников.: Пер. с англ. – Москва: ООО «И.Д. Вильямс», 2017. – 288 с.
84. Магауин М. Шыңғысхан. – Т.1. <https://www.zharar.com> 15.09.2022.
85. Калашников И. Жестокий век: исторический роман. – Алма-Ата: Мектеп, 1985. – 720 с.
86. 汉俄词典。 – 北京: 商务印书馆出版, 2008 年. – 1250 页. (Қытайша-орысша сөздік. – Пекин: Коммерциялық баспа, 2008. – 1250.).
87. Габжалилов Х.М. Қазақстан тарихы этникалық зерттеулерде. Ғылыми жоба авторы Т. VII: Арғын. – Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы (ТЗО), 2010. – 412 б.
88. Sapashev O., Samashev S., Abilbekuly A. Turkic Symbols and Images of Totemic Animals: From a Semiotic Perspective <https://doi.org/10.52967/akz2024.4.26.359.367> 20.08.2024.
89. Тимошинов В.И. (1997) Мәдениеттану. Қазақстан – Еуразия – Шығыс – Батыс. [Электрондық ресурс] – Алматы: Ниса, 1997. – 336 б.
90. Сегізбаев О.А. Таңба. Ежелгі көшпелілер дүниетанымы: жырма томдық. – Астана: Аударма, 2005. – Т.1. – 496 б.
91. Ибраимова А.Р. Қытай тіліндегі іскерлік қарым-қатынас этикетінің лингвомәдени ерекшеліктері // «Фараби әлемі» атты халықаралық ғылыми конф. матер. – Алматы: Қазақ университеті, 6-8 сәуір, 2021. – Б. 151-157.
92. Төреқұл Н. Дағаның дара ділмарлары. – Алматы: ЖШС «Қазақстан» баспа үйі, 2001. – 595 б.
93. Ермекова Т. Түркі тілдеріндегі сәлемдесу этикетіне қатысты тілдік бірліктер. Тіл тарихы және құрылымы. <https://dergipark.org.tr/tr/download/article-file/2914268> 25.05.2022.
94. Қазақ халқының дәстүрлери мен әдет-ғұрыптары. дүниеге келгеннен өмірден озғанға дейін (отбасылық әдет-ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша) / Құраст. Әжіғали С. – Алматы: Арыс, 2006. – Т.2. – 323 б.
95. Алтай Ж., Қасабек А., Мұхамбетәли Қ. Философия тарихы: жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқулық. 2-басыл. – Алматы: Раритет, 2006. – 312 б.
96. Ибраимова А.Р. Қазақ және қытай тілдеріндегі «сәлемдесу» этикетінің лингвомәдени ерекшеліктері // ҚазҰУ Хабаршысы, «шығыстану» сериясы, – Алматы, 2022. – №1 (100). – Б. 14-21.
97. Древнекитайская философия: собрание текстов. Редколлег.: Буров В.Г., Вяткин Р.В., Титоренко М.Л.; Составл. Ян Хин Шуна. – Москва: Мысль, 1973. – Т.2. – 363 с.

98. Ибраимова А.Р., Досымбекова Р.Ә. Қазақ және қытай тілдеріндегі «感谢 / gǎnxiè – алғыс айту» этикетінің лингвомәдени ерекшеліктері // «Фараби әлемі» атты халықаралық ғылыми конф. матер. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – Б. 6-8.
99. Ибраимова А.Р., Досымбекова Р.Ә. Қазақ және қытай тілдеріндегі кешірім сұрау этикеті // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы «Филология ғылымдары» сериясы, – Алматы, 2022. – №1 (64). – Б. 80-93.
100. Есенова Қ. Концепт «огонь» как составная часть языковой картины мира. <https://dspace.kpfu.ru/xmlui/bitstream/handle/net/> 20.01.2025.
101. Қорқыт ата. Энциклопедиялық жинақ. / Құраст. Нысанбаев Ә. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1999. – 800 б.
102. Мұртаза Ш., Нысаналы А., Шиманбай С., Смайыл Е., Тілеулес Ә.. Үш пайғамбар. – Алматы: Дәүір, 1992. – 184 б.
103. Ғабитов Т., Затов Қ. Қазақ мәдениетінің теориясы тарихы: ЖООна арналған оқулық. Толықт., өнд. және безендір. Зейнұллин Р. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 260 б.
104. Оразбекұлы К. Қанатты сез – қазына. – Алматы, 2013. – Т.2. – 134 б.
105. Наделяев В.М., Насилов Д.М., Тенишев Э.Р., Щербак А.М. и др. Древнетюркский словарь. – Ленинград: Наука, 1969. – 676 с.
106. Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы: Зерттеу. – Астана: Фолиант, 2008. – 728 б.
107. Әбсадықов А., Арықбаева Ж. Тұыстық қарым-қатынасты бейнелейтін тұрақты тіркестің танымдық мәні // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2009. – №4. Б.19-21.
108. Макин Қайыржан қажы. Салтынды сақта, дәстүрінді дәріпте. Танымдық мақалалар. – Алматы: «Тамыр» ЖШС, 2009. –198 б.
109. 王锦贵。中国文化史简编. – 北京: 北京大学出版社, 2004. – 321 页. (Ван Цзингуй. Қытай мәдениетінің қысқаша тарихы. – Пекин: Пекин университеті баспасы, 2004. – 321 б.)
110. 李建峰, 董媛. 社交礼仪实务. – 北京: 北京理工大学出版社, 2010. – 221 页. (Ли Цзянфэн, Доң Юань. Әлеуметтік этикет тәжірибесі. – Пекин: Пекин технологиялық университетінің баспасы, 2010. – 221 б.).
111. Ибраимова А.Р., Досымбекова Р.Ә. Қазақ және қытай тілдеріндегі әлеуметтік этикет мәселелері («家庭礼仪 jiātíng lǐyí» отбасылық қатынас негізінде) // «Шығыстану және руханият мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конфер. матер. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – Б. 210-216.
112. 孟子. – 郑州: 中州古籍出版社, 2015. - 222 页. (Мэнцзы. – Чжэнчжоу: Чжунчжоу көне кітап баспасы, 2015. - 222 б.).

113. 齐冲天, 齐小乎。论语。郑州。中州古籍出版社. 2015. – 265 页。
(Ци Чунтянь, Ци Сяоху. Луньюй. Чжэнчжоу: Чжунчжоу көне кітаптар баспа үйі. 2015. – 265 б.)
114. Лоу Юйле. Қытай мәдениетінің негізгі рухы. Қытай тілінен ауд.
Әлия Байбекова. – Алматы: Шығыс әдебиеті және өнері, 2021. – 234 б.
115. 金正昆. 社交礼仪教程. – 北京: 中国人民大学出版社, 2007. - 350 页.
(Цзин Чженкун. Әлеуметтік этикет сабактары. – Пекин: Қытай университетінің баспасы, 2007. – 350 б.).
116. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары: біртұастығы және ерекшелігі / Құраст. Әжіғали С. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. – Т.1. – 328 б.
117. 卢新华, 康娜. 社交礼仪. – 北京: 北京大学出版社, 2012. - 157 页.
(Лу Синхуа, Канна. Әлеуметтік этикет. – Пекин: Пекин университетінің баспасы, 2012. – 157 б.).
118. Ласковые обращения – Люди – Тематические словари – Китайский язык онлайн. StudyChinese.ru. <https://www.studychinese.ru/theme/14/385/> 15.09.2022.
119. Арғынбаев Х.А. Қазақ халқындағы семья мен неке. [Мәтін]:
тарихи-этнографиялық шолу. – Алматы: Ғылым, 1973. – 325 б.
120. 胡成富. 社交礼仪. – 北京: 中国财政经济出版社, 2005. -325 页.
(Ху Чынфу. Әлеуметтік этикет. – Пекин: Пекин қаржы-экономика баспасы, 2005. - 325 б.).
121. 林友华. 社交礼仪. – 北京: 高等教育出版社, 2003. - 264 页.
(Ли Ёухуа. Әлеуметтік этикет. – Пекин: Жоғары білім баспасы, 2003. - 264 б.).
122. 王贵水。饭局人脉学。武汉: 武汉大学出版社. – 2012. – 157 页.
(Ван Гуйшуй. Дастанхан басындағы қарым-қатынас ілімі. – Ухань: Ухань университеті баспасы. – 2012. 157 б.).
123. Ойсылбай А.Т. Байтұрсынұлы А.: «Әдебиет танытқыштағы»
қазіргі әдебиет теориясы: монография. – Алматы: Елтаным баспасы, 2015. – 200 б.
124. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: РПК «Слон», 2012. Т.3. – 736 б.
125. Успенский Б.А. Коммуникация и понимание: Отношение
понимания к порождению речи. // Язык и коммуникационное пространство.
– Москва: Российский государственный гуманитарный университет, 2007.
97-98 сс.
126. Ғабитов Т. Мәдениеттану: жоғары оқу орындары мен колледж
студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Раритет, 2019. – 416 б.

127. Мәсімхан Д. Қытайлар қалай амандасады // Қытай туралы қырық сөз. Ғылыми зерттеулер, очерктер, сұхбаттар. – Астана: Фолиант, 2014. –140 б.
128. Мырза Әли Қ. Қазақ пен қонақ. Өлеңдер мен дастандар: екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 2005. – Т.1.– 201 б.
129. Шаһкөрім. Қажыма, ойым, қажыма: шығармаларының үш томдық жинағы. – Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2008. – Т.1. – 101 б.
130. Ibraimova A., Dossymbekova R. The peculiarities of «welcoming the guests – 好客 » in Kazakh and Chinese linguoculture //Amazonia Investig Journal. – 2023. – Vol. 12, № 61, P.165-172.
131. Әлемдік философиялық мұра. Ежелгі Шығыс философиясы: ғылыми басылым / құраст. Ж. Молдабеков – Алматы: Жазушы, – 2005. – 559 б.
132. 王贵水. 饭局人脉学. – 武汉大学出版社, 2012. - 3 页。 (Ван Гуйшуй. Дастархан басындағы қарым-қатынас орнату. – Ухань университетінің баспасы, 2012. – 3 б).
133. Сетевой этикет: как правильно вести себя в интернете. <https://skillbox.ru/media/marketing/setevoy-etiket-kak-pravilno-vesti-sebya-v-internete> 25.03.2024.
134. 刘平. 现代礼仪. – 青岛: 中国海洋大学出版社, 2004. – 225 页. (Лю Пин. Заманауи этикет. – Циндао: Қытай Хаян университетінің баспасы, 2004. – 225 б.).
135. Лукинова О. Языковая рефлексия: цифровой этикет. // Мир русского слова. 2023. – № 3 – С. 22-29.
136. Малик М.М. Әлеуметтік желілердегі сөйлеу қызметінің прагматикасы және функциясы: философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация: 6D020500 – Филология / әл-Фараби атын. Қазақ ұлттық ун-ті... – Алматы, 2023. – 180 б.
137. 黄可. 社交媒体上青年网民社交礼仪的影响因素研究。 – 广州: 济南大学, 2021 – 62 页。 (Хуан Кэ. Әлеуметтік желілердегі жас интернет пайдаланушылардың қарым-қатынас әдебіне әсер ететін факторларды зерттеу. – Гуанчжоу: Цзинанский университет, 2021 – 163 б.).
138. Уоллейс П. Интернет психологиясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 356 б.
139. Partridge E. Slang: Today and Yesterday: monograph. – London: Routledge and Kegan Paul Lts., 1979. – 496 p.
140. Салқынбай А. Сленгтер мен трендтер: мамандар әлеуметтік желідегі қазақ тілі жайлы. <https://halyq-uni.kz/saraptama/35604-sleng-pen-trend-koshe-tili-men-korkem-til-galymdar-leumettik-zhelidegi-kazak-tili-zhaily/> 17.05.2023.

141. Кислов А.В., Колпачкова Е.Н. Влияние интернета на современный китайский язык // Компьютерная лингвистика и вычислительные онтологии. – 2017. №1, С.72-86.
142. Қайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы: Толғанай, 2004. – 20-21 бб.
143. Тұрманжанов Ә. Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. – Алматы: Білім, 2009. – 272 б.
144. Досымбекова Р.Ә. Ибраимова А.Р. Этикеттің / 礼貌» қазақ және қытай мақалдарындағы этнолингвистикалық сипаты // Тілтаным мерзімді ғылыми журналы. – Алматы, 2023. – №2 (90). – Б. 97-106.
145. Досымбекова Р., Ибраимова А. Қытай мәдениетіндегі дәстүрлі наным-сенімдердің тілдік бейнесі // халықаралық ғылыми-тәжірибелік конф. матер. – Алматы: Қазақ университеті, 2024. – Б. 262-267.
146. Умарова Г.С. Қазақ сөз өнері. Казахская словесность: хрестоматия. – Алматы: Бастау, 2018. – Т.2.– 216 б.
147. Мұхтарұлы Б. Арғымак. – Алматы, 2017. – 216 б.
148. 会说话是本事古话说：“一言知其贤愚” 口才是一个人的思想、智慧. (Сөйлей білу – өнер, ежелде: «Бір ауыз сөзден адамның сөйлеу деңгейін ажыратуға болады» – деп айттылған. Шешендік – адамның ойы мен даналығының көрінісі.) <http://www.360doc.com> 15.09.2022.
149. Әбдірахманова Н. Қонақ келсе – құт // Ұлағат Республикалық ғылыми-психологиялық және педагогикалық басылым. – Алматы: 2002. – 56 б.
150. Әбдіхалықов М., Құнтуарова Б., Парфенова Л. Сөздік қатынас негіздері: оқулық. – Астана: Фолиант, 2010. – 312 б.
151. Керімбай С., Бопайұлы Б., Төлеген М., Нәби Ә., Тараболат А. Салт-дәстүр сөйлейді: отбасы хрестоматиясы. – Алматы: Орхон, 2017. – 282 б.
152. Ғабитов Т. Қазақ мәдениетінің теориясы мен тарихы: жоғары және орта білім беру орындарына арналған оқулық. – Алматы: ТОО Лантар Трейд, 2020. – 257 б.
153. 陈辉. 中国文化百题. – 北京: 北京语言大学出版社, 2010. - 44 页. (Чың Хуэй. Қытай мәдениетінің жүз мәселесі. – Пекин: Пекин тілдер университетінің баспасы, 2010. – 44 б.).
154. Досымбекова Р.Ә. Қазақ және қытай тілдеріндегі сан мәдениетінің ұлттық ерекшеліктері: философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация: 6D020900 – Шығыстану / әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық ун-ті. – Алматы, 2016. – 134 б.
155. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Қара сөздер. – Алматы: MELOMAN Publishing, 2022. – 152 б.
156. Оразбекұлы К. Қанатты сөз – қазына. – Алматы, 2003. – Т.2. – 236 б.

157. Сүйерқұлова Б., Жапақов С., Жанұзақов Т. және т.б. Қазақ әдеби тілінің сөздігі: он бес томдық. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2006. Т.3. – 744 б.
158. 罗小卫。儒家天下: 通经致用的年代。 - 重庆出版社。2015. - 308 页.(Lo Словэй. Конфуциандық әлем: негізгі қағидаларды қолдану дәуірі. – Чунцин: Чунцин баспа үйі, 2015. – 308 б.)
159. Өмірәлиев Қ. Абайдың нақыл сөздері. (афоризмдері). – Алматы. 1968. – 64 б.
160. Reischauer Edvin O. The Japanese: Today and Tomorrow. New York. The Macmillan Company. 1977. – 288 p.
161. Фабитов Т., Кенжетай Д. Ежелгі көшпелілер дүниетанымы: жиырма томдық. – Астана: Аударма, 2005. – Т.1. – 496 б.
162. Сомкина Н.А. Историческая морфология китайского феникса // Вестник Санкт-Петербургского университета. Сер. 9. 2008. Вып. 4. Ч.II. С. 288 –291.
163. Әуезов М. Абай Құнанбаев: мақалалар мен зерттеулер. – Алматы, 1967. – 171 б.
164. 罗小卫。儒家天下: 通经致用的年代。 - 重庆出版社。2015. - 308 页.(Lo Словэй. Конфуциандық әлем: негізгі қағидаларды қолдану дәуірі. – Чунцин: Чунцин баспа үйі, 2015. – 308 б.)
165. Құнанбаев А. Ойлар. Мысли. Thoughts.: 10 томдық жинағы. – Алматы: Халықаралық Абай клубы. – 2020. – Т.4.– 128 б.